НАМАЗ
КІТАБЫ

Даярлаған:
Хасан Яваш

Китаб-ус-салат

НАМАЗ КІТАБЫ

Даярлаған:
Хасан Яваш

Жетінші басылым

Түркістан Кітап Үйі
Алматы - Қазақстан
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер
Сейфуллин даңғылының қиылысы
Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы
2013

ББК 86.38
Н 20

Намаз кітабы/Даярлаған: Хасан Яваш. - Алматы:
Н 20 «Euro Print» ЖШС. 2014, -200 бет.
Издатель: «Түркістан мәдениет қоры»
қоғамдық қоры.
ISBN 9965-9738-8-1

Намаз кітабы бүгінгі таңда халқымыздың өз дәстүрлі дініне деген қажеттілігіне және дәстүрлі дінімізді ұстанудың маңызы айқын көрініп тұрған заманымыздың талабына аз болса да үлес қосады. Кітап дәстүрлік сүнни мұсылмандардың Ханафи мазһабы ғалымдарының құнды кітаптарын пайдалана отырып, даярланды. Шынайы мұсылман, мемлекетке қарсы қылмысқа және Жаратқанға қарсы күнәға қол ұрмайды. Момындық мінезі мен айналасындағыларға үлгі болады.

Бұл кітап осылар жөнінде тәрбиелік маңызы жағынан мол деректер мен байытылған. Барша мұсылман қауымына арналған намаз және әдептілік мәліметтерін барынша өзінде жинаған бұл кітаптың оқырман қолына жеткенге дейінгі дайындау кезеңінде қымбат уақыт және еңбектерін аянбаған бүкіл достарымызға алғысымызды айтамыз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни бірлестігінің 4.09.2002 жылғы 23/0273 санды қаулысымен «Намаз Кітабы» кітабының ішінде дінге жат нәрселер жоқ екендігі және Қазақстан территориясында таралуымен оқытылуына рұқсат берілгені аталып көрсетілген.

ББК 86.38

Н **0403000000**
00(05)-06

ISBN 9965-9738-8-1

THE RELIGIOUS
ADMINISTRATION OF
KAZAKHSTAN MUSLIMS

الادارة الدينية
لمسلمي قزاقستان

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 050016 Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 12. тел.: 397 63 84

№ 23/0299 "27" 06 2011 ж.

Мейірімді, Рахымды Алланың атымен бастаймын!

«ТҮРКІСТАН МӘДЕНИЕТ ҚОРЫНА» ҚАРАСТЫ «ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ» БАСПАСЫНЫҢ КІТАПТАРЫ ТУРАСЫНДА

«Түркістан кітап үйі» баспасынан шыққан діни-танымдық кітаптар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптауынан мұқият өтеді. Ақидасы, яғни сенімі жағынан Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына сай, ал, мазмұны терең, әрі бай. Қалың оқырман іздеп тауып, сүйсіне оқиды. Бұл кітаптарды әлміз бойынша таратудың мән-маңызы зор. Оны қалың оқырмандармен қатар мешіт діндарлары мен сауат ашу курстарының шәкірттері де кеңінен пайдаланады.

Баспа ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Кітаптары дәйім сұраныста. Жаңа кітаптар шығара берсін, күтемиз.

Ізгі тілекпен,

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МҮФТИ

ШЕЙХ МУХАММАД ХУСЕЙН ҚАЖЫ АЛСАБЕКОВ

Орындаушы: С. Еншібай.
тел: 3976397.

Қазақстан Республикасы
Дін істері агенттігі 25.06.2012 жылғы 04-03-17/35-А-61 санды сараптама нәтижесінде "Намаз кітабы" кітабын Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға және таратуға мектеу қоюға негіз болатын айғақтар мен себептердің анықталмағанын мәлімдеген.

Бисмиллаһиррахманиррахим

Адамзат үшін үш түрлі өмір бар: дүние, қабір және ахырет өмірі. Дүниеде дене мен рух бірге болады. Адам баласына өмір, тіршілік пен жан беретін фактор – рух. Рух денеден айрылған сәтте адам баласы көз жұмады. Дене қабірде шіріп, топыраққа айналғанда немесе жанып күл болғанда немесе жыртқыш хайуан жеп, жоқ болғанда рух жоғалмайды. Қабір өмірінде сезім бар, әрекет жоқ. Қияметте қайта бір дене жаратылып, рухпен дене жәннатта немесе тозақта мәңгі өмір сүреді.

Адам баласының дүниеде және ахыретте бақытты болуы үшін мұсылман болуы керек. Дүниеде бақытты болу дегеніміз – еркін өмір сүру. Ахыретте бақытты болу дегеніміз – жәннатқа кіру. Рақымы мол Аллаһу та'ала құлдарына бақытты болудың жолдарын Пайғамбарлары арқылы білдірген. Өйткені адам баласының бұл бақытқа жету жолдарын өз ақылымен табуы мүмкін емес. Әрбір пайғамбар тек Аллаһу та'аланың білдіргендерін айтқан. Пайғамбарлар айтқан бақыт жолы - **Дін** деп аталады. Мұхаммед алейһиссалам әкелген дін - **Ислам діні**. Адам алейһиссаламнан бері дүниеге мыңдаған пайғамбарлар келген. Ал пайғамбарлардың соңғысы – Мұхаммед алейһиссалам. Өзге Пайғамбарлардың әкелген діндері уақыт өте келе бұзылған, өзгерген. Қазіргі таңда екі дүниенің бақытына қол жеткізу үшін Ислам дінін үйренуден басқа шара жоқ. Ислам діні - жүрек пен иман келтіретін, әрі дене мен орындалатын ғибадат, яғни құлшылықтардан тұрады. Иман және ғибадаттар мазһаб танымайтын надандар мен адасқандардың кітаптарынан емес, әһли сүннет ғұламаларының кітаптарынан үйреніледі. Хижри Х ғ.-ға дейін Ислам әлемінде көптеген әһли сүннет ғұламалары бар еді. Қазіргі таңда ешбірі қалмағандай. Дегенмен де бұл ғұламалардың араб және парсы тілдерінде жазылған кітаптары, аудармалары, әлемнің кез келген жерінде, кітапханаларда көптеп табылады. Түркістан кітапүйі баспасының барша кітабы аталған әһли сүннет ғұламаларының еңбектерінен алынған. Бақытқа қол жеткізу үшін «Түркістан кітапүйі» баспасының кітаптарын оқыңыз!

Ескерту: Миссионерлер христиандықты жаюға, еврейлер өз дін басыларының қателікке толы сөздерін жаюға, ал «Түркістан кітапүйі» баспасы болса, ислам дінін жаюға, ал масондар дін атаулыны жоқ етуге тырысуда. Санасы, білімі, ынсабы бар әрбір пенденің бұлардың ішінен дұрысын таңдап, әрі мұның таралуына үлес қосып, күллі адамзат баласының бақытқа қол жеткізуіне себепші болары сөзсіз. Ал адамзат үшін бұдан артық құнды, әрі пайдалы қызмет болуы мүмкін емес.

Кіріспе

Намаз кітабын жазуды Аұзу Бисмилләмен бастаймын. Аллаһу та'алаға хамд(мадақ)-мақтаулар болсын. Ол таңдаған, сүйген құлдарына және де адамзаттың асыл тәжі болған Мұхаммед алейһиссаламға салауат болсын. Ұлы Пайғамбардың пәк отбасына, әділ сахабаларына Аллаһтың нұры жаусын.

Дүниеде игі, пайдалы нәрселер мен зиянды, жаман нәрселер араласып кеткен. Бақытқа, рахатқа, тыныштыққа қол жеткізу үшін әрдайым игі, пайдалы, жақсы нәрселерді істеу қажет. Мейрімі шексіз Аллаһу та'ала игі, пайдалы нәрселерді жамандықтан айыру үшін бір қуат көзін жаратты. Бұл қуат көзі - **ақыл** деп аталады. Кәміл және пәк ақыл игі, жақсы істі жасауға итермелейді әрі жаңылмайды. Күнә істеу, нәпсінің дегеніне көну ақыл мен жүректі уландырады. Ал уланған, ауруға шалдыққан ақыл жақсыны жаманнан айыра алмайды. Аллаһу та'ала рақымдылығымен бұл істе де құлдарына көмектескен. Яғни игі, пайдалы, жақсы амалдарды пайғамбарлары арқылы білдіріп, оларды істеуімізді бұйырған. Ал бізге зиянды, зарарлы істерден хабардар етіп, бұларды істеуге тыйым салған. Осы әмірлер мен тыйымдар жинағы - **дін** деп аталады. Мұхаммед алейһиссаламға берілген дін – **Ислам діні** деп аталады. Қазіргі таңда әлемде өзгермей сақталған бір ғана дін бар. Ол – Ислам діні. Бейбітшілік пен тыныштыққа, рахатқа қауышу үшін Ислам дінінің әмірлеріне сәйкес әрекет етуіміз, яғни мұсылман болуымыз қажет. Мұсылман болу үшін ешбір имамға, немесе муфтиге барудың қажеті жоқ. Әуелі жүректен иман ету керек. Содан соң Ислам дінінің әмірлері мен тыйымдарын бұлжытпай орындау керек.

Иман келтіру үшін әуелі **кәлима-и шаһадат**ты айтып, һәм мағынасын білу керек. Бұл сөздің мағынасына тура сену үшін де әһли сүннет ғұламалары жазған кітаптарға сәйкес сену керек. Әһли сүннет ғұламаларының жазғандарын ұстанғандарға жүз шәһидтің сауабы беріледі. Ислам дүниесіндегі негізгі төрт мазһабтың ғұламалары әһли сүннет ғұламалары болып табылады. Иманнның шарттары **«Иман және Ислам»** атты кітапта кеңінен түсіндірілген. Сол кітапты оқуыңызға кеңес береміз.

Қазіргі таңда әлемдегі мұсылмандар үш топқа бөлінген. Бірінші топ - сахабалардың жолын ұстанған шынайы мұсылмандар. Бұлар **Әһли сүннет** немесе **Фирқайи Нажийа,** яғни «тозақ азабынан құтылған топ» деп аталады. Екінші топ - сахабаларға дұшпан болғандар тобы. Бұлар **шиа** (шиит) немесе **фирқайи заллә**, яғни «адасқан топ» деп аталады. Үшінші топ - әһли сүннетке де, шиаларға да дұшпан болғандар тобы. Бұлар **Уаһһаби** немесе **Нәжди** деп аталады. Өйткені бұлар алғаш рет Арабияның Нәжд қаласында пайда болған. Бұл топты **фирқайи малъуна**, яғни «қарғыс атқан топ» деп те атайды. Өйткені уаһһабилердің мұсылмандарды мүшрик (кәпір) деп атайтыны **«Қиямет және Ахырет»** және де **«Саадати Әбәдия»** кітаптарымызда келтірілген. Ал мұсылманға кәпір дегендерге Пайғамбарымыз лағнет айтқан. Мұсылмандарды осы үш топқа айырғандар еврейлер мен ағылшындар болатын.

Қай топтан болмасын, нәпсісіне ерген, жүрегі қарайған әрбір мұсылман тозаққа кіруге лайықты болады. Сондықтан да әр бір мұсылман нәпсісін тазарту үшін әрдайым **Лә илаһә иллаллаһ** кәлимасын, ал жүрегін шайтаннан, жаман достан, және зиянды кітаптардан жұққан күпірден, күнәлардан құтқару үшін әрдайым **Астағфируллаһ** деп айтуы қажет. Ислам дініне сай әрекет ететін мұсылманның дұғалары күмәнсіз қабыл болады. Намаз оқымайтын, ашық-шашық әйелдерге қарайтын, харам ішіп-жейтіндердің ислам дініне сәйкес әрекет етпегендіктері анық. Олардың дұғалары қабыл болмайды.

Иман келтіргеннен кейінгі ең маңызды Аллаһтың әмірі - намаз болып табылады. Бес уақыт намаз оқу - әр мұсылманға фарзи айн. Оқымау - үлкен күнә. Ханбали мазһабында тіпті күпір болып есептеледі. Намазды толық әрі дұрыс оқу үшін алдымен намаз ілімін үйрену қажет.

Дініміздегі әмір етілген намазды осы кітапта қысқа әрі нұсқа жазуды жөн көрдік. Көптеген ислам ғұламаларының кітаптарынан пайдалана отырып, дайындаған бұл кітабымызды әрбір мұсылман міндетті түрде оқуы, әрі балаларына үйретуі қажет. Намазын дұрыс оқу үшін намазда оқылатын сүрелер мен дұғаларды жаттау керек. Ең болмаса, намаз оқуға қажетті дұғалар мен сүрелерді арапшаны жақсы оқи алатын бір ұстаздан немесе жақын жора-жолдасынан үйренуі тиіс. Құран Кәрімді дұрыс оқу үшін Құран Кәрім оқытатын курстарға баруы аса маңызды. Құран Кәрімді міндетті түрде дұрыс оқуды үйрену әрі перзенттеріне де үйрету әрбір мұсылманның міндеті. Құран Кәрімді басқа алфавит әріптерімен дұрыс жазу мүмкін емес. Дұрыс оқу үшін міндетті түрде арап алфавитінде оқуы керек. Бұл жайында Пайғамбарымыз: ***«Перзентіне Құран Кәрім оқуды үйреткенге немесе Құран Кәрім үйрететін ұстазға жібергенге, Құран Кәрімнің үйретілген әрбір әрпі үшін Қағбаны он рет зиярат еткеннің сауабы беріледі. Әрі қиямет күні басына тәж кигізіледі. Барша адам баласы оған қызыға қарайды»*** - деп бұйырған.

Аллаһу та’ала баршамызды дұрыс, тура иман келтірген, намазын кемшіліксіз толық оқитын, игі, қайырлы істерді істейтін құлдарынан қылғай! Амин.

Хасан Яваш

Милади	**Хиджри шамси**	**Хиджри қамари**
2011	**1389**	**1432**

МАЗМҰНЫ

Үшінші бөлім

Төртінші бөлім

НАМАЗ - ҰЛЫ ӘМІР

Адам алейһиссаламнан бері әрбір дінде белгілі бір уақытта орындалатын намаздар болған. Сол ғибадаттардың барлығы жинақталып, Мұхаммед алейһиссаламның үмбетіне парыз етілді. Намаз оқу иманның шарты емес. Алайда намаз оқудың парыз екендігіне сену иманның шарты болып табылады.

Намаз - діннің тірегі. Намазын үзбей, әрі қатесіз оқитын адам ислам ғимаратын тұрғызғанмен бірдей болады. Ал оқымағандар керісінше ислам ғимаратын құлатқанмен бірдей болып саналады. Пайғамбарымыз алейһиссалам: «***Дініміздің басы, негізі – намаз»*** деп намаздың өзектілігіне мән берген. Бассыз адам болмағандай, намазсыз да дін болмайды. Намаз – Ислам дінінде иманнан кейінгі орындалуы қажетті парыз. Аллаһу та'ала құлдарының тек өзіне ғана құлшылық жасауы үшін намазды парыз қылды. Құран Кәрімде жүзден астам аятта **«Намаз оқыңдар»** деген әмір кездеседі. Хадис шәрифте: ***«Аллаһу та'ала, әр күні бес уақыт намаз оқуды парыз қылды. Бес уақыт намазына ерекше мән беріп, шарттарына сәйкес оқыған мұсылманды пейішке кіргізетіндігіне Аллаһу та'ала уәде берді»,*** - деп айтылады. Намаз – дінімізде орындалуы әмір етілген ғибадаттардың ең құндысы. Бір хадис шәрифте: ***«Намаз оқымағанның ислам дінінен нәсібі жоқ»*** – деп айтылған. Тағы бір хадис шәрифте: ***«Мұсылман мен кәпірдің арасындағы айырмашылық – намаз»***- деп, намаздың маңыздылығы мен өзектілігі атап көрсетілген. Яғни иман келтірген құл намаз оқиды, ал кәпір намаз оқымайды. Мұнафиқ (екі жүзді) бірде оқыса, бірде оқымайды. Мұнафиқ тозақта қатты азап шегеді. Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Қиямет күні намаз оқымағандарға Аллаһу та'ала ашулы, қаһарлы түрде мәміле жасайды»*** - деп ескерткен.

Намаз оқу - Аллаһу та'аланың ұлылығын аңғару, әрі Оның құзырында қаншама әлсіз екенімізді түсіну. Бұны жете түсінген адам әрқашан жақсылық жасайды. Жамандықтан аулақ болады. Күнде Жаратқан иесінің құзырында бес рет болуды ниеттенген жанның жүрегі ықыласқа толы болады. Намазда орындалуы әмір етілген әрбір әрекет адамның жүрек тазалығына әрі денесіне пайдалы әсерін тигізеді.

Мешітте жамағатпен намаз оқу - мұсылмандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттырады. Бір-біріне бауыр екендіктерін аңғартады. Жастар үлкендерді құрметтейді. Байлар кедейлерге, қуаттылар әлсіздерге жәрдем береді. Мұсылмандар жамағат арасында көре алмаған сырқат бауырларын іздестіріп, үйіне барады. ***«Дін бауырына жәрдем беруге асыққанның жәрдемшісі - Аллаһу та'ала»*** деген хадистегі сауапқа қауышу үшін бір-бірімен жарысады.

Намаз адам баласына тыйым салынған, жағымсыз іс-әрекеттерді істеуден бас тартқызады. Күнәларға кәффарат (өтеу) болады. Бұл жайында хадис шәрифте: ***«Бес уақыт намаз - үйіңіздің алдынан ағып жатқан өзен секілді. Ол өзенге күніне бес рет жуынған адамның кірі кетіп, күнәлары кешіріледі» -*** делінген.

Намаз Аллаһу та'ала және оның елшісіне иман келтіруден кейінгі күллі ғибадаттардың ең абзалы. Сондықтан намазды парыздарына, уәжіптеріне, сүннеттері мен мустаһабтарына назар аударып, кемшіліксіз орындау қажет. Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Ей үмбетім! Ей сахабаларым! Кемшіліксіз оқылған намаз - Аллаһу та'ала әмір еткен ғибадаттардың ішіндегі ең абзалы, ең ұлысы! Пайғамбарлардың сүннеті. Періштелердің сүйгені. Білімнің, жеті қабат көктің нұры. Дененің қуаты. Рызықтың берекеті. Дұғаның қабыл болуына себепші. Әзірейілдің құзырында шапағатшы. Қабірде жарық. Мүнкәр-Нәкірге берілер жауап. Қияметте көлеңке. Тозақ отына қалқан. Сырат көпірінен найзағай секілді өтуіңе жәрдемші. Жәннаттың кілті. Пейіште басыңа тәж. Аллаһу та'аланың иманды құлдарына берген ең ұлы сыйлық. Егер намаздан да абзал өзге бір ғибадат болғанда, Аллаһ иманды құлдарына алдымен соны білдірер еді. Күллі періште атаулының кейбірі қиямда, кейбірі рүкуде, кейбірі сәждеде, кейбірі де ташаһһудте. Мұның барлығын бірақ рәкат намазға сыйғызып, мұсылмандарға сыйға тартты. Өйткені, намаз - иманның басы, діннің тірегі, Исламның нағыз өзі. Момынның миғражы. Көктің нұры. Тозақтан құтқарушы»***.

Бір күні хазреті Әли (радыяллаһу анһ) екінді намазын өткізіп алады. Бұл ісіне өте қатты қайғырып, өзін-өзі кінәлап қатты қапа болды. Егіліп жылап, көз жасын төкті. Пайғамбарымыз алейһиссалам бұл туралы естіген соң, сахабаларымен бірге хазреті

Әлиге барып оның халін көріп Пайғамбарымыз да жылай бастады. Дұға етті. Сол сәтте күн қайта көтеріліп Расул алейһиссалам: ***«Ей, Әли, басыңды көтер, күн әлі батпады»*** – деді. Хазреті Әли бұған қуанып, намазын оқыды.

Хазреті Әбу Бәкір Сыддық (радыяллаһу анһ) бір түні өте көп ғибадат етіп, нәтижеде үтір намазын оқымастан ұйықтап қалады. Таң намазы болғанда Пайғамбарымызға алейһиссалам келіп: «Ей Аллаһтың елшісі! Маған көмектес, үтір намазым қаза болып қалды» - деп қайғырып жылады. Оған қосылып Пайғамбарымыз алейһиссалам жылай бастады. Сол кезде хазреті Жәбрейіл келіп: "Ей Аллаһтың елшісі! Әбу Бәкір Сыддыққа айт, оны Аллаһу та'ала кешірді"- деді.

Атақты әулиелердің бірі Баязид Бистами бір күні қатты ұйқы басып, таң намазына тұра алмайды. Бұған қатты қайғырып, тәуба етіп, жылап жатқан кезінде бір дауыс естиді: «Ей Баязид, бұл кемшілігіңді кешірдім, осы көз жасымен жасаған тәубаңның берекеті үшін саған тағы да жетпіс мың намаздың сауабын бердім». Бірнеше ай өткен соң тағы да таң намазында ұйықтап қалады. Шайтан келіп: "Тұр, намазың қазаға қалып қояды, тұр"- деп оята бастайды. Сол кезде хазреті Баязид былай дейді: "Ей, лағынеттелген шайтан, сен бұл істі қалайша істеп тұрсың? Сен әркімнің намазын оқымауы үшін, қазаға қалдыруы үшін тырысатын едің, мені қалайша оятып тұрсың?". Шайтан былай жауап береді: "Сен өткенде, таң намазын қаза етіп қойған күні, жылап жетпіс мың намаздың сауабын алған едің. Бүгін соны ойлап, бірақ уақыт намаздың сауабын алсын деп сені ояттым, оның орнына жетпіс мың намаздың сауабын алып қоймасын дедім."

Мәшһүр әулиелердің бірі болған Жунайд Бағдади былай деген еді: "Бұл дүниенің бір сағаты - қияметтің мың жылынан жақсырақ. Өйткені бұл бір сағатта ізгі, жақсы істердің көбін істеуге болады, ал қияметтегі мың жылда еш нәрсе жасай алмайсың".

Пайғамбарымыз алейһиссалам бір хадисінде былай деген: ***«Бір кісі біле тұра бір намазы мен екінші намазын біріктірсе, яғни қазаға қалдырса, сексен хуқбә тозақта жанады»***. Бір хуқбә ахыреттің сексен жылына тең. Олай болса, ей, діні бір бауырым! Уақытыңды бос әрі пайдасыз нәрселермен өткізбе. Уақыттың қадірін біл. Уақытыңды ізгі істер істеуге сарып ет. Сүйікті

Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Қайғының, бәленің үлкені уақытын босқа өткізу»-*** деп айтып өткен. Намазыңды уақытында оқып, мол сауаптарға қауыш. Қиямет күні өкініп қалма. Хадис шәрифте: ***«Намазды уақытында оқымай, қаза қылған адам қазасын өтеместен өліп кетсе, оның қабіріне тозақтан жетпіс терезе ашылып, қияметке дейін азапталады»***.

Кімде-кім намазын уақытында біле тұра оқымаса, яғни намаз уақыты өтіп бара жатса да еш уайымдамайтын болса, діннен шығады немесе өлім алдында имансыз кетеді. Ал намазды ойламайтындар, оның парыз екендігін де білмейтіндердің халі не болмақ? Намаздың өзіне міндет екендігін білмейтін кісілердің **"муртәд"**, яғни кәпір екендігін төрт мазһабтың барлық ғұламалары бір ауыздан айтқан. Намазды біле тұра оқымайтын, қазасын оқуды да ойламайтын, әрі бұл үшін азапталудан да қорықпайтын кісінің "муртәд", яғни кәпір болатыны туралы Абдулғани Наблусидың **"Хадиқат-ун-нәдийя"** кітабының "Тілдің апаттары" атты бөлімінде жазылған.

Имам Раббани «**Мәктубат»** кітабының 1-том, 275-хатында былай дейді: «Сіздердің бұл нығметке қол жеткізулеріңіздің негізгі себебі – Ислам дінін үйрету және фиқһи мәселелерді кеңінен түсіндіруіңіз болды. Ол жерлерде надандық үстемдік құрып, бидғаттар жайылды. Аллаһу та'ала Ислам дінін жаюда сіздерді себепші қылды. Олай болатын болса, діни мағлұматтарды үйретуге әрі фиқһи мәселелерді жаюға қолыңыздан келгенше жәрдем беруге тырысыңыз. Аталған екеуі – барша бақыттың бастауы, дамудың негізі, тозақтан құтылуға жәрдемші. Бұл жолда бар күш-қайратыңызды жұмсаңыз! Дін өкілі ретінде өзіңізді танытыңыз! Ол жердегілерге жақсылық жасауды әмір етіп, жамандықтан тыйыңыз. Тұра жолды нұсқаңыз. Музаммил сүресінің 19-шы аятында: **«Раббыңның разылығына қауышу үшін бұл әлбетте бір насихат»**- деп бұйырылды».

Бірінші бөлім

ИМАНЫМЫЗ және НАМАЗ
Әркім әуелі иман ету керек

Аллаһу та'ала адамдардың жарық дүниеде рахат және тыныш өмір сүрулерін, ахыретте де мәңгі бақытқа қауышуларын қалайды. Осыған байланысты, бақытқа жетуге себепші болатын пайдалы нәрселерді істеуді әмір етті. Аллаһу та'аланың бірінші әмірі - иман ету. Иман ету бүкіл адамзатқа ауадай қажет. «Иман» сөзі сөздікте бір адамды анық білу, оған сену деген мағынаға келеді. Иманның терминдік мағынасы болса, Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһтың пайғамбары болғандығын және оның тарапынан таңдалған хабар беруші **Нәби** болғандығын дұрыс білу және сене отырып айту. Аллаһу та'ала қысқаша білдіргенге солай сеніп, ауқымды білдіргендеріне жан-жақты сену және күшінің жеткенінше **«Кәлима-и шаһадат»**ты тілмен айту. «Иман» деп – оттың жандыратынына, улы жыланның шағып өлтіретініне шын жүрегімізбен сеніп қашатынымыз сияқты, шын көңілімізбен Аллаһу та'аланы және сипаттарын жақыннан танып, біліп, Оның разылығына және жамалын көру үшін жан салып кірісу, азабынан қашу және иманды мәрмәр тастың үстіне қашалып жазылған жазу сияқты дұрыстап, мықтылап жүректе орналастыруды айтамыз.

Иман - Мұхаммед алейһиссаламның айтқандарының барлығына сүйсініп, жүректің тасдиқ (дұрыстауы) етуі, яғни сенуі. Осылайша сенген адамдар **«мүмин»** және **«мұсылман»** делінеді. Әрбір мұсылман хазреті Мұхаммед алейһиссаламға мойынсұнып, оның көрсеткен жолында жүруі керек. Оның жолы Құран Кәрімнің көрсеткен жолы. Бұл жол **«Ислам»** делінеді. Оған мойынсұну үшін ең алдымен иман етіп, кейін **«ислам үкімдерін»**, яғни мұсылманшылықты жақсылап үйрену керек. Одан кейін сүннеттерді орындап, мәкрухтерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек. Бұлардан кейін мубахтарда да пайғамбарға мойынсұнуға тырысуымыз керек. Дініміздің негізі иман. Иманы болмағанның ешбір құлшылығын және жасаған жақсылығын Аллаһу та'ала қабыл етпейді. Мұсылман болуды қалаған адам алдымен иман

етуі, кейін ғұсыл, дәрет, намаз және керегінше басқада парыздарды үйренуі қажет.

Иман шынайы болуы тиіс

Сезім мүшелері және ақыл қамтыған мағлұматтар иманға қауышуға жәрдемші болады. Пән ғылымы әлемдегі жүйенің теңдігі өздігінен болмағандығын және әлбетте бір жаратушының бар екендігін түсінуге, білуге және иман нұрына қауышуға шақыруда. Иман соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһу та'ала тарапынан әкелген мағлұматтарын үйрену және сену. Сену керек болған мағлұматтарға «ақылға сыйымды болса сенемін» деу пайғамбарға сенбеу болып табылады. Діни үкімдер ақыл иелерінің тапқан нәрселері емес. Сондықтан, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам хабар берген нәрселерді **Әһли сүннет ғұламаларының** кітаптарынан үйренуіміз керек. Шынайы иман иесі болу үшін мына шарттарға мойынсұну керек.

1. Иман әрдайым және мықты болу керек. Бір мезет айырылып қалуды ойымызға алмауымыз керек. Үш жылдан кейін мұсылмандықтан шығамын деген адамның сол мезеттен бастап иманы кетіп, мұсылмандықтан шыққан болып есептеледі.

2. Мүминнің иманы, қорқу мен үміттің арасында болуы керек. Аллаһу та'аланың азабынан қорқу қажет. Бірақ рахметінен бір мезет болсын үмітті үзбеу керек. Күнәні істеуден сақтанып, иманнан ажырап қалудан қорқу керек. Сонымен қатар, қаншама көп күнә істеген болсақ та, Аллаһтың кешірімділігінен еш үміт үзбеуіміз, күнәларымыз үшін тәубе етуіміз керек. Өйткені тәубе еткен адам, ешқандай күнә істемегендей болады.

3. Жан (рух) алқымға келместен бұрын иман келтіру керек. Жан алқымға келгенде, ахыреттің бүткіл хал-жағдайлары көрсетіледі. Міне, сол уақытта күллі кәпірлер иман етуді қалайды. Алайда иманның, сенімнің ғайыпқа болуы, яғни көрместен сену шарт. Көрініп тұрған нәрсеге сену иман болмайды. Бірақ бұл кезде мұсылманның тек тәубесі ғана қабыл болады.

4. Күн батыстан тумастан бұрын иман келтіру керек. Қияметтің үлкен белгілерінің бірі - күннің батыстан шығуы. Мұны

көрген бүкіл адамдар иман келтіреді. Бірақ бұл имандары қабыл болмайды. Бұл кезде тәубе есіктері жабылады.

5. Аллаһу та'аладан басқа ешкімнің де ғайыпты, жасырын болған нәрселерді білмейтініне сенуіміз керек. Яғни, ғайыпты жалғыз Аллаһу та'ала біледі. Оған қоса, Оның білдіргендері ғана біледі. Періштелер, жындар, шайтандар тіпті пайғамбарлар да ғайыпты білмейді. Бірақ пайғамбарларға және салих құлдарына ғайыптан мағлұмат берілуі мүмкін.

6. Діннің иманға және ғибадаттарға тән үкімін қажетсіз деп тауып бас тартуға болмайды. Ахками исламиядан, яғни исламның әмірлері мен тыйымдарының бірін жеңіл көріп, пайғамбарлардың бірін мазақ ету - күпірлік (сенбеушілік) болады. Аллаһу та'аланың бар екендігін, періштелерді, ғұсыл мен намаздың парыз болғандығын өзгелердің бопсалауымен қабылдамаймын деп айтқан адам кәпір болмайды.

7. Ислам дінінің анық білдірген хабарларына еш күмән келтірмеу қажет. Шарап және басқа да спиртті ішімдіктерді ішудің, құмар ойнаудың, пайызға ақша беру және алудың, пара берудің харам болғандығына күмән ету, харам нәрсені халал деу, халал болған нәрселерге де харам деу иманнан шығуға себеп болады.

8. Иман келтірген құл, тек Аллаһ үшін сүюі және тек Аллаһ үшін дұшпандық етуі керек. Яғни хубби филлаһ және буғди филлаһ шарт. Аллаһу та'аланың достары болып саналатын мұсылмандарды жақсы көруіміз қажет. Және де Исламға қолы мен қаламымен, тағы да басқа жолдарменен дұшпандық істегендерге біз де дұшпан болуымыз тиіс.

Мұсылман болмаған, ғайри мұсылман болған отандастарымызға және саяхатшы өзге дін өкілдеріне жылы жүзбен қарап жақсы мәміледе болуымыз керек. Көркем мінез - құлығымызбен дінімізге шақыруымыз қажет.

9. Иман - Ислам діні көрсеткендей болуы керек. Ақылдың түсінгендігіне, философтардың және өзгеде білгіштердің айтқанындай сену иман болмайды.

10. Пайғамбарымыз және сахабалары көрсеткен тура жолдың нағыз мұсылмандары сияқты сену керек. Тура сенімге ие болу үшін, **әһли сүннет уал жамағат** сеніміне сай иман ету керек. Әһли

сүннет ғалымдарының жазған дін кітаптарына мойынсұнғандарға жүз шаһидтің сауабы беріледі. Төрт мазһабтың кез келген ғалымына **«Әһли сүннет ғалымы»** делінеді. Әһли сүннет ғалымдарының басы - Имам Ағзам Әбу Ханифа (рахметуллаһи алейһ). Бұл ғалымдар кітаптарына Сахабалардан (радыяллаһу анһум ажмаин) үйренгендерін жазған, сахабалар да бұларға Расулуллаһтан (алейһиссалам) есіткендерін айтқан.

Әһли сүннет ақидасы (сенімі)

Мұсылман болудың алғашқы шарты - иман ету. Ақыл-есі дұрыс және балиғат жасына жеткен еркектің және әйелдің бірінші міндеті - әһли сүннет ғалымдарының кітаптарында жазған иманға байланысты мағлұматтарды үйрену және оқығандарына сәйкес сену. Қиямет күнінде жаһаннам (тозақ) азабынан құтылу солардың білдіргендеріне сенуге байланысты. Жаһаннамнан құтылатындар тек қана осылардың жолында жүргендер болады. Олардың жолдарында жүргендерге **«Сүнни»** немесе **«Әһли сүннет»** делінеді.

Бір хадис шәрифте: ***«Менің үмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді. Бұлардан тек қана бір бөлімі тозақ азабынан құтылады, ал басқалары тозаққа түседі»***- деп айтылған. Бұл жетпіс үш топтың әрбірі исламға мойынсұнғандықтарын жариялауда және тозақтан құтылатындығы білдірілген тек бір топтың да өз топтары екендігін айтуда. **Мүминун** сүресі 54-ші және **Рум** сүресі 32- аятта: **«Әр топ, тура жолда болғандығын ойлап сүйсінуде»** деп айтылған. Сондықтан да бұл әр түрлі топтар арасында құтылатын біреуінің белгілерін Пайғамбарымыз алейһиссалам былай деп бұйырған: ***«Бұл топтағылар - мен және де асхабым жүрген жолда болғандар»***. Асхаби Кирамнан қандай да біреуін жақсы көрмейтін адам әһли сүннеттен айрылған болады. Әһли сүннет итиқадында (сенімінде) болмағандар **кәпір** немесе **бидғат әһлі** (жолдан азғандар) болады.

Әһли Сүннет ақидасында (сенімінде) болудың белгілері

Аллаһу та’ала әһли сүннет ақидасына сәйкес иман еткен мұсылмандарға разы. Бұл сенімнің бірнеше шарттарын Әһли сүннет ғалымдары былай деп түсіндіріп береді:

1. Иманның алты шартына, яғни Аллаһу та’аланың барлығына және бірлігіне, серігі, теңі жоқтығына, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ахырет күніне, жақсылық пен жамандықтың Аллаһу та’ала тарапанынан болатындығына сену керек. (Бұлар **амәнтуде** айтылған).

2. Аллаһу та’аланың соңғы кітабы болған Құран Кәрімнің, Аллаһтың сөзі болғандығына сену.

3. Мүмин өз иманына еш күмән етпеуі керек.

4. Пайғамбарымызға иман етіп, тірі кезінде оны көру бақытына жеткен сахабалардың барлығын өте жақсы көру керек. Төрт халифасына, жақын туған-туысқандары болған әһли бәйтіне және құрметті әйелдерінің ешбіріне тіл тигізбеу керек.

5. Ғибадаттарды иманның бір бөлігі деп білмеу керек. Аллаһу та’аланың әмір етіп және тыйым салғандарына сеніп, ал шарттарын жалқаулықпен істемеген мүміндерді кәпір деп айтпау керек. Бірақ, харам-халалға мән бермейтіндер және исламды мазаққа айналдырғандардың иманы кетеді.

6. Өзін мұсылманмын деп есептеп, Аллаһу та’алаға және Пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға сендім дегенімен жаңылыс сенімде (адасқан секта) жүргендерді кәпір демеу керек.

7. Өз-өзіне, иманына берік болып ашық күнә істегені беймәлім имамның артында тұрып намаз оқуға болады. Осы үкім жұма мен айт намаздарын оқытатын әкімдер мен әмірлерге де тиісті.

8. Мұсылмандар өздерін басқарып отырған басшыларына, әмірлеріне мойынсұнуы қажет. Үкіметке бас көтеру фитнә болып саналады және әр түрлі қайғы-қасыретке апарып соғады. Басшылардың, әмірлердің қателеспей елді дұрыс басқаруы үшін артынан қайырлы дұға етіп, харам, күнә істерден қайтару үшін тәтті сөзбен насихат айту керек.

9. Дәрет алғанда аяқта мәсі болса, су қолмен мәсих етуге болады. Жалаң аяқ пен шұлықтың үстінен мәсих етуге болмайды.

10. Пайғамбарымыздың миғражға жаны-тәнімен бірге шыққандығына сену қажет. Егер ол Пайғамбардың түсі дейтін болса, әһли сүннеттен айрылған болады.

Жәннәтта мүміндер Аллаһу та'аланы көреді. Қиямет күнінде Пайғамбарлар мен Аллаһтың сүйікті құлдары Аллаһтың рұқсат етуімен шапағат ете алады. Қабірде сұрақ сұралады. Қабірдегі азап жан мен тәнге бірдей беріледі. Әулиелердің кереметі хақ. Керемет Аллаһу та'аланың сүйікті құлдарына ғана нәсіп етілетін ерекше қасиет. Қабірге жерленген рухтар тірі адамдардың сөздерін еркін есіте алады. Олардың артынан қайырлы дұға ету қажет. Жоғарыда аталғандар әһли-сүннеттегілердің ерекшеліктері болып есептеледі.

ИМАННЫҢ ШАРТТАРЫ

Иманның шарты алтау. Бұлар амәнтуде ашықталып өткен. Иманның белгілі алты нәрсеге сену екендігін Пайғамбарымыз айтқан. Осыған орай әрбір мұсылман баласына алдымен амәнтуды жаттатып, мағынасын жақсылап үйрету керек.

АМӘНТУ: «Амәнту биллаһи уә Мәлаикәтиһи уә Кутубиһи уә Русулиһи уәл-яумил-ахири уә бил-қадари, хайриһи уә шәрриһи мин аллаһи таала уәл-баъсу баъдал мәути хаққун, Әшһәду ан лә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһү уә Расулуһү».

Бірінші шарт
Аллаһу та'алаға сену

Амәнту биллаһи: Аллаһу та'аланың барлығына және бірлігіне сендім, иман еттім, жүрегіммен растап (тасдиқ), тіліммен айттым деген мағынаға келеді. Аллаһу та'ала бар және бір. «Бір» сөзінің сөздікте екі түрлі мағынасы бар. Біріншісі, сан жағынан екінің жартысы әрі сандардың алғашқысы. Екіншісі, сыңары және ұқсасы болмау жағынан бір. Міне, Аллаһу та'ала тек қана сан жағынан емес, ұқсасы болмау жағынан да бір. Яғни затында және сипаттарында ешқандай сыңары жоқ. Барлық жаратылыстың заты және сипаттары өздерін жаратқан құдіреттің затымен сипаттары-

на ұқсамағандығы сияқты, жаратқанның заты және сипаттары да жаратқандарынан ешбірінің заты және сипаттарына ұқсамайды.

Бүкіл жаратылған әрбір мүшенің, клеткалардың жаратушысы, жоқтан бар етушісі жалғыз Аллаһу та'ала. Аллаһу та'аланың затының ақиқатын, яғни қандай екенін ешкім білмейді. Ол ойға, қиялға келетін ешбір нәрсеге ұқсамайды. Тек, Құран Кәрімде баяндалған сипаттарын, есімдерін жаттап, ұлылығына жүрекпен сеніп, тілмен айту керек. Барлық сипаттары мен есімдерінің бастамасы да, соңы да жоқ.

Заты ешбір жерде тұрмағандығы іспетті, біз білетін алты жақта болудан да пәк. Яғни алда, артта, оңда, солда, төбеде, төменде емес. Ол әр жерде үнемі дайын және үнемі көріп тұр деп айтуға болады.

Аллаһу та'аланың сипаттары он төрт. Алтауына заттық сипат, сегізіне субути сипат делінеді. Бұлардың мағыналарын біліп, жаттап алу қажет.

Заттық сипаттары

1. **Вужуд:** Аллаһу та'ала бар. Оның бар болуының бастауы жоқ. Уажибул вужуд, яғни бар болуы міндетті.
2. **Қыдем:** Аллаһу та'аланың барлығының бастауы жоқ.
3. **Бақи**: Аллаһу та'аланың бар болуының соңы жоқ, мәңгі.
4. **Уаһданиат:** Аллаһу та'аланың затында, сипаттарында және істерінде ешқандай ұқсасы, ортағы, серігі жоқ.
5. **Мұхаляфатун лил-хауадис:** Аллаһу та'ала заты және сипаттарында жаратылғандардың заты және сипаттарына ұқсамайды.
6. **Қиям би-нафсиһи:** Ол өзінің затымен бар. Бар болуында мекенге, заманға, материяға және еш нәрсеге мұқтаж емес. Керісінше барлық нәрсе Оған мұқтаж. Мекен, материя жоқ кезінде ол бар болатын. Осы әлемді жоқтан бар етпес бұрын заты қандай болса, мәңгілік солай қалады.

Субути сипаттары

1. **Хаят:** Аллаһу та'ала тірі әрі мәңгі өмір сүреді. Оның тірі болуы жаратқандарының тірлігіне ұқсамайды. Бұл ерекшелігі өз

затымен тұрақты. Яғни тірі, үнемі мәңгі өмір иесі. Бұл сипатының бастамасы да соңы да жоқ.

2. **Ілім:** Аллаһу та’ала ілім иесі. Және оның білімі әр нәрсені қамтиды. Оның білуі жаратылғандардың білуі сияқты емес, қап-қараңғы түнде құмырсқаның қара тастың үстінде жүргенін көреді және біледі. Адамдардың жүрегінен өткен ойларды, ниеттерді біледі. Білуінде ешбір өзгеріс болмайды. Бастамасыз және шексіз ілім иесі.

3. **Сәм:** Аллаһу та’ала есітуші. Аспапсыз, шартсыз және себепсіз естиді. Оның естуі пенделерінің естуіне ұқсамайды, Ол бұдан пәк. Бұл сипаты да басқа сипаттары сияқты әбади және әзәли, яғни бастамасыз және соңсыз (мәңгі).

4. **Басар:** Аллаһу та’ала көруші. Әр нәрсені өз затына тән сипатымен көреді. Оның көруі көзбен емес.

5. **Ирада**: Аллаһу та’ала қалағанын қалауынша істейді. Әрбір нәрсе оның қалауымен бар не жоқ болады. Қалауына тосқауыл болатын ешбір күш жоқ.

6. **Құдрет:** Аллаһу та’аланың барлық нәрсеге күш-құдіреті жетеді. Ешқандай нәрсе оған қиын болмайды.

7. **Кәлам**: Аллаһу та’ала сөйлеуші. Сөйлеуі бір құрал, аспап, әріптер, дауыстар және тіл арқылы емес.

8. **Тәкуин:** Аллаһу та’ала жаратушы. Одан басқа жаратушы жоқ. Барлық нәрсені ол жаратады. Аллаһу та’аладан басқаларына жарату етістігін қолданбау керек.

Аллаһу та’аланың сипаттарының ақиқаттарын түсіну (мухал) мүмкін емес. Ешбір адам және ешбір нәрсе Аллаһу та’аланың сипаттарына ортақ және ұқсас бола алмайды.

Екінші шарт
Періштелерге иман

Уә Мәлаикатиһи: Аллаһу та’аланың періштелеріне сендім дегені. Олар да Аллаһу та’аланың құлдары. Барлығы Аллаһу та’аланың әмірлеріне мойынсұнады. Күнә істемейді. Еркек пен әйел болып бөлінбейді, үйленбейді, ішіп-жемейді, ұйықтамайды. Олар нұрдан жаралған, ақылды. Бұлардың ең үлкендері төртеу.

1. **Жәбрейіл** алейһиссалам. Періштелердің ең үлкені. Аллаһ пен пайғамбарлар арасында елшілік жасау оның басты міндеті.

2. **Исрафил** алейһиссалам. Қиямет күні сура деген аспапты үрлеумен міндеттелген. Алғашқы үрлеуінде Аллаһу та'аладан басқа барлық тірі жан өледі, екіншісінде қайта тіріледі.

3. **Микаил** алейһиссалам. Табиғат құбылыстарын басқару, рызықтың жіберілуі, молшылық, тапшылық, қымбатшылық, арзаншылық және де әр бір затты әрекет еттірумен міндеттелген.

4. **Әзрейіл** алейһиссалам. Адамдардың жанын алуға міндеттелген.

Бұлардан соң төрт сынып періште бар. **Хамалаи Арш** делінген періштелер де төртеу. Аллаһтың құзырында болатын періштелерге **Муқаррабин** делінеді. Азап періштелерінің үлкендеріне **Кәрубиян**, рахмет періштелеріне **Руханиян** делінеді. Жәннат періштелерінің үлкенінің аты **Ридуан**, Тозақ періштелерінің үлкенінің аты **Малик**. Тозақ періштелеріне **Зәбани** делінеді. Саны жағынан ең көп болған махлұқ (жаратылыс) - періштелер. Көктерде олар ғибадат етпейтін бос жер жоқ.

Үшінші шарт
Кітаптарына сену

Уә Кутубиһи: Аллаһу та'аланың түсірген кітаптарына сендім дегені. Аллаһу та'ала бұл кітаптарды кейбір Пайғамбарға Жәбрәйіл атты періште арқылы уахи етіп, яғни оқытып жіберіп отырған. Ал кейбіреулеріне "Лауха" үстіне жазулы күйінде, кейбіреулеріне періштесіз естіртіп түсірді. Барлығы Аллаһу та'аланың сөзі. Әзәли және әбәди болған бұл сөздер махлұқ емес, яғни жаратылмаған, ойдан шығарылмаған. Осы самауи кітаптардан бізге білдірілгені жүз төрт дана. Олардан **10 суһуф** Адам алейһиссаламға, **50 суһуф** Шит алейһиссаламға, **30 суһуф** Идрис алейһиссаламға, **10 суһуф** Ибраһим алейһиссаламға, **Таурат** Мұса алейһиссаламға **Зәбур** Дауд алейһиссаламға, **Інжіл** Иса алейһиссаламға, **Құран Кәрім** Мұхаммед алейһиссаламға түскен.

Аллаһу та'ала адамдардың бұл дүниеде де, ахыретте де шексіз бақытқа жетуі үшін алғашқы пайғамбар Адам алейһиссаламнан,

соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламға дейін көптеген пайғамбарлар арқылы кітаптар түсірген. Бұл кітаптарда иман мен ғибадат негіздері түсіндіріліп, адамдар мұқтаж болған әрбір тақырыпта мәлімет берілген.

Бұлардың ішінде Құран Кәрім соңғы илаһи кітап. Құран Кәрім түскеннен кейін басқа барлық илаһи (тәңірлік) кітаптардың үкімдері жойылды. Жәбрейіл алейһиссалам Құран Кәрімді Мұхаммед алейһиссаламға жиырма үш жыл бойы алып келді. Құран Кәрім 114 сүре, 6236 аяттан тұрады. Бұл сандар кейбір кітаптарда басқаша жазылады. Оның себебі ұзақ аяттарды бірнеше аят деп санағандықтан. Өйткені Құран Кәрім түскеннен бері ешбір өзгеріске ұшырамаған, бұдан кейін де өзгеріске ұшырамайды. Құран Кәрім Аллаһу та'аланың сөзі. Мұндай кітаптың адамдар тарапынан жазылуы мүмкін емес.

Пайғамбарымыз көз жұмғаннан кейін халифа хазреті Әбу Бәкір Сыддық (радыяллаһу анһ) Құран Кәрімнің аяттарын жинақтады. Осылайша **Мусхаф** (Құранның кітап халі) пайда болды. Сахабалардың барлығы, бұл мусхафтың Аллаһ сөзі екендігін бір ауыздан білдірді. Үшінші халифа хазреті Осман (радыяллаһу анһ) бұл мусхафтан тағы да алты дана жаздырып көбейтті. Сөйтіп әртүрлі аймақтарға жіберілді. Құран Кәрімді өзінен оқу керек. Басқа әріптермен жазылғандар Құран Кәрім делінбейді.

а) Құранды ұстайтын кезде дәретті болу керек. Қыблаға қарап отырып мұқият оқу қажет.

б) Ықыласпен оқу керек.

в) Әрбір аятын асықпай, құрметпен, кітапқа қарап оқу керек.

г) Тәжуид қағидаларына сай оқу керек.

д) Оқығанының Аллаһ сөзі екендігін ойлау керек.

ж) Құранның әмір және тыйым салғандарына бағыну керек.

Төртінші шарт
Пайғамбарларға иман

Уә Расулиһи: Аллаһу та'аланың Пайғамбарларына сендім деп айту. Пайғамбарлар халықты Аллаһ ұнатқан жолына қауыштыру, әрі тура жолды көрсету үшін таңдалған адамдар. Бүкіл пайғамбарлар үмбеттерін бір иманға шақырған, яғни бүкіл

діндерде иманның шарты бірдей болған. Пайғамбарларда жеті сипаттың бар екендігіне сенуіміз керек.

1. **Исмет:** Күнә істемеу. Пайғамбарлар үлкен болсын, кіші болсын ешқандай күнә істемейді.

2. **Аманат:** Пайғамбарлар адамзат баласының ең сенімділері. Ешқашан аманатқа қиянат жасамайды.

3. **Садық:** Пайғамбарлар сөйлеген сөздерінде, іс әрекеттерінде және әртүрлі қарым-қатынастарында турашыл және сенімді адамдар. Ешқашан өтірік сөйлемейді.

4. **Фетанат:** Пайғамбарлар өте ақылды және парасатты адамдар. Зағиптық, кереңдік сияқты кемшіліктері бар адамдардан және әйел затынан пайғамбар болмайды.

5. **Әділет:** Пайғамбарлар ешқашан зұлымдық жасамайды. Басқа біреудің, не өзінің абыройы үшін әділеттен бас тартпайды.

6. **Таблиғ:** Пайғамбарлар уағыздаған үкім-насихаттардың барлығын тек Аллаһу та’аланың бұйрықтарынан үйренген. Олар насихаттаған әмір және тыйымдардың ешбірін өз ойынан шығармаған. Бұйырылған нәрселердің барлығын өзі бойынша үмбеттеріне жеткізген.

7. **Әмнул-азл:** Олар пайғамбарлық міндетінен алынбайды. Дүние мен ахыретте де пайғамбар болып қала береді.

Жаңа дін мен үкімдер әкелген пайғамбарлар **Расул** делінеді. Жаңа дінмен келмей, адамдарды өзінен алдыңғы дінге шақырған пайғамбарлар **Нәби** делінеді. Пайғамбарларға иман ету – оларды бөліп-жармай, барлығына бірдей, Аллаһу та’ала тарапынан таңдалған, садық, тура сөзді елшілер болғанына сену дегені. Олардың біріне сенбеген адам, ешбіріне сенбеген болып саналады. Пайғамбарлыққа қыруар еңбек ету, қиыншылық көру арқылы жетпейді. Пайғамбарлық Аллаһ тарапынан ғана беріледі. Олардың нақты саны белгілі емес. Жүз жиырма төрт мыңнан көп екендігі айтылған. Бұлардың үш жүз он үші Расул. Араларында алтауына Улул-азм пайғамбарлар делінеді. Олар: Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса, және Мұхаммед Мұстафа (алейһимуссалам). Пайғамбарлардың отыз үшінің аттары мәшһүр. Олар: Адам, Идрис. Шит, Нух, Худ, Салиһ, Ибраһим, Лұт, Исмайыл, Исхақ, Яқуб, Юсуф, Айюб, Шуайб, Муса, Харун, Хыдыр (Хызыр, Қыдыр), Юша бин Нун, Ильяс, Эляса, Зулкифл, Шамун, Ишмоил, Юнус бин Мета,

Давуд, Сулейман, Лоқман, Зәкария, Яхья, Узайр, Иса бин Марьям, Зұлқарнайн және Мұхаммед (алейһи уә алейһимуссалату уә сәлам).

Олардың тек жиырма сегізінің есімі Құран Кәрімде айтылған. Зұлқарнайн, Узайр, Лоқман және Хыдырдың пайғамбар екендігі ғалымдар арасында екі түрлі айтылды. Мұхаммед Масум хазреттері "**Мәктубат**"тың 2-том, 36-хатында Хызыр алейһиссаламның пайғамбар екендігін білдірген хабарлардың басымырақ екені жазылған. Ал 182- хатында: *«Хызыр алейһиссаламның адам бейнесінде көрінуі және кейбір істерді істеуі, оның тірі екендігін көрсетпейді. Аллаһу та'ала оның және көптеген пайғамбарлар мен әулиелердің рұхтарына адам кейпінде көрінулеріне рұқсат еткен. Сондықтан да оларды көру тірі екендігін білдірмейді»* - деген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам

Мұхаммед (алейһиссалам) пайғамбар - Аллаһу та'аланың елшісі әрі пайғамбарлардың ең мәртебелісі және соңғысы. Әкесінің аты Абдуллаһ, милади жыл санауымен 571 ж. сәуір айының 20 күніне сәйкес келетін 12 рабиәл-әууәлде дүйсенбі күні түнде Меккеде дүниеге келді. Әкесі ол тумай тұрып қайтыс болған еді. Алты жасында анасы, сегіз жасында атасынан айрылды. Кейін әкесінің інісі Әбу Талибтың қолында өсті. 25 жасында Хадишаға (Хадижат-ул Кубра) үйленді. Одан төрт қыз, екі ұлы болды. Алғашқы ұлының аты Қасым еді. Сондықтан халық арасында **Әбул Қасым** деп те аталды. Қырық жасында Аллаһу та'ала тарапынан барлық адамзат пен жындарға Пайғамбар екендігі білдірілді. Үш жылдан кейін жалпы халықты ашық түрде имандылыққа шақыра бастады. Елу екі жасында бір түнде Меккеден Құдысқа (Иерусалим) және ол жерден көкке көтерілді. Бұл сапарына **"Миғраж"** делінді. Миғражда жәннат пен тозақты және Аллаһу та'аланы көрді. Осы түнде бес уақыт намаз парыз болды. Тарихшылардың айтуына қарағанда Милади 622 жылы Аллаһтың әмірімен Меккеден Мадинаға көшті. Бұл көшке **"Хижрет"** делінді. Мәдина қаласының жанындағы Қуба ауылына келгендегі Рабиәл-әууәл айының сегізі дүйсенбі күні, милади жыл санауы бойынша қыркүйек айының жиырмасыншы жұлдызына сәйкес келеді. Осы күннен бастап **Хижри шәмси**

жыл санауы басталды. Мұсылмандардың **Хижри қамари** жылы сол жылдың мухаррам айынан басталып, айдың жерді он екі рет айналуы бір қамари жыл болып есептеледі. Хижри 11 (м.632 ж.) Рабиәл әууал айының он екісі дүйсенбі күні түскі уақыттан бұрын қайтыс болды. Қайтыс болған бөлмесіне жерленді. Қайтыс болған кезінде қамари жылмен 63, шәмси жыл санаумен 61 жаста еді.

Мұхаммед алейһиссалам ақ реңді еді. Ол барлық адамдардың ішіндегі ең әдемісі болатын. Әдемілігін баршаға көрсете бермейтін. Ол әрқашан, дүниедегі барлық адамзаттан және болашақта келетін адамдардың бәрінен тұғыры биік, мәртебесі жоғары адам. Балалық шағында саудагерлермен Шам тарапына екі рет сапар шегіп, Бусра деп аталатын жерден кері қайтқан. Одан басқа уақытта ешбір сапарға шықпаған. Ол оқуды, жазуды білмейтін, яғни мектеп-медреседе оқымаған еді. Ешкімнен сабақ алмады. Бірақ барлық нәрсені білетін еді. Яғни не ойласа да, қандайда нәрсені білгісі келсе, Аллаһу та’ала оған білдіретін еді. Жәбрейіл алейһиссалам атты періште келіп, оған қалаған нәрсесін айтатын. Пайғамбарымыздың қалбы, яғни мүбәрәк жүрегі нұр шашып, одан тараған ілім, марифат нұрлары радио толқынындай жер-көкке таралуда еді. Бұл нұр қазір де қабірінен таралуда және күн сайын қуаттануда. Бұл нұр **Файз** делінеді. Электро-магниттік толқындарды ұстау үшін радио қабылдағыш керек болғандай, оның нұрын, файзын қабылдау үшін де оған сенген, сүйген және оның көрсеткен жолымен жүріп тазарған жүрек керек. Осындай жүрегі бар адам ғана нұрды қабыл етеді және ол да бұл нұрды шартарапқа таратады. Мұндай ұлы адамдар **әулие** делінеді. Бұл әулиені таныған және жақсы көрген кісі, оның жанында әдеппен отырса немесе алыста оны әдеппен, махаббатпен еске алса, бұл адамдың жүрегі де нұр-файз алып тазарып және рухани жетіле бастайды. Аллаһу та’ала денеміздің, материямыздың өсіп-өнуіне күн энергиясын себеп қылғанындай, рухымыздың, жүрегіміздің жетілуіне, кәміл адам болуына да Мұхаммед алейһиссаламның жүрегін және одан тараған нұрды себеп қылған. Адамды азықтандырып, клеткаларына қуат беріп тұрған азық-түлік өнімдерінің баршасы күн энергиясы және әр түрлі реакциялар арқылы пайда болғанындай, рухымызға, жүрегімізге азық болатын әулиенің сұхбаттары, сөздері және жазуларының барлығы да, Расулуллаһтың жүрегінен тараған мүбәрәк нұрлардан

пайда болады. Аллаһу та’ала Жәбрейіл алейһиссалам атты періште арқылы Мұхаммед алейһиссаламға Құран Кәрімді жіберді. Адамдарға дүние мен ахыретке қажетті, пайдалы болған нәрселерді әмір етті. Зиянды болғандарына тыйым салды. Бұл әмір мен тыйымдардың барлығын **Ислам діні** деп айтады.

Мұхаммед алейһиссаламның әр сөзі дұрыс, бағалы әрі пайдалы. Осындай екендігіне сенген адамға **Мүмин** және **Мұсылман** делінеді. Мұхаммед алейһиссаламның сөздеріне сенбеген немесе оларды ұнатпаған адамға **Кәпір** делінеді. Аллаһу та’ала мүмин құлын сүйеді. Кәпір болған адам жұмаққа (жәннәт) кіре алмайды. Жәһаннамға түсіп ол жерден қайта шықпайды. Пайғамбарымызға сену, оны жақсы көру бүкіл жақсылық атаулының басы. Ал оның пайғамбарлығына сенбеу болса, барлық қайғы-қасыреттің және жамандықтың басы.

Расулуллаһтың білімі, парасаттылығы, санасы, ақылы, зейіні, жомарттығы, қарапайымдылығы, жұмсақтығы, мейірімділігі, сабыры, қайраты, намысы, сенімділігі, батылдығы, батырлығы, сөйлеу көркемдігі, пәктігі, айбаттылығы, көркемдігі, діндарлығы, ынсаптылығы, шыншылдығы, аманатқа қиянат жасамауы, көңілінің ояулығы, тақуалығы, абыройы, әділеттілігі және иффеті (ұяты) барлық пайғамбарлардан артық еді. Дос-дұшпанынан көрген зияндарды кешіретін еді. Ешкімге кек қайтармайтын еді. Ухуд соғысында кәпірлер мүбәрәк жүзін қанатып, тістерін сындырған кезде, оларға: ***«Ей, Раббым! Оларды кешіре гөр. Бұл істерін олардың надандықтарына бағыштай гөр.»***- деп дұға еткен.

Мұхаммед алейһиссаламның асыл қасиеттері мен мінездері көп. Әр мұсылманның бұларды үйреніп, осы қасиеттерді өз бойына қалыптастыруы керек. Осылайша дүние және ахыретте пәле-жалалардан, қиындықтардан құтылып, екі дүниенің мырзасы Пайғамбарымыздың алейһиссалам шапағатына қауышуы нәсіп болады. Өйткені хадис шәрифте: ***«Аллаһу та’аланың ахлақымен*** (сипаттары) ***мінезделіңіз»***- делінген.

Асхаби кирам

Пайғамбар алейһиссаламның мүбәрәк жүзін көріп, оның қасиетті сөздерін есту абыройы нәсіп болған мұсылмандарға **Асхаби кирам** делінеді. Пайғамбарлардан кейін туылған және туылатын адамзаттың ең қайырлысы және ең мәртебелісі алғаш халифа болған кісі Әбу Бәкір Сыддық (радыяллаһу анһ). Одан кейін адамдардың ең жақсысы, екінші халифа Фаруқ-и азам Омар бин Хаттаб, сонан кейінгі адамзаттың ең жақсысы және Расулуллаһтың үшінші халифасы иман, иффет (ұят) және білімнің қайнар көзі хазіреті Осман бин Аффан (радыяллаһу та'ала анһ), одан кейін адамдардың ең жақсысы, төртінші халифа, таңқаларлық ерекшелік иесі, Аллаһу та'аланың арыстаны Әли бин Абу Талиб (радыяллаһу анһ). Пайғамбарымыз алейһиссаламның хадистерінде айтылуынша, хазреті Фатима, хазреті Айша, хазреті Мәриям және хазреті Асия дүниедегі әйелдердің ең жақсысы. Қасиетті хадисте: ***«Фатима жәннәт әйелдерінің ең қайырлысы. Ал Хасан мен Хусейн де жәннәт жастарының ең құрметтісі»-*** делінген.

Бұлардан кейін сахабалардың ең жақсысы **(Ашара-и мубашшара),** яғни тірі кезінде жәннәтқа кіруге сүйінші берілген он адам. Олар: хазреті Әбу Бәкір Сыддық, Омар Фаруқ, Осман бин Аффан, Әли бин Әбу Талиб, Әбу Убәйда бин Жарраһ, Талха, Зубейр бин Аввам, Са'д бин Әбу Уаққас, Са'д бин Зайд және Абдуррахман бин Ауф (радияллаһу та'ала анһум ажмаин). Кейін **Бәдір** соғысында, **Ухуд**да, одан кейін **Бейат-и Ридуан**ға қатысқандар келеді.

Расулуллаһтың жолында жандарын, малдарын пида етіп, оған көмектескен сахабаларды құрметпен тілге алуымыз бізге уәжіп. Олардың ұлылығына жараспайтын сөздер айту мүлдем жаиз болмайды.

Расулуллаһты жақсы көретін адам, оның асхабының бәрін де жақсы көруі керек. Пайғамбарымыз хадисінде: ***«Асхабымды жақсы көретін адамның оларға деген құрметі, мені жақсы көргені үшін, оларды ұнатпағандар, мені жаман көргені үшін ұнатпайды. Кімде-кім оларды ренжітсе мені ренжітеді. Мені ренжіткен де Аллаһу та'аланы ренжіткен болады. Ал Аллаһу та'аланы ренжіткен адам, сөзсіз азапқа душар болады»***- деген. Басқа бір хадисте: ***«Аллаһу та'ала менің үмметімнен бір***

құлына жақсылық қаласа, оның жүрегіне асхабыма деген сүйіспеншілікті орналастырады. Олардың бәрін өз жанындай жақсы көреді»,- деді. Пайғамбарымыз қайтыс болған күні Мәдина қаласында 33 мың сахаба бар еді. Сахабалардың толық саны 124 мыңнан аса еді.

Төрт мазһаб имамы және басқа ғалымдар

Ақида, яғни сенімде, имандылықта хақ бір ғана жол бар. Бұл жол **"Әһли сүннет уәл жамағат"** мазһабы. Мазһаб – жол дегенді білдіреді. Дүние жүзіндегі барлық мұсылмандарға түзу жолды көрсеткен және Мухаммед алейһиссаламның осы жолын ешқандай өзгертпей, кемшіліксіз жетуіне себепші болған төрт ғалым бар. Бұлардың біріншісі, Әһли сүннеттің басшысы - Имам Ағзам Әбу Ханифа Ну'ман бин Сабит. Екіншісі Имам Малик бин Әнас, үшіншісі Имам Мұхаммед бин Идрис Шафии, төртіншісі Имам Ахмед бин Ханбал, Аллаһ олардан разы болсын. Бүгінгі таңда бұл төртеуінің біреуінің жолына ермеген адамның ахыреті өте үлкен қауіп-қатерде. Біз бұл кітабымызды ханафи мазһабы бойынша намаз мәселелерін сол мазһаб ғалымдарының кітаптарынан алып, тілін жеңілдетіп жаздық.

Бұл төрт имамның шәкірттерінен екеуі иман саласында үлкен дәрежелерге шықты. Сондықтан әһли сүннет ақидасы, сенімі екі мазһабта қалыптасты. Құран Кәрім мен хадис шәрифке сай болған иман, сенім, ақида осы екі ғалымның білдіргендері болды. Фырқа-и нажийа (тозақтан құтылған топ) болған әһли сүннеттің иман негіздерін жер жүзіне жайған осы екі ғалым. Бірі - Әбу Мансур Матуриди, ал екіншісі Әбул Хасан Әли Әшари.

Бұл екі имам білдірген иман негіздері бірдей болып, араларында тек бір-екі ғана айырмашылық бар. [Бұл айырмашылықтар «Мұсылмансың ба?» сұрағы сұралғанда Матуридилер «әлхамдулиллаһ (құдайға шүкір), мұсылманмын» десе, Әшарилер «иншааллаһ (құдай қаласа), мұсылманмын» деп жауап береді. Матуриди мазһабында кісінің осы сұрақ қойылған кездегі жағдайы, ал Әшарилерде кісінің соңғы деміндегі жағдайы маңызды. Сондықтан да матуриди мазһабындағылар бұл сұраққа міндетті түрде «әлхамдулиллаһ» дейді және оларда «иншааллаһ-

құдай қаласа» – деп айту сол кезде имансыз болғанын білдіреді. Ал әшарилерде кісінің соңғы демі маңызды болғандықтан, олар соңғы демі үшін «әрине, яғни әлхамдулиллаһ» деп емес, «құдай қаласа-иншааллаһ» деп жауап береді. Бұл екі мазһаб арасындағы басқа айырмашылықтар да осылайша пайда болған. Яғни бұл екі мазһаб имамы бірдей мәселенің екі басқа жәйттеріне назар аударып үкім берген.] Негізінде олар бірдей. Ислам ғалымдары Құран Кәрімде және хадис шәрифтерде мадақталған. Бір аятта былай делінеді: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?»** Басқа бір аятта болса: **«Ей, мұсылмандар! Білмегендеріңді білгендерден сұраңдар»,** - деп бұйырылды.

Хадис шәрифтерде болса: ***«Аллаһу та'ала, періштелер және әрбір жан, адамдарға жақсылықты үйрететін имандыларға дұға етеді.» «Қияметте алдымен Пайғамбарлар, кейін ғалымдар, одан кейін шәһидтер шапағат етеді.» «Ей, адамдар! Бір нәрсені жақсы ұғып алыңдар! Ілім тек ғалымнан есіту арқылы үйреніледі.» «Ей, адамдар, ілім үйреніңдер. Ілім үйрену ғибадат. Ілім үйреткенге және үйренгенге жихад сауабы беріледі.» «Ілім үйрету садақа беру сияқты. Ал ғалымнан ілім алу болса, тәһажжуд намазын оқығанмен бірдей болады.» «Ілім алудың бүкіл нәпіл ғибадаттардан да сауабы мол. Өйткені өзіне де үйрететін адамдарға да пайдасы бар.» «Адамдарға үйрету үшін ілім үйренген кісіге сыддықтар сауабы беріледі.» «Ілім – қазына. Ал оның кілті, сұрап үйрену.» «Ілім үйреніңіз және үйретіңіз.» «Әр нәрсенің бір қайнар көзі бар. Тақуалықтың қайнар көзі, ғалым кісілердің жүрегі.» «Ілім үйрету күнәлардың кешірілуіне себепші.»***

Бесінші шарт
Ахырет сенімі

Уәл яумил ахири: Ахырет күніне сендім деген мағынаны береді. Бұл уақыт, адам өлген күні басталады. Қияметтің соңына дейін жалғасады. Соңғы күн деп аталуының себебі, ол күннен кейін түннің болмауында. Қияметтің қашан болатыны белгісіз. Бірақ Пайғамбарымыз көптеген белгілерін айтып кеткен: Хазреті Мәһдидің келуі. Иса алейһиссаламның көктен Шам (Дамаск)

аймағына түсуі. Дажжалдың шығуы. Яжуж-Мажуж дегендердің шығып, жер жүзіндегі барлық нәрсені бұзып бұрмалауы. Күннің батыстан шығуы. Үлкен зілзәләлар болуы, дін үкімдерінің ұмытылуы. Күнә мен жамандықтың көбеюі. Йемен өлкесінен от шығуы. Көктер мен таулардың жарылуы. Күн мен айдың сөнуі сияқты Қиямет белгілері білдірілді.

Қабірде сұрақтар сұралады. Мүнкәр-Нәкир періштелерінің сұрақтарына жауап беру үшін мыналарды жаттауымыз әрі балаларымызға да үйретуіміз қажет: «Раббым – Аллаһу та’ала, пайғамбарым – Мұхаммед алейһиссалам, дінім – Ислам, кітабым - Құран Кәрім, құбылам - Қағба, ақидадағы мазһабым - Әһли сүннет уәл жамағат, амалдағы мазһабым – Имам Ағзам Абу Ханифа мазһабы». Қиямет күні барлық адамзат тіріледі. Бәрі махшар алаңына жиналады. Салих адамдардың амал дәптерлері оң жақтан, жаман адамдардың кітаптары артынан немесе сол жағынан беріледі. Шірктен басқа күнәлардың бәрін Аллаһу та’ала қаласа кешіреді, қаласа істеген әрбір күнә үшін азапқа тартады.

Істелген амалдарды өлшейтін арнайы таразы – **Мизан** бар. Аллаһу та’аланың әмірімен **Сырат көпірі** жаһаннамның үстіне құрылады. Онда Мұхаммед алейһиссаламға тән **Кәусар бұлағы** бар.

Шапағат хақ. Тәубе етпей өлген мұсылмандардың кіші әрі үлкен күнәларының кешірілуі үшін пайғамбарлар, әулиелер, салих кісілер, ғалымдар, періштелер, шәһидтер және Аллаһу та’аладан шапағат етуге рұқсат алған адамдар шапағат етеді, әрі олардың шапағаты қабыл болады.

Жәннат пен жәһаннам қазір бар. Жәннат жеті қабат аспанның үстінде. Жәһаннам болса барлық нәрсенің астында. Жәннаттың сегіз есігі бар. Әрбір есігінен бір жәннатқа кіріледі. Жәһаннам болса, жеті қабаттан тұрады. Бірінші қабаттан жетінші қабатқа қарай азап күшейе береді.

Алтыншы шарт
Тағдырға сену

Уә бил қадари хайриһи уә шарриһи мин Аллаһи Та’ала: Тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сендім деген сөз. Адамдардың басына келетін жақсылық пен жамандық, пайда мен зарар, табыс пен зиянның барлығы да Аллаһу та’аланың қалауымен болады.

Аллаһу та’аланың бір нәрсенің бар болуын қалауын **тағдыр** (**қадар**) дейді. Тағдырдың жүзеге асуын **қаза** дейді. Кейде тағдыр мен қаза сөздері бір-бірінің орнына қолданыла береді.

Аллаһу та’ала құлдарына (**ирада**) **қалау** берген. Құлдарының осы қалауларын, тілектерін істердің жаратылуына себеп қылды.

Осы жерге дейін қысқаша түсіндірілген **Әһли сүннәт сенімі**н терең үйренгісі келгендерге «Хақиқат кітапүйі» баспасынан басылып шығарылған Ислам ғалымдарының үлкені, әулие Меулана Халид Бағдадидің парсы **“Итиқаднама”** кітабын және Кемаһлы Фейзуллаһ Эфендінің аудармасы **“Иман және ислам”**_кітаптарын оқуға кеңес береміз. Бұл кітап өте пайдалы, берекеті екі дүние бақыты үшін жеткілікті.

Аллаһу та’ала әр мүминге тәуекел етуді әмір етті **“Тәуекел иманның шарты”** деген аят осы әмірлердің бірі. Маида сүресінде: **«Егер иманыңыз болса, Аллаһу та’алаға тәуекел етіңіз.»** Али Имран сүресінде: **«Аллаһу та’ала тәуекел еткендерді әлбетте жақсы көреді»**, Талақ сүресінде: **«Кімде-кім Аллаһу та’алаға тәуекел етсе, Аллаһу та’ала оған жеткілікті болады»**, Зумар сүресінде: **«Құлы үшін Аллаһу та’ала жеткілікті емес пе?» -** дегендей қаншама аяттар бар.

Расулуллаһ былай дейді: ***«Үмметімнің бір бөлігі маған көрсетілді. Тауларға, шөл далаларға лық толы еді. Соншалықты көп болғанына таң қалдым әрі қуандым. Қуандың ба деп сұралғанда иә деп жауап бердім. Бұлардың тек жетпіс мыңы ғана есеп-қисапсыз жәннатқа кіреді деп айтылды. Олар қайсы?- деп сұрадым. Сиқыр, бал ашу сияқты нәрселерден аулақ болып, Аллаһу та’аладан басқаға тәуекел етпегендер және сенбегендер, делінді.»*** Тыңдап отырған адамдар арасынан Укаша (радыяллаһу анһ) тұрып: «Әй, Расулаллаһ, солардың қатарында

болуым үшін дұға етіңіз» дегенде, Пайғамбарымыз: ***«Йа, Раббым! Оны солардың қатарынан қыла гөр»***- деді. Басқа біреу тұрып дәл сондай дұға етуін қалағанда, пайғамбарымыз: «***Укаша сенен жылдамырақ болды»*** - деді.

Тәуекел деген - себептерге жүгініп, келешек үшін ойланбау.

Екінші бөлім

ҒИБАДАТ және НАМАЗ

Ғибадат дегеніміз не?

Ғибадат – бізді және бүкіл жаратылысты жоқтан бар еткен әрі әрқашан бар етіп ұстап тұрған, әр түрлі нығметтер мен жақсылықтар жіберіп, жетілдірген Аллаһу та'аланың әмірі мен тыйымдарын бұлжытпай орындау. Сонымен қатар, Аллаһтың махаббатына қауышқан пайғамбарларға, әулиелерге және ғалымдарға бағыну.

Сансыз нығмет берген Аллаһқа шамасы жеткенше шүкір ету әрбір жанның бірден-бір міндеті. Бірақ адам баласы өзінің қысқа ақылы және қысыр санасымен жаратқанға құрмет амалдарды таба алмайды. Құрмет болып саналатын амалдар Аллаһу та'ала тарапынан білдірілмейінше, адам санасында мадақтау болған нәрселер жаратқан үшін мазақ ету, жамандау болуы мүмкін.

Адамдардың Аллаһқа деген діл, тіл және денемен өтеуі және сенуі қажет болған шүкір боршы мен құлдық міндеті, Аллаһу та'ала тарапынан білдірілген және Оның сүйікті Пайғамбары арқылы жеткізілген. Аллаһ білдірген және әмір еткен құлдық міндеттері **«Исламият»** делінеді. Аллаһу та'алаға шүкір ету, Оның Пайғамбары алып келген дінге бағыну арқылы жүзеге асады. Бұл дінге қайшы немесе бұл жолдың сыртында қалған еш бір шүкіршілік, ғибадатты Аллаһу та'ала қабылдамайды және ұнатпайды. Сондықтан да Ислам дінінен хабарсыз жұртшылықтың өз бетінше әр түрлі ритуалдарды орындауларының Аллаһ құзырында еш бір құны болмайды.

Демек, ақылы бар адамның Аллаһқа шүкір және дұрыс ғибадат етуі үшін Мұхаммед алейһиссаламға бағынуы шарт.

Мұхаммед алейһиссаламға бағынған адам ғана **мұсылман** деп аталады. Ал Аллаһқа шүкір етуге, яғни Мұхаммед алейһиссаламға бағынуға **«Ғибадат ету»** делінеді. Ислам екі бөлімнен тұрады:

1- Қалб, яғни жүрекпен сенуді қажет ететін нәрселер.

2- Денемен жүрек арқылы орындауды қажет ететін ғибадаттар.

Денемен орындалатын құлшылықтардың ең құндысы - намаз. Мүкәлләф болған әр кісінің күнде бес уақыт намаз оқуы парыз**.**

МҮКӘЛЛӘФ ДЕП КІМДІ АЙТАМЫЗ?

Ақыл-есі дұрыс, әрі балиғат жасына толған ер және қыз бала **«Мүкәлләф»** делінеді. Мүкәлләф жасына толған әрбір адам Аллаһу та'аланың әмірі мен тыйымдарын орындауы тиіс. Дініміз бойынша мүкәлләф адамға алдымен иман ету, кейіннен ғибадат жасау әмір етілген. Сондай-ақ тыйым салынған әрбір харам істен де бойын аулақ ұстау қажет.

Ақыл – түсінуші, аңғарышу қуат. Ол пайда мен зиянды ажырату үшін жаратылған. Ақыл бір өлшеу аспабы сияқты. Екі жақсының жақсырағын, екі жаманның жаманырағын ажыратады. Бірақ, ақылды адам тек жақсы мен жаманды ажыратып қана қоймай, жақсыны көргенде алып, жаманды көргенде бойын аулақ ұстайды. Ақылды көзге ұқсатуға болады. Ислам - нұрға, жарыққа ұқсайды. Жарық болмағанда көздің көруі мүмкін болмағандай, Ислам болмаса ақыл да хақты таба алмайды.

Балиғат жасы - ер жету, бой жету жасы. Ер баланың балиғат жасына толуы он екі жастан басталады. Бұл жасқа толғанын білдіретін ерекше белгілер болады. Егер ұл балада осы белгілер көрінбесе, он бес жасқа толғанда дін бойынша балиғат жасына толды деп есептеледі.

Қыз балалардың балиғат жасы көбінесе тоғыз жасқа толғанда басталады. Тоғыз жасқа толған қыз балада балиғат жасының белгілері көрінбесе, он беске толғанда балиғат жасына жеткен болып саналады.

Мүкәлләфтің міндеттері

Ислам дінінің әмірі мен тыйымдыры **«Аһками шария»** немесе **«Аһками Исламия»** (Ислам үкімдері) делінеді. Сондай-ақ **«Әфали мүкәлләфин»** (мүкәлләфтің міндеттері) деп те атауға болады. Мүкәлләфтің міндеттері сегіз: Фарыз, уәжіп, сүннет, мустаһаб, мубах, харам, мәкрух және мүфсид.

1- Фарз: Аллаһу та'ала орындалуын Құран аяттарында айқын және нақты түрде әмір еткен нәрселерге парыз делінеді. Парызды орындамау харам. Бұларға сенбеген және мән бермеген кісі кәпір болады. Парыз екіге бөлінеді:

Фарзи айн: Әрбір мүкәлләфтің жеке өзінің орындауы тиіс парыздар. Иман келтіру, дәрет алу, ғұсыл алу, бес уақыт намаз оқу, Рамазан айында ораза ұстау, жағдайы келгенде зекет беру және қажға бару фарзи айнға жатады.

Фарзи кифая: Бірнеше мұсылман немесе біреуінің ғана орындауымен қалғандарын жауапкершіліктен құтқаратын парыздар. Сәлем берілгенде жауап беру, жаназа намазын оқу, жаназаны жуу, Құран Кәрімнің бәрін бастан аяқ жаттап қари болу, жиһад ету, өнер, сауда-саттық жасау сонымен қатар дін және пән ілімдерімен шұғылдану, бәрі-бәрі фарзи кифаяға жатады.

2- Уәжіп: Орындалуы парыз сияқты нақты әмірлер. Мұндай әмірлердің Құрандағы дәлелдері парыздардағыдай ашық емес. Занни дәлелдерге, яғни астарлы түрде бұйырылған дәлелдерге сүйенеді. Үтір намазы мен Айт намазын оқу, жағдайы жеткенде құрбан шалу, садақа беру уәжіп әмірлерге жатады. Уәжіптің үкімі парыз сияқты. Уәжіпті тәрк ету тахриман мәкрух. Уәжіп екендігіне сенбеген адам кәпір болмайды. Бірақ жәһаннам отына лайық болады.

3- Сүннет: Аллаһу та'ала ашық түрде білдірмей, тек Пайғамбарымыз орындалуын ұнатқан немесе үнемі өзі орындаған істер **«Сүннет»** делінеді. Сүннетті ұнатпау күпірлікке жатады. Ұнатып та істемеген адам азапқа душар болмайды. Бірақ себепсіз, үзірсіз орындамағандар кінәлэнуға, сауаптан маҳрұм қалуға лайық болады. Мәселен, азан оқу, қамат айту, жамағатпен намаз оқу, дәрет алғанда мисуак қолдану, үйленгенде халыққа тамақ беру, баласын сүннетке отырғызу секілді.

Сүннеттер екі түрлі болады:

Сүннет-и мүәккәдә: Пайғамбарымыздың үнемі үзбей орындаған, өте аз тәрк еткен сүннеттері. Таң намазының сүннеті, бесін намазының алғашқы және соңғы сүннеттері, шам намазының сүннеті, құптан намазының соңғы екі рәкат сүннеті осыған жатады. Мұндай сүннеттер ешқашан үзірсіз тәрк етілмейді. Ұнатпаған адам кәпір болады.

Сүннет-и ғайри мүәккәдә: Пайғамбарымыздың ғибадат мақсатымен орындаған амалдары. Екінді мен құптан намаздарының алдынғы төрт рәкаттық сүннеттері бұған мысал болады. Бұлар көп рет тәрк етілсе де ештеңе етпейді. Ал егер ешқандай себепсіз

орындалмай қойса, кінәләуға және шапағаттан қол үзіп қалуға себеп болады.

4- Мустаһаб: Бұған **мәндуб**, **әдеп** делінеді. Бұның үкімі сүннеті ғайри мүәккәдә үкіміндей. Пайғамбарымыздың өмірінде бір немесе екі рет ұнатып істеген істері. Мәселен жаңа туған баланың 7-ші күнінде ат қойып, ұл және қыз балаға ақиқа мал сою, жақсы киім кию, әдемі иіс-сулар себу мустаһаб істер болады. Бұларды істеген адам көп сауап алады, ал істемегенге азап болмайды, шапағаттан да мақрұм қалмайды.

5- Мубах: Әмір де етілмеген және тыйым да салынбаған істерді атаймыз. Яғни күнә немесе ғибадат екендігі білдірілмеген істер. Жақсы ниетпен істелуінде сауапқа, жаман ниетпен істелуінде азапқа себеп болады. Бұған ұйықтау, халал тамақ жеу, халал жолмен әр түрлі киім кию сияқты істер мубахқа жатады. Бұлар Ислам дінінің бір әмірін орындауға септігін тигізу ниетімен орындалса сауап беріледі. Мысалы, дені сау болып ғибадат етуге қуат болу мақсатымен ішіп-жеу мубах.

6- Харам: Аллаһу та’аланың Құран Кәрімде **“істемеңдер”** деп ашық бұйырған істерге айтылады. Харамдардың істелуіне және қолданылуына нақты түрде тыйым салынған. Харамға халал деу, халалға харам деу күпір болады. Харам болған нәрселерді тәрк ету, олардан сақтану парыз және үлкен сауап.

Харамдар екі түрлі болады:

Харам ли-айниһи: Адам өлтіру, зина жасау, құмар ойнау, арақ және әртүрлі алкогольді ішімдіктерді ішу, өтірік айту, ұрлық жасау, шошқа етін жеу, қан, арам өлген және Исламға сай сойылмаған мал етін жеу, әйелдер мен қыздардың әурет жерін ашып көшеге шығуы үлкен харам істер болып саналады. Бір адам бұл істерден бірін істеген кезде “бисмилләһ” десе, халал деп сенсе немесе Аллаһу та’аланың харам еткеніне мән бермесе, кәпір болады. Бұл істердің харам екендігіне сеніп, Аллаһтан қорқып істесе кәпір болмайды, бірақ тозақ отына лайық болады. Ал егер сол істі әрі қарай жалғастырып, істеп жүріп өліп кетсе имансыз кетуге себеп болады.

Харам ли-ғайриһи: Негізі халал болып басқалардың ақысы араласқаны үшін харам болған нәрселер. Мысалы, бір кісінің бағынан иесінің рұқсатынсыз жемістерін жеу, үйіндегі заттары мен ақшасын ұрлау, аманатқа қиянат жасау, пара алу, өсім және

құмар ойнау арқылы ақша немесе байлық табу сияқты. Бұларды істеген адам "бисмиллаһ" деп бастаса немесе ол алғаным халал десе кәпір болмайды. Өйткені сол нәрсе бір кісінің халал мүлкі, яғни қайтарып алуы мүмкін. Бес жарым дана арпа ауырлығындағы күміс мөлшеріндей ақы үшін, қиямет күнінде жамағатпен оқылып қабыл болған 700 рәкат намаздың сауабын Аллаһу та'ала алып, хақ иесіне береді. Харамнан қашудың сауабы ғибадат етуден де көп. Сондықтан харамдарды танып, үйреніп, олардан бойын аулақ ұстау керек.

7- Мәкрух: Аллаһу та'ала және Мұхаммед алейһиссалам ұнатпаған және ғибадаттардың сауабын азайтатын істер.

Мәкрух екі түрлі болады:

Тахримән мәкрух: Уәжіптің тәркі болып, харамға жақын мәкрухтер. Бұларды істеу азапқа душар қылады. Мәселен күн жаңа туып келе жатқанда, дәл тас төбеге жеткенде және күн батып бара жатқанда намаз оқу сияқты. Бұларды әдейі жасаған күнәһар болады. Тозақ отына түседі. Намаздардың уәжіптерін орындамағандардың, тахримән мәкрух істегендердің сол намазды қайта оқулары уәжіп болады. Егер қателесіп, ұмытып істесе намаз соңында сәһу сәждесін жасауы тиіс.

Тәнзиһән мәкрух: Мубах, яғни халалға жақын амалдар немесе істелмеуі абзал болған істер. Ғайри муәккәдә сүннеттерді немесе мустаһабтарды тәрк ету сияқты.

8- **Муфсид:** Дінімізде әмір етілген бір істі және халді немесе бастап қойылған бір ғибадатты бұзатын істер. Иманды, намазды, некені, қажылықты, зекетті және сауданы бұзатын істер сияқты. Мәселен: Аллаһ пен Құран Кәрімді сынау, балағаттау күпір болып иманды бұзады. Намазда күлу дәретті және намазды бұзады. Ораза ұстап жүріп біле тұрып ішіп-жеу оразаны бұзады. Яғни осы жәйттер жоғарыдағы ғибадаттардың муфсиді болып саналады.

Парыздарды, уәжіптерді және сүннеттерді орындап харамнан, мәкрухтан сақтанғанға сауап беріледі. Харамдар мен мәкрухтерді істеп, парыздар мен уәжіптерді істемегендерге күнә болады. Бір харамнан сақтанудың сауабы бір парызды орындаудың сауабынан әлдеқайда артық. Бір парыздың сауабы бір мәкрухтен сақтанудың сауабынан көп болады. Ал мәкрухтен сақтанудың сауабы сүннеттің сауабынан көбірек. Мубахтар ішінде Аллаһу та'ала

ұнатқан амалдарға "Хайрат және хасенат" (қайырымдылық және игілік) делінеді. Бұларды орындағандарға да сауап беріледі. Бірақ бұл сауап сүннет сауабынан аз.

Ислам дұшпандары

Ислам дұшпандары Ислам дінін жер бетінен құрту үшін қолдарынан келгенше Әһли сүннет кітаптарына қастандық жасауда. Өйткені, Исламды дәл өзі бойынша уағыздайтын және ұстанатындар Әһли сүннеттер. Құран Кәрімнің Маида сүресінде: **«Исламның ең үлкен дұшпандары яһуди мен мүшріктер»** деп айтылған. Мүшрік - пұтқа, мүсінге табынатын кәпірлер. Христиандардың көпшілігінің мүшрік екендігі анық. Йемендік Абдуллаһ бин Сәбә атты бір яһуди **Әһли Сүннетті** бұрмалап, жер бетінен құрту үшін **Шии** сектасын құрған. Шииттер өздерін «Алауи» деп те атайды. Исламның басты дұшпандары болып есептелетін ағылшындар қолдарындағы бар күшті пайдаланып, Үндістан мен Африкадан тонап алған алтындарымен, қанды соғыстарымен, Уаһһабизмнің бұрмаланған кітаптарымен Әһли сүннетке қастандық жасауда. Сондықтан да әлемде мәңгілік бақытқа қауышуды мақсат еткендерге Шииттер мен Уаһһабиттердің жалған кітаптарына алданбай, Әһли-сүннет кітаптарын оқуларын кеңес береміз.

Исламның шарттары

Ислам дінін қабылдаған мұсылмандарға ең алдымен мына төмендегі бес шартты орындау басты міндет болып саналады:

1- Исламның шарттарының біріншісі **«Кәлима-и шаһадат»** айту. Кәлима-и шаһадат айту дегеніміз, «Әшһәду әллә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһу». Яғни ақыл есі дұрыс, балиғат жасына толған, сөйлей алатын әрбір адамның: ***«Аспан мен жерде Аллаһтан басқа ғибадат етуге лайықты ешкім жоқ. Ғибадат етуге лайықты тек Ол ғана.»*** «Ол мәңгі бар. Ол барша әлемнің билеушісі. Оның ешқандай кемшілігі жоқ. Оның есімі Аллаһ» деп осы айтқанына бар ықыласымен сенуі. Сондай-ақ, Оның құрметті елшісі әдемі, нұрлы, сүйкімді жүзді, көркем мінезді, қара қасты, қар көзді,

мүбәрәк маңдайы ашық, көлеңкесі жерге түспейтін, жұмсақ сөзді, араб жарты аралында туылғаны үшін араб ұлтының өкілі болып саналған Хашими ұрпағынан ***«Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед алейһиссалам, Аллаһтың құлы әрі елшісі, яғни Пайғамбары»***. Уаһбтың қызы Аминаның ұлы.

2- Исламның екінші шарты - күніне бес мезгіл, уақыты кіргенде, шарттарына сай намаз оқу. Әрбір мұсылманның, күнде уақыты кіргенде бес уақыт намаз оқуы және әрбірін уақытылы оқығанын білуі парыз. Намаздың фарз, уәжіп, сүннеттеріне мән бере отырып, бар ықылас ниетін Аллаһу та'алаға беріп, уақытын өткізбей оқу керек. Құран Кәрімде намазды **«салат»** деп айтқан. «Салат» сөздікте адамның дұға етуі, періштелердің истиғфар (кешірім) оқуы, Аллаһу та'аланың мейірім етуі деген мағыналарға келеді. Исламда «салат» дегеніміз ғылымхал кітаптарында білдіргеніндей белгілі әрекеттерді орындау және белгілі нәрселерді оқуды білдіреді. Намаз ифтитах тәкбірімен басталады. Яғни, ер кісілердің қолдарын құлақтарына дейін көтеріп, кіндік тұсына түсіріп жатқан кезде «Аллаһу акбар» деуімен басталады. Соңғы отырыста, басын алдымен оң жаққа бұрып, сосын сол жаққа бұрып сәлем беру арқылы намазды бітіреді.

3- Исламның бес шартының үшіншісі, Мал-мүлкінің зекетін беру. «Зекеттің» сөздіктегі мағынасы тазалық, мадақ және жақсы, әдемілік дегенге келеді. Исламда зекет дегеніміз қажеттілігінен артып, **нисап** делінген белгілі мөлшердегі дүние мүлкі бар адамның, дүние мүлкінің белгілі бір бөлігін Құран кәрімде айтылған мұсылмандарға міндетсінбей беру дегенді білдіреді. Зекет жеті түрлі адамға беріледі. Төрт мазһабта да төрт түрлі зекет малы бар: Алтын мен күмістің зекеті, саудадағы сатылатын заттың зекеті, қорадағы малдың зекеті және егістіктің зекеті. Зекеттің төртінші түріне **Ушр** делінеді. Егістік жинала салысымен ушр беріледі. Ал жоғарыдағы аталған үш зекет малы нисап мөлшеріне жетіп, содан бір жыл өткен соң беріледі.

4- Исламның бес шартының төртіншісі - Рамазан айында ораза ұстау. Ораза ұстауға **саум** деп айтылады. «Саум» сөздікте бір нәрсені өзгелерден қорғау, сақтау дегенді білдіреді. Ал дінімізде Аллаһ әмір еткені үшін рамазан айы бойынша күндіздері үш нәрседен тыйылу деген мағынаны береді. Бұл үш нәрсе: Ішу, жеу

және жыныстық қатынас. Рамазан айы, аспанда жаңа ай (һилал) көрінгенде басталады. Күнтізбедегі есеп бойынша басталмайды.

5- Исламның бес шартының бесіншісі, шамасы жеткенде өмірінде бір рет қажыға бару. Жолы қауіпсіз және дені сау болып, Меккеге барып келгенше үйінде қалған бала-шағасына жететіндей мал-мүліктен артылған ақшамен барып келе алатын адамның, өмірінде бір рет Қағбаны зиярат етуі және Арафат тауында тұруы парыз болады.

Жоғарыда аталған Исламның бес шартының ең үстемі Кәлима-и шаһадат айту және оның мағынасын түсіну. Одан кейінгісі намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару, ең соңғысы зекет беру. Кәлима-и шаһадаттың үстем болғаны ғалымдардың ауызбірлігімен білдірілген. Қалған төртеуінің дәрежесінің реті жоғарыда айтқанымыздай. Кәлима-и шаһадат айту мұсылмандықтың ең басты белгісі. Бес уақыт намаз пайғамбарлықтың 12-ші жылында, яғни хижрадан бір жыл және бірнеше ай бұрын Миғраж түнінде парыз болды. Рамазан оразасы, хижраның екінші жылы Шабан айында парыз болды. Зекет беру ораза парыз болған жылы Рамазан айында парыз болды. Ал қажылық болса, хижраның тоғызыншы жылында парыз болды.

Үшінші бөлім

НАМАЗ ОҚУ

Дінімізде иманнан кейін ең бағалы ғибадат - намаз. Намаз -діннің тірегі. Намаз ғибадаттардың ең жоғарғысы. Исламның екінші шарты. Арабтар намазды «Салат» дейді. Салат негізінде дұға, рахмет пен кешірім деген мағыналарға келеді. Намаз осы үш мағынаның барлығын өзіне жинағаны үшін салат деп аталған. Аллаһу та'аланың ең көп ұнатып және қайта-қайта әмір еткен амалы - бес уақыт намаз. Аллаһу та'аланың мұсылмандарға иман еткеннен кейінгі ең маңызды әмірі намаз оқу. Дінімізде алғаш рет әмір етілген парыз - намаз. Қиямет күні иманнан кейінгі сұрақ намаз жайында болады. Бес уақыт намаздың есебін берген адам өзге сынақтардан оңай құтылады. Тозақтың отынан құтылып жұмаққа қауышу, намазды дұрыс оқуға байланысты. Намаздың дұрыс орындалуы үшін құсырсыз дәрет алып, жалқаулық танытпай намазға кірісу керек.

Барша ғибадатты қамтып және адамды Аллаһу та'алаға жақындата түсетін ең қайырлы амал - намаз. Сүйікті Пайғамбарымыз хадисінде былай дейді: ***«Намаз - діннің тірегі. Намаз оқыған адам дінін қуаттандырады. Намаз оқымаған адам әлбетте діннен айырылады.»*** Намазды үнемі дұрыс оқитын адам жаман, жағымсыз істерден сақтанған болып есептеледі. Анкабут сүресінің 45- аятында: **«Дұрыс оқылған намаз, адамды жеркеніште, жағымсыз, тыйым салынған әрекеттерден сақтайды»** делінген.

Адамды жамандықтан сақтай алмаған намаз, дұрыс оқылған намаз емес, оның көрінісі ғана намаз болады. Сонымен қатар, дұрыс намаз оқуға қол жеткізгенше көріністе де болса, намаз оқуды тастамау қажет. Ислам ғалымдары, «Бір нәрсенің толығын орындай алмаған жағдайда, қалғанынан да айрылып қалмау керек», деген. Шексіз ихсан иесі болған Раббымыз, көріністе болған намазды да рахымдылығымен қабыл етуі мүмкін. Сондықтан «Бұлай қате оқығанша еш оқымағаның дұрыс» деуден сақтанып, керісінше «келіңдер намазымыздың қатесін түзетейік» дегеніміз жөн. (Намаз оқымай, «Істесем толық істеймін» деген сылтауды

айтып, такаппарланғандардан шала да болса жарым-жартылай істеп жүргендер Аллаһтың мейіріміне жақынырақ болады.)

Намазды жамағатпен оқыған дұрыс. Жамағатпен оқудың сауабы жалғыз оқығаннан әлдеқайда көп. Сондай-ақ, намазда әрбір мүшенің әдеп сақтап, жүрек Аллаһу та'аладан қорқу халінде болу керек. Адамды екі дүниеде қиыншылық пен пәлекеттен құтқаратын амал - намаз ғана. Аллаһу та'ала Мүмин сүресінің бас жағында: **«Мүминдер әлбетте құтылады. Олар намаздарын хушумен (ықыласпен) оқитындар»-** деген.

Қауып-қатер төніп тұрған, кедергілер көп болған жағдайларда орындалған ғибадаттың сауабы өте көп болады. Жастардың ғибадаттарына қарияларға қарағанда көбірек сауап берілуінің себебі де осында. Өйткені, бұл жастар нәпсінің жаман, жағымсыз және ғибадаттан қашу сияқты қалауларына қарсы шыққан болады. Ал жасы жеткендерде мұндай кедергілер жастардікіндей көп болмайды.

Жастықта адамдың ғибадат етуіне үш дұшпан тосқауыл болады. Бұлар: шайтан, нәпсі және жаман жолдас. Барша пәлекеттің басы жаман жолдастан басталады. Жас жан осы дұшпандардан келетін арам ниет пен армандарға еріп кетпей, намаз оқып, ғибадаттарын уақытында орындаса, үлкен сауапқа қауышады. Аз ғана ғибадатына көптеген сауап жазылады.

Намаз оқу кімдерге парыз?

Намаз оқу ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен әрбір ер және әйел мұсылманға парыз. Намаздың парыз болуы үшін мына үш шарт орындалуы керек:

1. Мұсылман болу тиіс.
2. Ақылды болу тиіс.
3. Балиғат жасына толу тиіс.

Дінімізде ақыл-есі толмаған, балиғат жасына жетпеген балаларға намаз оқу міндетті емес. Алайда, ата-аналар балаларына діни тыйымдарды үйретіп, ғибадатқа әдеттендіруі тиіс. Пайғамбарымыз бұл тұрғыда былай деген: ***«Әрбіріңіз бір отардың шопаны сияқтысыз. Шопан отарын қорғағаны сияқты, сіздер***

де жанұяңыздағы және қол астыңыздағы жандарды тозақтан сақтауға тиіссіздер. Оларға мұсылмандықтың шарттарын үйретулеріңіз керек. Үйретпесеңіз жауапқа тартыласыздар.» Тағы бір хадисте: ***«Дүниеге келген әрбір сәби мұсылмандыққа икемді болып туылады. Оны кейіннен ата-аналары христиан, яһуди немесе дінсіз қылады.»*** - делінген.

Олай болса, әрбір мұсылманның ең басты міндеті - балаларына Құран Кәрім мен исламның шарттарын үйрету. Баласының мұсылман болуын, бұл дүние мен ахыретте бақытқа кенелуін қалаған ата-ана алдымен осы міндетін орындауы керек. Өйткені, ағаш жас кезінде егіледі.

Ислами ілім мен әдептен бейхабар өскен бала жаман жолдағы адамдарға тез алданады. Осылайша ата-анасына, еліне, халқына және ұлтына лағынет келтіретін бұзақы адам болып шыға келеді.

Намаз оқитындардың халі

Оқиға: Қамаудан құтқарған намаз.

Хорасанның әкімі Абдуллаһ бин Тахир әділ кісі болатын. Бір күні нөкерлері бірнеше қарақшыны тұтқындап әкімнің алдына алып келеді. Сонда қарақшылардың біреуі қашып кетеді. Нөкерлер сол түні Нишапур қаласынан үйіне қайтып келе жатқан бір теміршіні қашқын деп тұтқынға алады. Оны да әкімнің алдына алып барады. Әкім олардың бәрін зынданға тастаңдар деп бұйырады. Кінәсіз темірші осылайша қарақшылармен бірге қамауға түсіп қалады. Ол қамауда дәрет алып, намаз оқиды. Намаз соңында қолын жайып Аллаһқа былай деп жалбарынады: «Ей, жаратушы Раббым! Мені мына жерден құтқар! Менің кінәмнің жоқ екенін жалғыз Сен ғана білесің. Мені мына зынданнан Сен ғана құтқара аласың. Ей, Раббым құтқара гөр.» Әкім сол түні түсінде төрт алып дәу келіп, отыратын тағын төңкерейін деп жатқанда оянып кетеді. Дереу, дәрет алып, екі рәкат намаз оқып, қайтадан ұйқыға кетеді. Тағы да әлгі төрт алып дәу келіп, тағын жерге құлатпақшы болып жатқанын көріп ұйқысынан шошып оянады. Бұл түстен жазықсыз біреудің қарғысына ұшырағанын түсінеді.

(Ей Раббым! Сен қандай ұлысың! Ұлылар да, кішілер де қиналғанда тек Саған жалбарынады. Сенен жәрдем сұраған адам ғана мақсат-мұратына жетеді.)

Әкім дереу зынданның басшысын шақырып: «Қамауда жазықсыз адам бар ма?»- деп сұрайды. Басшы: «Білмедім, бірақ бір кісі намаз оқып, дұға етіп, көз жасын төгіп отыр»- дейді. Әкім: «Оны маған алып келіңдер» деп бұйырады. Алып келген соң, тұтқынның жағдайын сұрап, кінәсіз екенін түсінген соң, қатты өкініп кешірім сұрайды және мың күміс теңге сыйлайды. Бір жағдай болғанда қысылмай сарайға келуін өтінеді. Сонда темірші: «Оқасы жоқ кешірдім. Сыйлығыңызды да қабыл еттім. Бірақ басыма іс түскенде сізге келе алмаймын. Өйткені мен сияқты бір әлсіздің ақысы үшін сіздей сұлтанның тағын аударып тастаған Иемді қойып, қажетімді бір пендеден сұрау құлшылыққа жараса ма? Намаздан кейінгі дұғаларым мені көптеген қиыншылықтардан құтқарды. Осыны көре тұра қалайша өзгелерге шағымданам? Ол сұраған нәрсеңнің бәрін береді. Сұрауды білмеген әрине ала алмайды. Құзырына әдеппен шықпасаң рахметіне де қауыша алмайсың.»- деп жауап береді.

Аллаһтың сүйікті құлдарының бірі Рабиа Адвия хазрет бір адамның: «Ей, Раббым! Маған рахмет есігін аш!» дегенін естігенде, Ол: «Ей, Аллаһтың құлы! Аллаһтың мейірім есігі осы уақытқа дейін жабық па еді»- деген. (Рахмет есігі әрдайым ашық болғанымен, рахмет кіретін жүрек есігі әр адамда да ашық бола бермейді! Осы есіктің ашылуы үшін дұға етуіміз керек.)

Йә, Раббым! Барша адамды қиыншылықтан құтқаратын жалғыз сенсің. Бізді дүние мен ахыретте қиыншылықтан құтқара гөр. Мұқтаждардың тілегін беретін тек сенсің. Бұ дүние мен ахыретте бізді өзіңнен басқа ешкімге мұқтаж етпе! Әмин!

Оқиға: Өртенген үй

Аллаһтың сүйікті құлдарының бірі Хамид Тавил арнайы намаз оқитын жерінде намаз оқып жатқан еді. Сол кезде үйі өртене бастады. Көршілерінің бәрі жиналып, жалындаған отты сөндіріп алады. Әйелі қасына жүгіріп келіп: «Үйің жанып жатыр. Адамдардың бәрі жиналып қалды. Істелетін мұншама тірлік бар. Ал сен болсаң

орныңнан қозғалар емессің» – деп ашуланады. Сонда Хамид Тавил: «Бұл істен ешқандай хабарым болмапты» - дейді. Аллаһтың достары, Оның құзырында Аллаһқа деген махаббаты әсерінен Оған берілгені соншалық, тіпті өздерін де ұмытып кетеді.

Оқиға: Қазандағы су

Сахабалардың бірі Абдуллаһ бин Шехир (радиаллаһу анһ) былай деген: «Пайғамбарымыздың қасында намаз оқып тұрған едім. Оның кеудесінен оттың үстінде қайнап жатқан судың даусындай дауыс естідім.»

Оқиға: Аяққа қадалған жебе

Пайғамбарымыздың сүйікті күйеу баласы хазреті Әли (радыяллаһу анһ) намаз оқып жатқанда дүние астаң-кестең болса да хабары болмайтын.

Бір соғыста хазреті Әлидың аяғына садақтың жебесі қадалып қалады. Жебенің сүйекке кіргені соншалық шығару мүмкін болмайды. Дәрігерлерге де көрсетеді. Дәрігерлер: «Бұл жебені алу үшін адамды есінен тандыратын дәрі қолдану қажет. Сонда ғана алуға болады. Әйтпесе шыдау қиын болады» - дейді. Сонда хазреті Әли: «Ондай дәрінің қажеті қанша. Одан да намаз уақытын күтейік. Намаз оқыған кезде аларсыңдар» - дейді. Намаз уақыты кіргенде, хазреті Әли намаз оқуға тұрады. Сол кезде дәрігер хазреті Әлидің аяғын кесіп, жебені алып тастайды. Жараның бетін байлап болған соң, хазреті Әли намазды бітіріп: «Алып тастадыңдар ма?» - деп сұрайды. Дәрігер: «Иә, алып тастадым» - дейді. Сонда хазреті Әли: «Ешқандай нәрсе сезбедім» - деген екен.

Мұнда таң қаларлық не бар! Өйткені Юсуф Пайғамбардың сұлулығын көрген Мысыр әйелдерінің қайран қалғандығы соншалық өздерін ұмытып кетіп, қолдарын кесіп алғанынан да хабарлары болмаған. Егер Аллаһу та'аланың құзырында тұру, махаббатына бөленген ғашықтарын өз-өзін ұмытатындай халге түсірсе, оған таң қалудың қажеті жоқ. Мүміндер де жан тапсырар кезде Пайғамбарымызды көріп өлімнің қиыншылығын сезбейді.

Оқиға: Ес тандыратын дәрі.

Аллаһтың сүйікті құлдарының бірі Әмірі Қайстың бармағына күбіртке шығады. Тәуіп оны кесу керек дейді. Әмір: «Шешімге мойынсұну құлшылықтың шарты» - дейді де бармағын кестіреді. Арада бірнеше күн өткеннен соң ауру асқынып, аяғын кесу керек болады. Сонда тәуіп: «Бұған сездірмейтін дәрі бермесек болмайды, оған шыдау мүмкін емес» - дейді. Мұны естіген Әмір: «Өйтіп әуреленудің қажеті жоқ, одан да Құран Кәрімді әдемі дауыспен оқитын адамға Құран оқытыңдар. Жүзімнен өзгеріс көрген кезде аяғымды кесіңдер, сонда хабарым да болмайды» - дейді. Сөйтіп, Құранды жақсы оқитын адамға Құран оқытады. Сол кезде Әмірдің жүзі өзгеріп шыға келеді. Дәрігер аяқтың жартысынан көбін кесіп, жарасын жақсылап таңып болғанда Құранды оқып отырған адам тоқтайды. Әмір өз-өзіне келіп: «Кестіңдер ме?» - дейді. Тәуіп: «Иә» - дегенде: «Кесілген аяқты маған беріңдер» - дейді. Ол аяқты қолына алып: «Йа, Раббым! Бұл аяқты берген Сенсің. Мен Сенің құлыңмын. Үкім сенің үкімің, қаза сенің қазаң. Егер Қияметте, «Ей, құлым, сен күнәға бір адым да баспадың ба?» десең, сенің әміріңе қайшы бір қадам да басқан жоқпын деп айта аламын» - дейді.

Оқиға: Намаз үшін аянбау.

Бурса қаласы Османлылардың қол астына кірмей тұрып, бір рум (грек) жасырын мұсылмандықты қабылдайды. Оның ең жақын деген досы таңырқап; «Ата-бабаңның ежелден келе жатқан дәстүрлі дінін тастап, неге бұл дінді қабылдадың?» деп сұрайды. Ол досына мән-жайды былай деп түсіндіріп береді: «Бірде мұсылмандардың арасынан тұтқындалған біреу менің қарамағыма берілді. Бір күні әлгі мұсылман біресе иіліп, біресе тұрып, бір әрекет істеп жатты. Әрекеттеріне тосқауыл болып «Не істеп жатырсың?»- деп сұрадым. Ол бетін сипап: «Намаз оқып жатырмын, егер кедергі болмасаң әр намаз үшін бір алтын беремін» - деді. Мен келісімімді бердім. Бірақ күн өткен сайын алатын ақшамның мөлшерін көбейте бердім. Бір күні әр намаз үшін он алтын сұрадым. Ол оған да келісті. Оның ғибадатқа болған жомарттығы мені қатты таң қалдырды. Бір күні

оған: «Сені тұтқыннан босатамын» дегенімде қатты қуанып, маған былай деп дұға етті: «Йа, жаратушы Раббым! Мына құлыңа иман бере гөр!» Сол кезде жүрегімде мұсылман болу арманының көбейгені соншалық, дереу кәлима-и шаһадатты айтып мұсылман болдым.

Төртінші бөлім

НАМАЗДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мұсылмандарға әмір етілген намаз түрлері үшке бөлінеді. Олар: 1. Фарз (парыз). 2. Уажиб (уәжіп). 3. Нафилә (нәпіл).

1. **Фарз намаздары:** Бес уақыт намаздың парыздары; Жұма намазының екі рәкат парызы мен жаназа намазы. (жаназа намазы фарзи кифая).

2. **Уәжіп намаздары:** Үтір намазы, Рамазан айт намазы, Құрбан айт намазы, аяқталмай қалған нәпіл намаздары. Қаза болған үтір намазының кейіннен қазасын өтеу де уәжіп.

3. **Нәпіл намаздары:** Бес уақыт намаздың сүннеттері, тарауих намазы. Сауап алу ниетімен оқылатын тәһәжжуд намазы, тахятул масжид, ишрақ, дұха, әууәбин, истихара, тәсбих намаздары нәпіл намаздарының қатарына жатады. Парыз және уәжіп намаздарынан қарызы жоқ адамның нәпіл ғибадаттарына да сауап беріледі.

Бес уақыт намаз

Намаз - Аллаһу та'аланың әмірі. Аллаһу та'ала Құран Кәрімде жүзден аса жерде **«Намаз оқыңдар!»-** деп әмір еткен. Әрбір ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған мұсылманның күнде бес уақыт намаз оқуы Құран Кәрімде және хадис шәрифтерде әмір етілген.

Рұм сүресінің 17-18-ші аяттарында: **«Кеш және таң уақыттарында Аллаһты тасбих етіңдер. Көктер мен жерде болғандардың орындаған құлшылықтары және екінді мен түс уақыттарында жасалған барлық хамдтер** (мақтау) **Аллаһу та'ала үшін»** деп бұйырылды. Бақара сүресінің 239-аятында: **«Намаздарды, сондай-ақ орта (екінді) намазды орындаңдар!».** (Яғни намаздарды үзбей оқыңдар.) деп бұйырылды. Жоғарыдағы аятта айтылған тасбих (пәктеу, ұлықтау) және хамд (мақтау) сөздерінің **намаз** мағынасына келетіндігі тәпсір кітаптарында айтылған. Хұд сүресінің 114-аятында: **«Күндіздің екі жағында** (түс, екінді уақыттарында) **және түнге жақын үш уақытта** (ақшам, таң, құптан уақыттарында) **болған намаздарды толық**

орында. Шынында бұл жақсы амалдар, (бес уақыт намаздың сауабы кіші) **күнәларды жояды. Бұл, ғибратпен түсінетіндер үшін бір насихат»** - деп бұйырылған.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам да: ***«Аллаһу та'ала құлдарына күнде бес уақыт намаз оқуларын әмір етті. Дұрыс дәрет алып, намазды уақытында оқыған, рүку мен сәжделерін толық орындаған пенделердің күнәларын Аллаһу та'ала кешіреді»***- деп айтқан.

Бес уақыт намаз 40 рәкаттан тұрады. Бұлардың 17-сі парыз, 3-і уәжіп, 20 рәкаты сүннет. Олар мына төмендегідей:

1. **Таң намазы:** 4 рәкат. Алдымен екі рәкат сүннеті, кейін екі рәкат парызы оқылады. Бұл екі рәкат сүннет ең қуатты сүннет болып саналады. Тіпті мұны уәжіп дегендер де бар.
2. **Бесін намазы:** 10 рәкат (4 рәкат алғы сүннет, 4 рәкат парыз, 2 рәкат соңғы сүннет).
3. **Екінді намазы:** 8 рәкат (4 рәкат сүннет, 4 рәкат парыз.)
4. **Ақшам намазы:** 5 рәкат (3 рәкат парыз, 2 рәкат сүннет.)
5. **Құптан намазы:** 13 рәкат (4 рәкат алғы сүннет, 4 рәкат парыз, 2 рәкат соңғы сүннет, 3 рәкат үтір намазы).

Екінді мен құптан намаздарының алғы сүннеттері ғайри мүәккәд сүннетке жатады. Бұлардың екінші рәкатында отырғанда, "әттәхияттан" кейін "Аллаһумма салли" және "Аллаһумма барик" дұғалары ақырына дейін оқылады. Үшінші рәкатқа тұрғанда, алдымен бисмиллаһ айтылмай тұрып, "Субханака" дұғасы оқылады. Ал, бесін намазының алғашқы сүннеті Мүәккәд сүннет. Яғни қуатпен әмір етілген. Сондай-ақ бұл сүннеттің сауабы да көп. Бірінші отырыста парыз намазындағыдай тек қана "Әттәхияту" оқылып, кейін үшінші рәкатқа тұрады. Тұрғанда алдымен Бисмиллаһ айтылып, кейін "фатиха" сүресі оқылады.

Бесін және Құптан намазының парызынан кейін 4 рәкат және ақшам намазы парызынан кейін 6 рәкат намаз оқу мустаһаб болады. Яғни бұл намаздардың да сауабы өте көп. Барлығын бір сәлеммен немесе екі рәкатта бір сәлем беріп оқуға да болады. Екеуінде де алғашқы екі рәкаты соңғы сүннет орнына саналады. Осы мустаһаб намаздарды соңғы сүннеттерден кейін бөлек оқуға да болады. Жұп рәкаттарда екінші сәждеден кейін отырады.

Әрбір рәкатта намаздың парыздары, уәжіптері, сүннеттері, муфсидтері және мәкрухтары болады. Бұларды келесі тақырыптарда **ХАНАФИ** мазһабы бойынша түсіндіреміз.

Намаздың парыздары

Парыз – Аллаһу та'аланың бұйырған әмірі. Қандайда бір ғибадаттың парыздары орындалмайынша бұл ғибадат дұрыс саналмайды. Намаз оқығанда он екі шартты орындау парыз. Бұл парыздардың жетеуі намаздың сыртында, бесеуі ішінде. Сыртындағы парыздар **шарт**, ішіндегілер **рүкін** деп аталады. Кейбір ғұламалар ифтитах тәкбірін намаздың ішіндегі парыздарға қосқан. Олардың айтуынша намаздың шарттары да, рүкіндері де алтау болады.

А) Намаз сыртындағы парыздар (шарттар)

1. Хадестен таһарат: Дәреті жоқ адамның дәрет алуы мен жүніп болған адамның ғұсыл алуына айтылады.

2. Нәжістен таһарат: Намаз оқитын адамның денесін, киімін және намаз оқитын жерін ауыр және жеңіл нәжістен, яғни дінімізде кір болып саналатын нәрселерден тазарту. Мәселен: қан, зәр, спирт сияқты нәрселер нәжіс болып есептеледі.

3. Сатр-и аурат: Әурет жерін жабу. Әурет жерін жабу Аллаһу та'аланың әмірі. Ер адамдардың әурет жері кіндігі мен тізе астына дейін. Ал әйел кісілер үшін бет және қолдың білектен төмен (алақан) бөлігінен басқа жерлерінің барлығы әурет болып есептеледі.

4. Истиқбал-и Қыбла: Намаз үшін Қыблаға қарап тұру. Мұсылмандардың қыбласы қасиетті Мекке қаласындағы Қағбаның тұрған жері. Яғни сол ғимарат тұрған орын **Қыбла** деп аталады.

5. Уақыт: Намазды уақытында оқу. Яғни намаздың уақыты кіргенін білу және оқитын намазының уақытын ойынан өткізу.

6. Ниет: Намазға бастарда көңілмен ниет ету. Тек ауызбен айту ниетке жатпайды. Намазға ниет ету сол намаздың атын,

уақытын, қыбланы, намаз жамағатпен оқылатын болса, имамға ұюды көңілден өткізу болып саналады. Ниет тахрима тәкбірінің алдында етіледі. Тәкбір айтып қойылғаннан кейін ниет ететін болса, ниеті де намазы да дұрыс болмайды.

7. Тахрима тәкбірі: Намазды бастағанда «Аллаһу әкбар» деп айтады. Бұл тәкбір **ифтитах тәкбірі** деп те айтылады. *«Аллаһу әкбардың»* орнына басқа сөз айтылатын болса, тәкбір айтылған болып саналмайды.

Б) Намаздың ішіндегі парыздар (рүкіндер)

Намазға тұрғанда орындалатын бес парыз бар. Бұлардың әрқайсысын **рүкін** деп атайды. Олар төмендегідей:

1. Қиям: Намазды бастағанда тік тұру. Тік тұра алмайтын науқас отырып оқиды. Отырып оқи алмайтын адам жатып ишарамен оқиды.

2. Қыраат: Оқу деген мағынаға келеді. Намазда тұрғанда Құран Кәрімнен сүре немесе аят оқу.

3. Руку: Қырааттан кейін қолдарын тізеге қойып иілу. Рукуде ең аз үш рет «Субхана раббиял азым» деп айтылады. Рукуден тұрып жатқанда «Самиаллаһу лиман хамидаһ» деп, тік тұрғанда «Раббана ләкәл хамд» деп айтылады.

4. Сәжде: Аяқ ұштарын, тізе, қол, мұрын және маңдайды жерге тигізіп жасалынатын амалға айтылады. Сәждеге барғанда кемінде үш рет «Субхана раббиял ала» деп айтылады.

5. Қадаи ахир: Намаз соңында Аттахият дұғасын оқитындай уақыт отыру. Бұны соңғы отырыс деп те атайды.

Намаздың қаншама үлкен іс және ғибадаттардың ең маңыздысы болғандығын шарттарының көлемінен де байқауымызға болады. Сондай-ақ бұған уәжіп, сүннет, мустаһаб, мәкрух, муфсидтер қосылатын болса, Раббының құзырында құлдың қалай тұру керектігі белгілі болады. Құл - әлсіз, күшсіз, бейшара жаратылыс. Әрбір алған демінде өзін жаратқан Аллаһу та'алаға мұқтаж. Ал намаз болса, құлдың осы әлсіздігін сездіретін ғибадат. Бұл жайттар кітабымызда ретімен баяндалатын болады.

НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ

1. ХАДЕСТЕН ТАҺАРАТ

Бұл тарауда; дәрет, ғұсыл және тәйәммумды түсіндіреміз.

ДӘРЕТ АЛУ:

Дәрет алу намаздың парыздарының бірі. Құран Кәрімді ұстау, Қағбаны тәуап ету, тіләуат сәждесін жасау, жаназа намазын оқу үшін де дәрет алу қажет. Сонымен қатар үнемі дәретпен жүру, жатарда дәрет алып жату, тамақтанғанда дәретті болу үлкен сауап болады.

Дәретпен жан тапсырған адамға шәһидтің сауабы жазылады. Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Дәретпен дүниеден өткен адам өлім азабын тартпайды. Себебі дәрет имандылықтың нышанын білдіреді. Сондай-ақ намаздың кілті, денені күнәдан тазартушы болып есептеледі.»***

«Мұсылман адам дәрет алғанда күнәлары құлағынан, көзінен, қолынан және аяғынан төгіледі. Отырған уақытта күнәлары кешірілген күйде отырады».

«Амалдардың ең қайырлысы намаз. Үнемі дәретпен жүру тек муминның сипаты. Мумин күндіз дәретпен жүргені сияқты түнде де дәретпен жатуы керек. Осылай істейтін болса, Аллаһу та'аланың қамқорында болады. Дәретпен тамақ жеген адамның жеген тамағы зікір етумен болады. Және де иесі үшін кешірім тілейді.»

Дәреттің парызы, сүннеті, әдебі, тыйымдары және бұзатын жайттары да бар. Дәреті жоқтығын біліп тұрып әдейі намазға кіріскен кәпір болады. Намаз оқып тұрғанда дәреті бұзылса, дереу сәлем беріп намаздан шыққан соң дәрет алып, қайта жалғастыру қажет.

Дәреттің парыздары

Дәреттің парыздары Ханафи мазһабы бойынша төртеу:

1. Бетті бір рет жуу.
2. Қолдарын шынтақпен қосып бір рет жуу.
3. Бастың төрттен біріне мәсих тарту.
4. Аяқты тобықпен қосып бір рет жуу.

Ал Шафии мазһабында ниет пен тәртіп те парыз болып, бетті жуғанда ниет ету қажет. Су бетке тимей тұрып ниет етсе дұрыс болмайды. Бет пен жақтағы сақалды жуу парыз. Малики мазһабында болса, дәретте жуылатын мүшелерді ысқылап, бір-бірінің артынша арасын үзбей жуу да парыз. Шииттер аяқтарын жумайды, жалаң аяқтың үстіне мәсих тартады.

Дәрет қалай алынады?

1. Дәрет алатын кезде мына дұға оқылады; **Бисмиллаһиллазым. Уәлхамду лиллаһи алә динил Ислам уә алә тәуфиқул иман. Әлхамду лиллаһиллази жәаләл маә тахуран уә жәаләл исламә нуран[1]".** Сосын екі қол білекке дейін үш рет жуылады.

2. Оң қолымен ауызды шайғанда мына дұға оқылады: **"Аллаһуммасқини мин хауди нәбийкә кәсән лә азмәу бәдәһу әбәдән.[2]"**

3. Оң қолымен мұрынға үш рет су алынып, сол қолымен сіңбіріп мұрынды тазалайды. Мұрынға су алғанда: **"Аллаһуммә арихни рахатәл жәннәти уәр-зуқни мин ниәмиха. Уә лә турихни райихатән-нар[3]"**

4. Алақанымен су алып, бетті жуарда мына дұға оқылады**:**

[1] Ұлы Аллаһтың атымен бастаймын. (Бізге) Ислам дінін берген және иманды сыйлаған Аллаһу Та'алаға мадақ болсын. Суды тазартушы, Исламды да нұр еткен Аллаһқа хамд болсын.

[2] Ей, Аллаһым, одан ішкеннен соң кайта шөлдетпейтін Пайғамбар бұлағынан маған да бір кесе ішкіз.

[3] Ей, Аллаһым. Мені тозақ иісімен емес, жаннат иісімен және жаннат нығметтерімен рызықтандыр.

“Аллаһумма бәйид уәжһи бинурикә яума табяадду вужуһу уәлияикә уә лә тусәввид уәжһи бизунуби яумә тәсуәдду вужухи адаикә[4]”.

5. Оң қол үш рет шынтаққа дейін жуылып жатқанда: **“Аллаһумма атини китаби биямини уә һасибни һисабән ясирән[5]”** дұғасы оқылады.

6. Сол қол үш рет шынтақпен қоса жуылып жатқанда: **“Аллаһуммә лә тутини китаби би шимәли уә лә мин уәрааи захри уә лә тухасибни һисәбән шәдидән[6]”** дұғасы оқылады.

7. Екі қолды жуып болған соң тағы да екі қолды қайта жуып, басқа мәсих тартып жатқанда: **“Аллаһуммә һаррим шарри уә бәшәри аләннар. Уә әзилләни таһтә зилли аршикә яумә лә зиллә иллә зиллу аршикә[7]”** дұғасы оқылады.

8. Екі қолдың сұқ саусақтарымен екі құлақтың ішін, бас бармақтармен құлақтың сыртына мәсих тартып жатқанда, мына дұға оқылады: **“Аллаһумма әжални миналләзина ястәминалқавлә фи яттәбиунә ахсәнәһу[8]”**.

9. Қолдың сырт жағымен желкеге мәсих тартқанда: **“Аллаһумма атик рақабати минәннар[9]”** дұғасы оқылады.

10. Мойынды мәсих еткеннен кейін, сол қолдың кіші саусағымен оң аяқтың кішкене бармағынан бастап, араларын хилалдау арқылы, аяқты тобықпен қоса үш рет жақсылап жуып жатқанда: “**Аллаһумма сәббит қадамәйя әла сирати яумә тәзиллу фи-һил ақдәму[10]**” дұғасы оқылады.

---

[4] Ей, Аллаһым. Нұрыңмен әулиенің жүзін нұрландырғандай менің де жүзімді ағарт. Дұшпандарыңның бетін қара қылғандай күнәларым үшін менің де жүзімді қарайтпа.

[5] Ей, Аллаһым. Кітабымды оң жағымнан бер. Менің есеп-қисабымды оңай ет.

[6] Ей, Аллаһым. Кітабымды сол жағымнан және арқамнан берме. Мені қиын бір қисаппен жауапқа тартпа.

[7] Ей, Аллаһым. Денемді және шаштарымды тозақ отына жақпа. Көленке болмаған күнде мені Арштың көленкесінде сақта.

[8] Ей, Аллаһым. Мені сөз тыңдап ең жақсы ұстанғандардан қыл.

[9] Ей, Аллаһым, мойнымды тозақ отынан азат ет.

[10] Ей, Аллаһым. Аяқтардың тайған күнінде Сырат көпірі үстінде менің аяқтарымды тайдырма.

11. Сол аяқты үш рет жууда тағы да сол қолдың кіші саусағымен бас бармақтан бастап, рет-ретімен аяқтың кішкене бармағына қарай жуған жөн. Аяқты тобықпен қоса жуып жатқанда: "**Аллаһумма лә татруд қадамәя алә сирати яумә татруду куллу ақдәми адаикә. Аллаһуммаж-аль саъйи мәшкуран уә зәнби мағфуран уә әмәли мақбулән уә тижарәти лән тәбурә[11]"** дұғасы оқылады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: ***«Кімде-кім дәрет алып болып көкке қарап мына дұғаны оқыса, (Субханәкә Аллаһумма уә би хамдика Әшһаду әлла илаһә илла әнтә уәһдаһу лә шарика ләкә әстағфирука уә атуубу илайка Әшһаду әлла илаһә иллаллаһ уә әшһаду әннә Мұхаммәдән абдукә уә Расулукә) Аллаһу та'ала ол кісінің күнәларын кешіреді және қабыл мөрімен растап Арши аланың астында сақтайды. Сондай-ақ Қиямет күнінде бұл дұғаны оқыған кісі келіп Аллаһу та'аладан сауабын алады.[12]»***

Бір хадис шәрифте: ***«Кімде-кім дәрет алғаннан кейін "Иннә әнзәлнәһу" сүресін бір рет оқитын болса, Аллаһу та'ала ол кісіні сыддықтар қатарына жазады. Екі рет оқыса, шәһидтердің қатарына жазады. Ал үш рет оқыса, Пайғамбарлармен бірге тіріледі»***,- деді.

Тағы бір хадисте: ***«Кімде-кім дәрет алғаннан кейін маған он мәрте салауат айтатын болса, Аллаһу та'ала ол кісінің қайғысын кетіріп, көңілін көтереді. Сондай-ақ дұғасын қабыл етеді»***- деп айтқан.

Дәрет дұғасын білмейтіндер, дәрет дұғасын оқымай-ақ дәрет алуларына болады. Бірақ, көп ұзатпастан дұғаларды жаттап, дәрет алғанда оқулары қажет. Өйткені мұның сауабы мол. Дәрет алып болған соң: «Аллаһуммаж-ални минәт-тәууәәбин, уәжъални мин-әл-мутатаххирин, уәж ални мин ибадик-ас-салихин, уәж ални минәлләзина лә хавфун алейһим уә ләһум яхзанун» дұғасын оқудың сауабы көп.

[11] Ей, Аллаһым. Дұшпандарыңның аяқтары Сырат көпірінде тайған күнде, менің аяқтарымды тайдырма. Ей, Аллаһым, істерімді шүкір етуші қыл, күнәларымды кешір, амалдарымды қабыл ет, саудамды халал ет.

[12] Ей, Аллаһым. Сені хамдпен тасбих және тәнзих етемін. Сенен басқа илаһ, құдай жоқтығына, бір екендігіңе, серігің болмағанына және Мұхаммед алейһиссалам Сенің құлың әрі расулың екеніне куәлік етемін.

Дәрет дұғасын білмейтіндер ең болмағанда әрбір мүшені жуған кезде Калима-и шаһадатты оқып, үлкен сауапқа жетулері керек.

Дәреттің сүннеттері

Дәреттің сүннеттері он сегіз:

1. Дәретті "Бисмиллаһ" деп бастау.
2. Әуелі екі қолды білекпен қоса үш рет жуу.
3. Ауызды үш рет сумен шаю. Бұны **Мазмаза** деп атайды.
4. Мұрынды да үш рет сумен шайып сіңбіру керек. Бұны **Истиншақ** деп атайды.
5. Бетті жуғанда қас, сақал және мұрттың астындағы көрінбейтін теріні сумен ылғалдандыру.
6. Бетті жуғанда екі қастың астын ысқылау.
7. Сақалды мәсих ету.
8. Сақалдың арасын саусақтарымен тарамдау.
9. Тістерін тазалау. (мисуакпен тазалау маңызды сүннет).
10. Бастың барлық бөлігіне мәсих тарту.
11. Құлаққа бір рет мәсих тарту.
12. Желкені үш саусақпен бір рет мәсих ету.
13. Қол, аяқ саусақтарының араларын тарамдап жуу.
14. Жуылатын мүшелерді үш реттен жуу.
15. Бетті жуатын кезде шын көңілмен (жүрекпен) ниет ету.
16. Тәртіп: яғни рет-ретімен жуу.
17. Жуылатын жерлерді ысқылау.
18. Әр мүшенің арасын үзбей жуу.

Дәреттің әдептері

Дәреттің әдептері жиырма сегіз:

Әдеп - орындалған жағдайда сауап, орындалмаған жағдайда күнә болмаған амалдар. Ал сүннетті орындаған жағдайда сауап, орындамаған жағдайда тәнзихан мәкрух болады. Әдепті мәндуб және мустаһаб деп те атайды. Дәреттің әдептері:

1. Уақыт кірместен бұрын дәрет алып намазға дайындалу. (Үзірлі болғандар уақыт кірген соң алады)

2. Іш дәрет алғанда қыблаға оң немесе сол жағымен қарап отыру. Дәрет сындырғанда қыблаға қарай алдымен немесе артымен отыру тахримән мәкрух болады.

3. Нәжіс тимесе де сумен іш дәрет алу.

4. Іш дәрет алғаннан кейін сүлгімен құрғату.

5. Іш дәрет алғаннан кейін әурет жерін дереу жабу.

6. Басқа біреудің жәрдемін алмай дәретті өзі алу.

7. Дәретті қыблаға қарап алу.

8. Әрбір мүшені жуған кезде кәлима-и шаһадат айту.

9. Дәрет дұғаларын оқу.

10. Аузына оң қолымен су алу.

11. Мұрнына оң қолымен су алу.

12. Мұрнын сол қолымен тазалау.

13. Ауызды жуғанда тістерін мисуакпен тазалау. Мисуак болмаса тіс щеткасымен де тазалауға болады.

14. Ауызды жуғанда ораза тұтпаған болса, тамағын сумен шайқау, дәретте де ғұсылда да сүннет. Ораза тұтқан болса, бұлай жасау мәкрух.

15. Мұрынды жуғанда суды сүйекке дейін тарту.

16. Құлақты мәсих еткенде бір саусағын құлақ тесігіне кіргізу.

17. Аяқтың саусақтарын тарамдағанда сол қолдың кішкене бармағымен тарамдау.

18. Қолды жуған кезде жүзігі кең болса қозғап жуу. Ал тар болса міндетті түрде қозғап жуу парыз.

19. Су көп болса да ысырап етпей жуу.

20. Суды май жаққандай аз қолданбау қажет. (Үш рет жуылған мүшеден кемінде екі тамшы су тамуы керек.)

21. Бір құманмен дәрет алғаннан кейін, сол құманның суын толтырып қою.

22. Дәрет алып болған соң (немесе ортасында) Аллаһуммажални минаттәуууабин... дұғасын оқу.

23. Дәрет алғаннан соң Субха намазын, яғни екі рәкат намаз оқу.

24. Дәреті болса да кейінгі намаз үшін қайта дәрет алу.

25. Бетті жуғанда көзді былшықтардан тазалау.

26. Бетті, қолды, аяқты жуғанда парыз болған жерлерден асырып жуу. (Қолды жуарда уысқа су алып білекке қарай ағытып шынтақпен қоса жуу)

27. Дәрет алып жатқанда қолданылған суды үстіне шашыратпау.

28. Өз мазһабында мәкрух болмаған бір амал басқа мазһабта парыз болса, мұны орындау мустаһаб болады.

Дәрет алғанда тыйым салынған жағдайлар

Дәретте тыйым салынған жағдайлар он екі. Бұларды орындаған жағдайда харам немесе мәкрух болады. Олар:

1. Дәрет сындырған кезде қыблаға алдын не артын қарату.
2. Дәрет алу үшін біреудің қасында әурет жерін ашу харам болады.
3. Оң қолымен әурет жерін жууға болмайды.
4. Су болмаған уақытта қоректік заттармен, тыңайтқыш нәрселермен және сүйек, көмір, жануар қорегімен, қамыс, жапырақ, керамика бөлшегі, мата, қағаз, басқаның заты сияқты нәрселермен әурет жерін сүрту мәкрух.
5. Дәрет алатын суға түкірмеуі және мұрнын сіңбірмеуі керек.
6. Дәрет мүшелерін тым асыра немесе мөлшерінен аз жумауы қажет және үштен артық немесе кем болмауы керек.
7. Дәрет мүшесін әурет жерін құрғатқан сүлгімен сүртпеу қажет.
8. Бет жуғанда суды бетке ұрып жумау керек. Маңдайдан бастап төмен қарай ағыза жуу қажет.
9. Суға үрлемеу керек.
10. Ауыз бен көзді қатты жұмып алмау қажет. Еріннің көрініп тұрған бөлігінде және көздің қабығында су тимеген кішкене бір жер қалса дәрет қабыл болмайды.
11. Оң қолмен сіңбірмеу қажет.
12. Басты, құлақты, желкені мәсих еткенде қолды жеке-жеке суламау керек.

Мисуак қолдану: Дәрет алып жатқанда мисуак қолдану сүннети мүәккәдә болып табылады. Хадис шәрифте келтірілгендей: **«Мисуак қолданып оқылған намаз, мисуаксыз оқылған намаздан жетпіс есе артық.»**

“Сираж-ул-уаhhаж” кітабында мисуак қолданудың он бес пайдасы көрсетілген.

1. Өлер кезінде шаhадат кәлимасын айтуына себеп болады.
2. Тіс еттерін бекемдейді.
3. Қақырықты кетіреді.
4. Өт жұмысын реттейді.
5. Ауыз ауруын кетіреді.
6. Ауыздың жағымсыз иістерін кетіреді.
7. Аллаhу та’ала одан разы болады.
8. Бас тамырларын қуаттандырады.
9. Шайтан ренжиді.
10. Көздері нұрланады.
11. Игіліктері мен жақсылықтары артады.
12. Сүннетпен амал еткен болады.
13. Аузы пәк болады.
14. Фасих-ул-лисан, яғни ашық, көркем және мәнді сөйлейтін болады.
15. Мисуак қолданып оқылған екі рәкат намаз жетпіс рәкат намаздың сауабынан да артық болады.

Мисуак - Арабстанда өсетін Әрак ағашының бұтағы. (Түзулеу) Ұшынан екі сантиметрдей қабығын аршып, ашылған жерін бірнеше сағаттай суға батырып қойғаннан кейін езетін болса, щетка сияқты ашылады. Әрак ағашы табылмаса зейтун бұтағынан да жасалады. Әйелдердің мисуак орнына, мисуак қолдану ниетімен сағыз шайнаулары да дұрыс.

Дәрет алудағы маңызды жайттар

Мұқтаж болмаса да төмендегі он нәрсеге мән берілу керек.

1. Екі қолы шолақ болған адам, үлкен дәрет ала алмайды. Бұл кісі шолақ қолын топыраққа, жүзін дуалға сүртіп тәйәммум алады. Жүзінде де жарасы бар болса намазын дәретсіз оқиды, яғни қазаға қалдырмайды.

2. Ауру адамға жұбайы немесе күйеуі, балалары, бауырлары дәрет алдырады.

3. Үлкен дәретте тас немесе осы сияқты нәрселермен тазалану судың орнына жүреді.

4. Ақылынан айырылған немесе есінен танған адам жиырма төрт сағат ішінде есін жинай алмаса, өзіне келгеннен кейін намаздарының қазасын өтемейді. Ішкілік, апиын, дәрі-дәрмек арқылы ақыл-есінен айырылған адам, әрбір намазының қазасын өтейді. Жатып басын қимылдата алмайтындай қатты ауырған кісінің халі жиырма төрт сағаттан асса, намаздарының қазасын оқымайды.

5. Әжетханаға кіру үшін арнайы шалбар қолдану және бас киім киіп кіру мустаһаб.

6. Әжетханаға кіргенде қолында Аллаһу та'аланың есімі және Құран Кәрім жазылған зат болмауы тиіс. Бір нәрсеге оралған немесе қалтада болуы керек.

7. Әжетханаға сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу керек.

8. Әжетханада әурет жерін отырған соң ашу және сөйлемеу керек.

9. Ұятты жеріне және нәжіске қарамау керек. Әжетханаға түкірмеу керек.

10. Ешбір суға, мешіт қабырғасына және айналасына, молаға және жолға дәрет сындыруға болмайды.

Дәретті бұзатын жағдайлар

Жеті нәрсе деретті бұзады.

1- Алдан және арттан шығатын нәрселер:

а) Үлкен және кіші дәретке отыру және жел шығару.

б) Клизма аспабының ұшы немесе адам саусағы, арттан кіргізіліп шығарылғанда, айналасы ылғал болса бұзылады. Құрғақ болса да қайта дәрет алу абзал.

в) Еркектер және әйелдердің кіші дәретінің сызбауы үшін алдына қойған мақта, тампон сияқты нәрселерінің сыртқа шығып тұрған ұшы суланса, бұзылады.

2- Ауыздан шығатын нәжіс нәрселер:

а) Ауыз толтырып құсса,

б) Түкіргенде қан түкіріктен көп болса.

в) Асқазан және бауырдан келген сұйық қан Имам Ағзамның үкімі бойынша аз болса да дәретті бұзады.

г) Құлаққа тамызылған май, дәрі ауыздан шықса.

3- Теріден шығатындар:

а) Қан, ірің, сары су шықса.

б) Шешек ауруынан және қандайда бір ісіктен шыққан қан, сары су, ғусылда жуылуы керек болған теріге жайылса, мысалы, мұрыннан келген қан мұрын сүйегінен ағып өтсе, құлақтан аққан қан құлақ тесігінен шықса.

в) Сыздауық және жарадағы қанды, сары суды, мақтамен сорып алса.

г) Мисуак және басқа тіс тазалайтын нәрседегі қан ауызға жұқса.

д) Құлақ, кіндік және емшектен ауырып немесе бір ауру арқылы сұйықтық шықса.

ж) Сүлік көп қан сорса, дәрет бұзылады.

4- Ұйықтау:

Жанбастап немесе шынтағына, не бірнәрсеге сүйеніп ұйықтау дәретті бұзады.

5- Талып қалу, есінен айрылу, қояншық сияқты аурулар ұстап қалу немесе жүріп бара жатқанда теңселетіндей мас болу дәретті бұзады.

6- Намазда күлу, намазды да, дәретті де бұзады. Бірақ

жас баланікі бұзылмайды. Жалаңаш болып жыныс мүшелерін үйкеу, әйел мен еркектің де дәретін бұзады.

Дәрет алғанын біліп, одан кейін бұзылғандығына күмәнданса дәреті бар болып есептелінеді. Ал дәреті бұзылғанын біліп, содан соң дәрет алғанына күмәнданса, дерет алуы керек.

Дәретті бұзбайтын жағдайлар

1. Ауыз, құлақ және терідегі жарадан шыққан құрт.
2. Қақырық құсу.
3. Қан құсқанда бастан келген сұйық қан түкіріктен аз болса.
4. Тістен шыққан қан түкіріктен аз болса.
5. Бастан келген қатқан қан көп болса да.

6. Асқазаннан, бауырдан келген қатқан қан ауыз толы болмаса.
7. Құлаққа тамызылған май құлақтан немесе мұрыннан шықса.
8. Мұрынға тартылған нәрсе мұрыннан бір немесе бірнеше күннен кейін қайта шықса.
9. Бір нәрсені тістегенде сол нәрседе қан көрсе.
10. Ешбір аурусыз басқа бір себеппен жылау, мысалы, пияз, түтін және газ әсерімен көзден жас ақса.
11. Әйел баласын емізсе.
12. Көп терлесе.
13. Маса, шыбын, бүрге т.б. сияқтылар көп шақса.
14. Теріге жайылмаған қан және ауыз толтырмай құсу.
15. Ұйықтағанда сүйенген нәрсесін тартса, құламаса.
16. Намазда ұйықтаса.
17. Аяғын жинап отырып, басын тізесі үстіне қойып ұйықтаса.
18. Аяқтарын бір жағына шығарып, жерге отырып ұйықтаса.
19. Жайдақ жануарда ұйықтаса (жануар өрге шықса да немесе тегіс жерде жүрсе де.)
20. Намазда күлімдеу.
21. Намазда күлгенін жалғыз өзі естісе, бұл - **даһқ** делінеді. Даһқ жалғыз намазды ғана бұзады.
22. Шаш, сақал, мұрт және тырнағын алса.
23. Жара қабығының түсуі дәретті бұзбайды.

Дәрет үшін жеңілдіктер (мәсі және жараға мәсих)

Мәсих - сипау деген мағына береді. Мәсихтің екі түрі бар:
1. Мәсіге мәсих тарту:

Мәсі - аяқтың жуылуы парыз болған жерлерін жауып тұратын су өткізбейтін аяқ киім. Мәсі үлкен болып бармақтар мәсінің ұшына жетпей тұрса және мәсих сол бос жердің үстіне тартылса дұрыс болмайды. Мәсі жол жүргенде мықты, әрі бекем және аяққа шақ болуы керек.

Табаны мен аяқтың үсті немесе тек табаны терімен қапталып тігілген шұлыққа мәсих тартуға болады. Қалың, мықты болып, 1 сағат жол жүргенде жыртылмайтын, төмен түспейтін қатты шұлыққа да мәсих тартуға болады.

Мәсі дәретсіздіктің аяққа өтуіне кедергі болады. Аяқ жуылғаннан кейін мәсілерді киіп дәрет алуға болады.

Мәсих мәсінің үстіңгі жағына тартылады. Мәсінің астына, яғни табанына мәсих етілмейді.

Сүннетке сай мәсих тарту үшін оң қолдың бес саусағын сулап оң мәсіге, сол қолдың саусақтарын сулап сол аяқтағы мәсіге, аяқтың ұшынан бастап тобыққа қарай жабыстырылып тартылады. Алақан мәсіге тигізілмейді. Мәсіһтің үш саусақ енінде және бойында болуы парыз.

Мәсихті қолдың сыртымен де тартуға рұқсат болғанымен, ішімен мәсих тарту сүннет. Ылғал көгалдың үстімен жүргенде мәсінің үсті ылғалданса мәсихтің орнына жүреді.

Мәсінің үстіне мәсіһ тарту уақыты, муқим (жергілікті) үшін 24 сағат, сафари (жолаушы) үшін 3 күн 3 түн, яғни 72 сағат. Бұл уақыт мәсіні киген кезден емес, дәрет бұзылған кезден басталады. Мәсі киген адам дәреті бұзылғаннан кейін 24 сағат өтпестен бұрын сапарға шықса, бұл мәсіге 3 күн 3 түн мәсі тарта алады. Жолаушы болып жүріп, сапары аяқтылып, муқим болса, мәсіні шешіп аяғын жуып дәрет алады.

Аяқтың үш бармағы сиятындай жыртығы немесе тесігі болған мәсіге мәсих тартуға болмайды. Мәсінің бірнеше жерінде кішкене тесіктер болса, бұлардың барлығын қосқанда үш бармақтың көлеміндей болса, бұған мәсих тартуға болмайды. Бір мәсіде екі бармақ, басқа мәсіде де екі немесе бір бармақ көрінетіндей тесік болса, бұған мәсих тартуға болады. Мәсих етуге болмайтын жыртық, үш бармақтың ұшы емес, үш бармақтың барлығы көрінетіндей үлкен болуы керек.

1. **Жара және бинтке мәсих ету:**

Жараның, сыздауықтың, терідегі кесік және жарықтардың үстіне таңылған дәке, мақта, мата, лейкопластырь сияқтылардың шешіліп жуылуы ауруды асқындыратын болса, олардың үстіне мәсих тартылады.

Үзірлі кісі қалаған кезінде дәрет алып, қалағанынша парыз, нәпіл намаздарын және Құран Кәрімді оқуына болады. Ал намаз уақыты шыққанда дәреті бұзылады. Осылайша әр намаздың уақыты кірген соң қайтадан дәрет алып, сол уақыт шыққанға дейін ғибадатын орындай береді.

Үзірлі болу үшін, дәрет бұзатын нәрселердің намаз уақыты бойынша тоқтамай жалғасып тұруы керек. Яғни, бір намаз уақыты ішінде дәрет алып, бір ғана парызды оқитындай уақыт дәретін ұстап тұра алмайтын кісі үзірлі болады. Бұл кісінің осы үзірі әр намаз уақтысында бір де тоқтап, бір де ақса да үзірлі болып есептеледі.

Ғұсыл

Намаздың дұрыс болуы үшін дәреттің де, ғұсылдың да дұрыс алынуы керек. Жүніптікке жыныстық қатынас және ихтилам себеп болады. Жүніп болған әйел және еркек, хайз немесе нифастан босаған әйелдерге намаз уақытының соңында сол намазды оқитындай уақыт қалғанда ғұсыл алуы парыз болады.

Пайғамбарымыз хадис шәрифте былай деген: ***«Ғұсыл алу үшін орнынан тұрған адамға денесіндегі түк санынша*** *(яғни өте көп)* ***сауап беріледі. Сонша күнәсі де кешіріледі. Жәннаттағы дәрежесі көтеріледі. Ғұсылы үшін оған берілетін сауап дүниедегі барлық нәрседен де артық болады. Аллаһу та'ала періштелерге бұл құлыма қарандар! Түнде менің әмірімді ойлап, ерінбей жүніптіктен ғұсыл алып жатыр. Куә болыңдар, бұл құлымның күнәларын кешіремін дейді».***

Басқа бір хадисте: ***«Жүніп болғанда жылдам ғұсыл алыңыздар! Өйткені Кирамен кәтибин періштелері жүніп адамға ренжиді, өкпелейді».*** Имам Ғазали айтады: «Қайтыс болған бір адам түсімде былай деді: "Өмірімде аз уақыт жүніп халде жүрген едім. Қазір енді үстіме оттан көйлек кигізді. Әлі де оттамын"- деді.» Бір хадис шәрифте: ***«Жанды сурет, ит және жүніп адам болған үйге рахмет періштелері кірмейді»*** делінді.

Намаз оқитын кез-келген адам намаз уақытын жүніп халде өткізсе, қатты азапталады. Сумен жуынуға мүмкіндігі болмаса, тәйәммум алуы керек. Жүніп болған адамдар төмендегі нәрселерді істей алмайды: 1. Еш бір намаз және сүре оқи алмайды. 2. Құран Кәрімді ұстай алмайды. 3. Қағбаны тауап ете алмайды. 4. Мешітке кіре алмайды.

Ғұсылдың парыздары

Ханафи мазһабында ғұсылдың парыздары үшеу:

1. **Ауыз ішін шаю.** Ауыз ішінде иненің ұшындай су тимеген жер қалса, тістерінің тесіктеріне су тимесе ғұсыл алған болып есептелмейді.

2. **Мұрынды шаю.** Мұрындағы құрғақ кірдің астына және ауыздағы нанның астына су тимесе ғұсыл өтпейді. Ханбали мазһабында ауызды және мұрынды шаю дәретте де, ғұсылда да парыз. Шафии мазһабында болса, ғұсыл алуға ниет ету де парыз.

3. **Дененің барлық жерін жуу.** Кіндіктің ішін, мұрт, қас және сақал, оның астын және шашты жуу парыз. Тырнақта, ерінде, көз қабағында немесе дененің қандай да бір жерінде су өткізбейтін заттар болатын болса, ғұсыл өтпейді.

Ғұсылдың сүннеттері

1. Алдымен қолын жуу.
2. Әурет жерлерін жуу.
3. Денені нәжістен тазалау.
4. Ғұсылдан бұрын дәрет алу, жүзін жуып жатқанда, ғұсылға ниет ету. Шафииде ниет парыз.
5. Барлық денені үш рет жуу.
6. Барлық денені жуған соң, екі аяқты жуу.

Ғұсыл қалай алынады?

Сүннетке сай ғұсыл былай алынады:

1. Таза болса да әуелі екі қолды, содан кейін әурет жерін және дененің басқа да нәжіс тиген жерлерін жуады.

2. Одан соң толық дәрет алады. Жүзін жуып жатқанда ғұсылға ниет етеді. Аяқтың астына су жиналмаса, аяқты да жуады.

3. Одан соң дененің барлық жеріне үш рет су құяды. Алдымен басқа, содан соң оң иыққа, кейін сол иыққа үш реттен су құйылады. Әр құйғанда сол мүшелерге толық су тию керек. Бірінші құйғанда ысқылау керек.

Ғұсылда дененің бір мүшесіне құйылған су басқа мүшеге тисе, ол жер де таза болады. Өйткені ғұсылда бүкіл дене бір мүше болып есептеледі. Ал дәретте бір мүшеге құйылған су басқа мүшеге тисе, толық жуылған болып есептелмейді. Ғұсыл алғаннан кейін қайта дәрет алу мәкрух болады. Бірақ, ғұсыл алу кезінде дәреті бұзылса, қайта дәрет алу керек.

<u>Ескерту:</u> Пломба және қаптама тісі болғандар үшін

Ханафи мазһабында тістің арасына және тіс шұңқырларына су тимесе, ғұсыл дұрыс алынбаған болып есептеледі. Сондықтан тісінде коронкасы немесе пломбасы болғандардың ғұсылы өтпейді, яғни адам жүніптіктен құтыла алмайды. Алтын, күміс және нәжіс болмаған басқа заттардан жасалған қаптама және пломбалардың астына су кірмейінше, Ханафи ғалымдарының барлығының үкімі бойынша ғұсыл жаиз болмайды.

Тахтавидің **«Мәрақил-фалаһ»** кітабының 96–шы бетінде және де мұның аудармасы **«Ниматул-Ислам»** кітабында былай деп жазылған: *«Ханафи мазһабындағы адам өзінің мазһабы бойынша істей алмаған бір амалды істеу үшін Шафии мазһабын тақлид ете алады, яғни сол мазһабтың үкімдерінен пайдалана алады».* **«Бахр-ур-раиқ»** және **«Нахр-ул-фаиқ»** кітаптарында да солай жазылған. Бірақ, бұл амалды орындау кезінде сол мазһабтың шарттарын да орындауы керек. Осындай бір қиындық туындамай тұрып және шарттарын орындамай басқа мазһабқа еліктеуге рұқсат жоқ!

Өз мазһабындағы бір парызды орындай алмаған адамның, тек қана осы парызды орындауы үшін ыңғайлы басқа мазһабты тақлид етуі қажет. Бірақ, бұл амалды орындау барысында тақлид еткен, яғни үкімдерін пайдаланып отырған мазһабының шарттарын да міндетті түрде ұстану қажет.

Тісін қаптатқан және пломбалаған ханафилердің ғұсылы дұрыс болмайды. Бұлардың пломбасын, не коронкасын алып тастауы машақат болғандықтан, ғұсылда ауыз ішін жууды парыз санамайтын мазһабтар бойынша ғұсыл алуы керек болады. Ал хақ мазһабтар ішінде ауыз ішін жуу сүннет болғандары - Малики және Шафии мазһабтары. Демек, тісінде коронка, пломба болған хана-

филер осы екі мазһабты тақлид ету үшін ғұсылға, дәретке және намазға ниет етерде имам Маликке немесе имам Шафииге ұйыдым деп көңілінен өткізеді. Яғни ғұсыл алуды бастағанда, мысалыға ***Малики мазһабы бойынша ғұсыл алуға ниет еттім*** деген сөзді жүрегінен өткізген адамның ғұсылы сахих болады. Жүніптіктен құтылады.

Осылайша Малики немесе Шафии мазһабын тақлид еткендердің ғұсылы, дәреті және намазы да сахих болады. Бұлар коронкасы, пломбасы жоқ адамдарға да имам бола алады.

Шафииді тақлид еткен кісі имамның артында тұрғанда фатиха сүресін оқуы; өзінің және басқалардың дәрет мүшесіне алақаны тигенде; некелесуі харам болған 18 әйелден басқа әйелдердің денесіне қолы тигенде дәрет алуы, дәретке ниет етуі фарз.

Құран Кәрімді қолға ұстайтын кезде де Шафии бойынша дәретті болу тиіс. Ханафилердің Шафииді тақлид етіп, бесін мен екінді және шам мен құптан намаздарын өз арасында жәм қылып (қосып) оқи алуы үшін тағы да Шафии бойынша дәрет алуы керек.

Хайз және Нифас

Он бір түрлі ғұсыл бар. Бесеуі парыз. Бұлардың екеуі әйелдің хайз және нифастан арылғаннан кейін ғұсыл алуы.

Ибн Абидин **«Менһал-ул Варидин»** атты кітабында былай дейді: “Фиқһ ғалымдары әрбір мұсылман еркек пен әйел үшін ғылымхалды үйренудің парыз екендігін білдірді. Әрбір мұсылман еркек үйленетін кезде хайз және нифас мәселелерін үйренуі керек. Үйленген соң әйеліне де үйретуі керек”.

Хайз деп - сегіз жасынан асып, тоғыз жасына аяқ басқан, денсаулығы дұрыс қыз баладан немесе әдет уақытысынан он бес күн өткен әйелден келетін, ең азы үш күнге созылатын қан. Қыз бала алғашқы хайз қанын көргенде балиғат жасына толып, әйел үкімін алады да, діннің әмірі мен тыйымдарына жауапты болады. Қан келген уақыттан тоқтаған уақытқа дейінгі күндерді **әдет уақыты** деп атайды. Бұл уақыттың ең азы үш күн, ең көбі он күн. Әр әйел қан келу күнін, санын және сағатын білуі керек. Сегіз жасқа толған қызға шешесі, шешесі болмаса әжесі, әпкесі, нағашы әпкесі хайз және нифас жағдайларын үйретуі парыз.

Нифас дегеніміз - әйел кісіден жас босанғаннан кейін келетін қан. Қан тоқтауымен ғұсыл алуы қажет. Ең ұзақ уақыты қырық күн. Қырық күн бітісімен қан тоқтамаса да ғұсыл алып, намаз оқуы керек. Қырық күннен кейін келетін қан **истихаза** (яғни үзір) болады. Әйелдердің нифас күндерін де жатқа білуі керек.

Истихаза (үзір қаны) - үш күннен, яғни жетпіс екі сағаттан, және де енді басталғандарда он күннен көп жалғасатын бірнеше рет келгендерде әдет уақытынан көп болып, 10 күннен асатын және екіқабат әйелден, 55 жасынан өткен әйелдерден, тоғыз жастан төмен қыздардан келетін қан. Бұл қан аурудың белгісі. Қанның ағуы көп уақытқа созылуы қауіпті, бұл кезде дәрігерге бару керек. Истихаза күндерінде әйел жиі-жиі мұрнынан қан аққан адам сияқты болып, бұл жағдайда намаз да оқиды, ораза да тұтады.

Хайз және нифас жағдайында әйел кісі намаз оқымайды, ораза тұтпайды. Тиләует және шүкір сәждесін де жасай алмайды. Құран Кәрімді ұстай алмайды. Мешітке кіре алмайды, Қағбаны тауап ете алмайды. Жыныстық қатынаста бола алмайды. Тазаланған соң бұл күндердің оразаларының қазасын тұтады, бірақ намаздарының қазасын оқымайды. Әйел кісі хайзының басталуын өз еріне білдіруі керек. Пайғамбарымыз алейһиссалам былай дейді: ***«Хайзының басталуын және бітуін өз ерінен жасырған әйел малғұн».*** Хайз және нифас бітісімен дереу ғұсыл алып шомылу парыз.

Тәйәммум

Тәйәммум топырақпен тазалану деген сөз. Дәрет немесе ғұсыл алу үшін су табылмаса немесе су болса да қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда таза топырақ, құм және тас сияқты таза нәрсемен ханафи мазһабында тәйәммум етіледі.

Тәйәммум дәрет және ғұсыл үшін үлкен жеңілдік. Дінімізде топырақпен тәйәммум алу сумен дәрет алу сияқты. Дініміз лас нәрселерді топырақпен тазалаудың мүмкін екендігін білдірген.

Тәйәммумға себеп болатын жағдайлар:

1. Дәрет және ғұсыл үшін су табылмау. (қалада әрқашан су іздеу парыз)

2. Су қолдануға кедергі болатын ауру, су қолданғанда суықтан өлу немесе ауырып қалу қаупінің болуы.

3. Судың қасында дұшпан немесе жыртқыш жануардың болуы.

4. Қамауда болып су қолдана алмау.

5. Өліммен қорқытылу.

6. Жолаушылап жүргенде ішетін судан басқа суы болмау.

7. Құдықтан су шығаруға мүмкіндігі болмау.

Тәйәммумның парыздары

Тәйәммумның үш парызы бар. Дәрет және ғұсыл үшін тәйәммум бірдей алынады. Тек қана ниеттері басқа. Дәрет ниетімен алынған тәйәммум ғұсыл орнына жатпайды. Бірақ сол тәйәммум ғұсылға жарамды болу үшін ғұсылға да ниет ету керек.

1. Ниет ету.

2. Екі алақанын таза топыраққа сүртіп, бетін толығымен мәсих ету.

3. Қолдарын таза топыраққа ұрып, алдымен оң, сосын сол қолын шынтаққа дейін мәсих ету. Тәйәммумның парызы екеу деген ғалымдар да бар. Олар екінші мен үшінші парызды қоса санаған. Екеуі де дұрыс.

Тәйәммумның сүннеттері

1. Бисмилламен бастау.

2. Топыраққа алақанын батыру.

3. Алақандарын топырақтың үстіне сүрту.

4. Алақанда топырақ қалса, топырақ төгілгенге дейін екі қолдың бас бармақтарын бір-бірімен ұрыстырып қағу.

5. Қолдарын топыраққа қойғанда бармақтарының арасын ашу.

6. Алдымен бетін, кейін оң, сосын сол қолын мәсих ету.

7. Дәрет алғандай тез алу.

8. Қолдарында және бетінде мәсих етілмеген жер қалмау.

9. Тәйәммумнан бұрын үміт еткен жерлерден су іздеу.

10. Қолдарын топыраққа ұрып, қаттырақ батыру.

11. Қолдарын жоғарыда айтылғандай мәсих ету.

12. Бармақтарының арасын мәсих ету және де сақинасын айналдыру.

Тәйәммумда мына нәрселерге көңіл бөлу керек

1. Дәретсіз кісі шәкіртіне үйрету мақсатында тәйәммум алуды көрсетсе, ол дәрет алған болып есептелмейді және намаз оқи алмайды.
2. Тәйәммуммен намаз оқу үшін тек қана тәйәммумға ниет ету жеткілікті емес. Намаз үшін де ниет ету керек.
3. Бір топырақтан бірнеше адам тәйәммум ала алады. Өйткені тәйәммум алынған топырақ мұстамал (қолданылған) болмайды. Тәйәммумнан кейін қолдан, беттен төгілген құм түйіршіктері мұстамал болып есептеледі.
4. Шафии және Ханбали мазһабтарында тәйәммум тек қана топырақпен алынады. Басқа мазһабтарда құрамында топырақ бар таза нәрсемен тәйәммум алынады. Жанып күл болатын немесе ыстыққа еріп кететін нәрселер топырақ жынысына жатпайды. Олай болса ағаш, өсімдік, темір, күріш, сырланған дуал, мыс, алтын, айнамен тәйәммум етілмейді. Құммен алуға болады. Әк және гипспен жуылған мәрмәр, цемент, сырланбаған кафель, сырланбаған шыны заттар және лаймен алуға болады. Тек лай табылып, суы жартысынан аз болғанда ғана тәйәммум алынады.
5. Бір тәйәммуммен түрлі намаздар оқуға болады.
6. Сафари кісі 2 шақырымнан аз қашықтықта су табылуын белгілерінен немесе ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен әділ мұсылманның хабар беруі арқылы болжамдаса, әр жаққа 200 метрге дейінгі жерлерді қарастыруы немесе біреуді жіберуі парыз болады. Болжамы басым болмаса, су іздеуі қажет емес.
7. Бір кісі суды сұрастырмай тәйәммум алып, намаз оқыса, сосын қасындағы әділ бір кісіден судың бар екенін естісе, қайта дәрет алып намазын басынан оқиды.
8. 2 км. ұзақ жерде су болса, тәйәммум алып намаз оқуға болады.
9. Заттарының арасында су барын ұмытқан кісі қалада немесе ауылда болмаса, тәйәммуммен намаз оқи алады.

10. Су таусылды деп тәйәммуммен намаз оқыған кісі, намаздан кейін суды көрсе, дәрет алып намазын басынан оқиды.
11. Сафаридің (жолаушы) қасындағы адамдардан су сұрауы уәжіп. Су бермесе тәйәммуммен намаз оқиды. Серігі суды базар бағасында сатса, ақшасы жеткен жолаушы суды сатып алуы керек. Ақшасы болмаса тәйәммум алады. Егер базар бағасынан асырып сататын болса, тәйәммум алуы жаиз болады.
12. Жолаушының шөлді жерде тек ішуге ғана суы болса, тәйәммум алады.
13. Су аз болған кезде бір топ сафаридің ішінде бір жүніп, бір хайз халіндегі әйел, бір дәретсіз адам және бір өлік болса, алдымен жүніптің жуынуы керек. Судың егесі басқалардан бұрын жуынады. Иелері бөлек болған кісілер суларын бір жерге жинаса, алдымен өлікті жуады.
14. Жүніп адам тәйәммум алған соң дәреті бұзылса, қайта жүніп болмайды. Ал су аз болса тек қана дәрет алады.
15. Жүніп кісінің денесінің жартысынан көбі жара болса тәйәммум алады. Терінің көбі сау кісі жарасына су тигізбей шомылуы мүмкін болса ғүсыл алады. Жара болған жерлерге су тигізбей жуына алмаса тәйәммум алады.

Тәйәммум қалай алынады?

1. Алдымен жүніптіктен немесе дәретсіздіктен тазалану үшін ниет етіледі. Тәйәммуммен намаз оқу үшін тек қана тәйәммумға ниет ету жеткілікті емес. Ғибадатқа, мысалы, жаназа намазы, тиләует сәждесін жасауға немесе дәрет, ғұсыл үшін тәйәммум алуға ниет ету керек. Тәйәммумға ниет етерде дәрет не ғұсылға бөлек ниет ету керек. Жүніптіктен тазалану ниетімен алынған тәйәммуммен намаз оқуға болмайды. Дәрет үшін тағы бір рет тәйәммум алу керек.
2. Екі жеңін шынтағынан асыра қайырып, екі алақанын таза топыраққа, тасқа немесе әктелген дуалға сүрту керек. Сосын кемінде үш саусағы тиетіндей етіп, екі алақанымен бетін бір рет мәсих етеді. Қолы бетінің инедей жеріне тимей қалса, тәйәммум болып есептелмейді.
3. Бетін толық мәсих ету үшін, алақандарын ашып, төрт барма-

ғын бірлестіріп, саусақтарының ұштарын бір-біріне тигізіп, маңдайдың үстінен жаққа қарай сипап түсіреді.

3. Екі алақанын тағы да топыраққа сүртіп, бір-біріне соғып, топырағын сілкіп түсірген соң, алдымен сол қолының төрт бармағының ішімен оң қолының үстіңгі жағын саусақтардан бастап шынтаққа дейін сипау керек. Сосын қолының астыңғы жағын шынтақтан саусақтарға қарай сипау керек. Сол қолын да дәл осылай істеу керек. Сақинасын айналдыру керек. Қолда топырақтың шаңы қалу шарт емес. Дәрет және ғұсыл үшін тәйәммум бірдей алынады.

Тәйәммумды бұзатын жағдайлар

Тәйәммумды керек ететін үзір халі бітіп, су табылған соң, дәрет және ғұсылды бұзатын басқа да жағдайларда тәйәммум да бұзылады.

Дәрет, ғұсыл және тәйәммумнің пайдалары

Ғибадат мақсатымен орындалған әрбір тазалық денсаулығымыз үшін орасан зор пайда келтіреді. Тәндік пайдамен бірге рухани пайдасы да бар. Солардың ішінен кейбіреулерін көрсете кетсек:

1. Күнделікті өмірімізде қолымызбен қаншама микроптарды ұстаймыз. Дәрет алғанда қол, бет және аяқтарды жуу тері ауруларының алдын алып, осы микроптарға қарсы қорғаныс болады. Ал микроп, паразит және бактериялардың кейбіреулері денеге тері арқылы да кіреді.

2. Дәретте мұрынды жуу тыныс алу мүшесінде жиналған шаң және микроп жиынтықтарын кетіріп, организмге енуінің алдын алады.

3. Бетті салқын сумен жуу теріні қуаттандырып бас ауруын жазып әрі шаршағанды басады. Тамырлар мен нервтерді әрекетке келтіріп, жұмысын реттейді. Әр дайым дәретті жүрген кісілердің қартайса да жүзіндегі жылылықтың жоғалмауы осы себептен.

4. Жүніпке себеп болатын жағдайларда көп энергия жұмсалып, жүректің соғуы мен қан айналу және тыныс алу жылдамдығы артады. Организмнің зорығуы нәтижесінде шаршау, әлсіреу

сезіліп, мий функциялары баяулайды. Ғұсыл организмді бастапқы қалпына келтіреді. Денені белгілі уақыттарда жуып тұру гигиеналық тұрғыдан өте маңызды.

5. Адам организмі био-электрлік өріспен қапталған. Дененің саулығы осы электрлік теңдікпен тікелей байланысты. Психологиялық депрессия, ауа-райы шарттары, киім-кешек, тұрмыс, жұмыс шарттарының әсері және ғұсыл қажет ететін жағдайларда осы теңдік бұзылады.

Бұл электрлік жүк, адам ашуланғанда қалыпты жағдайдан төрт есе, ал жүніп болғанда он екі есе артып кетеді. Қазіргі таңда инфра қызыл сәулелерімен дене сыртының арнайы суретін түсіру арқылы жыныстық қатынастан кейін дене сыртының тым артық зиянды электр қабатымен қапталғаны анықталған. Осы қабат организмнің оттегі алу процесіне кедергі болатынындай тері реңінің бұзылып, тез әжім түсуіне де себеп болады. Бұл жағдайдан құтылу үшін денеде ине ұшындай құрғақ жер қалдырмай жуыну керек. Осылайша су тамшылары организмде қалыптасқан зиянды электр қабатын алып, топыраққа өткізу арқылы денені бастапқы қалпына келтіреді. Бұл тұрғыдан ғұсыл, медицина жағынан міндетті түрде істелінуі керек.

6. Дәрет және ғұсылдың қан айналу системасына да айтарлықтай тигізетін әсері бар. Мысалы, тамырлардағы қатаю және тарылудың алдын алады. Ленф системасының ең маңызды орталықтарының бірі - мұрын іші жуылғанда оған әсер етіп, жұмысын жақсартады. Мойынның жуылуы да ленф системасына әсер етеді. Нәтижесінде дәрет және ғұсыл ленф айналымын жеңілдетіп, ленфосит деген күресуші клеткалар организмді зиянды нәрселерден қорғайды және де иммунитетті күшейтеді.

7. Су табылмаған жағдайда топырақпен алынған тәйәммум де денедегі статик электрін кетіреді.

2- НӘЖІСТЕН ТАҺАРАТ

Нәжістен таһарат - денені, киімді және намаз оқитын жерді нәжістен тазалау. Орамал, тақия, сәлде және мәсі де киім. Мойынға оралған шарф секілді матаның асылып тұрған ұшы намазханмен бірге әрекет етіп тұрғаны үшін киім есебінде болып, егер сол жерде нәжіс болса, намаз қабыл болмайды. Төселген нәрсенің үстінде намаз оқығанда, аяқ басқан және сәжде еткен жері таза болса, намаз қабыл болады. Жан-жағы лас болса, намазға кедергі болмайды. Өйткені төселген нәрсе шарф сияқты денемен бірге әрекет етпейді. Бірақ жабық шишаның ішінде зәрін алып жүретін аурулардың намазы жаиз болмайды. Өйткені шиша зәр пайда болатын жер емес. (Бұл үкімнен қалтасында одеколон, спирт, йод шишасы немесе жабық ыдыста қан не нәжіс тиген орамал, мақта бар адамның намазы дұрыс болмайтыны белгілі болады.) Намаздың дұрыс болуы үшін жайнамаз ретінде пайдаланып жатқан нәрсенің кемінде екі аяқ басатын және сәжде ететін жері таза болуы керек. Нәжістің үстіне мата, айна, кленка жауып намаз оқуға болады. Сәжде уақытында киімнің етегі, не балақтары жердегі қурап қалған нәжіске тисе, намазға зияны болмайды.

Теріде, киімде, намаз оқитын жерде ауыр нәжіс **дирхам мөлшеріндей** немесе одан аз болса, намаз қабыл болады. **Дирхам мөлшеріне** тең болса, тахриман мәкрух болып, жуу уәжіп. Дирхамнан көп болса, жуу парыз, аз болса, сүннет болады. Алкогольдің бір тамшысының өзін жуу парыз. Екі имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммедтің және де басқа үш мазһабтың үкімі бойынша ауыр нәжіс нүктедей аз болса да жуу парыз. Бұл мөлшер нәжістің киім, дене немесе жайнамазға тиген кездегі емес, намазға тұрған кездегі, яғни жайылған кездегі көлемі бойынша есептеледі.

Дирхам мөлшері – қатқан нәжістерде 1 мисқал, яғни 4гр 80 сантиграм салмаққа; ал суық нәжістерде ашық алақанда ақпай тұрып қалатын судың көлеміне тең. 1 мисқалдан аз болған қатқан нәжіс киімнің алақан шұқырынан кеңірек алаңына жайылған болса, намазға зияны болмайды. Нәжістің екі түрі бар:

1 - Ауыр нәжіс: Адамнан шыққанда дәретті немесе ғұсылды бұзатын; (жарқанаттан басқа) еті желінбейтін; жануарлардың сылынып алынған және иленбеген терісі, еті, тезегі және сідігі;

адам және бүкіл жануарлардың қаны, өлексе, доңыз еті; үй құстары мен үй жануарларының тезегі **ғализ,** яғни ауыр болып есептеледі.

2 - Жеңіл нәжіс: Еті халал төрт аяқты жануарлардың сідігі және еті харам құстардың тезегі жеңіл нәжіс болып есептеледі. Көгершін, торғай және сол сияқты еті халал құстардың тезегі таза. Жеңіл нәжістер денеге немесе киімнің бір жеріне тигенде киімнің немесе мүшенің төрттен бірінен аз болса, намазға зияны болмайды.

Шараптың сұйығын ажырату арқылы алынатын раки немесе спирт ауыр нәжіске жатады, әрі шарап сияқты харам болады. Намаз оқымай тұрып қан, спирт, алкоголь араласқан ішімдіктерді денеден және теріден жуып тазалау керек. Бұлардың спирті ұшып кетсе де таза болмайды. Ішінде осы сияқты нәрселер болған ыдыстарды намаз алдында қалтадан шығарып қою керек.

Нәжістер кез келген таза сумен тазаланады. Дәрет және ғұсылда қолданылған суға **мұстамал су** делінеді. Бұл су таза болса да хадестен таһаратқа жарамсыз. Яғни бұл сумен нәжіс тазаланады, бірақ дәрет және ғұсыл алынбайды.

ИСТИНЖА: Алдынан және артынан шыққан нәжісті тазалау **истинжа** делінеді. Истинжа, яғни іш дәрет сүннеті мүәккәдә. Яғни дәретханада дәрет сындырған соң, еркек немесе әйелдің тас, кесек немесе сумен алды-артын тазалауы сүннет. Бірақ басқалардың алдында әурет жерін ашпай истинжа ете алмаса, нәжіс көп болса да іш дәрет алмайды. Намазын солай оқиды. Әурет жерін ашса фасық - күнәһар болады. Жалғыз қалғанда сумен истинжа етіп әлгі намазын қайтадан оқиды. Өйткені, бір әмірді орындау харам істестеуіне себеп болса, харамды жасамау үшін ол әмірді (кейінге қалдырады немесе) істемейді.

Сүйек, тағам, тезек, қыш, шишаның майдасы, көмір, жануардың жемі және де өзгенің затымен, мұхтарам яғни қадірлі заттармен истинжа ету тахримә мәкрух. Аяқ астында сідік жиналатын жерде ғұсыл алу жаиз емес. Бірақ сідік ағып кетіп жиналмайтын болса, жаиз болады. Истинжада қолданылған суды киімге шашыратпау керек. Сондықтан истинжаны әурет жерін ашып, ешкім жоқ жерде жасау керек. Кранның басында қолын іш киімінің ішіне салып, уысындағы сумен зәр тиген жерін жуу истинжа болмай-

ды. Керісінше уысындағы судың барлығы нәжіс болып, киімдегі су тиген жерлерді де нәжіс қылады. Су тиген жерлердің барлығын қосқанда алақан шұңқыры алаңынан көп болса, намаз қабыл болмайды.

ИСТИБРА: Еркектердің жүріп, жөтеліп немесе сол жағына жатып **истибра** етуі, яғни сідік жолдарындағы тамшыларды шығарулары уәжіп. Сідік жолдарында сідік тамшылары қалмағанына қанағат етпейінше дәрет алмау керек. Бір тамшы тамса дәрет бұзылады, әрі киім кір болады. Киімге алақан шұңқырынан аз мөлшерде зәр тамса, дәрет алып оқыған намаз мәкрух болады. Егер көп тамса, намаз қабыл болмайды. Истибрада қиналғандар арпадай мақтаны сідік шығатын тесікке кіргізіп қояды, аққан сідік тамшысын мақта бойына сіңіріп сыртқа шығармайды. Тек мақтаның ұшы сыртта қалмау керек.

3- САТР-И АУРЕТ

(Әурет жерлері мен әйелдердің хижабы)

Бір адамның ашуы, өзгеге көрсетуі және өзгенің де қарауы харам болған жерлерге **әурет жері** деп атайды. Еркектердің әурет жері - кіндіктен тізенің астына дейін. Тізе әуретке жатады. Осы жерлері ашық болса, намаз қабыл болмайды. Намаз оқығанда қолдарын, басын жабу, шұлық кию еркектерге сүннет. Бұл жерлерді ашып, намаз оқу мәкрух болады.

Ал әйелдердің алақандарынан және бетінен басқа жерлері 4 мазһабта да әурет болып есептеледі. Бұл жерлерін жабу парыз. Әурет мүшелерінің кез-келген біреуінің төрттен бірі бір рүкін ашық қалса, намаз бұзылады. Бұдан аз ашылса намаз бұзылмайды, бірақ мәкрух болады. Ішіндегі мүшенің түсі, не өзі көрінетіндей жұқа болған мата жоқ деп есептелінеді.

Әйелдердің тізе мен кіндік арасын жабуы парыз. Қарнын және арқасын жауып жүруі уәжіп. Басқа жерлерін жабу әдеп болып есептеледі. Пайғамбарымыз алейһиссалам былай дейді: ***«Бөтен әйелге шахуатпен қараған адамның көзі алаумен толтырылып, тозаққа кіргізіледі. Бөтен әйелмен қол ұстасқан***

адамның қолдары еңсесіне байланып, тозаққа тасталады. Бөтен әйелмен керексіз жерде шахуатпен сөйлескен адам әрбір сөзі үшін тозақта бір жыл қалады.» Басқа бір хадисте: ***«Көршінің және достарының әйелдеріне шахуатпен қарау, бөтен әйелдерге қараудан он есе артық күнә. Келіншектерге қарау, қыздарға қараудан мың есе артық күнә. Зина күнәлары да осылай.»*** Пайғамбарымыз алейһиссалам былай дейді: ***«Ей, Әли! Ұятты жеріңді ашпа. Өлі және тірі ешкімнің ұятты жеріне қарама!»***

Басқа бір хадисінде былай дейді: ***«Әурет жерлеріңізді ашпаңыз! Өйткені, жаныңыздан еш айырылмайтындар бар. Олардан ұялыңыз және оларды құрметтеңіз.»***

Басқа хадистерде былай делінген: ***«Әурет жерлеріңді жап. Әйеліңнен және күңіңнен басқасына көрсетпе. Жалғыз өзің қалғанда да Аллаһтан ұял.»***

«Өздерін әйелдерге ұқсатқан еркектерді және еркектерге ұқсатқан әйелдерді Аллаһ лағнет етсін».

«Бір қыздың әдемілігін көрген кісі, дереу көзін басқа жерге аударса, Аллаһ оған жаңа бір ғибадат сауабын береді. Бұл ғибадаттың ләззәті сол мезетте сезіледі.»

«Әурет жерін ашқанға және басқалардың әурет жерлеріне қарағанға Аллаһ лағнет етсін. Өзін басқа бір қауымға ұқсатқан, солардан болады.» Демек мінез-құлқын, іс-әрекеттерін немесе киімін басқаларға ұқсатқан адамдар соларға тартып кетеді. Зиянды модаға, кәпір әдеттеріне еліктегендер, харамдарға "көркем өнер", харамға батқандарға "өнерпаз, мәдениетті" дейтіндер бұл хадистерден ғибрат алулары керек.

Еркек еркектің, әйел әйелдің әурет жеріне қарауы харам. Еркектің еркек үшін және әйелдер үшін әурет жері кіндік пен тізесінің арасы. Әйелдің бөтен ер кісі үшін әурет жері - алақанынан және бетінен басқа барлық жері. Бөтен әйелдің әурет жеріне шахуатсыз қарау да харам.

Көрпе астында жалаңаш жатқан бір ауру басын көрпе ішіне тығып, ишаратпен намаз оқыса, жалаңаш оқыған болады. Басын көрпеден шығарып оқыса, көрпемен жамылған болып есептеліп намазы жаиз болады. Бір еркек некемен алуы мәңгі харам болған 18 әйелдің басына, бетіне, мойнына, қолдарына, тізеден төмен

аяқтарына шахуатсыз қарауға көзі жетсе қарай алады. Бірақ көкіректеріне, қолтықтарына, сандарына, тізелеріне, арқасына қарай алмайды.

Бір әйел үшін әке-шешесінің бауырларының ұл балалары да бөтен еркек. Жезде, қайны да бөтен еркек. Бұлармен әңгімелесуі, әзілдесуі және бір жерде жалғыз болуы харам.

Еркектерге де әке-шешенің бауырларының қыз балалары, жеңгесі және балдызы бөтен әйел үкімінде болады. Бұлармен әңгімелесуі, жалғыз қалуы харам.

Бір еркек махрем (туысқан) болған 18 әйелмен өмір бақи үйлене алмайды. Олармен сөйлесе алады. Бір жерде жалғыз қалуы күнә болмайды. Сондай-ақ әйел де махрем 18 еркекпен үйлене алмайды. Бұлар төмендегідей:

Қан арқылы туыстық

	Ер кісілер		Әйел кісілер
1	Әке	**1**	Шеше (Ана)
2	Әке-шешенің әкелері	**2**	Әке-шешенің шешелері
3	Ұлы және ұл-қызының ұлдары (ұл немере)	**3**	Қызы және ұл-қызының қыздары (қыз немере)
4	Аға-інісі	**4**	Әпке-қарындасы
5	Аға-інісінің ұлдары	**5**	Әпке-қарындастың қыздары
6	Әпке-сіңілінің ұлдары	**6**	Аға-інісінің қыздары
7	Әке-шешенің аға-інісі	**7**	Әке-шешенің әпке-сіңіл, қарындастары

Сүт арқылы туыстық

	Ер кісілер		Әйел кісілер
8	Сүт әке	**8**	Сүт шеше (Ана)
9	Сүт әке-шешенің әкелері	**9**	Сүт әке-шешенің шешелері
10	Сүт ұлы және сүт ұл-қызының ұлдары (сүт ұл немере)	**10**	Сүт қызы және сүт ұл-қызының қыздары (сүт қыз немере)
11	Сүт аға-інісі	**11**	Сүт әпке-қарындасы
12	Сүт аға-інісінің ұлдары	**12**	Сүт әпке-қарындастың қыздары
13	Сүт әпке-сіңілінің ұлдары	**13**	Сүт аға-інісінің қыздары
14	Әке-шешенің сүт аға-інісі	**14**	Әке-шешенің сүт әпке-сіңіл, қарындастары

Неке арқылы туыстық

	Ер кісілер		Әйел кісілер
15	Қайын ата	**15**	Қайын ене
16	Өгей ұл	**16**	Өгей қыз
17	Өгей әке	**17**	Өгей шешесі
18	Күйеу бала	**18**	Келін

Әурет жері ашық күйінде көшеге шыққан және басқалардың әурет жеріне қараған еркектер мен әйелдер тозақ отына жанады.

4- ИСТИҚБАЛИ ҚЫБЛА
(Қыблаға қарау)

Намазды Қағбаға қарап оқу. Қасиетті Мекке қаласында орналасқан Қағба ғимаратының бағытын **Қыбла** деп атайды. Алғашында Қыбла Құдус (Иерусалим) еді. Хижреттен 17 айдан кейін, шабан айының ортасы сейсенбі күні Қағбаға бет бұру әмір етілді.

Қыбла Қағбаның ғимараты емес оның тұрған жері, яғни жерден аспанға дейінгі аралықты қыбла деп атайды. Сондықтан теңіз және құдық түбінде, биік тауда және ұшақта осы бағытқа бет бұрып оқылады. Адамның көз қыры арасындағы бұрыш Қағба бағытына сай болса оқылған намаз сахих (дұрыс) болады. Бірақ:

1- Ауру себебі, 2- Дүниесінің ұрлану қауіпі, 3- Жыртқыш хайуан қауіпі, 4- Дұшпанның көріп қою кауіпі, 5- Көлігінен (ат, түйе) түскенде көмексіз қайта міне алмайтын болса, екі намазды (бесін мен екіндіні және ақшам мен құптанды Маликиге, не Шафиге ұйып) жәм қылып та (біріктіріп) оқи алмаса, намазды күшінің жеткен жағына қарап оқиды. Кемеде, поезда және ұшақта қыблаға қарау шарт.

5- НАМАЗ УАҚЫТТАРЫ

Пайғамбарымыз алейһиссалам бір хадисінде былай деді: ***«Жәбрейіл алейһиссалам Қағбаның есігінің жанында екі күн маған имам болды. Екеуміз таң шапағы туғанда таң намазын, күн тал түстен ауғанда бесін намазын, әр нәрсенің көлеңкесі өзімен бірдей болғанда екіндіні, күн батысымен ақшамды және шапақ қарайғанда құптанды оқыдық. Ал екінші күні таң намазын айнала жарық болғанда, бесінді әр нәрсенің көлеңкесі өзінен екі есе ұзын болғанда, екіндіні осыдан сәл өткізіп, ақшамды ораза бұзылған уақытта, құптанды түннің үштен бірі кіргенде оқыдық. Кейін: «Ей, Мұхаммед алейһиссалам сенің және өткен пайғамбарлардың намаз уақыттары осы. Үмметің бес уақыт намаздың әрбірін осы оқыған екі уақыттың арасын-***

да оқысын» – деді.» Әр күні оқылуы әмір етілген намаз санының бесеу болғандығын осы хадистен де білуге болады.

Таң намазының уақыты – фәжір уақытынан, яғни көкжиек ағараңдағаннан бастап, күн шыққанға дейінгі уақыт.

Бесін намазының уақыты – көлеңке қысқара бастаған уақыттан бастап, әр бір заттың көлеңкесі өз бойынан бір немесе екі есе ұзарғанға дейін жалғасады. Біріншісі, екі имамға, яғни Имам Абу Юсуф пен Имам Мұхаммедтің үкімі, екіншісі, болса Имам Ағзам Абу Ханифаның үкімі.

Екінді (намаздыгер, аср) намазының уақыты – Бесін намазының уақыты бітісімен басталады. Имам Юсуф және Имам Мұхаммедтің үкімі бойынша бір нәрсенің көлеңкесі сол затпен бірдей болғаннан бастап күн батқанға дейінгі уақыт. Ал Имам Ағзам Абу Ханифаның үкімі бойынша, бір заттың көлеңкесі өзінен екі есе ұзын болғаннан бастап күн батқанға дейін.

Бірақ күн қызарғаннан кейін, яғни батуына найза бойы қалғанда қандай да бір намаз оқу харам болады. Екінді намазын бұл уықытқа дейін кешіктіру харам. Алайда, сол күннің екінді намазы оқылмаған болса, күн батқанға дейін оқу керек.

Ақшам намазының уақыты: Күн батқаннан кейін басталып көк жиектің қарайғанына дейін, яғни қызылдықтың жоқ болуына дейін жалғасады.

Құптан намазының уақыты: Ақшам намазының уақытының шығуынан басталып көкжиектің ағаруына дейін жалғасады. Имам Ағзамның үкімі бойынша құптан уақыты батыс толығымен қарайғанда басталады. Яғни, екі Имамның үкімі бойынша екінді немесе құптан уақыты кірген соң, тағы жарты сағат өткізіп оқылса, бұл намаздар бүкіл имамдардың үкіміне сай оқылған болады. Құптан намазын себепсіз түннің жартысынан кейінге қалдыру мәкрух.

Намаздарды уақытынан бұрын және кейін оқу харам.

Намаз оқу тахримән мәкрух, яғни харам болған уақыт үшеу: Күн шығып келе жатқанда, күн дәл төбеде тұрғанда, күн батып бара жатқанда. Бұл үш уақытта оқылған намаздар қабыл болмайды және де дайын тұрған жаназаның намазын оқу, тиләует сәждесін, сәһу сәждесін жасау жаиз емес. Күн батып бара жатқанда тек қана сол күннің екінді намазын оқуға болады.

Тек нәпіл намазын оқу мәкрух болған екі уақыт бар. Біріншісі, таң намазының парызынан кейін күн шыққанға дейін, екіншісі, екінді намазының парызынан күн батқанға дейін.

Полюстердегі намаз және ораза

Әр мемлекеттің намаз уақыттары сол мемлекеттің экватордан ұзақтығы мен сол аймақтағы мезгілдерге қарап ауысады.

67^{o}-дегі паралеллдің солтүстігінде орналасқан суық өлкелерде күннің горизанталь қиғаштығы артқан кезде кешке көкжиек қараймай тұрып таң бозарады. Сондықтан Балтық теңізінің солтүстік аймағында жаз бойы түн болмайды. Осыған орай құптан мен таң намаздарының уақыттары да кірмейді.

Ханафи мазһабында уақыт - намаздың шарты емес, намаздың себебі. Себеп болмаса, намаз парыз болмайды. Сондықтан мұндай мемлекеттерде тұратын мұсылмандарға бұл екі намаз парыз болмайды. Оңтүстік полюсте барлық аймақ теңіз болғандықтан мұндай мемлекет жоқ.

Шабан айының отызыншы түні бір қалада жаңа туған ай көрінісімен, бүкіл дүние мұсылмандарының оразаға бастаулары шарт. Күндіз көрінген ай келесі түннің айы болып саналады. (Полюске және айға барған мұсылман жолаушы (сафари) үкімінде болмаса, бұл айда күндіз ораза тұтуы керек. Жиырма төрт сағаттан ұзақ болған күндерде оразаны сағатпен бастап сағатпен ашады. Яғни күндізі мұндай ұзын болмаған қалалардағы мұсылмандардың сағаты бойынша тұтады. Егер ораза тұта алмаса, күндізі ұзын болмаған жерге қайтқанда қазасын тұтады.)

АЗАН мен ҚАМАТ

Азан - жұртшылыққа білдіру, хабар беру деген сөз. Бес уақыт намаз және қаза намаздары үшін және жұма намазында хатиптің алдында еркектердің азан айтуы сүннети мүәккәдә. Әйелдердің азан мен қамат айтулары мәкрух. Азан халыққа уақыт білдіру үшін биік жерде оқылады. Азан оқылып жатқанда екі қолды көтеріп, сұқ саусақпен екі құлағын жабу мустаһаб. Қамат айту азан айту-

дан абзал. Азан мен қамат Қыблаға қарап айтылады. Азан оқылып жатқанда сөйлеспейді.

Азан және қамат қандай жағдайларда оқылады?

1- Қырда, далада, бақшада жалғыз немесе жамағатпен қаза оқып жатқанда, ер кісілердің азанды және қаматты дауыстап оқулары сүннет. Азанды естіген адамдар, жындар, тастар ахырет күні куәгер болады. Бірнеше қаза намазын бір жерде оқитын адам алдымен азан және қамат айтады. Келесі қазаларын оқырда барлығына тек қамат түсіреді, бұларға бөлек азан айтпаса да болады.

2- Үйінде жалғыз немесе жамағатпен уақыт намазын оқитын кезде азан және қамат оқымайды. Өйткені, мешітте айтылған азан және қамат үйлерде де айтылған болып есептеледі. Сонда да айту абзал. Жергілікті мешітте және жамағаты белгілі болған әр мешітте уақыт намазы жамағатпен оқылғаннан кейін жалғыз оқыған кісі азан және қамат айтпайды. Жол үстінде орналасқан, яғни имамы және азаншысы болмаған және жамағаты белгісіз мешіттерге әртүрлі уақыттарда келген әр жамағат өздеріне бөлек азан мен қамат айтып намаз оқиды. Мұндай мешітте жалғыз оқитын кісі де азан мен қаматты өзі еститіндей дауыспен айтады.

3- Сафарилер жамағатта да, жалғыз оқығанда да намазға азан айтып қамат түсіреді. Жалғыз оқитын адамның жанында намаз оқып жатқандар бар болса азан айтпауына болады. Жолаушы кісі бір үйге кіріп намаз оқыса азан мен қамат айтады, өйткені мешітте айтылған азан мен қамат оның намазы үшін өтпейді. Жолаушылардың бірі бір үйде азан айтып намаз оқығаннан кейін қалғандарының сол үйде азан айтпай-ақ намаз оқуларына болады.

Ақыл-есі дұрыс баланың, соқырдың, зинадан туылғанның, азан айтуды білетін сауатсыздың азан айтулары жаиз болады. Жүніп кісінің азан-қамат айтуы, әйел кісінің, мас адамның, ашық күнә істейтіндердің, ақылы толмаған баланың азан айтуы және азанды отырып айту тахримән мәкрух болады. Бұлардың азаны қайта оқылады. Азанның дұрыс болуы үшін азаншы мұсылман әрі ақылды болу керек. Микрофонмен азан айту дұрыс емес.

Пасықтың (ашық күнә істейтіннің) азанының сахих болмауына себеп, ғибадаттарда мұның сөзі қабыл етілмегендіктен. Пасық айтқан және микрофон арқылы айтылған азанға қарап уақыттың кіргеніне сенуге болмайды. Бұл екеуінің азанымен немесе ишаратымен ораза ашуға болмайды.

Азанға құрмет көрсетіп сөздерін, әріптерін өзгертпей, бұзбастан, әндетпей мұнараға шығып, сүннетке сай оқитындар жоғары дәрежелерге ие болады.

Азан сүннетке сәйкес оқылмаса, мәселен кейбір сөздері ауыстырылып немесе басқа тілге аударылып айтылса және кейбір жерлері әуенге салынып оқылса немесе микрофон арқылы айтылып жатса (өйткені колонкадан шыққан дауыс имам не азаншының дауысы емес. Олардың дауысы электромагниттік толқындарға айналып, содан пайда болған дауыс.), мұны естіген адам оның артынан қайталамайды.

<u>Ескерту:</u> Азанды микрофонмен айтуға бола ма?

Мұнараларға орналастырылған колонкалар муаззин (азаншы) үшін жалқауланып, азанды мешіттің ішінде, қараңғы бөлмелерде отырып, сүннетке қайшы оқуларына себеп болып жатыр. Ғасырлар бойы көктерге бой созып тұрған имандылығымыздың белгісі – мұнаралар бидғат кесірінен колонка тірегіне айналды. Ислам ғалымдары пәннің жетістіктерін үнемі жақсы қарсы алған. Мәселен баспаның құрылуын қолдап, пайдалы кітаптардың басылып, ғылымның жайылуын қалаған. Радио, микрофон арқылы әр түрлі пайдалы программалар тарату Ислам жақтаған адамзаттың пайдасына болған жетістік екені күмәнсіз. Алайда мұсылмандарды азанның әсем дауысынан мақрұм етіп, ғибадаттарға микрофонның миды тырнайтын дауысымен зиян келтіруде. Микрофонды мешіттерге орнату ысырап. Иманды жүректерге илаһи әсерлер беретін салих мұсылмандардың дауысының орнына шіркеу қоңырауы сияқты қырылдайтын бұл аспап жоқ кезде, мұнараларда оқылған азандар және мешіттерден таралған тәкбір дауыстары өзге дін өкілдерінің көңілдерін де толқытатын еді. Әр көшеде оқылған азандарды естіп мешіттерді толтырған жамағат, сахабалар заманындағыдай намаздарын хушумен, жан рахаттығымен оқитын

еді. Азанның мүминдерді толқытатын илаһи әсерін микрофонның металды дауысы табиғилығынан айыруда.

Пайғамбарымыз хадисінде: ***«Кімде-кім азанды естігенде, әрбір калимасын іштей қайталап тұрса, әрбір әрпі үшін оған мың сауап беріледі, әрі мың күнәсі кешіріледі.»-*** деп бұйырған. Азанды естіген кісі, Құран оқып отырған болса да, естігенін жай дауыспен қайталап отыруы сүннет. «Хайә аля...» ларды естігенде мұны қайталамастан: «Ла хаулә уә ла қууата илла биллаһ»- дейді. Азаннан соң салауат айтылып азан дұғасы оқылады. Екінші рет «Ашһаду анна Мұхаммәдан Расулуллаһ» дегенде бас бармақтың тырнақтарын сүйіп, көзге сүрту мустаһаб. Қаматта олай жасалынбайды.

Азанның оқылуы

Аллаһу әкбар	4 рет
Әшһәду әлла илаһә иллаллаһ	2 рет
Әшһәду әннә Мұхаммадар-Расулуллаһ	2 рет
Хайә аләс-саләһ	2 рет
Хайә алəл фәлах	2 рет
Аллаһу әкбар	2 рет
Ла илаһә илләллаһ	1 рет

Тек таң намазында «Хайә алəл фәлах тан» кейін 2 рет «Ас-саләту хайрум минан наум» деп айтылады. Қамат айтатын кезде «Хайә алəл фәлахтан» кейін екі рет «Қад қамәтис-саләһ» деп айтылады.

Азан дұғасы

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген: ***«Азан оқылған кезде мына дұғаны оқыңдар:» Уә әнә әшһаду әлла илаһә иллаллаһу, уаһдәһу ла шәрика ләһ, уә әшһаду әннә Мұхаммадән абдуһу уә расулуһ, уә радиту биллаһи Раббән, уә бил Ислами динән, уә би Мұхаммадән*** *(саллаллаһу алейһи уә сәлләм)* ***расулан нәбиян».***

Басқа бір хадис шәрифінде былай деп бұйырған: ***«Ей, менің үмметім азан біткен соң мына дұғаны оқыңдар: «Аллаһуммә раббә һәзиһид дауәтит таммәти, уәс саләтил қаимәти, ати Мұхаммадәнил-уәсиләтә уәл фадийләтә, уәд-дәражатар-рафийъа, уә бъасһу мақамән махмудәнил лазий уа адтәһу, иннәкә ла тухлифул миаад».***

Азан сөздерінің мағыналары

Аллаһу әкбар: Аллаһу та'ала - Ұлы. Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. Құлдарының ғибадатына да мұқтаж емес. Ғибадаттардың оған ешқандай пайдасы жоқ. Осы теңдессіз мағыналар саналарға жақсылап орнығып, жете түсінуі үшін Аллаһу әкбар сөзін төрт рет қайтару бұйырылды.

Әшһаду әлла илаһә иллаллаһ: Ұлылығымен, үстемдігімен ешкімнің ғибадатына мұқтаж болмаған халде, ғибадат етілуге одан басқа ешкімнің құқы жоқтығына куәлік етемін, әрі сенемін. Еш нәрсе оған ұқсамайды.

Әшһаду әннә Мұхаммадар Расулуллаһ: Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһу та'ала тарапынан жіберілген пайғамбар екендігіне, Аллаһ бұйырған ғибадаттарды үйрететін ұлы тұлға екендігіне және Аллаһу та'алаға тек ол алейһиссалам білдірген, көрсеткен ғибадаттар ғана ұнайтынына куәлік етемін әрі шын жүректен сенемін.

Хайә аләс-саләһ, Хайә аләл фәлах: Мүминдерді рахатқа, табысқа, құтылуға, бақытқа шақыратын екі сөз.

Аллаһу әкбар: Оған лайықты ғибадатты ешкім орындай алмайды. Қандай да бір адамның ғибадатының Оған лайықты, жарасымды болуынан әлде қайда ұлы және ұзақ.

Ла илаһә илләллаһ: Ғибадат етілуге, құзырында тағзым етілуге ақысы болған зат тек Аллаһ. Бірақ Оған лайық ғибадатты ешкім орындай алмайды.

Намаздың қаншама ұлы болғанын, оған шақыратын осы азан калималарының ұлылығынан да түсінуге болады.

6- НИЕТ

Ниет намазға бастамай, яғни ифтитах тәкбірі айтылмай тұрып етіледі. Намазға ниет - намаздың атын, уақытын, қыбланы және имамға ұйығанын жүректен өткізу.

Ифтитах тәкбірінен кейін етілген ниет дұрыс болмайды және намаз да қабыл етілмейді. Парыз немесе уәжіп намаздарға ниет етерде, қай парызды, не қай уәжіпті оқитынын білу тиіс. Рәкат санына ниет ету кажет емес. Сүннет оқырда тек намазға деп ниет ету жеткілікті. Жаназа намазында «Аллаһ үшін намазға, мәйіт үшін дұғаға» деп ниет етіледі.

Имамның «Еркектерге имам болуға» деп ниет етуі шарт емес. Имам «Дайын тұрған жамағатқа имам болуға» деп ниет етпесе, жамағат сауабын ала алмайды. «Имам болуға ниет еттім» деп айтқан жағдайда ғана жамағатпен оқылған намаздың сауабын алады. Жамағат арасында әйелдер болса, имам «әйелдерге де имам болуға» деп бөлек ниет етуге тиіс.

Ғибадат үшін тек қана ауызбен айту ниет болып саналмайды. Жүректен ниет етпесе ғибадаттар қабыл болмайды.

7- ТАХРИМА ТӘКБІРІ

Намазға «Аллаһу әкбар» деген тахрима тәкбірін айтып кіру парыз. Кейбір ғалымдар тахрима тәкбірін намаздың ішкі парыздары деп санаған. Бұл ғалымдардың үкімі бойынша намаздың шарттары да, рукіндері де алтау болады.

Намаздың рукіндері

Намаздың ішіндегі парыздарын - Рукін деп атайды. Намаздың рукіндері бесеу:

1. Қиям: Намаздың рукіндерінің біріншісі қиям. Қиям - тік тұру деген мағынаны білдіреді. Тік тұра алмайтын ауру адам отырып оқиды. Отыра алмайтын адам шалқасынан жатып басымен ишаратпен оқиды. Беті аспанға тік қарап қалмауы үшін, яғни қыблаға қарап тұруы үшін басының астына жастық қояды.

Аяқтарын қыблаға ұзатпай бүгіп алуы керек. Тік тұрған кезде екі аяқтың арасы төрт елідей ашық болуы тиіс.

Намазда тік тұра алмайтын басы, тісі, көзі немесе басқа да мүшелері қатты ауыратын, тұрғанда жел не зәр ұстай алмайтын, жарасынан қан ағатын, дұшпан байқап қалу, мүлкінің ұрлану қауіпі бар адам, тұрғанда оразасы немесе оқуы бұзылатын яки әурет жері ашылып қалатын кісілер отырып оқиды. Бұл жағдайда рүку үшін сәл еңкейеді, сәжде үшін басын жерге қояды. Басын жерге тигізе алмайтын кісі рүку үшін біраз, ал сәжде үшін одан да көп иіледі. Сәждеге иілу рүкуға иілгеннен шамалы көп болмаса намаз қабыл болмайды. Жерге жастық немесе тақтай төсеп, оның үстіне сәжде жасайтын болса, намаз қабыл болған жағдайда да күнәһар болады. Яғни тахриман мәкрух болады.

2. Қыраат: Сүннеттердің және үтірдің әр рәкатында және жалғыз оқығанда парыздың алғашқы екі рәкатында тұрып Құран Кәрімнен бір аят оқу парыз. Қысқа сүре оқыса сауабы көп болады.

Қыраат ретінде бұл жерлерде Фатиха оку, сүннеттер мен уәжіптің әр рәкатында және парыздардың алғы екі рәкатында фатихадан соң бір (зәм) сүре немесе үш аят оку уежіп. Парыздарда Фатиханы және зәм сүрені алғашқы екі рәкатта оқу уәжіп немесе сүннет. Фатиханы зәм сүреден бұрын оқу да уәжіп. Намаздың қыраат рукінінде осы бес уәжіптің біреуі ұмытылса, сәһу сәждесін жасау керек. Қыраатта Құран Кәрімнің басқа тілдегі аудармасын оқуға болмайды.

Имамның жұма және айт намаздарынан басқа барлық намаздардың бірінші рәкатында оқитын сүресі екінші рәкатында оқитын сүресінен екі есе ұзын болуы сүннет. Жалғыз оқығанда әр рәкатты бірдей мөлшерде оқуға болады. Имамның кейбір сүре немесе аяттарды белгілі бір намазда оқуды әдет қылып алуы мәкрух болады. Яғни бесін намазының алғы екі рәкатында үнемі Кәусәр мен Ихлас сүресін оқуды әдетке айналдыруы дұрыс болмайды. Бірінші рәкатта оқылған сүрені екіншісінде де оқуы тәнзиһән мәкрух болады. Сүрелерді Құрандағы тәртібінен кері қарай теріс оқу одан да артық мәкрух болады. Екінші рәкатта біріншіде оқыған сүресінен кейін келетін сүрені тастап, одан кейінгісін оқу да мәкрух. Сүрелерді Құрандағы ретімен оқу әр уақытта да уәжіп.

3. Руку: Қиямда қырааттан соң тәкбір айтылып рүкуға иіледі. Рукуде еркектер саусақтарының арасын ашып қолдарын тізесінің үстіне қояды. Арқасы мен басын түзу ұстауы керек. Рукуде ең азы үш рет ***«Субхана раббиал азым»*** деп айтылады. Жамағат үш рет айтпастан бұрын имам басын көтеретін болса, жамағат да артынша бастарын көтереді. Рукуде қол және аяқты бүкпеу керек. Әйелдер саусақтарының арасын ашпайды. Арқасын, және аяқ - қолдарын тік ұстамайды.

Рукуден тұрарда ***«Сәмиаллаһу лиман хамидаһ»*** деп айту имам мен жалғыз оқитын адамға сүннет болады. Ал жамағат айтпайды. Рукуден кеудесін көтерген соң ***«Раббана ләкәл хамд»*** деп айтады. Кейін ***«Аллаһу әкбар»*** деп сәждеге барарда алдымен оң, кейін сол тізесін, одан соң оң қолын, кейін сол қолын, сосын мұрынын, ең соңында маңдайын қояды.

4. Сәжде: Сәждеде саусақтар арасы жабық халде қыблаға қарап, екі құлақтың тұсында тұрады. Бас екі қолдың арасында болу керек. Маңдайды таза жердің үстіне қою парыз. Маңдаймен мұрынды қоса қою уәжіп болып саналады. Үзірсіз тек қана мұрынды сәждеге қою жаиз емес. Ал тек маңдайды қою мәкрух болады.

Екі аяқты немесе ең болмағанда екі аяқтың бірер саусағын жерге қою парыз немесе уәжіп. Яғни екі аяқты жерге тигізбесе намаз қабыл болмайды немесе мәкрух болады. Сәждеде аяқ саусақтарын бүгіп ұшын қыблаға қарату сүннет.

Еркектер қолдарын және сандарын ішіне тигізбей ұстаулары керек. Алақанын және тізелерін жерге тигізу сүннет. Қиямда тобықтардың арасын төрт елі ашық ұстау, рүкуде және сәждеде бір-біріне тигізу сүннет. Сәждеге барарда шалбар балағын жоғары көтеру және балақты қайырып қойып, намазға тұру мәкрух. Жеңі, балағы және етегі түрілген, қайырылған немесе қысқа болған киіммен намаз оқу да мәкрух. Жалқаулықпен немесе бас киіммен оқудың маңыздылығын ойламай жалаңбас намаз оқу мәкрух. Кір, лас киіммен намаз оқу мәкрух. Ал намазға мән бермеу күпір болып табылады.

5. **Қадаи ахир (соңғы отырыс):** Соңғы рәкатта «Аттахияту» дұғасын оқитындай уақыт отыру парыз. Отырғанда саусақтармен

ишарат етілмейді. Еркектер сол аяғының саусақтарын оң аяғына қаратып жерге төсейді. Сол аяғының үстіне отырады. Оң аяғын тік ұстайды. Саусақтарының ұшын қыблаға қарата шамалы бүгіп отырады. Осылай отыру сүннет.

Әйелдер жамбастарымен отырады. Сандары бір-біріне жақын болады. Оң аяғын оң жаққа шығарады. Сол аяғының саусақтары оңға қаратылып астында қалады.

НАМАЗ ҚАЛАЙ ОҚЫЛАДЫ?

Жалғыз оқитын ер адамның намазы

Мәселен **таң намазының сүннеті** былай оқылады:

1. Алдымен қыблаға қарап тұрады. Аяқтардың арасы төрт елідей ашық және паралелл болады. Бас бармақ құлақ жұмсағына тигізіліп, алақанды қыблаға қаратып: ***«Ниет еттім Аллаһу та'аланың ризалығы үшін бүгінгі таң намазының сүннетін оқуға, жүзімді қараттым қыблаға»***– деп ниет еткен соң ***«Аллаһу әкбар»*** – деп екі қолды кіндік астына, оң қолын сол қолдың үстіне қойып байлайды.

2. Қиямда тұрғанда көздер сәжде етілетін жерге қарайды.

а) ***Субханака*** дұғасын оқиды.

б) Аузу-бисмиллаһтан соң Фатиха сүресін оқиды.

в) Фатихадан соң бисмиллаһ оқылмай бір зәм сүре (мысалы Фил сүресі) оқылады.

3. Зәм сүреден соң ***«Аллаһу әкбар»*** деп рүкуға иіледі. Қолдар тізені қаптап ұстайды. Бел түзу ұсталады, көздер аяғының ұшына қарайды. Үш рет ***«Субхана раббиал азым»*** деп айтады. Бес немесе жеті рет айтуға да болады.

4. ***«Сәмиаллаһу лиман хамидаһ»*** деп рүкуден тұрып жатқанда шалбар балағы тартылмайды және көздер де сәжде орнынан айрылмайды. Тіке тұрғаннан кейін ***«Раббәна ләкәл хамд»*** деп айтады. (осы тік тұруға **қавмә** делінеді).

5. Ұзақ тұрып қалмай ***«Аллаһу әкбар»*** деп сәждеге барады. Сәждеге барарда ретімен:

а) Оң тізеден кейін сол тізе, оң қолдан кейін сол қол, одан соң мұрын сосын маңдай жерге қойылады.

б) Аяқ саусақтары қыблаға қарап бүгіледі.

в) Бас екі қолдың арасына қойылады.

г) Қол саусақтарының арасы жабылады.

д) Алақан жерге қойылады, шынтақтар жерге қойылмайды.

е) Осы халде үш рет ***«Субханә раббиял аъла»*** деп айтылады.

6. ***«Аллаһу әкбар»*** деп сол аяқ жерге төселеді. Оң аяқтың саусақтары қыблаға қаратып бүгіліп отырады. Қолдар тізенің үстіне қойылады, саусақтар арасы өз еркіне жіберіледі.

7. Көп отырмастан ***«Аллаһу әкбар»*** деп қайта сәждеге барады. (Екі сәжде арасында отыруға **жәлсә** делінеді.)

8. Сәждеде ең азы үш рет ***«Субханә раббиал аъла»*** дегеннен соң ***«Аллаһу әкбар»*** деп орнынан тұрады. Сәждеден тұрар кезде қолдарымен жерден күш алуға және аяқтарды ары-бері қозғалтуға болмайды. Сәждеден тұрар кезде ең алдымен маңдай, мұрын, содан кейін сол қол, оң қол содан соң сол тізе, содан соң оң тізе жерден көтеріледі.

9. Тік тұрғанда Бисмиллаһтан соң Фатиха және бір зәм сүре оқылып ***«Аллаһу әкбар»*** деп рүкуға иіледі.

10. Екінші рәкат та бірінші рәкаттағы сияқты оқылады, тек екінші сәждеден соң ***«Аллаһу әкбар»*** деп орнынан тұрмай, жоғарыда айтылғандай отырып:

а) ***Аттахияту***, ***Аллаһумма салли***, ***Аллаһумма барик***, ***Раббана атина***- дұғаларын оқиды. Кейін алдымен оң иыққа, содан соң сол иыққа ***«Ассаламу алейкум уә рахматуллаһ»*** деп сәлем берумен намазын аяқтайды.

б) Сәлем бергеннен соң ***«Аллаһуммә әнтәс-сәлам уә минкас-сәлам табаракта я зәл жәлали уәл икрам»***– деп сөйлеместен таң намазының парызын оқу үшін орнынан тұрады. Өйткені сүннет пен парыз намазының арасында сөйлеу намазды бұзбаса да сауабын азайтады.

Намаздан кейін үш рет ***«Астағфируллаһ»*** дегеннен соң ***«Аятул курси»*** және отыз үш тәсбих (***субханаллаһ***), отыз үш тахмид (***әлхамдулиллаһ***), отыз үш тәкбір (***Аллаһу әкбар***) және бір тахлил

(***Ла илаһә илләллаһу уаһдаһу ла шәрикә лаһ. Лаһул мүлкү уә лаһул хамду уа һуа ала кулли шайин қадир***) оқылады. Бұларды әркім өзі еситетіндей дауыспен оқиды. Дауыс шығарып оқу бидғат болады.

Соңынан дұға етіледі. Дұғада ер кісілер қолдарын көкірек тұсына паралелл қылып көтереді. Шынтақтар бүгілмей алдына қарай созылады. Алақан іші көкке қаратылады. Өйткені намаздың қыбласы Қағба болғанындай, дұғаның қыбласы да аспан. Дұғадан соң ***«Субхана раббика…»*** аяты оқылып қолдармен бет сипалады.

Төрт рәкат парыз және сүннет намаздардың екінші рәкатында аттахияту оқылып, үшінші рәкатқа тұрады. Сүннет намаздардың үшінші және төртінші рәкатында Фатихадан соң зәм сүре оқылады. Парыз намаздардың үшінші және төртінші рәкатында зәм сүре оқылмай, тек Фатиха оқылады. Ақшам намазының парызының үшінші рәкатында да зәм сүре оқылмайды. Ал, үтір намазының үшінші рәкатында Фатихадан соң зәм сүре оқылып ***«Аллаһу әкбар»*** деп құлақ қағып ***«Құныт»*** дұғалары оқылады. Ғайри муәккәд сүннеттерде, яғни екінді және құптан намазының алғашқы төрт рәкат сүннеттері басқа төрт рәкатты сүннеттер сияқты оқылады. Тек бұлардың екінші рәкатында отырып ***Аттахияту*****дан** соң ***Салли-барик*** дұғалары да оқылады.

Жалғыз оқитын әйелдің намазы

Мысалы **таң намазының сүннеті** былай оқылады:

1. Дене мүшелері бастан - аяқ жабылады. Тек қана алақандары мен жүзі ашық болады. Намазда оқитын сүре және дұғаларды жоғарыда айтылып өткен жалғыз еркектің оқығаны сияқты оқиды. Айырмашылықтары төмендегідей:

а) Қолдарын еркектер сияқты құлаққа апармайды, иығына дейін көтеріп ниет етіп, тәкбір алып қолдарын көкірек үстіне бір-бірінің үстіне қояды.

б) Рукуде еркектердей түзу иілмейді.

в) Сәждеде шынтақтары жерге тиеді.

г) Ташаһудта отырғанда сол жағымен отырады. Яғни аяқтар оң жаққа шығарылып сол санының үстіне отырады.

Әйелдер үшін намазда ең ыңғайлы хижаб - қолдарын да жабатындай үлкендеу орамал мен аяқтарын жабатын ұзындау юбка кию.

Намаздың уәжіптері

1. Фатиха сүресін оқу.
2. Фатихадан кейін бір сүре немесе ең кемінде үш қысқа аят оқу.
3. Фатиханы зәм сүреден бұрын оқу.
4. Фатиханы және фатихадан кейін оқылатын сүрені, парыз намазының бірінші және екінші рәкатында, ал уәжіп және сүннет намаздарының барлық рәкаттарында оқу.
5. Сәжделерді бір-бірінің артынша жасау.
6. Үш немесе төрт рәкатты намаздардың екінші рәкатында аттахияту оқылатындай уақыт отыру. Соңғы отыру парыз.
7. Екінші рәкатта аттахияту мөлшерінен көп отырмау.
8. Сәждеде маңдай мен мұрынды бір жерге қою.
9. Соңғы отыруда *аттахияту* дұғасын оқу.
10. Намазда тадили әрканға амал ету.
11. Намаздың соңында *«Ассаламу алейкум уә рахматуллаһ»* деп сәлем беру.
12. Үтір намазының үшінші рәкатының соңында *Құныт дұғасын* оқу.
13. Айт намаздарында тәкбір алу.
14. Имамның таң намазы, жұма, айт, тарауих, үтір намаздарында және ақшам мен құптан намазының алғашқы екі рәкатында дауыстап (басқаларға естіртіп) оқуы.
15. Имамның және жеке оқыған кісінің бесін, екінді, ақшам, құптан парыздарының үшінші және төртінші рәкаттарында дауыс шығармай іштен (тек өзіне естіртіп) оқуы уәжіп. Имамның дауыстап оқуы уәжіп болған жерлерді жеке оқыған кісінің дауыстап та, іштен де оқуы жаиз.

Құрбан айттың арафа күнінің таң намазынан, төртінші күннің екінді намазына дейін 23 парыз намазының артынан ***Ташриқ тәкбірін*** оқу уәжіп.

Сәһу (жаңылу не ұмыту) **сәждесі:** Намаз оқыған кісі намаздың парызынан біреуін біле тұра немесе ұмытып тәрк етсе, намазы бұзылады. Егер бір уәжіпті ұмытып тәрк етсе, намазы бұзылмайды. Бірақ сәһу сәждесін жасау керек болады. Сәһу сәждесін біле тұра жасамаған немесе намаздың уәжіптерінен біреуін біле тұра тәрк еткен кісінің сол намазды қайтадан оқуы уәжіп, оқымаса күнәһар болады. Сүннетті тәрк еткен кісіге сәһу сәждесі қажет емес. Сәһу сәждесі, парыздың не уәжіптің біреуі кешіктірілгенде немесе бір уәжіп тәрк етілгенде жасалады.

Намазда бірнеше жерде сәһу сәждесін жасау қажеттілігі туса бір мәрте жасау жеткілікті болады. Имам жаңылса, оған ұйыған жамағаттың да сәһу сәждесін жасауы керек. Имамға ұйыған кісі жаңылса, оған сәһу сәждесін жасаудың қажеті жоқ.

Сәһу сәжде жасау үшін, әттахият оқылып бір жаққа сәлем беріледі де екі рет сәжде жасалынып, отырылады. Отырған кезде әттахият, салауаттарды, раббана атина дұғаларын оқып намаз аяқталады. Бір немесе екі жаққа сәлем беріп немесе мүлде сәлем берілмей де сәһу сәждесін жасауға болады.

Сәһу сәждесін қажет ететін жағдайлар

Отыруы қажет болған жерде тұру, тұру керек болған жерде отыру. Дауыстап оқылуы уәжіп болған жерде іштен оқу, іштен оқу уәжіп болған жерде дауыстап оқу. Дұға оқылуы керек болған жерде Құран Кәрім оқу немесе Құран Кәрім оқылатын жерде дұға оқу. Мәселен: Фатиха сүресінің орнына әттахият дұғасын оқу, Әттахият оқылатын жерде Фатиханы оқу. Бұл жерде Фатиха тәрк етілген болады. Намазды аяқтамастан сәлем беру. Парыз намаздарының үшінші және төртінші рәкаттарында Фатихадан кейін зәм сүре оқу. Парыздардың алғашқы екі рәкатында фатихадан кейін зәм сүре оқымау. Айт намазының тәкбірлерін тәрк ету. Үтір намазында құнұт дұғасын тәрк ету.

Тиләует сәждесі

Құран Кәрімде он төрт жерде сәжде аяты бар. Бұлардың біреуін оқыған немесе естіген кісінің мағынасын түсінбесе де бір

сәжде жасауы уәжіп. Сәжде аяттарын жазған, буынға бөліп оқыған кісі сәжде жасамайды.

Таулардан, шөлдерден және басқа жерлерден қайтқан жаңғырықты естігендердің сәжде етуі уәжіп емес. Адамның дауысы болуы қажет. Радиодан, микрофоннан естілген дауыстың адам дауысы еместігі, оқығанның дауысына ұқсас жансыз құралдың дауысы екендігі жоғарыда айтылды. Сол үшін радиодан және магнитофоннан оқылған аяттарды естіген кісіге тиләует сәждесін жасау уәжіп болмайды.

Тиләует сәждесін жасау үшін дәретті болып, қыблаға қарап тұрып, қолдарын көтерместен ***«Аллаһу әкбар»*** деп сәждеге барады. Үш мәрте ***«Субханә раббиал аъла»*** делінеді. Содан соң ***«Аллаһу әкбар»*** деп сәжеден тұрумен тіләует сәждесі аяқталады. Ең алдымен ниет етілуі керек. Ниет болмаса қабыл болмайды.

Сәжде аяты намаз ішінде оқылғанда, дереу бөлек рүку мен сәжде жасап қайта тұрады. Намазын жалғастырады. Сәжде аятын оқып, екі-үш аяттан соң намаздың рүкуын жасаса және тиләует сәждесіне ниет етсе, намаздың рүку және сәжделері, тиләует сәждесінің орнына жүреді. Жамағатпен оқыған адам, имам сәжде аятын оқыған кезде, имамның оқығанын естімесе де, имаммен бірге бөлек бір рүку және екі сәжде жасайды. Жамағаттың рүкуде ниет етуі керек. Намаз сыртына кешіктіруге болады.

Шүкір сәждесі

Шүкір сәждесі тіләует сәждесі сияқты орындалады. Өзіне нығмет берілген немесе бір аурудан жазылған адамның Аллаһу та’алаға шүкір сәждесі жасауы мустаһаб. Сәждеде алдымен ***«Әлхамду–лиллаһ»*** дейді. Содан кейін сәжде тасбихын оқиды. Бірақ әр бес уақыт намаздан кейін бір шүкір сәждесі жасап орнынан тұру мәкрух.

Намазда тадили әрканды орындамағандардың бүкіл жаратылысқа зияны тиеді. Өйткені ол адамның күнәсінің кесірінен жаңбыр жаумайды, егін шықпайды, беймезгіл уақытта жауын жауып, пайда орнына зиянын тигізетіндігі айтылған.

Намаздың сүннеттері

1. Ифтитах тәкбірінде қолды құлаққа дейін көтеру.

2. Қолдың ішін қыблаға бағыттау.

3. Тәкбірден кейін қол байлау.

4. Оң қолды сол қолдың үстіне қою.

5. Ер кісінің қолдарын кіндіктен төмен ұстауы, ал әйелдердің қолдарын көкірекке қоюы.

6. Ифтитах тәкбірінен кейін *«Субханәкә»* оқу.

7. Имамның және жеке оқыған адамның *«Аузу»* оқуы.

8. *Бисмиллаһ* айту.

9. Рукуде үш мәрте *«Субханә раббиал азым»* деп айту.

10. Сәждеде үш рет *«Субханә раббиал аъла»* деп айту.

11. Соңғы отырыста *Салауат* дұғаларын оқу.

12. Сәлем бергенде екі жаққа қарау.

13. Имамның жұма және айт намаздарынан басқа, әр намазда бірінші рәкатта, екінші рәкатта оқитынынан екі есе ұзын оқуы.

14. Рукуден тұрарда имамның және жеке оқыған адамның *«Сәми Аллаһу лимән хамидәһ»* деп айтуы.

15. Рукуден тұрғаннан кейін *«Раббәнә ләкәл хамд»* деп айту.

16. Сәждеде аяқ саусақтарын бүгіп қыблаға бағыттау.

17. Руку және сәжделерде иіліп жатқанда және тұрып жатқанда *«Аллаһу әкбар»* деп айту.

18. Қолдарын және тізелерін жерге тигізу.

19. Қиямда тобықтардың арасы төрт елі болу. Рукуде, қавмәде және сәждеде тигізіп ұстау.

20. Фатихадан кейін өзі еститіндей *амин* деп айту, рүкуден бұрын тәкбір алу, рүкуде саусақтарды ашық ұстап тізенің үстіне қою, сәжде үшін тәкбір алу, отырғанда сол аяғын жерге жатқызып, оң аяғын тік қойып отыру, екі сәжде арасында отыру.

Ақшам намазында қысқа сүрелер оқылады. Таң намазында алғашқы рәкат екіншіге қарағанда біраз ұзағырақ оқылады. Имамға ұйыған адам фатиха және зәм сүре оқымайды субханәкә оқиды. Тәкбірлерді айтады, эттахияту, салауат шәрифтерді оқиды.

Намаздың мустаһабтары

1. Намазда сәжде ететін жерге қарау.
2. Рукуде аяқ ұштарына қарау.
3. Сәждеде мұрнын қойған жерге қарау.
4. Әттахиятта отырғанда тізелерінің үстіне қарау.
5. Фатихадан кейін оқылатын аят мөлшері, таң және бесін намаздарында ұзын, ақшам намаздарында қысқа болуы.
6. Имамға ұйыған адам тәкбірді іштен айтуы.
7. Рукуде саусақтарды ашып, тізенің үстіне қою.
8. Рукуде бас пен мойынды бірдей түзу ұстау.
9. Сәждеге барарда алдымен оң тізені кейін сол тізені жерге қою.
10. Сәждені екі қолдың аралығында жасау.
11. Сәждеге мұрнынан кейін маңдайын қою.
12. Намазда есінегенде қолдың сыртымен аузын жабу.
13. Еркектердің сәждеде шынтақтарын көтеріп жоғары ұстауы, әйелдер қолдарын жерге төсейді.
14. Еркектердің сәждеде қолдарын және аяқтарын қарнынан бөлек ұстауы.
15. Руку және сәждеде үш мәрте тәсбих айтатындай уақыт тұру.
16. Сәждеден басын көтергеннен кейін қолдарын жерден көтеру.
17. Қолдарын көтергеннен кейін тізелерін көтеру.
18. Әттахиятуда қолдарын санның үстіне қойып, саусақтарын қыблаға қарай түзу ұстап бүкпеу және ойнатпау.
19. Оңға және солға сәлем берерде басын бұру.
20. Сәлем берерде иықтарына қарау.

Намаздың мәкрухтары

1. Киімді кимей, иығына тастап қойып намаз оқу.
2. Сәждеге барарда шалбардың балақтарын көтеру.
3. Көйлектің етегін және жеңдерін түріп қойып намаз оқу.
4. Пайдасыз әрекеттер жасау.

5. Іс киімі және үлкендердің алдына шыға алмайтын киіммен намаз оқу.

6. Аузында қыраатқа кедергі болмайтын бір нәрсе болу. Кедергі болса намаз бұзылады.

7. Жалаңбас намаз оқу.

8. Үлкен не кіші дәрет немесе жел қысып тұрғанда намаз оқу.

9. Намазда сәжде жасайтын жердегі тас немесе топырақты қолмен сыпыру.

10. Намазға тұрарда, намаз ішінде саусақтарын шықырлату.

11. Намазда қолын бүйіріне таяу.

12. Басын жан-жаққа бұру, жан-жағына қарау. Кеудесі бұрылса намаз бұзылады.

13. Ит сияқты отыру.

14. Сәждеде еркектердің шынтақтарын жерге төсеуі.

15. Адамның жүзіне қарсы немесе көтеріңкі дауыспен әңгімелескендердің артында намаз оқу.

16. Біреудің сәлеміне басымен, қолымен жауап беру.

17. Намазда және намаздан тыс уақытта есінеу.

18. Намазда көздерін жұму.

19. Имамның миһраб ішіне кіріп тұруы.

20. Имамның жалғыз өзі жамағаттан жарты метр биікте тұруы тәнзиһән мәкрух.

21. Имамның тек өзі төменде тұруы да тәнзиһән мәкрух.

22. Парыздарда алдыңғы сапта бос жер бар кезде артқы сапқа тұру және сапта бос жер жоқ болған кезде, саптың артында жалғыз тұру.

23. Үстінде жанды нәрсенің суреті бар киіммен оқу.

24. Жанды нәрсенің суреті, намаз оқығанның жоғарысында, басында, алдында, оң және сол жақ тұсында дуалға немесе матаға, қағазға салынып ілініп қойылған болса мәкрух болады. Крест суреті де жанды нәрсенің суреті сияқты.

25. Жалыны бар отқа қарсы намаз оқу.

26. Намазда аяттарды, тәсбихтерді қолмен санау.

27. Басынан аяғына дейін бір матамен оранып намаз оқу.

28. Жалаң басына сәлде орап намаз оқу.

29. Аузын және мұрнын жауып оқу.

30. Себепсіз қақыру.

31. Қолын бір-екі мәрте қозғауы.

32. Намаздың сүннеттерінің біреуін тәрк ету.

33. Себепсіз, баласы құшағында тұрғанда намазын бастауы.

34. Жүректі мазалайтын, тыныштықты бұзатын нәрселердің,

мәселен әсем нәрселердің жанында, ойын, шудың жанында немесе жақсы көретін тамағының жанында оқу.

35. Парыз оқып жатқанда, үзірсіз дуалға не бір тірекке сүйену.

36. Рукуға иілгенде және тұрарда қолдарын құлағына қарай көтеру.

37. Қыраатты рүкуға иілгенде бітіру.

38. Сәждеге және рүкуға имамнан бұрын бару және имамнан бұрын басын көтеру.

39. Нәжіс болуы мүмкін болған күмәнді жерде намаз оқу.

40. Қабірге қарап намаз оқу.

41. Ташаһудте сүннетке сай отырмау.

42. Екінші рәкатта біріншісіне қарағанда үш аят ұзын оқу.

Намаз сыртында мәкрух болған нәрселер

1. Кез-келген жерде дәрет бұзғанда немесе истинжа қыларда қыблаға арқасымен немесе алдымен қарап отыру.
2. Күнге және айға қарап дәрет бұзу.
3. Кішкентай балаларды қыблаға қарсы ұстап дәрет бұздырту мәкрух болады. Сол үшін үлкендерге харам болған нәрсені кішкентайларға жасату үлкендерге харам болады.
4. Қыблаға қарай үзірсіз аяқтарын ұзату.
5. Мусхафқа (Құран Кәрім) және діни кітаптарға қарай аяғын ұзату. Биік жерде болса, мәкрух болмайды.

Намазды бұзатын нәрселер

1. Үзірсіз жөтелу немесе қақыру.
2. Намаз оқып жатқан кісінің, басқа біреу түшкіргенде *«Ярхамукаллаһ»* деп айтуы.
3. Намазын жеке оқып жатқан кісі жанындағы жамағатта имамның жаңылғанын байқап, ескертсе немесе жөндесе, өзінің намазы бұзылады. Егер имам да бұл кісінің жөндегеніне ұйып жөндеп оқыса, имамның да намазы бұзылады.
4. Намаздың ішінде «Ла илаһә иллаллаһ» десе, бірақ мақсаты жауап болса, намазы бұзылады. Егер мақсаты білдіру болса намазы бұзылмайды.

5. Әурет жерінің ашылуы.

6. Ауру немесе басқа бір дерт себебімен жылау. (Жәннат немесе тозақ есіне түсіп, соны ойлап жыласа бұзылмайды)

7. Қолымен және тілімен сәлем алу.

8. Қаза намаздарының саны бестен аз болып, намазда тұрғанда есіне түссе.

9. Намазда тұрғанда бір іс-әрекет жасаса, оны сыртынан көрген адам намаз оқып жатқан жоқ деп ойласа, намазы бұзылады.

10. Намазда тұрғанда бір нәрсе жеу немесе ішу.

11. Намазда тұрғанда сөйлеу.

12. Имамнан басқасының қатесін жөндеу.

13. Намазда тұрғанда күлу.

14. Намазда тұрғанда ыңылдау.

Намазды бұзуды мубах қылған нәрселер

1. Жыланды өлтіру үшін.
2. Қашқан хайуанды ұстау үшін.
3. Отарды қасқырдан құтқару үшін.
4. Тасыған қазанды оттан алу үшін.
5. Жамағаттың немесе уақыттың өтіп кету қауіпі болмаған кезде басқа бір мазһабта намазды бұзатын нәрседен құтылу үшін. Мәселен: дирхамнан аз болған нәжісті тазалау үшін немесе бөтен әйелге қолы тигені еске түсіп, қайта дәрет алу үшін намазды бұзу жаиз.
6. Дәреттің қысқанынан құтылу үшін де намазды бұзуға болады.

Намазды бұзуды парыз ететін жағдайлар

1. Құтқар деп айқайлаған кісіні құтқару үшін және құдыққа құлау қауіпі болған көрді, өртеніп немесе тұншығып жатқан біреуді құтқару үшін, өртті сөндіру үшін.

2. Әке-шеше немесе ата-әжесі шақырғанда парыз намазын бұзу уәжіп емес. Жаиз болса да қажет болмаса бұзбаған дұрыс. Нәпіл, сүннет намаздары болса бұзады. Егер олар құтқар десе, парыз намазы болса да бұзу керек болады.

Жамағатпен намаз оқу

Жамағат намазы ең азы екі кісінің бірі имам болып бірге оқуы арқылы орындалады. Бес уақыт намаздардың парыздарын жамағатпен оқу еркектер үшін сүннет. Жұма намазын жамағатпен оқу парыз**.**

Пайғамбарымыз хадистерінде жамағатпен намаз оқудың сауабының көп екендігі тұралы былай деді: ***«Жамағатпен оқылған намазға, жалғыз оқыған намаздан жиырма жеті есе артық сауап беріледі».***

Тағы бір хадисте: ***«Жақсылап дәрет алып, мешіттердің біріне жамағатпен намаз оқу үшін барған адамның Аллаһу та'ала әрбір қадамына сауап жазады және әрбір қадамы үшін амал дәптерінен бір күнәсін өшіреді. Және де жәннатта оның дәрежесін көтереді».***

Жамағатпен намаз оқу мұсылмандар арасында бірлікті және қарым-қатынасты қалыптастырады. Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін нығайтады.

Жамағат бір жерге жиналып сұхбаттасады. Әр түрлі дерт, қиыншылық, мұқтаждықтар осының арқасында ортаға шығады. Жамағат мұсылмандардың бір жан, бір тән екендігінің ең үлкен үлгісі.

Ауру, мүгедек, жүре алмайтын адамдардың жамағатқа баруы шарт емес.

Жамағатпен намаз оқуда оларға бас болып намаз оқытқан адамды - Имам деп атайды.

Имамдықтың шарттары

Имам болудың алты шарты бар. Бұл шарттардың бірі болмаған адамға ұйып оқылған намаз қабыл болмайды.

1. Мұсылман болу. Хазреті Әбу Бәкір Сыддық пен Хазреті Омар Фаруқтың (радыяллаһу анһ) халифалығына, миғражға, қабыр азабына сенбеген адам имам бола алмайды.
2. Балиғат жасқа жету.
3. Ақылды болу. Мас және алжыған адам имам бола алмайды.

4. Еркек болу. Әйел кісі еркектерге имам бола алмайды.

5. Кемінде фатиха сүресімен тағы бір аятты дұрыс оқи алу керек. Аят білмейтін, немесе білгенін тәжуидпен оқи алмайтын адам имам бола алмайды.

6. Үзірсіз болу керек. Үзірлі адам үзірсіз адамдарға имам бола алмайды.

Имам Құран Кәрімді тәжуидпен оқу керек. Дұрыс оқу - тәжуидпен оқу дегені. Намаздың шарттарына мән бермейтін имамның артында намаз оқылмайды.

Пайғамбарымыздың: ***«Салих және фажир (күнәһар) әр адамның артында намаз оқыңыздар.»*** деген хадисі мешіт имамдары үшін емес, жұма намазында имам болатын әкімдер мен биліктегілер үшін айтылған.

Имамдыққа лайық адам сүннетті, яғни Исламды ең жақсы білетін адам. Бұл мәселеде білімі тең болғандардың ішінен Құран Кәрімді ең жақсы оқитыны имам болады. Бұл жерде де тең түскендердің тақуалығы жоғары болғаны имам болады. Мұнда да тең болғандардың жасы үлкені имамдыққа өтеді.

Құл, бәдәуи, пасық, соқыр және зинадан туылғанның имамдығы мәкрух болады.

Имам жамағатты жалықтыратындай және қысатындай дәрежеде намазды ұзатпауы керек.

Әйелдердің өз арасында жамағатпен намаз оқулары мәкрух. Бір адамға имам болған кісі оны оң жағына тұрғызады. Екі кісіге имам болса, олардың алдына өтіп тұрады. Әйелдер мен балалардың ересек кісілерге имам болуы жаиз емес.

Имамның артында еркектер, одан кейін балалар, кейін әйелдер сап болып тұрады.

Имам әйелдерге де имам болуға ниет еткенде жамағаттағы әйел еркектің жанына тұрып қалса, ер кісінің намазы бұзылады. Егер имам әйелдерге имам болуға ниет етпеген болса, әйелдің қасында тұрған еркектің намазы бұзылмайды. Керісінше имамға ұйыған әйелдің намазы өтпейді. Тұрып оқитын адамның отырып оқитын имамға ұюы жаиз. Мұқим да сафари имамға ұя алады.

Парыз оқып жатқан адам, сүннет оқып жатқан адамға ұя алмайды. Сүннет оқып тұрған адам парыз оқып жатқан адамға ұя алады.

Имамға ұйып намаз оқығаннан кейін, имамның дәретсіз екенін білген адам намазын қайталайды.

Рәғаиб, Бәраат және Қадыр намаздарын жамағатпен оқу мәкрух.

Жамағат қаласа да, имамның парыз оқытып жатқанда қыраат пен тасбихтерді сүннет мөлшерінен артық оқуы тахриман мәкрух болады.

Имамға рүкуде жете алмаған адам сол рәкатты имаммен бірге оқыған болып саналмайды.

Имам рүкуде тұрғанда келген адам ниет етіп тік тұрып тәкбір алып, намазға кіреді. Дереу рүкуға иіліп имамға ұяды. Рукуге иілместен имам тұрып қойса, адам рүкуға үлгермеген болып саналады.

Имамнан бұрын рүкуға иілу, сәждеге бару және имамнан бұрын тұру тахриман мәкрух. Парыз намаздарын оқып біткеннен кейін сапты бұзу мустаһаб.

Бір мүмин бес уақыт намазын әр күн жамағатпен оқыса, барлық Пайғамбарлармен бірге оқығандай сауапқа ие болды.

Кімде-кім ешқандай себепсіз жамағатты тәрк етсе, ол адам жәннаттың иісін сезе алмайды. Жамағатты үзірсіз тәрк еткендер төрт кітапта да малғұн деп сипатталған.

Бес уақыт намазды жамағатпен оқуға тырысу керек. Қиямет күні Аллаһу та’ала таразының бір жағына жеті қат аспанды, Аршты, Күрсіні және барлық махлұқ атаулыны қойса, ал бір жағына жамағатпен оқылған бір уақыт намаздың сауабын қойса, жамағатпен оқылған намаздың салмағы әлде қайда ауыр келеді.

Имамға ұюдың он шарты бар

1. Намазға кірерде тәкбірден бұрын имамға ұюға ниет етіледі. ***«Ұйыдым осы имамға»*** деп жүректен ниет ету керек.
2. Имам әйелдер үшін имам болуға бөлек ниет ету керек. Еркектерге имам болуға деп ниет ету шарт емес. Бірақ ниет етсе, жамағаттың сауабын алады.
3. Жамағаттың тобығы, имамның тобығынан артта тұру керек.
4. Имам мен жамағат бірдей парызды оқу ниетінде болу керек.
5. Имам мен жамағаттың арасында әйелдер сапы болмау керек.

6. Имам мен жамағаттың арасынан қайық өтетіндей өзен, немесе арба өтетіндей жол болмауы керек.
7. Имам мен жамағат арасында бір-бірін көре алатын немесе даусын ести алатын терезесі жоқ дуал болмауға тиіс. Яғни терезесіз дуалмен бөлінген екі бөлмеге жиналғандардың микрофон колонкасы немесе тікелей теле эфир арқылы бір имамға ұйып намаз оқулары сахих болмайды.
8. Имам аттың үстінде, жамағат жерде немесе керісінше болмауы керек.
9. Имам мен жамағат бір-біріне тиіп тұрмаған екі кемеде болмауы керек.
10. Басқа мазһабтағы имамға ұйыған жамағаттың намазы сахих болуы үшін екі риуаят бар: Бірінші үкім бойынша, жамағат өз мазһабында намазды бұзатын бір нәрсенің имамда болғанын білмеуі керек. Екінші үкім бойынша, өз мазһабында намазы сахих болған имамға басқа мазһабтағылар да ұя алады. Осы екінші үкімге сүйене отырып, тісінде коронка, не пломбасы болған имамға ұю жаиз болады.

Жамағат бір адамнан тұрса, имамның оң жағында тұрады. Сол жағында немесе артында тұру мәкрух болады. Ұйыған кісінің тобығы имамның тобығы тұсынан алға шығып тұрмаса намазы сахих болады. Жамағат екі немесе одан көп кісіден құралса, имамның артында тұрады.

Имаммен бірге оқығанда жалғыз оқыған сияқты оқылады. Бірақ қиямда имам ішінен оқыса да, дауыстап оқыса да, жамағат ешнәрсе оқымайды. (Шафии мазһабында имаммен бірге жамағат та ішінен Фатиха оқиды) Тек бірінші рәкатта ***«Субханака»*** оқиды. Имам дауыстап ***«Фатиха»*** оқып біткен кезде жамағат ішінен ***«Амин»*** дейді. Бұл дауыстап айтылмайды. Рүкуден көтерілер кезде имам ***«Самиаллаһу лиман хамидаһ»*** дегенде, жамағат тек ***«Раббәна ләкәл хамд»*** дейді. Содан кейін иіліп ***«Аллаһу акбар»*** деп, имаммен бірге жамағат та сәждеге барады. Рукуде, сәждеде және отырғанда жамағат та жалғыз оқығандай оқиды.

Масбуқтың намазы

Имамға ұйығандар төрт түрлі болады. Бұлар: **Мудрик, мұқтади, масбуқ** және **лахиқ.**

Мудрик – Ифтитах тәкбірін имаммен бірге алған адам.

Мұқтади – Ифтитах тәкбіріне үлгермеген адам.

Масбуқ – Имамға бірінші рәкатта үлгермеген адам.

Лахиқ - Ифтитах тәкбірін имаммен бірге алған, бірақ кейін намазда дәреті бұзылып дәрет алып, қайтадан имамға ұйыған адам**.** Бұл адам алдындағыдай қыраатсыз, рүку мен сәжде тасбихтарын айтып, намаздарын оқиды. Ол дәрет алуға барып-келгенде дүние сөзін сөйлемеген болса, имамның артында тұрғандай болып есептеле береді. Бірақ мешіттен шыққаннан кейін ең жақын жерде дәрет алуы керек. Көп алыстап кетсе, намазы бұзылады.

Масбуқ, яғни имамға бірінші рәкатта үлгере алмаған адам, имам екі жағына сәлем бергеннен кейін түрегеліп үлгермеген рәкаттарын оқиды.

Қырааттарды бірінші, кейін екінші, одан кейін үшінші рәкатты оқығандай оқиды. Ал отырғанда төртінші, үшінші және екінші рәкат кезегімен, яғни соңынан басына қарай оқылады. Мысалы: Құптан намазының соңғы рәкатында имамға ұйыған адам, имам сәлем бергеннен кейін тұрып, бірінші және екінші рәкатта Фатиха және бір сүре оқиды. Бірінші рәкаттан кейін отырады. Екінші рәкатта отырмайды.

Бес нәрсені имам істемесе, жамағат та істемейді. Олар:

1. Имам құныт оқымаса, жамағат та оқымайды.
2. Имам айт намазында тәкбірлерді айтпаса, жамағат та айтпайды.
3. Имам төрт рәкатты намаздың екінші рәкатында отырмаса, жамағат та отырмайды.
4. Имам сәжде аятын оқып, сәжде қылмаса, жамағат та қылмайды.
5. Имам сәһу сәждесін жасамаса, жамағат та істемейді.

Төрт нәрсені имам істесе де, жамағат істемейді. Олар:

1. Имам екіден көп сәжде етсе, жамағат етпейді.
2. Имам айт тәкбірлерін бір рәкатта үштен көп айтса, жамағат айтпайды.
3. Имам жаназа намазында төрттен көп тәкбір айтса, жамағат айтпайды.
4. Имам бесінші рәкатқа тұрып кетсе, жамағат тұрмайды, имамды күтіп бірге сәлем береді.

Он нәрсені имам істемесе де, жамағат істейді. Олар:

1. Ифтитах тәкбіріне қолды құлаққа көтеру.
2. Субханәкә оқу.
3. Рүкуге иілгенде тәкбір айту.
4. Рукуде тасбих оқу.
5. Сәждеге жатып тұрар кезде тәкбір айту.
6. Сәжделерде тасбих айту.
7. ***Сами Аллаһу..*** демесе де ***Раббәнә ләкәл хамд*** деу.
8. Әттахиятуды соңына дейін оқу.
9. Намаз соңында сәлем беру.
10. Құрбан айтында жиырма үш парыздан кейін сәлем берер-бермес ташриқ тәкбірін оқу.

Ифтитах тәкбірінің құндылығы

Кімде-кім ифтитах тәкбірін имаммен бірге алса, ол адамның күнәлары күздің күні ағаш жапырақтары жел соққанда төгілгендей төгіледі.

Бір күні Пайғамбарымыз намаз оқып жатқан кезде біреу таң намазының ифтитах тәкбіріне үлгере алмай қалды. Сол үшін бір құлды азат етіп келіп, пайғамбарымыздан сұрады: «Йа, Расулаллаһ! Мен бүгін ифтитах тәкбіріне үлгере алмай қалдым. Бір құл азат еттім. Ифтитах тәкбірінің орнын толтыра алдым ба?» Пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкір Сыддықтан (радыяллаһу анһ): ***«Сен не дейсің, бұл ифтитах тәкбірі жөнінде?»*** деп сұрады. Хазреті Әбу Бәкір (радыяллаһу анһ) былай деді: «Йа Расулаллаһ!

Қырық түйем болса, қырығының да қоржыны гауһарға толы болса, барлығын кедейлерге таратсам да, имаммен бірге алынған ифтитах тәкбірінің сауабына жетпейді».

Одан кейін Пайғамбарымыз: ***«Йа, Омар! Сен не дейсің ифтитах тәкбірі жөнінде?»*** дегенде, хазреті Омар (радыяллаһу анһ): «Йа, Расулаллаһ! Мекке мен Мадина арасы толған түйем болса және бұлардың жүктері гауһар болса, барлығын кедейлерге таратсам да ифтитах тәкбірінің сауабына жете алмаймын»- деді.

Кейін Пайғамбарымыз: ***«Йа, Осман! Сен не дейсің?»*** дегенде, хазреті Осман (радыяллаһу анһ): «Йа, Расулаллаһ! Түнде екі рәкат намаз оқысам, әр рәкатта Құранды толық хатым етсем де, имаммен бірге алынған ифтитах тәкбірінің сауабына жете алмаймын» деді.

Одан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ***«Йа, Әли! Сен не дейсің ифтитах тәкбірі жөнінде?»*** Хазреті Әли (радыяллаһу анһ): «Йа, Расулаллаһ! Шығыс пен батыс арасы кәпірлерге лық толы болса, Раббым маған қуат беріп барлығымен соғыссам да, имаммен бірге алынған ифтитах тәкбірінің сауабына жете алмаймын»- деді.

Бұдан кейін Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Ей, менің үмметім және асхабым! Жеті қат аспан мен жеті қат жер қағаз болса, және дариялар сия болса, және бүкіл ағаштар қалам болса, барлық періштелер жазушы болып қияметке дейін жазса да имаммен алынған ифтитах тәкбірінің сауабын жазып бітіре алмайды».***

Оқиға: Сарайға салынған мешіт

Имам Ағзам Әбу Ханифаның шәкірті Имам Әбу Юсуф, Халифа Харун Рашид заманында қазы болатын. Бір күні Харун Рашидтің жанында отырғанда біреуден шағым түседі. Харун Рашидтің уәзірі «Бұған куәмін» дейді. Имам Әбу Юсуф уәзірдің куәлігін қабылдамайды. Халифа: «Уәзірдің куәлігін неге қабыл етпейсің?»- деп сұрайды. Имам Әбу Юсуф: «Бір күні оған бір іс бұйырған едіңіз. Сонда ол сізге «Әміріңізге құлдық» деген еді. Егер шын айтқан болса, құлдың куәлігі қабыл етілмейді. Ал өтірік айтқан болса, өтірікшінің куәлігі де тыңдалмайды» - деді. Халифа: «Мен куәлік етсем, қабыл етесің бе?» - деп сұрайды.

«Жоқ, қабылдамаймын»- дейді қазы. Халифа: «Неге?»- дегенде, имам: «Сіз намазды жамағатпен оқымайсыз»- деген екен. Халифа: «Мен мұсылмандардың жұмысымен шұғылданып көбінесе жамағатпен оқи алмаймын»- дегенде, имам: «Жаратушыға ғибадат етілетін жерде жаратылғанға бағынбайды»- деді. Халифа бұл сөзді мақұлдап, сарайына мешіт салынуын әмір етті. Азаншы мен имам тағайындап, бұдан былай намазын тек жамағатпен оқыды.

Жұма намазы

Аллаһу та'ала жұма күнін мұсылмандарға тән қылған. Жұма күні түс уақытында жұма намазын оқу Аллаһу та'аланың бұйрығы. Аллаһу та'ала Жұма сүресінің соңғы аятында: **«Ей, иман келтіру абыройына ие болған құлдарым! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде хутба тыңдау және жұма намазын оқу үшін мешіттерге асығыңдар. Сауда-саттықты тоқтатыңдар. Жұма намазы және хутба сізге басқа жұмыстарыңыздан да пайдалы. Жұма намазын оқып болғаннан соң, дүние жұмыстарыңыз үшін таралуыңызға болады. Аллаһтан ризық, несібе күтіп еңбек етіңдер. Сондай-ақ құтылу үшін Аллаһты көп зікір етіңдер.»** -деп бұйырған.

Намаздан кейін қалағандар жұмысына, қалағандар мешітте қалып дұға етумен шұғылдана алады. Жұма намазының уақыты кіргенде сауда-саттықпен айналысу күнә.

Хазреті Пайғамбарымыз көптеген хадистерінде: ***«Мұсылман кісі жұма күні ғұсыл алып, жұма намазына барса, бір апталық күнәлары кешіріліп және әрбір басқан қадамы үшін сауап беріледі»***. ***«Жұма намазын оқымаған кісілердің жүректерін Аллаһу та'ала мөрлеп тастайды». «Күндердің ең абзалы жұма күні. Жұма күні - айт күндері мен ашура күнінен де абзал. Жұма осы дүниеде және жәннатта мұсылмандардың мейрамы». «Егерде бір кісі жұма намазына еш бір кедергісіз үш рет бармайтын болса, Аллаһу та'ала оның жүрегін мөрлеп қояды. Яғни жақсылық жасай алмайтын болып қалады»***. ***«Жұма күні бір уақыт бар, сол уақытта жасалынған дұға қайтарылмайды». «Жұма намаздан кейін жеті рет Ихлас, Нас, Фәлақ сүрелерін оқыған кісіні Аллаһу та'ала бір апта қазадан, бәледен және***

жаман нәрселерден қорғайды». «Сенбі күні яһудилерге, жексенбі күні христиандарға берілген, ал жұма күні мұсылмандарға берілген. Бұл күнде мұсылмандарға берекет пен жақсылық бар».

Жұма күнгі ғибадаттардың сауабы басқа күнде орындалған ғибадаттардың сауабынан екі есе көп. Жұма күні істелген күнәлар да екі есе болып жазылады.

Жұма күні рухтар жиналады және бір-бірімен танысады. Қабірлер зиярат етіледі. Бұл күні қабір азабы тоқтатылады. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша бұл күні мүминдердің азабы мүлдем тоқтатылады. Кәпірлердің азабы тек жұма күні мен рамазан айында ғана тоқтатылып, басқа уақыттарда азап қиямет күніне дейін жалғасады. Жұма күні және түнінде дүниеден өткен мүминдер қабір азабына ұшырамайды. Жұма күні тозақтың оты қатты ыстық болмайды. Адам алейһиссалам жұма күні жаратылды. Жұма күні жәннаттан шығарылды. Жәннаттағылар Аллаһу та’аланы жұма күндерінде көреді.

Жұма намазының парыздары

Жұма күні он алты рәкат намаз оқылады. Бұлардың ішінде 2 рәкаты парыз. Жұма бесін намазынан да қуатты парыз. Жұма намазы парыз болуы үшін мына екі шарт қажет:

1.Ада шарттары (өтелетін шарттар).

2.Вужуб шарттары (керек болған шарттар).

Ада шарттарының бірі кем болып немесе орындалмаса, намаз қабыл болмайды. Ал вужуб шарттары жоқ болса, намаздың қабыл болуына кедергі болмайды.

Ада, яғни жұма намазының сахих болуы үшін 7 шарт бар:

1. Намазды қалада оқу.
2. Үкімет басшысының немесе әкімнің рұқсатымен оқу. Бұлар тағайындаған имам-хатип өз орнына басқасын өкіл ете алады.
3. Жұманы бесін намазының уақытында оқу.
4. Уақыттың ішінде хутба оқу. (Ғалымдар жұма хутбасын оқу, намазға тұрарда *Аллаһу әкбар* деп айтумен бірдей деген.)

Екі хутбаны да тек арапша оқу керек. Имам ішінен аъузуды айтып, кейін дауыстап хамд уә сәна және кәлимаи шаһадат салауат оқиды. Кейіннен сауапқа, азапқа себеп болатын нәрселерді ескертеді және Құран Кәрім оқиды. Кейін отырып тұрады. Бұл отыруда еш қандай артық әрекет жасалмайды. Тіпті дұға үшін қол да жайылмайды. Екінші хутба оқып, уағызда мұсылмандарға дұға етеді. Хутбада төрт халифаның атын атап өту мустаһаб. Хутбада дүние істеріне байланысты сөздер, хабарландырулар айту харам. Хутбаны қысқа оқу сүннет, ұзын оқу мәкрух болады.

5. Хутбаны намаздан бұрын оқу.
6. Жұма намазын жамағатпен оқу.
7. Мешіт есіктері баршаға ашық болу керек.

Жұма намазының вужуб шарттары тоғыз. Олар:

1. Жергілікті (муқим) тұрғын болу керек. Жолаушы (сафари) кісіге бұл намаз парыз емес.
2. Дені сау болуы керек. Ауру кісіге, өте қарт кісілерге және ауру қараушысына (егер тастап кете алмайтын болса) бұл намаз парыз емес.
3. Еркін болу.
4. Еркек болу, әйелдерге бұл намаз парыз емес.
5. Ақылды әрі балиғатқа толған болу керек.
6. Көзі көретін болуы керек.
7. Жүре алуы керек. Көлігі не жәрдемшісі болса да паралич кісіге, шолақ кісіге бұл намаз парыз емес.
8. Қамауда болмау керек. Дұшпанның, залымның және үкіметтің қауіпі болмау керек.
9. Өте қатты жаңбыр, қар, дауыл, суық, батпақ болмау керек.

Жұма намазы қалай оқылады?

Жұма күні бесін азаны айтылумен он алты рәкат жұма намазы оқылады. Оқу тәртібі төмендегідей:

1 - Ең бірінші жұма намазының төрт рәкаттық **алғашқы сүннеті** оқылады. Бұл намаз бесін намазының алғашқы сүннеті

сияқты оқылады. Бұл намазға: *«Аллаһу та'ала разылығы үшін жұма намазының алғашқы сүннетін оқуға ниет еттім, жүзімді қыблаға қараттым»*– деп ниет етіледі.

2 - Кейін мешіт ішінде екінші азан және хутба оқылады.

3 - Хутба оқылғаннан кейін қамат айтылып жамағатпен бірге жұма намазының екі рәкат парызы оқылады.

4 - Жұма намазының екі рәкат парызы оқылғаннан кейін төрт рәкат **соңғы сүннеті** оқылады. Бұның оқылуы да бесін намазының алғашқы сүннеті сияқты.

5 - Бұдан кейін: *«Мойныма парыз болып, өз уақытысында өтей алмаған соңғы бесіннің парызын оқуға»* деп ниет етіліп **Ахир зухур** (соңғы бесін) намазы оқылады. Бұған халық арасында ихтяты бесін деп те айтылады.

6 - Кейіннен екі рәкат **уақыт сүннеті** оқылады. Оқылуы таң намазының сүннеті сияқты.

7 - Бұдан кейін аятул курси және 33 тасбихтардың үшеуі айтылып дұға етіледі.

Жұма күнінің сүннеттері мен әдептері

1 - Жұма намазына бейсенбі күннен дайындалу.

2 - Жұма күні ғұсыл алу.

3 - Шашын алдыру, сақалы бір тұтамнан ұзын болса қысқарту, тырнақтарын алып жаңа, таза киімдер кию.

4 - Жұма намазына мүмкіндігінше ерте бару.

5 - Мешітте алдыңғы қатарға өту үшін жамағаттың иығынан аттамау.

6 - Мешітте намаз оқып жатқан кісінің алдынан өтпеу.

7 - Имам мінберге шыққаннан кейін сөйлемей хутбаны тыңдау. Сөйлегенге белгі беріп те жауап бермеу, екінші азанды қайталамау және хутба кезінде қол ашып дұға етпеу.

8 - Жұма намазынан кейін фатиха, кафирун, ихлас, фалақ және нас сүрелерін жеті рет оқу.

9 - Екінді намазына дейін мешітте қалып ғибадат ету.

10 - Әһли сүннет ғалымдарының дәрісіне немесе солардың кітаптарын оқып отырғандарға қатысып, тыңдау.

11 - Жұма күнін толық ғибадатпен өткізу.

12 - Жұма күні көп салауат айту.

13 - Құран Кәрім оқу. (Каһф сүресін оқу)

14 - Садақа беру.

15 - Әке-шешені немесе қабірлерін зиярат ету.

16 - Үйдегі асты ерекше әрі тәтті қылып даярлау.

17 - Көп намаз оқу. Қаза намазы болғандар намаздарының қазасын оқу керек.

Мойындарына парыз болмаса да әйелдердің Жұма немесе Айт намазы үшін мешіттерге барып, ер адамдардың кірулеріне, ғибадаттарына кедергі болулары күнә болады.

Айт намаздары

Шаууал айының бірінші күнінде Пітір, яғни рамазан мейрамының бірінші күні басталады. Зүлһиджаның оныншы күнінде Құрбан айтының бірінші күні басталады. Бұл екі күнде күн шыққаннан кейін шамамен 45 минут өткен соң, яғни кераһет уақытынан кейін екі рәкат Айт намазын оқу ер кісілер үшін уәжіп.

Айт намаздарының шарттары жұма намазының шарттары сияқты. Тек бұл намазда хутба сүннет болып, намаздан кейін оқылады.

Рамазан айтында намаздан бұрын құрма сияқты тәтті бір нәрсе жеу, ғұсыл алу, мисуак қолдану, жаңа, таза киімдер кию, пітір садақаны намаздан бұрын беру, жолда жай дауыспен тәкбір айту мустаһаб.

Құрбан айт намазынан бұрын ешбір нәрсе жемеу, намаздан кейін алдымен құрбандыққа шалынған малдың етінен жеу, намазға кетіп бара жатып дауыстап тәкбір айту, үзірі болғандардың жай дауыспен тәкбір айтуы мустаһаб. Айт намаздары екі рәкаттан құралады. Жалғыз оқылмай тек жамағатпен оқылады.

Айт намазы қалай оқылады?

1 - Алдымен: *«Ниет еттім уәжіп болған айт намазын оқуға, ұйыдым дайын тұрған имамға»* деп ниет етіледі. Ифтитах тәкбірін алғаннан кейін *«Субханака»* дұғасы оқылады.

2 - Субханака дұғасы оқылғаннан кейін үш рет тәкбір айтып әр тәкбірде қол құлаққа көтеріліп, алғашқы екі тәкбірден кейін екі жанына түсіріледі. Үшінші тәкбірде кіндіктің астына байланады. Имам алдымен фатиха сүресін, кейін зәм сүре оқып рүкуға барады.

3 - Екінші рәкатта имам фатиха және зәм сүре оқиды. Кейін екі қолын үш рет көтеріп, әр көтергенінде тәкбір айтып екі жанына түсіреді. Төртінші тәкбір айтқанда рүкуға барады. Қысқашасы, бұл намаз **екі таста, бір байла; үш таста, бір иіл!** деп жатталады.

Ташриқ тәкбірлері

Құрбан айтының арафа күні, таң намазынан бастап айттың төртінші күні екінді намазына дейін қажылардың және қажылыққа бармаған кісілер, ер-әйел, жамағат-жалғыз, барлығының парыз намазынан кейін сәлем берген сәтте бір рет **ташриқ тәкбірі**н айтулары уәжіп.

Жаназа намазынан кейін оқылмайды. Мешіттен шығып кет-кеннен соң немесе сөйлеп койған соң еске түссе, ташриқ тәкбірі айтылмайды. Имам намаздан кейін тәкбір айтуды ұмытып кетсе де, жамағат тәрк етпейді, ер кісілер дауыстап ташриқ тәкбірін айтады. Әйелдер ташриқ тәкбірін іштей айтады. Ташриқ тәкбірі: **«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар. Ла илаһә иллаллаһу уаллаһу әкбар. Аллаһу әкбар уә лиллаһил хамд».**

Өлімге дайындық

Өлімді еске алу ең үлкен насихаттардың бірі. Әрбір иман келтірген адамның өлімді еске алуы сүннет. Өлімді көп ойлау Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнып, күнәлардан алыс тұруға себеп болады, харам істеуге батылдығын азайтады. Сүйікті Пайғамбарымыз алейһиссалам бір хадисінде былай деп бұйырды: ***«Ләззаттарды жоятын, ойын-сауықтарды тоқтататын өлімді көп естеріңе алыңдар»***. Ғалымдардың көпшілігі күніне бір рет өлімді еске алып тұруды әдетке айналдырған.

Мұхаммед Бахауиддин Бұхари өзін күн сайын 20 рет өліп, мазарға көмілгендей елестететін.

Ғибадат ету және дінге қызмет ету үшін ұзақ өмір сүруді қалау ұзын амалды болуға жатпайды. Ұзын амал ауруына шалдыққандар ғибадаттарын уақытында орындай алмайды, тәубе етуді ұмытады, жүректері қатаяды, өлімді ойламайды және уағыз, насихаттардан үлгі-өнеге алмайды. Ондайлар бүкіл өмірін дүниеде мал-мүлік жинау және дүние қызығына бату жолында өткізеді. Ахыретті ұмытып, тек өзінің қызығы мен қамын ғана ойлайды. Хадис шәрифтерде былай делінген:

«Өлмей тұрып өліңіз. Есепке тартылмай тұрып өзіңізге есеп беріңіз».

«Өлімнен кейін болатын нәрселерді сіздер білгендей жануарлар да білгенде, азық болуға жарайтын семіз жануар таба алмайтын едіңіз».

«Күндіз түні өлімді еске алған адам, қиямет күні шәһидтердің жанында болады».

Дүниеде мәңгі қалам деген жалған ойдың, яғни ұзын амалды болудың басты себептері: Дүниенің жылтырағына, өткінші ләззаттарына берілу, өлімді ұмыту, денсаулығы мен жастық шағына алдану. Дүниеге алданбау үшін, яғни ұзын амалды болудан құтылу үшін ең алдымен осы себептерді жою керек. Өлімнің кез-келген уақытта жағадан жармасатынын естен шығармау қажет. Сондай-ақ ұзын амалды болудың зияндары мен өлімді естен шығармаудың пайдаларын үйренуіміз керек. Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде былай дейді: ***«Өлімді көп еске алыңыз. Оны ойлау адамды күнә істеуден қорғайды және ахыретте зиянды болған нәрселерден сақтануға себеп болады».***

Өлімді қалай түсінуге болады?

Өлім - жоқ болу деген сөз емес. Өлім - рухтың денеден айрылуы. Өлім - адамның бір халден екінші халге енуі. Бір үйден екінші үйге көшу сияқты. Омар бин Абдулазиз былай дейді. «Сіздер тек мәңгілік әлемге бару үшін жаратылдыңыз. Тек қана бір үйден басқа бір үйге көшесіздер». Өлім иман келтірген адам үшін сыйлық, нығмет, ал күнәһарлар үшін қайғы-қасырет. Адам өлімді қаламайды. Дегенмен өлім фитна-бүліктен жақсы. Адам өмір сүруді жақсы көреді. Дегенмен өлім оған қайырлы. Шынайы

мұсылман адам, өлім арқылы дүниенің қиындығынан құтылады. Жазықсыз жәбір көріп жатқан құлдар, залымдардың қиянатынан, зұлымдығынан осы өлімнің арқасында құтылып рахатқа қауышады.

Мүмин үшін, денеден жанның айырылуы, тұтқынның қапастан құтылуы сияқты болады. Мүмин өлгеннен кейін бұл дүниеге қайта келіп шәһит болуды қалайды. Өлім әр мұсылманға сыйлық. Бір адамның дінін тек мазары қорғайды. Мазардағы өмір болса не жәннат бақшасында, не тозақ шұңқырында өтеді.

Өлім хақ

Өлімнен құтылу мүмкін бе? Әрине жоқ! Адамның бір минут өмір сүру мүмкіндігі де өз қолында емес. Ажалы келген өледі. Бұл уақыт көз ашып жұмғанға дейін өтетін бір сәт. Құранның бір аятында: **«Ажалдары келгенде, оны бір сағат алға не кейін ала алмайды»-** делінген. Аллаһу та’ала бір адамның өлімін қай жерде жазса, ол адам мал-мүлкін, бала-шағасын тастап, сол жерде қайтыс болады. Аллаһу та’ала біздің бір күнде қанша рет тыныс алатынымызды біледі. Ол білмейтін еш нәрсе жоқ. Өміріміз иман етіп, ғибадатпен өткен болса, соңы саадет, яғни мәңгі жәннат болады. Аллаһу та’ала Әзрейіл алейһиссаламға: **«Достарымның жанын оңай ал, дұшпандарымның жанын қинап ал!»-** деп бұйырды.

Бұл иман келтіргендер үшін қол жетпес үлкен бақыт! Ал иманнан мақрұм қалып, өмірін қалай болса солай өткізіп жүргендер үшін қандай үрейлі пәлекет!

Жаназа намазы

Бір мұсылман кісінің дүниеден өткендігін естіген ер кісілер үшін, егер ер кісілер болмаса, әйелдер үшін жаназа намазын оқу фарзи кифая болады. Жаназа намазы Аллаһу та’ала үшін намаз, ал мәйіт үшін дұға болады. Бұл намаздың маңыздылығына мән бермеген адам иманнан шығады.

Жаназа намазының шарттары

1 - Мәйіт мұсылман болуы шарт.

2 - Жуылған болуы керек. Жуылмай көмілгелі жатқан жаназа (өлген адам) үстіне әлі топырақ тасталмаған болса қайта шығарып жуып, содан кейін жаназа намазын оқу керек. Жаназа мен имамның тұрған жері таза болуы тиіс.

3 - Мәйіттің денесінің жартысы мен басы, немесе бассыз дененің жартысынан көбі имамның алдында болу керек.

4 - Жаназа жерде немесе жерге жақын қолда көтеріліп, яки тас үстінде имамның алдында тұруы тиіс. Жаназаның басы имамның оң жағында, ал аяқтары имамның сол жағында тұруы керек. Керісінше қою күнә болады.

5 - Жаназа имамның алдында дайын тұруы керек. Яғни бір ауылда тұрған мәйітке басқа ауылда тұрып жаназа оқылмайды.

6 – Мәйіттің және имамның әурет жерлері жабық болуы керек.

Жаназа намазының парыздары

1 - Төрт рет тәкбір айту.

2 – Жаназаны тұрып оқу.

Жаназа намазының сүннеттері

1 - Субханака дұғасын оқу.

2 - Салауат оқу.

3 - Өзіне, мәйітке және барша мұсылмандарға ғафу, мағфирет, кешірілу үшін білдірілген дұғалардан білгендерін оқу.

Жаназа намазы мешіт ішінде оқылмайды. Тірі туылған бала өлер болса ат қойылып, жуылып, кебінге оралып намаз оқылады. Жаназаны көтергенде табыттың төрт бұрышынан ұсталады.

Жаназа намазы қалай оқылады?

Жаназа намазындағы төрт тәкбірдің әрбірі бір рәкат сияқты. Төрт тәкбірдің алғашқысында қол құлаққа көтеріледі, кейінгі үш тәкбірде қол көтерілмейді.

1 - Алғашқы тәкбір алынып қолды байлағаннан кейін *«Субаханака»* дұғасы оқылады. Бұл кезде *«уә жәллә сәнәукә»* да айтылады. Фатиха оқылмайды.

2 - Екінші тәкбірден кейін *«Аллаһумма салли-барик»* дұғалары оқылады.

3 - Үшінші тәкбірден кейін жаназа дұғасы оқылады. Жаназа дұғасының орнына *«Раббана атина»* немесе тек қана *«Аллаһуммағфир ләһ»* деп яки дұға ниетімен *Фатиха* оқу да жеткілікті болады.

4 - Төртінші тәкбірден кейін алдымен оңға, кейін солға сәлем беріледі. Сәлем бергенде жаназаға және жамағатқа ниет етіледі.

Имам төрт тәкбірмен екі иығына берген сәлемді дауыстап айтады. Өзге дұғаларды ішінен оқиды. Жаназа намазынан кейін табыттың қасында дұға ету жаиз емес мәкрух.

Тарауих намазы

Тарауих намазы еркектерге де, әйелдерге де сүннет болған намаз. Тарауих намазы Рамазан айының әр кешінде оқылады. Жамағатпен оқылуы кифая сүннет. Оқылатын уақыты құптан мен үтір намазының арасы. Мәселен: тарауих намазының бір бөлігіне үлгерген адам имаммен бірге үтір намазын оқып болған соң тарауих намазының қалған бөлігін оқып толықтырады. Уақытында оқылмай қалған тарауих намазының қазасы оқылмайды. Қаза етіліп оқылса, тарауих намазы емес, нәпіл намазы болады. Тарауих намазы жиырма рәкаттан тұрады.

Тарауих намазы қалай оқылады?

Үтір намазы рамазан айында ғана жамағатпен бірге оқылады. Тарауих намазын екі бас қылып, он сәлеммен және әрбір төрт рәкатта бір тәсбих айтып оқу мустаһаб. Қазасы болғандар бос уақытында бес уақыт сүннеттер мен тарауих орнына да қаза оқып қарыздарын ертерек бітіріп, сонан соң бұл намаздарға кірісуі керек. Тарауих намазы мешітте жамағатпен оқылғандықтан кейбір кісілердің үйінде тарауих намазын оқуы күнә болмайды. Бірақ мешіттегі жамағат сауабынан құр қалады. Үйінде бірнеше кісімен

жамағатпен оқығанның сауабы жалғыз оқығаннан жиырма жеті есе көп болады. Әрбір ифтитах тәкбірінде ниет еткен жақсы. Құптан намазын жамағатпен оқымаған кісілер тарауих намазын да жамағатпен оқи алмайды. Құптанды жамағатпен оқи алмаған бір кісі парызды жалғыз оқып, кейін тарауихті жамағатпен оқи алады.

Бесінші бөлім

ЖОЛАУШЫНЫҢ НАМАЗЫ

Ханафи мазһабындағы адам он бес күннен аз мерзімге қалу ниетімен 104 км немесе одан да ұзақ жолға шықса, ол кісі мусафир болады.

Жолаушыны **сафари** немесе **мусафир** деп атайды.

Жолаушы төрт рәкат намаздарды екі рәкат қылып қысқартып оқиды. Ал муқим (жергілікті) имамға ұятын болса, толығымен төрт рәкат оқиды. Бір сафари муқим жамағатқа имам болса, екі рәкат оқып, сәлем беріп намаздан шығады. Ал жамағат төрт рәкат парызды толықтыру үшін тұрып, қалған екі рәкатты өздері оқиды.

Жолаушы киген мәсісіне үш күн, үш түн бойы мәсих тартып кие алады. Оразасын бұза алады. Бірақ қиналмаса, оразасын бұзбай жалғастырғаны жақсырақ. Жолаушы кісіге құрбан шалу уәжіп емес. Жұма намазы жолаушыға парыз емес.

Егерде біреу намаз уақытының соңында сол намазды оқымай жолға шықса, сол намазды екі рәкат етіп қысқартып оқиды. Ал егерде уақыттың соңында еліне оралып, жолаушы үкімінен шығатын болса, сол уақыттың оқылмаған намазын төрт рәкат етіп оқиды.

«Нимет-и Ислам» атты кітапта былай дейді: Нәпіл намаздарын тұрып оқуға күші жете тұрып отырып оқу әр жерде және әрқашан да жаиз. Отырып оқығанда рүку жасау үшін денесімен сәл еңкейеді. Ал сәжде үшін маңдайын жерге тигізеді. Бірақ ешбір үзірі болмастан нәпіл намазын отырып оқыған кісіге тұрып оқыған кісінің сауабының жартысы беріледі. Бес уақыт намаздың сүннеттері және тарауих намаздары да нәпіл намазы болып есептеледі. Жол жүріп бара жатып, яғни қала, ауыл сыртында нәпіл намаздарын жануар, көлік үстінде оқу жаиз. Қыблаға қарау, рүку және сәжде жасау шарт емес. Ишаратпен оқылады. Рүку үшін біраз иіліп, ал сәжде үшін одан төменірек еңкейеді. Жануардың үстінде нәжіс болуы намазға кедергі болмайды. Жерде тұрып нәпіл намазын оқып шаршаған адам асаға, адамға, дуалға сүйеніп оқи алады. Өзі жүріп бара жатып намаз оқу сахих емес.

Парыз және уәжіп намаздарын ешбір машақат болмағанша жануардың үстінде оқуға болмайды. Тек үзірмен ғана оқуға болады.

Үзір бола алатын себептер: мүлкіне, өміріне, жануарына (көлігіне) қауіп төну, көлігінен (жануарынан) түскенде көлігіндегі немесе қасындағы дүниесінің тоналу қауіпі, жыртқыш хайуан, дұшпан қауіпі, жердің лай, балшық болуы, қатты жаңбыр, ауру кісінің түсіп-міну кезінде ауруының асқынуы немесе жазылу уақытының ұзаруы, көлігінен түскенде жолдастары күтпейтін болып қатерде қалуы және көлігіне біреудің жәрдемінсіз өзі міне алмайтын болуы. Осы аталған үзірмен жануар үстінде намаз оқитын кісі мүмкін болғанша жануарын қыблаға қаратып тоқтатып оқиды. Мүмкін болмаса, кетіп бара жатқан бағытына қарай оқиды. Жануардың, түйенің үстіндегі махмил деп аталатын жүк сандығының ішінде, үстінде оқитын кісі де жоғарыдағыдай әрекет етеді. Жануарды тоқтатып, әлгі жүк сандығының бір шетіне тірегіш қойылатын болса стол, кереуіт сияқты болып, жерде оқылғандай болады. Яғни жерде оқып жатқандай орнынан тұрып қыблаға қарап оқылады. Жерге түсе алатын болса, парыздарды жүк сандықтарының үстінде оқу да дұрыс болмайды.

Кемеде намаз оқу хазреті Жафар Таяр Хабаштанға (Эфиопия) кетіп бара жатқанында хазреті Пайғамбар алейһиссалам оған үйреткендей оқылады: Қозғалып кетіп бара жатқан кемеде үзірі болмаса да, парыз және уәжіп намаздары оқылады. Кемеде жамағатпен оқу да мүмкін. Қозғалып кетіп бара жатқан кемеде ишаратпен намаз оқуға рұқсат етілмей, рүку әрі сәждені толық жасау, қыблаға қарау шарт. Намазды қыблаға қарап бастайды, ал егер кеме қыбладан басқа бағытқа бұрылатын болса, намазда тұрып қыблаға қарай бұрылады. Имам Ағзам Абу Ханифаның үкімі бойынша, жүзіп бара жатқан кемеде парыз намаздарды да үзірсіз отырып оқуға рұқсат бар.

Теңіз ортасында тоқтап тұрған кеме, қатты шайқалып қозғалып тұрса, оның үкімі жүзіп бара жатқан кеме сияқты болады. Ал егерде толқу аз болса жағажайда (портта) тұрған кеме үкіміне кіреді. Ал жағажайда тұрған кемеде парыз намаздары отырып оқылмайды. Егер жағаға түсуге мүмкіндік бар болса, кемеден жағаға шығып оқуы керек. Мал-мүлкіне, өміріне қауіп төнсе және кеменің кетіп қалу қауіпі болса, кемеде оқуы жаиз болады.

Ислам ғалымдарынан **Ибни Абидиннің** кітабында: *«Екі дөңгелекті болып, жануарға жегілмесе түзу тұра алмайтын*

арбада тоқтап тұрғанда да, қозғалып бара жатқанында да намаз оқу жануар үстінде оқығандай оқылады. Ал төрт дөңгелекті арба болса, тоқтағанда стол үкімінде болады. Жүріп бара жатқанда, жануар үстінде оқуға рұхсат беретін жоғарыда жазылған үзірлі себептермен ғана парыз намазды оқуға болады. Бұл кезде арба қыблаға қарап тоқтатылған болуы шарт. Тоқтата алмаса, жүзіп бара жатқан кемедегідей етіп оқиды.»-делінген. Жүріп бара жатқан көлікте қыблаға қарай алмаған кісі Шафии мазһабын тақлид етумен екі намазды жәм етіп оқиды. Бұны істеуге де мүмкіндігі болмаса, қыблаға қарау міндеті жойылады, яғни қарай алатын жағына қарап оқиды. Орындықта, креслода отырып ишаратпен намаз оқу ешкімге еш уақытта жаиз емес. Автобуста, ұшақта намаз арба үстінде намаз оқыған сияқты оқылады.

Парыз, уәжіп намаздарын жолда мүмкіндігінше жануар үстінде оқымауға тырысу керек. Көліктерді тоқтатып, қыблаға қарап тұрып оқу тиіс. Сондықтан көліктерге мінбей тұрып осы жағдайларды келісіп алу керек.

Жолаушы кісі паромда және поезда парыз намазын оқыған кезде қыблаға қарап, орнынан тұрып бастауы және сәжде ететін жердің қасына компас қоюы керек. Паром немесе поезд бұрылған сайын бүкіл денесімен қыблаға бұрылады. Егерде көкірегі қыбла бағытынан басқа жаққа қарап қалса, намазы бұзылады. Автобуста, поезда, қатты толқынды теңізде қыблаға бет бұра алмаған кісілердің парыз намаздары қабыл болмайтындықтан бұлар сапар бойынша Шафии мазһабының үкімін пайдаланып, яғни тақлид етіп, бесін мен екінді, ақшам мен құптан намаздарын жәм етіп бірге оқиды. Яғни, осы екі жұп намазды бірінен кейін бірін оқиды. Өйткені, Шафии мазһабында 80 км.ден асатын сапарда жолаушы кісіге екінді намазын бесін уақытында және құптан намазын шам уақытында немесе бесін намазын екінді уақытында және шам намазын құптан уақытына кешіктіріп, екі намазды бір уақытта оқуға болады. Шафии мазһабының өкілі жолда намаз оқитын кезде қыблаға қарай алмайтын болса, жолға шыққаннан кейін күндіз бір жерге тоқтаған сәтте, түс уақытында бесін намазын оқып болғаннан кейін артынша екінді намазға ниет етіп оқуы керек. Ал түннің бір уақытында тоқтаған кезде қыблаға қарап құптан намазы уақытында алдымен ақшам намазын, кейін құптан намазын өтеуіне болады. Бұл төрт

намазды оқыған кезде: *«Шафии мазһабын тақлид етіп (жолын ұстап) өтеуге ниет еттім»*- деп оқиды. Сапар біткеннен соң бұл екі намазды бір уақытта оқи алмайды.

НАУҚАСТАНҒАН КЕЗДЕГІ НАМАЗ

Дәретті бұзатын нәрсенің денеден шығуы тоқтамаса, оған үзір дейді. Сідік, іші өту, жел шығару, мұрынның қанауы және жарадан қан, сары су ағуы намаз уақыты ішінде тоқтамаса, осындай адам және истихаза қаны келген әйел үзірлі (кешірімді хал) болып есептеледі. Бітеу арқылы дәрімен немесе намазды ыммен отырып оқып, бұларды тоқтату керек. Сідігі тамшылап тоқтамайтын ер кісі сідік жолына мақта кіргізіп қояды. Осылайша шыққан зәр мақтаға сіңіп сыртқа шықпайды, яғни дәрет бұзылмайды. Кіші дәретке отырғанда мақта өздігінен шығып кетеді. Егер зәр көбірек сызса, артығы мақтадан да өтіп сыртқа шығады және дәретті де бұзады. Бұндай кезде аққан зәр киімді ластамауы керек. Әйелдер зәр шығатын жеріне үнемі күрсүф деп аталатын мата қоюлары керек. Аққан нәрсені тоқтата алмаса, әр намаз уақытында бөлек дәрет алып намазды осылайша оқиды. Осындай бір себеппен үзірлі болған адам дәретпен уақыт шыққанға дейін парыз, қаза, нәпіл намаздарын оқи алады. Құранды ұстай алады. Намаздың уақыты шығысымен дәрет бұзылады. Уақыт шықпастан бұрын үзір болған себептен басқа дәрет бұзатын нәрсе болса, дәрет бұзылады. Мысалы, мұрын тесіктерінің біреуінен тоқтамай қан тамшылағаны үшін үзірмен дәрет алған кісінің мұрнының екінші тесігінен де қан аға бастаса, дәреті бұзылады. Үзірлі болу үшін дәретті бұзған нәрсе намаз уақыты бойы тоқтамай ағып тұру керек. Дәрет алып сол уақыттың парызын орындай алатындай уақытта ақпаса, үзір болып саналмайды. Малики мазһабының бір үкімі бойынша бір тамшы ақса да үзірлі болады. Бір кісі үзірлі болғаннан кейін, келесі намаз уақытында үзірі бір рет бір тамшы ақса, үзірлік халі сол уақытта да жалғасады. Намаз уақытында еш нәрсе ақпаса, үзір халі біткен болады. Үзірге себеп болған нәжіс киімге дирхам көлемінен аса жайылған болса, қайта жайылуына кедергі болу мүмкін болса, нәжіс тиген жерді жуу керек.

Ғұсыл алғанда ауырып қалудан немесе аурудың күшеюінен және жалғасуынан қорыққан адам тәйәммум алады. Бұл қорқыныш мұсылман және әділ дәрігердің айтуымен болу керек. Пасықтығы, күнәһарлығы беймәлім дәрігердің сөзі де қабыл етіледі. Суық ауа райы, жан сақтайтын үйі болмау, суды ысытатын нәрсе, қалада моншаға баруға ақша таппау ауыруға себеп болуы мүмкін. Шафииде бір тәйәммуммен қалағанша парыз намаз оқи алады. Шафииде және Маликиде әрбір парыз намаз үшін жаңадан тәйәммум алады.

Дәрет мүшелерінің жартысында жарасы болған адам тәйәммум алады. Жара жартысынан аз болса, сау болған жерін жуып, қалған жерлеріне мәсих тартады. Ғұсыл алатын кезде дененің жартысынан көбі жара болса, тәйәммум алады. Жарасы жартысынан аз болса, сау жерін жуып, су тигізе алмаған жерлеріне мәсих тартылады. Жараға мәсих тарту зиянды болса, үстіндегі бинтке мәсих тартылады. Бұл да зиянды болса, мәсих тартылмайды. Дәрет пен ғұсылда басқа мәсих тарту зиянды болса, басқа мәсих тартылмайды. Қолы шолақ (жара) адам суды қолдана алмағандықтан тәйәммум алады. Жүзін және қолдарын жерге (әкпен, топырақпен сыланған дуалға) үйкейді. Қолдары және аяқтары кесілген адамның жүзі де жара болса, дәретсіз намаз оқиды. Дәрет алдыратын ешкімді таппаған адам да тәйәммум алады. Сонымен қатар баласы, жалдамалы қызметшісі жәрдем етуге міндетті. Жәрдемді басқа кісілерден де алса болады. Бірақ олар жәрдем етуге міндетті емес. Ерлі-зайыптылар да бір-біріне дәрет алғызуға міндетті емес.

Қан алдырып, сүлік қолданып, жара, сыздауық, сүйегі сынып үстіне бинт (мақта, марля үстіне лейкопластырь, крем, мазь) байлаған кісі бұл жерлерін сумен жуа алмаса, мәсих ете алмаса, дәрет пен ғұсылда осы жерлердің жартысынан көбінің үстіне мәсих тартады. Бинтты шешу зиянды болса, онда астындағы сау жерлерін жумайды. Бинттың арасынан көрініп тұрған сау терілер мәсих етіледі. Бинтты дәрет алып болған соң орау да міндетті емес. Мәсихтен кейін, бинт ауыстырылса немесе үстіне тағы бір неше қабат оралса, жаңасына мәсих тарту керек болмайды.

Тік тұра алмайтын адам намазын отырып, рүку үшін денесін біраз иеді, сосын денесін түзу ұстап, кейін жерге екі рет сәжде жасайды. Қалай отыру ыңғайлы болса солай отырады. Тізерлеп отыруына да, малдас құрып отыруына да болады. Бас, тіс, көз

ауруы да науқасқа жатады. Тұрғанда дұшпанға көрініп қалу қауіпі де үзір саналады. Бір нәрсеге сүйеніп тіке тұра алатын адам сүйеніп намаз оқиды. Көп тұра алмайтын адам ифтитах тәкбірін тұрып, ал ауыра бастағанда намазын отырып жалғастырады.

Жерге сәжде жасай алмайтын адам аяқта оқып, рүку және сәжде үшін отырып ишарат етеді. Отырып оқығанда рүку үшін азырақ, ал сәжде үшін одан көбірек иіледі. Денесін ие алмаған адам басын иеді. Бір нәрсенің үстіне басын қою шарт емес. Бір нәрсенің үстіне сәжде ететін болса, сәжде үшін рүкуден көп иілген болса ғана намазы дұрыс болғанымен мәкрух болады. Сүйеніп отыруға мүмкіндігі бар кісінің ишаратпен жатып оқуы жаиз емес. Хазреті пайғамбарымыз алейһиссалам бір ауруды зиярат еткенде оның қолымен жастықты көтеріп, соған сәжде еткенін көрісімен жастықты алып тастады. Ауру адам ағашты көтеріп, оның үстіне сәжде етті. Ағашты да алып тастады. Кейін былай деді: ***«Күшің жетсе жерге сәжде ет, жерге иіле алмасаң бетіңе бір нәрсе көтеріп оның үстіне сәжде етпе. Ишарат етіп оқы, сәждеде рүкуден көбірек иіл.»*** «**Бахр-ур-Раиқ»** атты кітапта бұған қосымша ретінде келтірілген Ал-Имран сүресінің 191-аятында: **«Намазды күші жеткен түрегеп оқиды. Күші жетпеген отырып, бұған да күші жетпеген жатып оқиды»**, деп бұйырады. Имран бин Хусайн науқастанғанда Расулуллаһ алейһиссалам оған: ***«Тұрып оқы, шамаң жетпесе отырып оқы, бұған да күшің жетпесе жантайып немесе шалқайып жатып оқы»*** деп бұйырған. Бұлардан көрініп тұрғанындай, тұрып оқи алмаған ауру отырып оқиды, отыра алмаған жатып оқиды. Бірақ орындық және креслоға отырып оқуға рұқсат етілмеген. Науқастың немесе автобус не ұшақта сапар шегіп бара жатқан кісінің креслода намаз оқуы исламға сай емес, жерге отырып немесе тұрып оқу керек. Жамағатқа барғанда тұрып оқи алмайтын адам үйінде тұрып оқиды. Төмендегі 20 нәрсенің біреуінің болуы жамағатқа бармау үшін үзір болады: Жаңбыр, қатты ыстық және қатты суық, өміріне және дүниесіне қастандық жасайтын дұшпан қауіпі, жолда жалғыз қалудан қорқу, түннің қатты қараңғы болуы. Қарызы көп кедейдің көшеге шыққанда қарызын төлемегені үшін тұтқындалып зынданға тасталудан қорқуы. Көрсоқыр болу, жүре алмайтындай мүгедек болу, бір аяғы жоқ болу, ауыру, әлсіз болу, жолдың қатты

балшық, лай болуы, жүре алмайтын қария, аз кездесетін маңызды фиқһ дәрісінен қалып қою, жақсы көрген тамағын жей алмаудан қорқу. Сапарға шығуға дайындықта болу. Орнына адам таппаған ауруға қараушы. Түнде қатты дауыл болуы, дәреттің қысып тұруы. Аурудың күшейуінен және асқынуынан қорыққан ауру және ауруы қараусыз қалатын ауру күтушісі және қатты қартайғандықтан жүруі қиын болған жұма намазына бармау үшін де үзір болып саналады. Жамағатқа жаяу бару көлікпен барудан абзал. Мешітте орындықта, креслода отырып ишаретпен оқу жаиз емес. Исламның әмір етпегеніндей ғибадат жасау **бидғат** болады. Бидғат істеудің үлкен күнә болғандығы фиқһ кітаптарында жазылған.

Бір нәрсеге сүйеніп отыра алмаған ауру, шалқасынан жатып, шалқасынан да жата алмаса, оң жағына жатып басымен ишарат етеді. Қыблаға бетін бұра алмаған адам оңтайлы жағына қарап оқиды. Шалқасынан жатқан адамның басының астына бір нәрсе қойып, жүзін қыблаға қаратады. Тізелерін бүгіп аяғын қыблаға созбау абзал. Басымен ишарат жасай алмаған адам намазын қазаға қалдыруы жаиз. Намаз арасында ауырып қалған адам күші жеткенінше жалғастырады. Жерде отырып оқыған ауру адам намаз оқып жатқанда жазылса, келген жерінен тұрып жалғастырады. Ақыл-есінен айырылған адам намаз оқымайды. Бес уақыт намаз өтпестен бұрын жазылса, намаздарының қазасын өтейді. Егер 6 намаз өткізсе еш қаза қылмайды.

Оқи алмаған намаздарын ишаратпен болса да өтеуі парыз. Қазасын өтей алмаған кісі өлер алдында оқымаған намаздарының исқаты үшін артта қалдырған мүлкінен фидия беруін өсиет етуі уәжіп. Өсиет етпесе ата-анасы, тіпті бөтен кісі өз мүлкінен исқат етуі жаиз болады делінген.

Қаза намаздар

Намаз денемен орындалатын ғибадат болғандықтан басқа адамның орнына оқып беруге болмайды. Әркімнің өзі орындауы қажет. Уақытында оқылған намазға **ада ету** делінеді. Кез келген уақытта қайта оқуға **иада ету** деп айтылады. Мәселен, мәкрухпен оқылған намаздың уақыты шықпастан, бұған мүмкіндігі болмаса, кез келген уақытта иада етуі уәжіп. Парыз және уәжіп болған

намаздарды уақыты шыққаннан соң оқу - **қаза ету** болады.

Бір күндік бес уақыт парыз бен үтір намазын оқығанда немесе қаза еткенде тәртіппен оқу парыз болады. Яғни намаз оқығанда ретін сақтау керек. Бестен артық қаза намазы жоқ кісі **тәртіп иесі** деп аталады. Жұманың парызын сол күннің бесін намазы уақытысында оқу керек. Таң намазына тұра алмаған адам хутба оқып жатқанда есіне түсірген болса, дереу оны қаза етуі керек. Бір намазды оқымай жатып, одан кейінгі бес намазды оқу жаиз болмайды. Хадисі шәрифте: «***Бір намазды ұйықтап немесе ұмытып өткізіп алған адам кейінгі намазды жамағатпен оқып жатып есіне түсірсе, имаммен бірге намазды бітіріп, содан кейін алдынғы намазын қаза етсін, бұдан кейін имаммен оқыған намазын қайта оқысын»*** - деп бұйырылған. Тәртіп иесі болмаған, яғни қазасы бестен көп болғандар бұған қарамайды.

Парызды қаза ету парыз. Уәжіпті қаза ету де уәжіп. Сүннеті қаза ету әмір етілмеген. Ханафи мазһабының ғалымдарының барлығы бір ауыздан былай деген: Сүннет намаздарын тек уақытында оқу әмір етілген. Уақытында оқылмаған сүннет намаздары адамның мойнына қарыз болмайды. Сондықтан уақытынан кейін қаза ету әмір етілмеді. Таң намазының сүннеті уәжіпке жақын болғандықтан сол күні түстен бұрын парызымен бірге қаза етіледі. Таң намазының сүннеті түстен кейін және басқа намаздардың сүннеттері ешбір уақыт қаза етілмейді. Қаза етсе, сүннет сауабын алмайды. Нәпіл оқыған болады. «**Ибн Абидинде»** және «**Тарғибус-салаттың»** 162- бетінде: ***«Сүннеттерді үзірсіз отырып оқуға болады. Ал оқымау күнә. Парыздарды үзірмен отырып оқу жаиз.»*** – делінген.

Парыз намаздарды біліп тұрып және үзірсіз тәрк ету үлкен күнә. Уақытында оқылмаған мұндай намаздарды қаза ету керек. Парыз бен уәжіп намазды біліп тұрып қазаға қалдыру үшін екі үзір бар; біріншісі дұшпан қарсысында тұру, екіншісі сапарда болған кісі, яғни үш күндік жол жүруге ниеті болмаса да, жолаушының ұры, жыртқыш аң, сел, дауыл сияқтылардан қорқуы. Бұндай жағдайда болғандар кез-келген бағытқа қарай немесе жануардың үстінде ишаратпен де оқи алмаған кезде қаза етуіне болады. Осы екі себеппен парыздарды қазаға қалдыру, ұйықтап қалып және ұмыту себебімен өткізіп алса, күнә болмайды.

«Ашбаһ» атты кітапта: **«*Тұншығып жатқан адамды немесе сол сияқты оқыс оқиғаларға тап болған кісілерді құтқарумен болып, намазын уақытысынан кешіктіріп алған кісінің бұл намазын келесі уақытта оқуы да сахих болады.*»** делінген. Бірақ бәрібір үзірді кешірімді жағдайы бітісімен дереу қаза етуі парыз. Харам болған үш уақыттан басқа бос уақыттарында оқу шартымен, бала-шағасына ризық табатындай уақытқа, қаза өтеуді кешіктіру жаиз болады. Одан да көп уақыт кешіктірсе, күнәға бата бастайды. Өйткені, Пайғамбарымыз Хандек соғысының қаһарынан оқи алмаған төрт намазды ардақты сахабалардың (радыяллаһу анһум) жаралы әрі қатты шаршағандығына қарамай сол түні жамағатпен қаза қылып оқыды. Сүйікті Пайғамбарымыз алейһиссалам: «***Екі парыз намазды бірге біріктіру үлкен күнәлардан»***- деген. Яғни бір намазды уақытында оқымай, уақыты өткеннен кейін оқу ең үлкен күнә. Басқа бір хадисте***: «Бір намазды уақыты шыққаннан кейін оқыған адамды Аллаһу та’ала сексен хуқба тозаққа тастайды»***- делінген. Бір хуқба сексен ахырет жылы, ахыреттің бір күні болса дүниенің мың жылына тең. Бір уақыт намазды уақыты өткеннен кейін оқудың жазасы осы болса, оқымағанның жазасы қандай екенін ойлану керек.

Пайғамбарымыз алейһиссалам: «***Намаз - діннің тірегі. Намаз оқыған дінін берік ұстанған болады. Намазды оқымаған дінін құлатқан болады»***- деген. Тағы бір хадис шәрифте: ***«Қиямет күні иманнан кейінгі сұралатын алғашқы сұрақ намаздан болады»*** - деген. Аллаһу та’ала былай бұйырады: **«Ей, құлым! Намаздың есебін дұрыс беретін болсаң, құтылу сенікі. Басқа есебіңді жеңілдетемін».** Анкабут сүресі 45-ші аятында: **«Кемшіліксіз оқылған бір намаз адамды лас, жаман істер істеуден сақтайды.»** **-** делінген. Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Адамның Раббына ең жақын болған уақыты намаз оқып жатқан уақыты*** **-** дейді.

Бір мұсылманның қандай да бір намазды уақытында оқымауы екі түрлі болады: біріншісі, үзірмен оқымау; екіншісі, намазды міндет деп санап мән бере тұра жалқаулықпен оқымау.

Парыз намазын ешбір үзірсіз уақыты өткеннен кейін оқу, яғни қазаға қалдыру харам әрі үлкен күнә. Бұл күнә қаза оқумен кешірілмейді. Қазасы оқылғанда тек намазды оқымау күнәсі кешіріледі. Адам намаздарының қазасын өтемейінше тәубе ете

салумен кешірілмейді. Қазасын орындағаннан кейін тәубе етсе, кішірілуі үміт етіледі. Тәубе етумен бірге, оқымаған намаздарының қазасын да өтеу керек. Қазасын оқуға күші жете тұрып орындамаса, айрықша үлкен күнә жасаған болады. Бұл үлкен күнә әр намаз оқу үшін кететін (алты минут) бос уақыт өткен сайын көбейіп, жоғарыда айтылғандай азап уақыты да арта түседі. Өйткені намазды бос уақыт тапқан кезде дереу қаза ету де парыз. Қаза етуге мән бермейтіндер мәңгі отқа жанады. **«Умдат-ул-ислам»** және **«Жами-ул-Фатава»** кітаптарда: «*Дұшпан алдында бір парыз намазын оқуға мүмкіндігі бола тұрып тәрк еткен кісі жеті жүз үлкен күнә жасаған сияқты болады*» - делінген. Қазаны кешіктірудің күнәсы уақытында оқымаудың күнәсынан да өте көп. Бір намаздың алғашқы қазасын өтеуге ниет етіп, бір қаза намаз оқыса, бұл күнәлардың бәрі кешіріледі.

ТҮСІНІКТЕМЕ: Сүннеттер орнына қаза оқыла ма?

Абдулқадір Гейлани **«Футух-ул-ғайб»** кітабында былай дейді: *«Мүміннің ең алдымен парыз намаздарын орындауы керек. Парыздар бітісімен сүннеттерді орындайды. Одан кейін нәпіл намаздарды оқиды. Парыз қарызы бола тұрып, сүннеттермен өмір өткізу барып тұрған ақымақтық. Парыз намаздан қарызы бар адамның сүннеті қабыл болмайды. Әли ибн Әбу Талиб Пайғамбарымыздан:* ***«Мойнында парыз қарызы болған адам, қазасын оқымай, нәпіл оқыса босқа әуреленген болады. Бұндай кісі қазасын өтемейінше Аллаһу та'ала оның нәпіл намаздарын қабылдамайды»*** хадис шәрифін хабар берген. Абдулқадір Гейлани келтірген бұл хадиске түсіндірме берген Ханафи мазһабының ғалымы хазреті Абулхақ Дехлеви былай дейді: «*Бұл хабар парыз қарызы бар болғандардың сүннеттері мен нәпілдерінің қабыл болмайтындығын айқын көрсетеді. Сүннеттер парыздарды толықтыратынын білеміз. Мұның мағынасы, парыздардың орындалу кезінде олардың кәміл-дігін қамтамасыз ететін бір амал орындалмай қалып қойса, сүннеттер өтелген парыздың дәл осы кем жерін толтырып, кемел табуына себеп болады дегенді білдіреді. Әйтпесе, парыз қарызы болған кісінің қабыл етілмейтін сүннеттері еш нәрсеге жарамайды*».

Құдыс (Иерусалим) қазысы Мұхаммед Садық мырза фаита намаздарын қаза етуді түсіндіріп жатып былай деді: «Ұлы ғалым Ибн Нужайм хазреттен сұрақ сұралды. «Біреудің қазаға қалған намаздары болса таң, бесін, екінді, шам, құптан сүннеттерін осы намаздардың қазасына ниет етіп оқыса, бұл адам сүннеттерді тәрк еткен бола ма?» Жауабы: *Сүннеттерді тәрк еткен болмайды. Өйткені, бес уақыт намаздың сүннеттерін оқудағы мақсат, сол уақыт ішінде парыздан басқа тағы бір намаз оқу дегенді білдіреді. Шайтан адамдың мүлдем намаз оқымағанын қалайды. Парыздан басқа тағы бір намаз қосып оқу арқылы шайтанға қырсығып, оны масқара еткен боламыз. Сүннет орнына қазаға ниет етумен сүннет те орындалған болады. Қаза борышы болғандардың әр намаз уақытында сол уақыттың парызынан басқа намаз оқу сүннетін орындау үшін қаза оқулары керек. Өйткені, қазасы болған көптеген адамдар қаза оқымай, сүннетпен өмірін құртады. Бұлар жәһаннамға кетеді. Ал сүннеттердің орнына қазаларын өтеген адам жаһаннамнан құтылады.»* - деген.

Қаза намаздары қалай оқылады?

Қаза намаздарын бір сәтте болса ертерек оқып, тәубе етіп үлкен жазадан құтылу керек. Сондықтан сүннеттерді де қаза ниетімен оқу керек. Жалқаулықпен намаз оқымағандар, жылдар бойы қарыздары болғандар намазға тұрған кездерінде, сүннетті орындап жатқанда сол уақыттың алғаш қазаға қалған намазын қаза етуді ниет етіп оқуы керек. Бұлардың сүннеттерді қаза намазы үшін ниет етіп өтеуі төрт мазһабта да қажетті. Ханафи мазһабында үзірсіз қазаға қалдыру үлкен күнә. Бұл үлкен күнә бір намазды өтеу үшін өткен уақытта екі есе артуда. Өйткені, намазды бос уақыт тапқанда дереу өтеу де парыз. Есепке, санаққа сыймайтындай осы қорқынышты азаптан және күнәдан құтылу үшін бесін намазының алғашқы төрт рәкатын оқырда ең алғаш қаза болған бесіннің парызы ниетімен қаза ету керек. Бесіннің соңғы сүннетінде алғаш қазаға қалған таң намазының парызына ниет етіп, қазасын оқу керек. Екіндінің сүннетінде алғаш қазаға қалған екінді парызына ниет етіп қазасын өтеу керек. Ақшамның сүннетінде алғаш қазаға қалған шам парызына деген ниет пен

үш рәкат қылып оқу керек. Құптанның алғашқы сүннетін оқырда алғаш қазаға қалған құптанның парызын және соңғы сүннетін оқығанда алғаш қазаға қалған үтірге ниет етіп үш рәкат оқу керек. Осылайша әр күні бір күндік қаза өтеледі. Сол күннің парыздары ретімен орындала береді. Тарауих намазында да қазаға ниет етіп, қазаны орындау қажет. Қысқасы қанша жылдық қазасы болса да ниет етіп оқуды сонша жыл жалғастырады. Қазалар бітісімен сүннеттерді өз ниетімен оқи береді. Мүмкіндігі бар адам тек бір күндік сүннеттердің орнынан пайдаланып қана қоймай әр бос уақытында да қазаларын оқып тез арада қаза борыштарын өтеу керек. Оқылмай қалған қазалардың күнәсі күн сайын екі есе артады.

Алтыншы бөлім

НАМАЗ ОҚЫМАЙТЫНДАР

Хазреті Әбу Бәкір (радыяллаһу анһ) айтады: «Бес уақыт намаздың уақыты келгенде періштелер: «Ей адамдар тұрыңдар. Адамдарды өртеу үшін жанып тұрған отты намаз оқып өшіріңдер». Бір хадис шәрифте: ***«Мұсылмандар мен кәпірлердің арасын айыратын айырмашылық бұл - намаз»*** - деп айтылған. Яғни мұсылман намаз оқиды. Кәпір намазға мән бермейді. Ал мұнафиқтар (екі жүзділер) бірде оқып, бірде оқымай ахыретте қатты азапқа ұшырайды. Құран тафсиршілерінің атасы болған Абдуллаһ бин Аббас (радыяллаһу анһ) айтады: «Пайғамбарымыз айтты, ***«Намаз оқымағандар қиямет күні Аллаһу та'аланы ашулы күйде көреді».***

Хадис имамдарының ауыз бірлігімен айтуларынша: «Бір намазды уақытында әдейі оқымаған, яғни намаз уақыты өтіп бара жатқанына ашынбаған кісі кәпір болады». Немесе өлер кезде имансыз кетеді. Онда намаз ойына кіріп шықпайтын, намазды міндет санамайтын кісілердің жағдайы не болмақ? Әһли сүннет ғалымдары ауызбірлігімен ғибадат иманның бір бөлігі еместігін, яғни бір адам харам істегенімен иманы кетпейтінін айтқан. Бірақ намаз жайында ауыз бірлігі болмады. Фиқһ имамдарынан **Имам Ахмед ибни Ханбал, Исхақ бин Рахәвәйх, Абдуллаһ ибн Мубарак, Ибраһим Неһаи, Хакем бин Утайба, Аюб Сахтияни, Давуд Таи, Абу Бәкір ибни Шейба, Зубейр бин Харб** және көпшілік ғұлама бір намазды біліп тұрып қазаға қалдырған кісі кәпір болады деді. Олай болса, ей дін бауырым, саған айтарым ешбір намазды қазаға қалдырма және шала оқыма! Қалауыңмен беріліп оқы! Қиямет күні Аллаһу та'ала осы ғалымдардың ижтиһадымен үкім етсе, не істейсің?

Ханбали мазһабында бір намазды себепсіз оқымаған кісі діннен шыққан кісі сияқты өлім жазасына тартылады. Жаназасы жуылмайды, кебінделмейді және жаназа намазы оқылмайды. Мұсылмандар мазарына көмілмей, мәйіті белгісіз бір жерге апарып көміп тасталады.

Шафии мазһабында намазды біліп тұрып оқымаған кісі діннен шыққан болмаса да өлім жазасына қиылады. Малики мазһабының үкімі де Шафиимен бірдей.

Ханафи мазһабында намазды біліп тұрып оқымаған кісінің жазасы, намаз оқығанға дейін қамауға алыну немесе қан шыққанға дейін қамшы ұру.

Бес нәрсені орындамаған бес нәрседен мақрұм қалады:

1- Мүлкінің зекетін бермеген кісі дүниесінің берекетін көрмейді.

2- Ушрын (егістіктен түскен пайданың оннан бірін) бермеген кісі егін даласындағы табысынан айрылады.

3- Садақа бермейтін адамның денсаулығы қалмайды.

4- Дұға етпеген адам тілегіне жетпейді.

5- Намаз уақыты кіргенде намаз оқуға талпынбаған кісі соңғы демінде кәлимаи шаһадат айта алмайды.

Бір хадис шәрифте: ***«Намазын себепсіз оқымаған кісіге Аллаһу та'ала он бес қиыншылық жібереді. Алтауы осы дүниеде, үшеуі өлер кезінде, үшеуі қабірде, соңғы үшеуі қабірден тұрғанда беріледі.***

Бұ дүниеде берілетін алты азап:

1- Бейнамаздың өмірінде береке, бақыт болмайды.

2- Бет-әлпетінде Аллаһ жақсы көрген құлдарының нұры, сүйкімділігі қалмайды.

3- Ешбір жақсы, ізгі ісіне сауап берілмейді.

4- Дұғалары қабыл етілмейді.

5- Оны ешкім жақсы көрмейді.

6- Мұсылмандардың жасаған дұғаларының бұл кісіге пайдасы тимейді.

Өлер алдында көретін азаптары:

1- Қорланып, жаман өлім табады.

2- Аш болып өледі.

3- Көп су ішсе де шөлдеу азабымен өледі.

Қабірде берілетін азаптар:

1- Қабыр оны қатты қысады. Сүйектері бір-біріне кіріп кетеді.

2- Қабірі отқа толтырылып, күндіз- түні оны жағады.

3- Аллаһу та'ала қабіріне дүниедегі жыландарға ұқсамай-

тын өте үлкен бір жылан жібереді. Әрбір намаз уақыты кіргенде оны шағып қинайды.

Қиямет күні көретін азаптары:

1- Тозаққа алып баратын азап періштелері қасынан айырылмайды.

2- Аллаһу та'ала оны ашумен қарсы алады.

3- Есебі өте қиын болып, соңында тозаққа тасталады».

НАМАЗ ОҚИТЫНДАРДЫҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІ

Намаз оқыған жанның дәрежесі және намаз оқыған кісіге берілетін сауап жайында хадистерде көп айтылған. Абулхақ бин Сайфуддин Дехлевидің **«Ашиат-ул-лемаат»** атты кітабында намаздың ерекшеліктерін көрсеткен хадистерде былай делінеді:

1. Абу Хурайрадан (радыяллаһу анһ) келген хабарда хазреті Пайғамбарымыз алейһиссалам былай бұйырады: ***«Бес уақыт намаз және жұма намазы, келесі жұмаға дейін, ал Рамазан оразасы келесі Рамазанға дейін істелінген күнәлардың кәффараты, яғни кешірілуіне себеп болады. Үлкен күнәдан сақтанатын кісінің кішкентай күнәларының кешірілуіне себепші болады».*** Осы арада істелген кіші күнәлардан құл ақысы болмағандар жуылады. Ал кіші күнәсы кешіріліп біткендердің үлкен күнәлары үшін тартатын азабының жеңілдетілуіне себеп болады. Бірақ үлкен күнәлардың кешірілуі үшін тәубе ету керектігін ұмытпау керек. Үлкен күнәлары жоқ болса, онда дәрежесінің көтерілуіне себеп болады. Бұл хадис **Муслимнің Сахихінде** жазылған. Бес уақыт намазында кемшілігі бар кісінің кешірілуіне жұма намазы себеп болады. Жұма намаздары да кемшілікті болса, Рамазан оразасы себеп болады.

2. Абдуллаһ бин Масуд (радыяллаһу анһ) айтады: «Бір күні хазреті Расулдан алейһиссалам Аллаһу та'аланың ең жақсы көретін амалын сұрағанымда: ***«Уақытында оқылған намаз»*** деп жауап берді. Кейбір хадистерде:***«Алғашқы уақытында оқылған намазды қатты жақсы көреді».*** Бұдан кейінгі қайсы амал деп сұрағанымда: ***«Әке-шешеге жасалған жақсылық»*** деп бұйырды. Одан кейін-ше деп сұрағанымда: ***«Аллаһ жолында жиһад ету»*** - деп жауап берді. Бұл хадис **Бухари** мен **Муслим**де жазулы. Басқа

бір хадисте: ***«Ең жақсы амал біреуге тамақ жегізу»*** делінген. Басқа біреуінде: ***«Сәлем беру»*** деп айтқан. Басқа бір хадисте: ***«Ең ізгі іс түнде елдер тәтті ұйқыда жатқанда тұрып таһажжуд намазын оқу»*** делінген. Басқа бір хадисінде Пайғамбарымыз: ***«Ең жақсы амал қолымен де, тілімен де ешкімге зиян келтірмеу»***-деді. Басқа бір хадисте: ***«Ең жақсы амал жиһад»*****,** тағы бір жерде: ***«Ең жақсы амал хажжы мабрур»*** делінген. Яғни ешбір күнә араластырылмай орындалған қажылық. ***«Аллаһу та'аланы зікір ету»*** және ***«Үздіксіз орындалатын амал»*** деп айтылған хадистер де кездеседі. Сұрақ сұраған адамдардың жағдайларына немесе сол кезеңге сай әртүрлі жауаптар берілген. Мысалы, Исламның бастапқы кезінде ең абзал ізгі іс ол жиһад еді. [Заманымызда амалдың ең абзалы жазумен, баспамен кәпірлерге, мазһабсыздарға жауап беру, әһли суннет ақидасын жаю. Осылайша жиһад етіп жатқандарға ақшасы, мал-мүлкі және қол күшімен көмектескендер де бұлардың алатын сауаптарына ортақ болады. Аяты каримaлар, хадис шәрифтер намаздың зекеттен, садақадан да үстем екенін көрсетіп тұр. Бірақ өлім ауызында жатқан кісіге бір көмек беріп құтқарып қалу намаз оқудан да жоғары тұрады. Демек ғибадаттардың бір-бірінен үстемдігі әртүрлі хал-жағдайға байланысты өзгереді.]

3. Убада бин Сабиттен (радыяллаһу анһ) келген хабарда сүйікті Пайғамбарымыз былай деген: ***«Аллаһу та'ала бес уақыт намаз оқуды әмір етті. Егерде біреу жақсылап дәрет алып бұларды уақытында оқитын болса, және рүкулері мен хушусын*** *(жүректен оқу)* ***толық орындаса, Аллаһу та'ала оны кешіретіндігін уәде еткен. Ал бұны орындамағандарға ешқандай сөз бермеген. Қаласа ол кісіні кешіреді, қаласа азаптайды».*** Бұл хадисті Имам Ахмед, Абу Давуд және Насаи білдірген. Бұдан намаздың шарттарын, рүку мен сәжделерін мұқият орындау керектігі көрініп тұр. Дұрыс намаз оқығандарды әрине кешіреді.

4. Сахабалардың үлкендерінен Бурейда Асламидің (радыяллаһу анһ) айтуынша Расулуллаһ алейһиссалам: ***«Сіздер мен біздің арамыздағы ант - намаз. Намазды тәрк еткен кәпір болады»***-деді**.** Бұдан намаз оқитындардың мұсылман атануға лайықты екендігін түсінуге болады. Бұл хадисті имам Ахмед, Термизи, Насаи және Ибни Мажа білдірген.

5. Абу Зар Ғифари (радыяллаһу анһ) айтады: «Күздің күні хазреті Пайғамбар мен бірге көшеге шықтық. Жапырақтар төгіліп жатқан еді. Бір ағаштан екі шыбық кесіп алғанымда жапырақтары төгіліп қалды. ***«Ей, Әбу Зар! Бір мұсылман Аллаһ разылығы үшін намаз оқыса, мына ағаштан түскен жапырақтар сияқты күнәлары төгіледі»***- деді. Бұл хадис шәрифті имам Ахмед хабар берді.

6. Зайд бин Халид Жуханиден (радыяллаһу анһ) келген хабарда Расулуллаһ алейһиссалам былай бұйырды: ***«Бір мұсылман хушумен (беріліп) жақсылап екі рәкат намаз оқыса, өткен күнәлары кешіріледі»***. Яғни Аллаһу та'ала оның кішкентай күнәларын кешіреді. Бұл хадисті де имам Ахмед білдірген.

7. Абдуллаһ бин Амр ибни Ас (радыяллаһу анһ) хабар берген хадис шәрифте Расул әкрәм (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген: ***«Егерде бір кісі намазын уақытында оқыса, бұл намаз қиямет күні нұр болып ол кісінің тозаққа түсуіне кедергі болады. Намаз оқуға көңіл бөлмесе, қиямет күні нұр болмайды және еш қандай жәрдем де таппайды. Өзі Қарун, Перғаун, Хаман және Убай бин Халеф секілді кәпірлердің сапында болады»***.

Бұдан да көрініп тұрғанындай бір мұсылман намазды парыз, уәжіп, сүннеттері және әдептеріне сай оқитын болса, қиямет күні нұр ішінде болуына себеп болады. Осылай намаз оқуды жалғастырмайтын болса, жоғарыда аты аталған кәпірлер қатарында жәһаннамда қатты азапқа душар болады. Убай бин Халеф Мекке кәпірлерінің азғырындыларынан еді. Ухуд соғысында Пайғамбарымыз өз қолымен бұл ислам дұшпанын жәһаннамға жіберді. Бұл хадис шәрифті имам Ахмед пен Дарими білдірген. Бейхаки де **«Шуаб-ул-иман»** кітабында келтірген. Табииннің үлкені болған Абдуллаһ бин Шақиқ былай дейді: *«Сахабаи кирам (радияллаһу анһум) ғибадаттар ішінде тек намазды тәрк етудің күпір болатынын айтты»*. Мұны Термизи хабар берді. Абдуллаһ бин Шақиқ хазреті Омар, Осман, Әли және хазреті Айша анамыздан хадистер риуаят еткен. Хижраның жүз сегізінші жылында қайтыс болды.

8. Абуддерда (радыяллаһу анһ) айтады: «Екі көзімнің нұры - сүйікті кісім алейһиссалам былай деді: ***«Отқа тасталсаң да, қылышпен туралсаң да, Аллаһу та'алаға ешбір нәрсені серік***

етпе! Парыз намаздарды тәрк етпе! Парыз намаздарын біліп тұрып тәрк еткен кісі мұсылмандықтан шығады. Шарап ішпе, өйткені шарап бүкіл жамандықтардың кілті». Бұл хадисті Ибни Мажа хабар берген. Демек парыз намаздарын мән бермей тәрк еткен адам кәпір болады. Жалқаулықпен намазды тәрк еткен кісі кәпір болмаса да үлкен күнә істеген болады. Исламият білдірген бес үзірмен (кешірімді хал) намазды фәвт ету, яғни кешіктіру күнә болмайды. Шарап және алкогольді сусындардың барлығы зиянды.

9. Абдуллаһ ибн Омар (радыяллаһу анһ) хазреті Пайғамбарымыздан естіген хадис шәрифі жайында былай дейді: ***«Намазын уақыты кіргенде дереу оқыған кісіден Аллаһу та'ала разы болады. Уақытының соңында оқығандарды да кешіреді».*** Бұл хадисті Термизи хабар берген.

10. Умми Фәрвә (радыяллаһу анһа) риуаятында Пайғамбарымыздан қай амалдың абзалдығы сұралды. ***«Амалдардың ең абзалы уақытында оқылған намаз»***- деп жауап берді. Бұл хадисті имам Ахмед, Термізи және Абу Давуд білдірген. Ғибадаттардың ең абзалы болған намаз уақыты кіре салуымен орындалғанда одан да үстем әрі аса құнды болуда. Айша анамыз (радыяллаһу анһа) хазреті Пайғамбарымыз (алейһиссалам) жайында былай дейді: ***«Өмірімде Аллаһ елшісінің намазды уақытының соңында оқығандығын екі рет қайта көрмедім»***. Яғни бүкіл өмірі бойынша бірақ рет намазды уақытының соңында оқыған.

11. Айша (радыяллаһу анһа) тағы да хазреті Пайғамбарымыз жайында: ***«Расулуллаһтың ешқашан қалдырмай орындаған нәпіл ғибадаты таң намазының сүннеті болатын»***-деген. Бұл хабар **Бухари** мен **Муслим**де жазылған. Көрініп тұрғанындай Айша анамыз бес уақыттың парыздарымен қоса оқылатын сүннет намаздарын - нәпіл намаздар деген.

Ислам әлемінің атақты ғалымы, әулиелердің бас тәжі, мазһабсыз, жолдан азғырғандарға қарсы Әһли сүннеттің ең қамқор қорғаушысы, Аллаһ сүйген Ислам дінін жайып, бидғаттарды жойған ұлы мужаһид Имам Раббани мужаддиди әл фи сани Ахмед бин Абдулахад Фаруқи Сәрһәнди (рахметуллаһи алейһ) **«Мәктубат»** атты кітабының 1-ші том 29-мәктубында былай дейді: «Аллаһу та'аланың разы болған істері парыз бен нәпілдер. Бірақ парыз амалдар алдында нәпілдердің ешбір қадірі жоқ. Бір парыз-

ды уақытында орындау мың жыл үздіксіз нәпіл ғибадат еткеннен абзал. Бұған әр түрлі нәпіл намаз, зекет, ораза, зікір және пікір (тафаккур) жатады. Тіпті бір парызды орындап жатып оның ішіндегі сүннеттерінен немесе әдептерінен біреуін орындау да басқа бөлек нәпіл ғибадаттарды орындаудан мың есе артық. Амирул Муминин Омар Фарук (радыяллаһу анһ) бір күні таң намазын оқып болғаннан соң жамағатқа қатыспаған бір кісі жайында сұрайды. «Ол кісі түні бойы нәпіл намаз оқиды. Бәлкім сондықтан шаршап ұйықтап қалған шығар» деген жауап алғанда: «Одан да түнімен ұйықтап, азанда таң намазына келгені абзалырақ еді ғой» - деген еді. Бұдан бір парыздың өтелуі кезінде бір мустаһабын орындау немесе бір мәкрухынан сақтанудың зікір, пікір (тафаккур) және әр түрлі нәпіл ғибадаттан үстемдігі айқын болып тұр. Әрине бұл нәпілдер парыздармен бірге орындалса, үлкен сауаптарға қауыштырады. Бірақ парыздар бір шетте қалып өзін нәпілге ұрып кетсе, пайдасы болмайды. Міне сондықтан бір теңге (парыз) зекет беру мыңдаған теңге (нәпіл) садақа бергеннен абзалырақ. Сол зекет парызын орындау кезінде бір әдебіне амал етілсе, мысалы зекетті жақын туысқан фақирге берудің өзі әлгі көлемді садақа ғибадатынан жоғары тұрады. [Түнгі намазға тұрғандардың қаза намазын оқулары керектігі осы жерден түсінікті.]

«Мәктубат» кітабы парсы тілінде жазылған. Имам Раббани 1034 (м. 1624) жылы Үндістанның Сәрһәнд қаласында қайтыс болған. Өмірбаяны түрікше **«Хақ сөздің дәлелдері»**, **«Саадати әбәдия»** және **«Асхаби Кирам»** мен парсы тіліндегі **«Берекат»** кітаптарында баяндалған.

НАМАЗДЫҢ АҚИҚАТЫ

Ислам әлемінің әйгілі ғалымы Абдуллаһ Деһлеви **«Мәкатиби Шәрифә»** кітабының 85-бөлімінде былай дейді:

«Намазды жамағатпен оқу және **“Туманинетпен[13]”** оқу, рүкуден кейін **“Қавмә[14]”** жасау және екі сәжде арасында **“Жәлсә[15]”** жасау біздерге Аллаһу та’аланың Пайғамбары тарапынан бұйырылды. Рүкуден кейінгі қавмә мен екі сәжде арасындағы жәлсәнің парыз екендігін айтқан ғалымдар да бар. Ханафи мазһабының мүфтилерінен **Қазыхан** бұл екеуінің уәжіп болғандығын, екеуінің біреуі орындалмаса, **сәһу сәждесі** керек болатындығын айтқан. Ал егерде біліп тұрып тәрк етілсе, намазды қайта оқу керектігі білдірілді. Бұған муәккәд сүннет деген ғалымдар да *уәжіпке жақын сүннет* деп айтқан. Сүннетті мән бермей тәрк ету күпір болады. Намаздың қиямында, рүкусында, қавмәсінде, жәлсәсінде, сәжделерінде және отыруларында адамға бөлек-бөлек айырықша хал, ләззат пайда болады. Бүкіл ғибадаттар намаз ішінде жиналған. Құран Кәрім оқу, тәсбих айту (яғни субханаллаһ деу), пайғамбарымызға салауат айту, күнәларымызға тәубе-истиғфар ету және тілегіміздің орындалуын жалғыз Аллаһу та’аладан сұрап, Оған дұға ету сияқты ғибадаттар бір намазға жәм болған. Ағаштар намазда тұрғандай тік тұруда. Жануарлар рүкуде тұрғандай, жансыз заттар да намаз ташаһудінде отырғандай әрекетсіз халде. Намаз оқыған кісі олардың ғибадаттарын орындауда. Намаз миғраж түнінде парыз болды. Сол түні миғражға шығу бақытына қауышқан Аллаһтың сүйікті пайғамбарына ұюды ойлап намаз оқыған бір мұсылман, сол ұлы пайғамбардай Аллаһу та’алаға жақындастыратын дәрежелерге көтеріледі. Аллаһу та’алаға шын ықыласпен, әдептілік сақтап тұрып намаз оқығандар өздерінің рухани дәрежелері жоғарылағанын сезеді. Аллаһу та’ала және оның пайғамбары бұл үмбетке мерхамет (мейірімділік) етіп

[13] Намазда рүкудан тұрғанда және екі сәжде арасында барлық мүшенің бір субханаллаһ дейтіндей уақыт әрекетсіз тұруы.

[14] Намазда рүкудан тұрғанда мүшелер әрекеттен тоқтап, кемінде бір рет субханаллаһ дейтіндей уақыт тік тұруға айтылады.

[15] Екі сәжде арасында әрекетсіз отыру.

намаз оқуды парыз еткен. Сол үшін Раббымызға мадақ болсын. Оның сүйікті Пайғамбарына салауат, тахият және дұға етеміз. Намаз оқып жатқанда пайда болатын ләззат және хузур[16] таң қаларлық ғажайып хал. Ұстазым Мазхар Жаны Жанан: «Намазда Аллаһу та'аланы көру мүмкін болмаса да Оны көргендей бір сезім пайда болады» - деген. Осындай халдің пайда болатынын тасаввуф ұлылары бірауыздан айтқан. Исламның алғашқы кезеңдерінде намаз Құдусқа (Иерусалим) қарай оқылатын. Құдустағы Бәйтул-мұқаддеске қарауды қойып, Ибраһим алейһиссаламның қыбласына бұрылу әмір етілгенде Мәдинадағы яһудилер қатты ашуланған. «Бәйтул-мұқаддеске қарай оқыған намаздарың енді не болады?»- деп сұрағанда, Бақара сүресінің 143-аяты келіп: **«Аллаһу та'ала имандарыңды зая етпейді»** - деп бұйырылған. Осылайша сол бағытқа қарай оқылған намаздарының босқа кетпейтіні білдірілген. Бұл аятта Аллаһу та'ала намазды **«иман»** деп сипаттады. Бұдан шығатын мағына, намазды сүннеттеріне сай оқымау, иманды зая ету, яғни иманды босқа жіберу болады. Хазреті Пайғамбарымыз алейһиссалам: ***«Көзімнің нұры мен ләззаты намазда»*** - деген. Бұл хадис «Аллаһу та'ала құдіретімен намазда сезіледі, осылайша көзім оны көргендей рахатқа бөленеді» деген мағынаны береді. Бір хадисте Пайғамбарымыз: ***«Ей, Билал*** (радыяллаһу анһ)***! Мені рахатқа бөлеші.»*** деген. Яғни, «Ей, Билал, азан шақырып, қамат айтып мені рахатқа қауыштыр» деген. Намаздан басқа нәрселерден көңіл рахатын іздеу әбестік. Намазды зая еткен, бір намазды орындауды дұрыстай алмаған адам басқа ғибадаттарды ешқашан дұрыстай алмайды. Сондықтан да намаз оқуды ауырсынып оның орнына садақа, ас беру, Құран оқыту сияқты нәпілдермен өздерін алдап жүргендер қияметте қатты қайғыға және өкінішке тап болады.»

[16] Жүректе Аллаһу та'аладан басқа ешнәрсенің болмауы. Үздіксіз Хақпен бірге болу халі.

НАМАЗДАҒЫ ҮСТЕМДІКТЕР

Имам Раббани **«Мәктубат»** кітабының 1-томы 261- хатында былай дейді: «Исламның бес шартының екіншісі болған намаз барлық ғибадаттарды өз ішіне жинаған. Исламның бес шартының біреуі болса да, жалғыз бір өзі жалпы мұсылмандық деген түсінікті қамтыған. Адамды Аллаһу та'аланың махаббатына жеткізетін шарттардың біріншісіне айналған. Әлемнің мақтанышы, бүкіл пайғамбарлардың ең үстемі Мұхаммед алейһиссаламға Миғраж түнінде берілген Аллаһу та'аланы көзбен көру (руйет) нығметі жерге түскен соң дүниенің шарттарына сай қылып тек намазда берілді. Дүние шарттарында Аллаһу та'аланы көзбен көру мүмкін болмағанымен, жоғарыда айтқандай намазда ұлы кісілер онымен жүздесіп тұрғандай бір халге бөленген. Сондықтан хадис шәрифте: ***«Намаз мұсылманның миғражы»*** делінген. Басқа бір хадисте: ***«Адамның Аллаһу та'алаға ең жақын кезі намазда тұрған кезі»-*** делінген. Сол ұлы Пайғамбардың миғраждағы көру (руйет) мирасы, оның жолында болған ұлы кісілерге бұл дүниеде тек намазда ғана нәсіп болуда. Иә, бұл дүниеде Аллаһу та'аланы көру мүмкін емес. Өйткені, бұл төменгі дүние ондай үлкен оқиғаға лайықты етіп жаратылмаған. Бірақ Мұхаммед алейһиссаламға толығымен берілген, сүннетінен мүлдем шықпайтын әулие-тақуа кісілерге көру (руйет)ден кейбір нәрселер нәсіп болып жатқаны күмәнсіз. Егер намаз бұйрылмағанда, мыңдаған ғашық пенденің сүйіктісінің жамалындағы пердені басқа қандай нәрсе аша алатын еді? Ғашықтар ұлы сүйіктісін қалай табатын еді? Намаз қайғылы рухтарға қуаныш, ауруларға рахат әкелетін амал. Рухтың азығы намаз. Жүректердің шипасы намаз. ***«Ей, Билал мені қуанышқа, рахатқа бөле»*** деп азан оқуды бұйырған хадис осыны көрсетіп тұр. ***«Намаз жүрегімнің қуанышы, көзімнің нұры»*** хадисі де осыған ишарат етуде.

Тасаввуф жолындағы зауқтар, уаждтер, ілім-марифаттар, мақамдар, нұрлар, реңдер, қалбтағы (көңіл) тәлвин және тәмкиндер, түсінікті және түсініксіз тәжәллилер сипатты және сипатсыз зухурдан[17] қай бірі намаз сыртында пайда болса, және намаздың

[17] Бұл терминдер тарихат, яғни әулиелік жолында тәрбиеленіп жатқан шәкірттердің жүрегінде, рухани әлемдерінде пайда болатын ғажайып халдер.

ақиқатынан да еш нәрсе түсіндірілмесе, бұлардың барлығы суреттен, көлеңкеден пайда болғаны белгілі болады. Ал намаздың ақиқатынан аз нәрсе түсінген кәміл (рухани жетік) кісі намазға тұрғанда бұл дүние өмірінен шығып ахырет өміріне кіргендей болады және ахыретке тән нығметтердің кейбірлеріне қауышады. Бұлар араға сурет, көлеңке, сипат араластырмай асылдан, негізден ләззат және үлес алады. Өйткені, дүниедегі бүкіл нығметтер, кемелдіктер көлеңке, сурет және көріністен пайда болуда. Араға бұлар араласпай тікелей Аллаһтың затынан, яғни негізден пайда болу ахыретке тән құбылыс. Дүниедегі негізден нәр алу үшін миғраж болу керек. Яғни Аллаһу та'аламен ешбір жәрдемшісіз тікелей кездесу шарт. Бұл да пайғамбарымыздан басқаға берілмеген. Дегенмен пайғамбарымыз сүйікті үмбетін осы дәулеттен мақрұм етпеу үшін сол дастарханнан төгілген нығметті мұсылмандардың намазына нәсіп етілуіне себеп болды. Сөйтіп бұл нығмет тек осы үмбетке ғана тән болды. Мұсылмандар өз пайғамбарларына еру дәрежесіне қарай әлгі нығметке қауышады. Өйткені бұлардың пайғамбары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Миғраж түнінде бұл дүниеден кетіп ахыретке барды. Жәннатқа кіріп руйет (көру) бақытына қауышты. Йа, Рабби! Сол ұлы пайғамбарға (алейһиссалам) біздің тарапымыздан оның ұлылығына жарасатын жақсылықтарды нәсіп ете гөр! Бүкіл пайғамбарларға (алейһимуссалам) да жақсылықтар, берекеттер бере гөр! Олар Сенің құлдарыңа Сені таныту, разылығыңа қауышу жолдарын уағыздады.

Тариқат жолын ұстанғандардың көпшілігіне намаздың ақиқаты танытылмағаны үшін және оған тән кәмелет нәсіп болмағаны үшін дерттерінің емін басқа нәрселерден іздесті. Мақсаттарына жету үшін мүлдем басқа нәрселерге сүйенді. Тіпті кейбіреулері намазды тариқатқа байланысы жоқ деп те ойлайды. Оразаны намаздан жоғары деп білді.

Ей, бауырым! Намаз бен музыканың арасы неғұрлым ұзақ болса, намаздан пайда болатын рухани кәмелет пен музыкадан алатын нәпсани әсерің де бір - бірінен соғұрлым алыс. Ақылы бар адам осыншама ишараттан көп сабақ алады.

Ғибадаттарды орындауға қиналмау адам баласы үшін Аллаһу та'аланың ең үлкен нығметтері. Намаздың ләззатын сезіну бұл жолдың аяғына жетпегендерге нәсіп болмайды. Әсіресе парыз

намаздың ләззатына жету тек соларға ғана тән. Өйткені жолдың аяғына жақындағандарға тек нәпіл намаздардың ләззаты білдіріледі. Ал жолдың аяғында тек парыздардың ләззаттары байқалады. Оларға нәпіл намаздар зауықсыз болып, тек парыздарды орындау үлкен пайда болып сезіледі.

[Нәпіл намаз - парыз бен уәжіптен басқа намаздар. Бес уақыт намаздың сүннеттері мен уәжіп болмаған намаздардың барлығы - нәпіл намаздар.]

Намаздардан пайда болатын ләззаттан нәпсіміз ешқандай үлес алмайды. Адам бұл ләззатты сезініп жатқанда нәпсі ыңырсынып қиналады. Йа, Рабби! Бұл қандай үлкен мәртебе! Біз сияқты рухы ауру болғандардың мұны естуі де нағыз бақыт.

Бұл дүниеде намаздың мәртебесі, дәрежесі ахыретте Аллаһу та’аланы көру дәрежесіндей екенін жақсы біліңіз. Адамның дүниеде Аллаһу та’алаға ең жақын болатын кезі – намаз оқитын уақыты. Ал ахыретте ең жақын кезі – рүйет, яғни Аллаһу та’аланы көрген кез. Дүниедегі бүкіл ғибадаттар адамды намаз оқи алатын бір халге жеткізу үшін қойылған, негізгі мақсат намаз оқу. Мәңгілік бақыт пен шексіз нығметке тек намаз оқу арқылы қауышылады. Намаз бүкіл ғибадаттардан және оразадан қадірлі. Намаз уайымдаған жүректерді, мұңды рухтарды ләззатпен толтырады, күнәларды жояды, адамды жамандықтардан сақтайды. Хадис шәрифте: «***Намаз - жүрегімнің қуанышы және сүйіспеншіліктің қайнар көзі»*** - делінген. Намаз рухтың азығы, жүректің шипасы.»

Намаздың сыры

Имам Раббани **«Мәктубат»** кітабының 1-томының 304-хатында былай дейді: Аллаһу та’алаға хамд, пайғамбарға алейһиссалам салауат келтіргеннен кейін мәңгілік бақытқа қауышуыңызға дұға етемін. Аллаһу та’ала бірнеше аятта салих амалдар істеген мұсылмандардың жәннатқа кіретінін білдіреді. Бұл салих амалдар қайсысы? Жақсы істердің барлығы ма, жоқ әлде бірнешеуі ме? Егер жақсы істердің барлығы болса, бұларды ешкім істей алмайды. Бірнешеуі болса, нақты қайсысы? Бұны Аллаһу та’ала былайша білдірді: салих амалдар Исламның бес шарты, тірегі болып табылады. Исламның бұл бес негізін кімде-кім шын ықыласымен

кемшіліксіз орындаса, тозақтан құтылары сөзсіз. Өйткені бұлар негізгі салих амалдар болып, адам баласын әртүрлі жаман істер мен әрекеттерден сақтайды. Құран Кәрімнің Анкабут сүресінің 45-аятында: «**Кемшіліксіз оқылған намаз - адамды лас, жаман істер істеуден сақтайды» -** делінген. Қандай да бір адам исламның бес шартын толық орындаса, Аллаһтың нығметіне шүкіршілік еткен болады. Өйткені Аллаһу та'ала «Ниса» сүресінің 146-аятында: «**Иман келтіріп, шүкір етсеңіз азап етпеймін» -** деген. Олай болса, исламның бес шартын орындауға шын ықыласпен кірісу керек.

Бұл бес шарттың ең маңыздысы намаз. Ол - діннің тірегі. Намаздың әдептерінен бірде-бір әдебін қалдырмай оқуға тырысу керек. Намаз толық орындалса, исламның негізгі үлкен іргетасы қаланған болады. Тозақтан құтқаратын арқанды мықтап ұстаған болады. Аллаһу та'ала барлығымызға намазды толық оқуды нәсіп етсін.

Намазда тұрғанда «Аллаһу әкбар» деу, Аллаһу та'аланың ешбір махлұқтың ғибадатына мұқтаж болмағанын, ешбір нәрсені қажет етпейтіндігін, адамдардың намазының оған пайдасы болмайтынын білдіреді. Намаздың ішіндегі айтылатын тәкбірлер болса, Аллаһу та'алаға лайықты ғибадат ете алмайтындығымызды білдіреді. Рүкудағы тасбихтер де осы мағынаға келетіндіктен рүкудан кейін тәкбір айту әмір етілмеді. Бірақ сәжде тасбихтерінен кейін әмір етілді. Өйткені сәжде кішіпейілділіктің, құлшылықтың, қарапайымдылықтың ең соңғы шегі болғандықтан мұны орындағанда адамның ойына толығымен лайықты ғибадат еттім деген ой келеді. Бұл ойдан сақтану үшін сәжделерге жатып тұрғанда тәкбір айту сүннет болғанындай, сәжде тәсбихтерінде **аълә** деп айту әмір етілді. Намаз мүминдердің миғражы болғандықтан, намаздың соңында пайғамбарымыз алейһиссалам миғраж түнінде айту бақытына қауышқан сөздерді, яғни аттахиатуді оқу әмір етілді. Олай болса, намаз оқыған кісі намазды өзіне миғраж етуі керек. Аллаһу та'алаға жақындаудың соңғы дәрежесін намаздан іздеу керек. Пайғамбарымыз алейһиссалам бір хадисінде былай дейді: «***Адамның Жаратушысына ең жақын болатын сәті намаз оқыған сәт.»*** Намаз оқитын адам Жаратушысымен тілдесуде, Оған жалынып-жалбарынуда, Оның ұлылығын, Одан басқа нәрселердің түкке арзымайтынын түсінуде. Сондықтан намазда

қорқу, қобалжу адам бойын билейтіндіктен, осы сезімдерден арылу үшін намаздың соңында екі жаққа сәлем беру әмір етілді.

Пайғамбарымыздың алейһиссалам бір хадисінде: «***Парыз намазынан кейін 33 тасбих, 33 таһмид, 33 такбір және бір таһлил»*** - әмір етілді. Мұның себебі, намаздағы кемшіліктер тасбих арқылы толықтырылады. Лайық болған толық ғибадат орындалмағанын білдіреді. ***Тахмид***пен намаз оқу бақытына қауышудың тек Оның көмегімен болғаны біліні, бұл үлкен нығметке шүкір және хамд етіледі. ***Тәкбір*** айтумен де Одан басқа ешкімнің ғибадатқа лайық еместігі білдіріледі.

Намаз шарттары мен әдептеріне сай орындалып, жіберілген кемшіліктер осылайша жабылады. Намазды нәсіп еткеніне шүкір етіп, ғибадатқа Одан басқа ешкімнің хақы жоқ болғанын шын жүрекпен кәлимаи тауһидті айтумен бұл намаз қабыл болады. Бұл адам намаз оқығандардың және құтылғандардың қатарында болады. Йа, Раббым! Пайғамбарлардың ең үстемінің құрметі үшін (алейһи уә ала алиһимуссалауату уәттаслимат) біздерді намаз оқыған және құтылған бақытты құлдарынан ете гөр! Әмин.

Намаздан кейінгі дұға

Әлхамдулилләһи Раббил аләмин! Ассаляту уәссәләму алә Расулина Мухаммәдин уә әлиһи уә сахбиһи әжмаин. Йа Рабби! Оқыған намазымды қабыл ет! Соңғы демімде кәлимаи тәуһидті айтуды нәсіп ет. Өлгендердің күнәларын кешір. Аллаһуммағфир уәрһәм уә антә хайрур-рахимин. Тәуәффәни мүслимән уә әлхиқни биссалихин. Аллаһуммағфир-ли уәлидәййә уәли устазия уә лилмүмининә уәл мүминат яума йақумул хисаб. Йа, Рабби! Мені шайтанның азғыруынан, дұшпанның қастандығынан және нәпсімнің азғыруынан сақта. Мұсылмандарға саулық бере гөр! Дұшпандарымызды қарғысқа душар қыл және істеген істері үшін өкіндір. Кәпірлермен жиһадта жүрген мұсылмандарды илаһи жәрдеміңмен құтқар. Аллаһумма иннәкә афуун каримун туһиббул афуа фафу әнни. Йа, Рабби! Ауруларымызға шипа, дерттерімізге дауа нәсіп ет. Аллаһумма инни әсәлукәссихатә уәл-афийата уәләманәтә уә хуснәлхулқи уәрриддаи бил қадари би-рахматикә йә архәмәррахимин. Ата-анама, бала-шағаларыма, туыстарыма

және мұсылман бауырларыма қайырлы өмір, жақсы құлық, адаспас ақыл, денсаулық, кешірім және мол бақыт нәсіп ет, Йа, Раббым! Әмин. Уәлхамду-лилләһи раббилаләмин. Аллаһуммә салли алә..., Аллаһуммә бәрик алә..., Аллаһуммә Раббәнә атина.... Уәлхамду лилләһи Раббилаләмин. Астағфируллаһ, астағфируллаһ, астағфируллаһ ал-азыйм әлкәрим әлләзи лә илаһә илла һуәл-хайялқаййум уә әтубу иләйһ.

Дұғаның қабыл болуы үшін

1. Мұсылман болу керек.

2. Әһли сүннет сенімінде болу керек. Ол үшін төрт мазһабтың біреуі көрсеткен жолмен жүру керек.

3. Парыздарды орындау керек. Қаза болған намаздарды, түнде және сүннеттердің орнына қаза ету керек.

Парыз намаздары қаза болған адамның сүннет, нәпіл намаздары және дұғалары қабыл болмайды. Яғни дұрыс болса да сауап берілмейді. Шайтан мұсылмандарды алдау үшін парыз намаздарын маңызсыз етіп, сүннет және нәпіл намаздарына қатты көңіл аудартады. Намазды уақыт кірісімен оқу керек.

4. Харамнан сақтану керек. Халал жеген адамның дұғасы қабыл болады.

5. Әулиелердің құрметі үшін дұға ету керек.

Үндістан ғалымдарының бірі Мұхаммед бин Ахмед Заһид **«Тарғибус салат»** атты кітабының 54- бөлімінде былай деген: «Хадис шәрифте: «***Дұғаның қабыл болуы үшін екі нәрсе қажет. Біріншісі, шын ықыласпен дұға ету керек. Екіншісі, ішіп-жегені және киген киімі халал болуы керек. Мүминнің бөлмесінде харам жолмен табылған бір жіп болса бұл бөлмеде сұралған дұға қабыл болмайды»*** - делінген. Ықылас – Аллаһу та’аладан басқа еш нәрсені ойламай, жалғыз Аллаһу та’аладан ғана тілеу. Сондықтан да әһли сүннет ғалымдары білдіргеніндей иман келтіру, Ислам шарттарына мойынсыну, біреудің ақысын жемеу және бес уақыт намаз оқу керек.

Тәждиди иман дұғасы
(Иманды жаңалау)

Йа, Раббым! Балиғат жасымнан осы жасқа келгенге дейін, Ислам дұшпандарына және бидғатшыларға алданып, бұзылған сенімдеріме және бидғат, күнә болған сөздеріме, тыңдағандарыма, көргендеріме және істегендеріме өкіндім. Енді қайта бұлай жалған сенімдерге сенбеуге және қате істемеуге ант еттім. Пайғамбарлардың алғашқысы Адам алейһиссалам және соңғысы Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам. Бұл екі пайғамбарға және араларында келіп-кеткен пайғамбарлардың барлығына иман еттім. Олардың барлығы хақ және білдіргендері рас. Әмәнту билләһ уә би-мә жаә мин индиллаһ аләә мурад-иллаһ, уә әмәнту би-Расулилләһ уә би-мә жаә мин инди Расулиллаһ аләә муради-Расулилләһ. Әмәнту билләһи уә Мәләикәтиһи уә кутубиһи уә Русулиһи уәл-яумил-ахири уә билқадәри хайриһи уә шәрриһи миналлаһи та’ала уәл-ба’су ба’дәлмәути хаққун әшһәду ән лаа илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдүһү уә расулүһ.

Намаздың хикметтері
(Намаз және денсаулығымыз)

Мұсылман намазды Аллаһу та’аланың әмірі болғандықтан оқиды. Раббымыздың әмірлерінде көптеген хикмет, пайда бар. Тыйым салынған нәрселердің адам баласына көптеген зияны бар екендігі ақиқат. Бұл пайда мен зиянды нәрселердің бір бөлігі бүгінгі күнгі медицина ғылымы тарапынан тілге тиек етілген. Ешқандай дін мен идеология-ой адам денсаулығына Исламдініндей мән бермеген. Дініміз ғибадаттардың ең үстемі болған намазды өміріміздің соңына дейін оқуымызды әмір еткен. Намаз оқыған кісінің денсаулығына пайда беретін нәрселерге қол жеткізетіні анық. Намаздың адам денсаулығына беретін пайдаларының бірнешеуі төмендегідей:

1. Намаздағы әрекеттер байсалдылықпен жасалғандықтан адамды шаршатпайды, жүрегіне күш түсірмейді. Намаз күннің әртүрлі уақытында оқылатын болғандықтан адамның үнемі жігерлі, қуатты болып жүруіне алып келеді.

2. Күніне басын сексен рет жерге қойған адамның миына ритмге сай артық қан барады. Сондықтан мидың клеткалары толық қоректенгендіктен есте сақтау және жаратылысының (адамдық қасиет) бұзылуы намаз оқыған адамдарда өте аз кездеседі. Намаз оқыған адамдар денсаулық жағынан басқаларға қарағанда әлде қайда мықты өмір сүреді. Бүгінгі медицинадағы “demans senil” деген алжу ауруына ұшырамайды.

3. Намаз оқыған кісілердің көздері ретпен еңкейіп тұрудың арқасында одан да қуатты қан айналымына ие болады. Осы себеп тен көз ішіндегі қан қысымының артуының алдын алады және көздің алдыңғы бөлігіндегі сұйықтықтың үнемі ауысуына кепілдік етеді. Көзді “катаракт” немесе ”қарасу” ауруынан сақтайды.

4. Намаз оқудағы әрекеттердің асқазандағы азықтардың жақсы араласуына, өттің оңай ағуына және өт қалтасында тас пайда болмауына, іш кебуін кетіру үшін де ролі үлкен. Бүйректің және зәр жолдарының жақсылап шайқалуынан, бүйрекке тас байлануының алдын алуға және қуықтың босауына да жәрдемші болады.

5. Бес уақыт намаздағы ритмдік әрекеттер күнделікті өмірде қозғалмайтын бұлшық еттердің қозғалуына өз әсерін тигізеді. Острехандроз сияқты буын ауруларын және сіңір тартылуларының алдын алады.

6. Дененің саулығы үшін тазалықтың маңызы өте зор екендігін білеміз. Дәрет және ғұсыл - әрі рухани әрі дене тазалығы. Ал намаз – тазалықтың нағыз өзі. Дене және рухани тазалықсыз намаз оқуға болмайды. Дәрет және ғұсыл дене тазалығын сақтайды. Ғибадат міндетін орындайтын адам рухани демалып тазарады.

7. Намаз уақыттары - қан айналымын тазалау және тыныс алу жолдарын күшейту үшін ең ыңғайлы уақыт.

8. Ұйқыны ретке келтіретін маңызды элемент - намаз. Денеде жиналған электрлік қуат сәжде жасағанда жерге өтеді. Осылайша дене қайтадан нейтрализацияланады.

Намаздың бұл пайдаларына қол жеткізу үшін, намазды уақытылы оқумен қатар, тазалыққа, көп тамақ жемеуге және жеген нәрсенің таза және халал болуына мән беру керек.

Жетінші бөлім

НАМАЗ ИСҚАТЫ

Өлген кісінің қарыздарын өтеу

«Нур ул-изаһ», **«Тахтави»**, **«Халеби»** және **«Дурр-ул-мухтар»** атты кітаптарда намаздың қазасы тақырыбының соңында **«Мултеқа»**, **«Дурр-ул-мунтақа»**, **«Виқая»**, **«Дурар»** және **«Жәуһәрә»** және басқа құнды кітаптарда, ораза тақырыбының аяғында, өсиет етіп кеткен мәйіт үшін исқат және дәуір жасау керектігі жазылған. Мысалы, **«Тахтави»** кітабының түсіндірмесінде: «Тұтылмай қаза болған оразаларды фидйа (ғибадат орнына берілетін айыппұл) беру арқылы исқат (өтеу) етуге болатындығы жайлы насс-дәлелдер бар. Намаз оразадан да маңызды болғандықтан, дінімізге сай үзірлік себептермен оқылмай қалған және қазасын өтеуді ұмытса да, өлім халіне жеткен адамның оқи алмаған намаздарын оразадағыдай исқат (өтеу) етуге болатынын барлық ислам ғалымдары мақұлдаған. Намаздың исқаты болмайды дегендер - надан адамдар. Өйткені, мазһабтардың мақұлдаған мәселесіне қарсы шыққан болады. Бір хадис шәрифте: ***«Бір кісі басқа біреудің орнына ораза ұстай алмайды және намаз оқи алмайды. Бірақ біреудің намазы және оразасы үшін фақир (кедей) кісіге тамақ беруіне болады»*** – деп бұйырылған».

Әһли сүннет ғалымдарының үстемдігін түсіне алмаған және мазһаб имамдарымызды, өздері сияқты қиялмен сөйлейтіндерден санайтын кейбіреулердің «Исламда исқат және дәуір жоқ. Исқат христиандардың күнәдан арылуына ұқсайды» – деген сияқты негізсіз нәрселер айтып жүргенін естиміз. Осындай сөздер, айтқан адамдардың өздерін қауіпті жағдайға түсіреді. Өйткені Пайғамбарымыз бір хадисінде: ***«Менің үмбетім бұрыс жолда бірікпейді»*** – деп айтады. Бұл хадис мужтаһид ғалымдардың ауызбірлігімен айтқандарының әлбетте хақ екенін көрсетіп тұр. Оларға сенбегендер бұл хадис шәрифті де жоққа шығарған болады. **Ибни Абидин** үтір намазы бабында: «Дінде білінуі шарт болған, яғни сауатсыздарға да мәлім болған **ижма** үкімдеріне сенбеген кісі кәпір болады»– деген. **Ижма** деп ғалымдардың ауызбірлігін айтады. Исқат – христиандардың күнәдан арылту ритуалына қалай

ұқсатылады? Поптар адамдарды күнәдан тазартамыз деп оларды тонап жатыр ғой! Ал, Исламда дін адамдары, имамдар исқат жасай алмайды. Исқатты тек өлген кісінің уәлисі (өсиетін орындаушы) болған туысы ғана жасайды және ақшаны да дін адамдарына емес, кедейлерге таратады.

Бүгінгі таңда **исқат** және **дәуір** еш жерде Исламға сай жасалынып жатқан жоқ. Исламда исқат жоқ деп сайрайтындар, "исқат жоқ" деп емес, "бүгінгі күнде жасалынып жатқан исқат Исламға сай емес"- десе дұрыс болатын еді. Біз де оларды қолдайтын едік. Олар осылайша діннің үкіміне қайшы келіп азапқа душар болмай, әрі Исламға қызмет жасаған болар еді. Исқат және дәуірлердің дінімізге сай жасалу жолдарын төменде көрсетеміз. **Ибн Абидин** қаза намаздары тақырыбының соңында былай дейді: *«Фаита намаздары [шариғи үзірмен қазаға қалдырып қойған] болған адам, ишаратпен оқуға мүмкіндігі бола тұрып оқымаған болса, өлер алдында қазасын исқат (өтеу) ету үшін біреуге өсиет етуі уәжіп болады. Қаза намазын оқуға күші жетпеген (қатты ауру) болса, өсиет етуі қажет емес. Рамазанда сафариліктен немесе науқастықтан ораза ұстамаған кісі де бұлардың қазасын өтеуге мүмкіндігі болмай өлетін болса, өсиет етіп кетуі қажет болмайды. Аллаһу та'ала бұлардың үзірлерін қабыл етеді. Ауру кісінің қазаларының исқатын ол кісі өлгеннен кейін уәлисі өтейді. Өлмей тұрып исқат етілмейді. Тірі адамның өзі үшін исқат қылдыруы жаиз емес».* **«Жила-ул-Кулуб»** атты кітапта: *«Мойнында Аллаһу та'алаға немесе құлға қарыз болған кісі екі куәнің алдында өсиет етуі немесе жазып қойғанын бұларға оқуы уәжіп, ал мойнында хақ болмаған кісінің өсиет етуі мустаһаб болады»*- делінген.

Қазаларының исқаты (каффарат исқаты) үшін өсиет қалдырған мәйиттің уәлисі, яғни мирасын айтылған орындарға жұмсау өсиет етілген адамы немесе мұрагері мирастың үште бірінен, әрбір уақыт намаз үшін және үтір намазы үшін және қаза етілуі керек болған бір күндік ораза үшін бір пітір мөлшерінде, яғни жарты саъ [520 дирхам немесе 1750 грамм] бидайды кедейлерге [немесе кедейлердің өкілдеріне] береді.

Қазаларының исқатын (каффарат исқаты) мәйит ешкімге өсиет етпеген болса, мұрагердің өзінше исқат беруі Ханафи мазһабында шарт емес. Шафии мазһабында, өлген кісі ешкімге өсиет етпе-

ген болса да оның туысы исқат етуі керек. Ханафи мазһабында мойнында кісі (құл) хақысы болған мәйіт өсиет етпеген болса да артында қалдырған мүлкінен туысының өтеуі керек деп айтылады. Тіпті алашақтылар мәйіт қалдырған мирастан ақысын сотсыз да ала алады. Мәйіт оразаның қазасын мүлкімен өтеуді өсиет еткен болса, оны орындау уәжіп болады. Өйткені, Ислам бұны әмір етуде. Өсиет етпеген болса, төлеу уәжіп емес, тек жаиз болады. Бұл екеуі де қабыл етілмесе, берген ақшалары садақа болып, дүниеден өткен кісінің күнәларының кешірілуіне себепші болады. Имам Мұхаммед осылай деген. **«Мәжма-ул-Анһур»** атты кітапта: *«Нәпсісіне және шайтанға еріп, намазын оқымай өмірінің соңында бұған қатты өкініп, өтеуге кіріскен кісінің өтей алмаған намаздарының исқат етілуі үшін өсиет етуі жаиз емес деп айтылса да* ***«Мустасфа»*** *атты кітапта оны жаиз деген».-* делінген.

«Жила-ул-қулуб» атты кітапта*: «Құл (кісі) хақтарына: өтелетін қарыз, аманат, күштеп алынған, ұрланған мүлік, еңбекақы т.б.; ұрып-соғу, жаралау, рұқсатсыз қолдану сияқты дене хақтары; балағаттау, мазақ ету, жала жабу сияқты көңіл хақтары жатады»-* делінген.

Өсиет етіп кеткен мәйіттің мүлкінің үштен бірі исқат етуге жеткілікті болса, мұрагері осы мүліктен фидйа беруі керек. Үштен бірі жеткілікті болмаған жағдайда, мұрагері жетпегенін өз ризашылығымен беруі жаиз екендігі **«Фәтх-уль-қадр**да**»** жазылған. Мәйіт парыз болған қажылығын өтеңдер деп өсиет еткен болса, мұрагері немесе басқа біреу, қажыға берілген ақшаны сыйға тартуы жаиз болмайды. Өсиет етпеген мәйіттің мұрагері өз қалауы және өз ақшасымен исқат етсе немесе қажыға барса, мәйіттің қарызы өтелген болады. Мұрагерден басқасының ақшасымен бұлардың өтелуі жаиз болмайды дегендер болса да **«Дүрр-үл-Мухтар»**, **«Марақ-ил-Фәлах»** және **«Жила-ул-Қулуб»** кітаптарының авторлары **жаиз болады** деген.

Қазалардың исқаты үшін бидай орнына ұн немесе бір саъ арпа, құрма, жүзіммен де есептеліп беруге болады. [Өйткені бұлар бидайдан да құнды болғаны үшін кедейге пайдалырақ.] Барлығының орнына құнды болған алтын немесе күміс те беруге болады. [Қағаз ақшамен исқат берілмейді.] Тіләуат сәждесі үшін исқат беру керек емес.

Исқат және дәуір қалай өтеледі?

Фидйа ақшасы мирастың үштен бірінен асса, мұрагерлер рұқсат етпейінше, уәлисі мүліктің үштен бірінен көбін жұмсай алмайды. **«Қыниа»** атты кітапта: *«Өмірі бойы өтемеген намаздары үшін мүлкінің үштен бірін беруді өсиет еткен мәйіттің қарызы болып, қарыз иесі алдымен өсиеттің орындалуына рұқсат берсе де, бұл өсиеттің жүзеге асырылуы дұрыс емес»*- делінген. Өйткені Ислам үкімдері бойынша алдымен қарыздарының өтелуі әмір етілген. Қарызды өтеуі мерзімін, алашақты адамның ризалығы болса да, кешіктіруге болмайды.

Өмір бойы өтемеген намаздарының исқат етілуі үшін өсиет еткен кісінің қанша жаста дүние салғандығы белгісіз болса, қалдырған мұрасының үштен бірі намаздарының исқатына жетпеген жағдайда бұл өсиет жаиз болады. Мұрасының үштен бірі исқат үшін жетсе және артса, өсиеті жаиз болмайды. Өйткені мүлкінің үштен бірі исқат етуге жетпеген жағдайда, бұл үштен бір мүлікпен исқат етілетін намаздар саны анық болғандықтан, өсиеті бұл намаздар үшін сахих болады. Қалған намаздары үшін айтылған өсиет бос сөз болады. Мұраның үштен бірі исқаттан көп болған жағдайда марқұмның жасы белгісіз болғандықтан намаздар саны да белгісіз болып қалады, мұндай жағдайда өсиет дұрыс болмайды.

Намаз исқаты үшін өсиет еткен мәйттің мал-мүлкі болмаса немесе үштен бірі өсиетке жетпесе яки өсиет айтпай, уәлисі өз мүлкімен исқат еткісі келсе, **дәуір** жасайды. Бірақ мұрагері дәуір етуге міндетті емес. Дәуір ету үшін мұрагері бір айлық немесе бір жылдық исқат үшін керек болған алтын теңге, білезік, жүзік немесе базарда өтетін күміс теңгені қарызға алады. Дүниеден өткен ер кісі болса жасаған жасынан он екі жас, әйел болса тоғыз жас алынып тастап қанша жыл қарызы болғандығын есептейді. **Бір күндік алты намаз үшін (үтір намазымен бірге) 10 кг, бір календарлық жыл үшін 3660 кг бидай беруі керек.** Мысалыға, 1 кг бидайды 50 теңге 50 тиын деп алсақ, бір жылдық намаз исқаты 184830 теңге, қысқаша 186000 теңге болады. Ал бір алтын теңгенің (салмағы 7 грамм 20 сантиграмм) құны 12000 теңге болса, **бір жылдық намаз исқаты үшін 15,5 дана, сенімді болу үшін 16 алтын теңге**

керек болады. Мәйіттің мұрагері мысалыға сондай алтыннан 2 алтын теңге қарызға алады және дүниеге беріліп кетпеген, дінін құрметтейтін 4 кедей табады. (бұлардың пітір бере алмайтын, яғни садақа алатын кедей болулары шарт. Кедей болмаса исқат қабыл болмайды.) Өлген кісінің өкілі: *«Марқұм пәленше ұлы пәленшенің исқаты салаты (намаз исқаты) үшін өтеу ретінде осы 2 алтынды саған бердім»* - деп кедей кісіге садақа ниетімен береді. Алған кісі: *«Алдым, қабыл еттім»*– деп алады және біраздан кейін, *«Өзіңе қайта сыйладым»* - деп әлгі алтындарды өкілге қайта береді және өкіл қабыл алады. Кейін тағы да осыған немесе басқаға беріп, қайта алады. Осылайша бір кедейге төрт рет немесе төрт кедейге бір реттен беріп, кейін сыйлық ретінде алумен **бір дәуір** болады. Бір дәуірде 8 алтындық намаз каффараты исқат етілген болады. Мәйіт ер кісі алпыс жасында болса: 48×16=768 алтын теңге беруі керек болады. Сондықтан 768÷8=96 рет дәуір жасалады. Алтын саны төрт болса, 48 дәуір; алтын саны сегіз болса, 24 дәуір жасайды. Кедейлер саны он және алтын теңге саны да он болса, 48 жылдық намаз қазасының исқаты үшін 7,68 дәуір жасалады. Өйткені: **Намаз оқымаған жылдар × бір жылдық намаз үшін берілетін алтын саны = кедей кісі саны × дәуір жасайтын алтын саны × дәуір саны.** Мысалы:

48 × 16 = 4 × 2 × 96 = 4 × 4 × 48 = 4 × 8 × 24 = 10 × 10 × 7,68

Жоғарыда көрсетілгендей дәуір санын табу үшін: **бірінші, мәйіттің намаз оқымаған жылдар саны бір жылдық алтын санына көбейтіледі. Сонан соң кісі санын дәуір жасаған алтын санына көбейтеді. Осылайша бірінші көбейтіндіні кейінгі көбейтіндіге бөледі.** Бұдан дәуір саны шығады. Бидай мен алтынның қағаз ақша құны әрдайым бірдей мөлшерде өзгеріп отырады. Яғни бидай мен алтынның құны әрқашан бірдей арзандайды немесе қымбаттайды. Сондықтан исқат үшін берілетін бір жылдық бидай мөлшері өзгермегені сияқты, бір жылдық алтын саны да жоғарыда есептелгендей 16 алтын болып қала береді. Сондықтан Исқат есебі үшін:

Бір айлық намаз исқаты - 1,3 алтын;

бір айлық Рамазан ораза исқаты - 0,45 алтын. - деп қабылданады. Дәуір жасалатын алтын мөлшері және дәуір саны осыдан есептелінеді.

Намаз исқаты біткен соң тұтылмаған, қазасы өтелуі керек болған оразалардың исқаты үшін бес алтын төрт кедейге үш рет дәуір етіледі. Өйткені бір жылғы ораза мөлшері бір ай, яғни отыз күндік ораза исқаты 52,5 кг бидай немесе 1,6 грамм алтын, яғни 0,45 дана алтын теңге болады. Сондықтан Ханафи мазһабында **бір алтын теңге екі жылдық оразаны исқат етеді** және қырық сегіз жыл үшін 24 алтын беру керек болады. 2 алтынмен төрт кедейге бір дәуір жасалғанда 8 алтын берілген болады. Үш дәуірде 48 жылдық ораза исқаты жасалған болады. Қазасы өтелуі керек болған оразалар исқаты біткен соң зекеті үшін, кейін құрбандығы үшін бірнеше дәуір жасалады.

Бір бұзылған ант үшін күнде бір кедейден он күн, немесе он кедейді күніне екі рет тамақтандырып тойдыру керек. Ниет етіліп үзірсіз бұзылған бір күндік оразаны өтеу үшін бір күнде алпыс кедейді тойдыру керек. Бір күнде бір кедейге жарты саъ (жарты саъ=1750гр) бидайдан артық берілмейді. Яғни бірнеше ант каффаратын он кедейге бір күнде беруге болмайды. Ондай болса ант және ораза қазасы үшін бір күнде дәуір жасау мүмкін емес.

Қайтыс болған кісі бұзылған анты үшін өсиет қалдырған болса, бір ант үшін бір күнде он кедейдің әрбіріне 2 кг бидай, ұн немесе осы заттың құнына тұрарлық басқа бір зат, алтын, күміс беріледі. Бұлардың бәрін бір кедей кісіге он күнде беруге болады. Немесе бір кедейге ақша беріп*: «Сені өкіл еттім. Мына ақшамен әркүні таңертең және кешке он күндік мерзімде тамақ алып іш»* - деуге болады. Кедей бұл ақшаны тамақтанбай газет, кофе сияқты нәрселерге жұмсаса, жаиз болмайды. Ең абзалы ақшаны бір асхананың аспазшысына беріп, әр күні бір кедей кісіні екі мерзім тамақтандыруға келісу. Ниет етіп кейін бұзылған ораза және зихар каффараттарын өтеу де дәл осылай болады, бірақ бұл екеуінде бір күндік каффарат үшін алпыс кедейге бір күн немесе бір кедейге алпыс күн жарты саъ (1750гр) бидай немесе осы бағада басқа зат беру немесе күнде екі рет қарынын тойдыру керек.

Өсиет етілмеген зекетті исқат ету міндетті емес. Мұрагердің зекет исқатын өз қалауымен дәуір жасай алатындығына фәтуа берілген. Мұрагер кісі дәуір жасағанда алтындарды кедейлерге бергенінде *«намаз және ораза исқаты»* деп ниет етуі керек. Алушы кісі кері қайтарғанда «сыйладым» деуі, ал өкіл болса *«алдым,*

қабылдадым» деуі керек. Мұрагер кісі дүниеден өтіп кеткен адамның исқатын жасай алмаса, орнына басқа біреуді өкіл етеді.

Имам Биргивидің **«Өсиеттер»** атты кітабында: «Кедейлердің зекет беретіндей мүлікке ие болмаулары керек. Өлген кісінің туысынан болса жаиз. Кедей кісіге ақша беріп жатып: *«Пәленше кісінің пәлен мөлшердегі намазының исқаты үшін мынаны саған бердім»* - дейді. Ал жауап ретінде оған: *«Қабыл еттім.»* – дейді. Алтындарды алғаннан кейін өзінікі екендігін сезіну керек. Білмесе, алдын-ала үйрету керек. Алтындарды алған кедей жаны ашып, өз қалауымен: *«Пәленшенің намаз исқаты үшін өтеу ретінде саған осы алтындарды бердім»* – деп басқа кедейге береді. Ол да: *«Қабыл еттім»* – дейді. Алғаннан соң өз мүлкім деп білу керек. Егерде аманат ретінде қабыл еткен болса, онда бұл жағдайда исқат қабыл етілмейді. Екінші кедей: *«Қабыл еттім»* – дегеннен соң, *«Осы ниетпен саған бердім»* – деп үшінші кедейге береді. Осылайша намаз, ораза, зекет, құрбан, пітір садақа, нәзір, құл және хайуан ақылары үшін дәуір жасалады. Біреуді алдау, саудада таразыдан жеу де құл хақына кіреді. Ал ниет етіп үзірсіз бұзған ант және оразалар үшін дәуір ету дұрыс емес».

Ең соңында алтындар қай кедейде қалған болса, сол кісі өз қалауы және ризашылығымен мұрагерге: *«Мына алтындарды өзіңе сыйлық еттім»*– деп, ал оған өкіл: *«Қабыл еттім»*- десе қабыл етіледі де дүниеден өткен кісі үшін исқат және дәуір жасалынған болады. Ал егер кедей алтындарды сыйға тартпаса, өз мүлкі болғандықтан ешкім одан тартып ала алмайды. Мұрагер ақшаны, алтынды немесе дүниеден өткен кісінің киімдерін кедейлерге беріп, бұл садақаның сауабын да мәйіттің рухына бағыштайды. Қарызы болған кедей және балиғат жасына толмаған бала дәуір жасауға қатыспау керек. Өйткені алтындарды алғанда алдымен қарыздарын өтеу парыз болады. Бұл парызды орындамай, алтындарды мәйіттің исқаты үшін жанындағы кедейге беруі жаиз болмайды. Дәуір қабыл болса да өзі сауап ала алмайды. Тіпті күнәһар болады.

Мүлкі, мирасы болмаған кісі өлер алдында дәуір етілуін өсиет етсе, мұрагеріне бұл өсиетін орындау уәжіп болмайды. Мәйітке қаза-қарыз каффараттарын исқат ететіндей дүниесін мирастың үштен бірін аспау шартымен өсиет етіп кетуі уәжіп болады.

Сонда дәуір жасау қажет болмай, исқат етіледі. Мүлкінің үштен бірі исқатқа жетсе де, үштен бірінен аз малын дәуір етуді өсиет етсе күнәһар болады. «**Ибн Абидин»** кітабының 5-ші томының 270-ші бетінде былай дейді: *«Артында кішкентай балалары немесе балиғатқа жеткен (ересек жаста) өзі кедей, мирасқа мұқтаж, салих ұл-қыздары қалған ауру кісінің, бүкіл мирасын нәпіл болған қайырымдылықтарға берілуін өсиет етпегені жақсы. Керісінше бар дүниесін салих балаларына қалдыруы абзал».* «**Бәззазия»** атты кітапта сыйлық жайында түсіндіргенде: *«Артында пасықкүнәға берілген ұл-қызы болған кісінің, бүкіл мүлкін садақа, қайырымдылықтарға жұмсап, балаларына мирас қалдырмауы керек. Өйткені күнә істеуге көмектескен болады. Пасық балаға да нафақасынан артық ақша, мал-мүлік бермеу керек»*- делінген.

Өте көп намаз, ораза, зекет, ант, құрбан қарыздары болып, ол үшін мирасының үштен бірінен аз болған дүниесін дәуір етілуі және қалған малымен Құран Кәрім, хатым және мәуліт оқытылуын өсиет ету жаиз емес. Оларды оқу үшін ақша берген және алған адам күнәһар болады. Құран Кәрімді үйрету үшін ақша алу және беру дұрыс делінген. Ал оқу - оқыту үшін жаиз емес.

Өлген адамның қарыз намазын, оразасын мирасқоры немесе басқа біреудің оқып не тұтып қаза етуі дұрыс емес. Бірақ нәпіл намаз оқып, ораза ұстап сауабын өлген адамның рухына бағыштау дұрыс әрі жақсы болады.

Өлген адамның қарыз болған қажылығын өсиет еткен адамының өтеуі жаиз. Яғни өлген адамды қарызынан құтқарады. Өйткені қажылық - әрі денемен, әрі мал-мүлікпен орындалатын ғибадат. Нәпіл қажылықты кез-келген уақытта өзгелердің орнына жасауға болады. Парыз қажылығы болса, тек өмірінің соңына дейін қажыға бара алмайтын жағдайдағы кісінің орнына өкілі орындайды.

«Мәжма-ул-анхур» және **«Дурр-ул мунтақа»** атты еңбектерде былай делінеді: *«Өлген адамның исқаттары (қарыздары) ол кісі көмілмей тұрып өтелуі тиіс».* Көмілгеннен кейін де өтеуге рұқсат бар екендігі **«Кухистани»** атты кітапта жазылған.

Мәйіт үшін намаз, ораза, зекет, құрбан қазасының исқатында, бір кедейге нисаб өлшемінен (96гр алтын) артық мүлік беруге болады. Тіпті алтынның барлығын бір кедейге беруге де болады.

Өлім аузында жатқан кісінің қаза болып қалған намаздарының фидйасын (төлемін) беру дұрыс емес. Ораза ұстай алмайтындай жасқа келген қарттардың ораза орнына фидйасын берулері жаиз. Ауру кісі намаздарын ишаратпен оқыса да өтеуі керек. Ишаратпен бір күннен артық намазын өтеуге күші жетпеген кісінің оқымаған намаздары кешіріледі. Денсаулығы жақсарғанда бұл намаздарды қаза етпейді. Ал ұстай алмаған оразаларын қайтадан өтеуі керек. Денсаулығы нашарлап дүниеден өтетін болса, оразаларының қарызы кешіріледі.

Сегізінші бөлім

Отыз екі және елу төрт парыз

Балиғат жасына толған жеткіншек және кәпір адам, **кәлимаи тауһид**, яғни **«Лә илаһа иллаллаһ Мұхаммәдән расулаллаһ»** деп айтып және оның мағынасын біліп сенгеннен кейін мұсылман болады.

Кәпір кісі иман еткеннен кейін күнәларының барлығы кешіріледі. Бірақ ол әрбір мұсылман секілді иманның алты шартын жаттап, мағынасын үйренуі, оларға сеніп және Исламның барлық қағидаларын Мұхаммед алейһиссалам айтқан әмірлері мен тыйымдарының барлығын Аллаһу та'аладан келгеніне сендім деуі керек. Содан кейін мүмкіндігі болған кезде барлық мінез-құлықтардан және кездескен істерден парыз болғандарды, яғни әмір етілген істерді және харам болған тыйымдарды үйренуі парыз. Бұларды үйренудің, парыздарды орындаудың, харамдардан сақтанудың парыз екендігін мойындамаса, яғни сенбесе иманы кетеді. Оқып үйренгендерін ұнатпаса, қабылдамаса мүртед болып, діннен шығады. Мүртед «Лә илаһә иллаллаһ» деумен және исламның кейбір әмірлерін орындаумен, мәселен намаз оқу, ораза ұстау, қажылыққа бару, қайырлы істер істеумен мұсылман болмайды. Бұл жақсылықтарының ахыретте ешқандай пайдасын көрмейді. Қабылдамағанына немесе сенбегеніне тәубе етіп, өкінуі керек.

Ислам ғалымдары әрбір мұсылманның үйренуі, сенуі және орындауы керек болған отыз екі парыз және оған қоса елу төртін белгілеген. [Орталық Азияда өткен ғалымдардың кітаптары бойынша 40 және 70 парыз деп аталады.]

Отыз екі парыз

Иманның алты шарты.
Исламның бес шарты.
Намаздың он екі шарты.
Ғұсылдың үш шарты.
Дәреттің төрт шарты

Тәйәммумның екі шарты.

(Тәйәммумның парызы үшеу деген ғалымдардың айтуынша барлығы 33 парыз болады).

Иманның шарттары (6)

1. Аллаһу та'аланың барлығына және бірлігіне сену.
2. Періштелеріне сену.
3. Аллаһу та'ала түсірген кітаптарға сену.
4. Аллаһу та'аланың пайғамбарларына сену.
5. Ахырет күніне, қайта тірілуге сену.
6. Тағдырға, яғни жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену.

Исламның шарттары (5)

7. Кәлима-и шаһадат айту.
8. Күнде бес уақыт намаз оқу.
9. Мал-мүліктің зекетін беру.
10. Рамазан айында ораза ұстау.
11. Жағдайы бар адамның өмірінде бір рет қажылыққа баруы.

Намаздың парыздары (12)

А) Сыртқы парыздары 7, бұларды шарттары деп те атайды.

12. Хадестен таһарат,
13. Нажестен таһарат.
14. Әурет жерін жабу.
15. Қыблаға қарау.
16. Уақыт.
17. Ниет.
18. Ифтитах (тахрима) тәкбірі.

Б) Ішкі парыздары бесеу, бұларды рүкін деп атайды.

19. Қиям.
20. Қыраат.
21. Рүку.

22. Сәжде.
23. Қадайы ахир, яғни соңғы отыру.

Дәреттің парыздары (4)

24. Дәрет алғанда бетін жуу.
25. Қолдарын шынтақтарымен қоса жуу.
26. Басының төрттен біріне мәсих тарту.
27. Аяқтарын тобықтарымен қоса жуу.

Ғұсылдың парыздары (3)

28. Ауызды шаю.
29. Мұрынды шаю.
30. Бүкіл денені жуу.

Тәйәммумның парыздары (2)

31. Жүніптіктен немесе дәретсіздіктен тазаруға ниет етуі.

32. Екі қолын таза топыраққа ұрып жүзіне мәсих ету және қайта екі қолын таза топыраққа ұрып, екі қолын шынтақтан білекке дейін сипау.

Елу төрт парыз

1. Аллаһу та'аланың бір болғанына сену;
2. Халал тамақ жеу;
3. Дәрет алу;
4. Бес уақыт намаз оқу;
5. Жүніп болғанда ғұсыл алу;
6. Ризықтың Аллаһу та'аладан болғанына сену;
7. Халал және таза киім кию;
8. Аллаһқа тәуекел ету;
9. Қанағат ету;
10. Берген нығметтері үшін Аллаһу та'алаға шүкір ету;
11. Қазаға риза болу;
12. Қиыншылыққа сабыр ету;
13. Күнәларға тәубе ету;

14. Аллаһ ризалығы үшін ғибадат ету;
15. Шайтанды дұшпан білу;
16. Құран Кәрімнің үкіміне риза болу;
17. Өлімнің хақ екенін білу;
18. Аллаһтың достарына дос, дұшпандарына дұшпан болу;
19. Әке-шешеге жақсылық жасау;
20. Сауапты істі уағыздап, азапты істен қайтару;
21. Туыстарына жақсы қарым-қатынас жасау;
22. Аманатқа қиянат етпеу;
23. Әрдайым Аллаһу та'аладан қорқып, бұзықтық және азғындықты тәрк ету;
24. Аллаһқа және расулына мойынсұну;
25. Күнәдан қашып ғибадатпен айналысу;
26. Мұсылман әмірлерге бағыну;
27. Әлемге ғибрат көзімен қарау;
28. Аллаһтың бар екендігін тәфәккур ету (пікір ету);
29. Тілін жалған сөздерден қорғау;
30. Жүрегін (көңілін) таза ұстау;
31. Ешкімді масқара етпеу;
32. Харамға қарамау;
33. Кез-келген жағдайда сөзінде шыншыл болу;
34. Құлағын харам сөз тыңдаудан сақтау;
35. Ілім үйрену;
36. Таразыны және өлшеу аспаптарын дұрыс қолдану;
37. Аллаһу та'аланың азабына түспейтіндігіне сенімді болмай, әрдайым қорқу;
38. Мұсылман кедейлерге зекет, жәрдем беру;
39. Аллаһтың рахметінен үміт үзбеу;
40. Нәпсінің қалауларына ермеу;
41. Аллаһ ризалығы үшін біреуге тамақ жегізу;
42. Жеткілікті мөлшерде несібесін табу үшін еңбек ету;
43. Дүние-мүлкінің зекетін беру, егіннің ушрін беру;
44. Хайз және босанған әйеліне жақын болмау;
45. Жүрегін күнәлардан тазалау;
46. Тәкаппар болудан сақтану;
47. Балиғатқа жетпеген жетімнің дүниесін қорғау;
48. Еркек еркекпен жыныстық қатынаста болмау; (Лұтилік)

49. Бес уақыт намазын уақытылы оқып, қазаға қалдырмау;
50. Зұлымдықпен біреудің мүлкін жемеу;
51. Аллаһу та’алаға серік қоспау;
52. Зинадан сақтану;
53. Шарап және алкогольды ішімдіктер ішпеу;
54. Жоқ нәрсеге ант етпеу;

Күпір бабы

Жамандықтардың ең жаманы - Аллаһу та’алаға сенбеу, атеист, дінсіз болу. Сену керек болған нәрселерге сенбеу күпіршілік болады. Мұхаммед алейһиссаламға сенбеу күпір болады. Мұхаммед алейһиссаламның Аллаһу та’ала тарапынан әкеліп білдірген нәрселерінің барлығына жүрекпен сеніп, тілмен айтуды, сөйлеуді **иман** дейді. Өміріне қауіп төніп тұрғанда сөйлемеуі кешіріледі. Иман дұрыс болу үшін Исламда күпір деп көрсетілген нәрселерді айтудан және қолданудан сақтану керек. Исламдағы үкімдердің біріне немқұрайлы қарау, Құран Кәрімді, періштелерді және пайғамбарларды мазақ ету күпір белгілері болып табылады. Инкар ету деп - естігеннен кейін сенбеу, жоққа шығару, шындық екендігін мойындамауды айтады. Күмәндану да инкар болады.

Күпір үш түрге бөлінеді: жаһли, жухуди және һукми.

Естімегені, білмегені үшін діннен шыққандардың күпірі **күфри жаһли**ге жатады. Жаһли күпір сауатсыздықтан туындайды, әрі екі түрлі болады: Біріншісі, жай күпір. Мұндай адам өзінің жаһил (сауатсыз) екендігін біледі. Бұларда қате, бидғат сенім деген болмайды. Яғни, жануарлар сияқты сауатсыз, қараңғы болады. Өйткені адамды жануардан айыратын нәрсе білім мен түсінік. Бұлар тіпті жануарлардан да төмен тұрады. Өйткені жануарлар өз жаратылыс мақсаттарына сай өмір сүргендігінен әлгі адамдардан жоғарырақ тұрады. Жаһли күпірдің екінші түрі **жаһлі мүрәккап**. Мағынасы қате, бұрыс сенім дегенге келеді. Грек философтары және мұсылмандардан жетпіс екі бидғат фирқасынан Исламда ашық білдірілген нәрселерге сенбейтіндері осы топқа жатады. Бұл күпірліктің түрі біріншісінен де ауыр. Емделуі қиын ауру.

Жухуди деп аталатын екінші күпірі **инади** немесе **қырсық-тық күпірі** деп те айтылады. Бұл топ біліп тұрса да мойындамайтындарды қамтиды. Бұл тәкәппарлықтан, абырой сүйгендіктен және атағын жоғалтудан қорқудан туындайды. Перғауын мен жолдастарының, Византия патшасы Гераклдың күпірлері осындай болған.

Күпірліктің үшінші түрі **- һүкми** (үкім) **күпірлік**. Исламда имансыздық белгісі деп үкім етілген сөздерді айтқан, әрекеттерді істеген кісі жүрегімен сенсе де кәпір болады.

Ислам дінінің аяқасты қылған нәрселерін құрметтеу, ал құрмет тұтқан нәрселерін аяқасты қылу күпіршілік болады. Төменде Исламда айтылуы немесе істелінуі кәпірлікке себеп болатын күпір сөз және әрекеттер білдіріледі:

1. «Аллаһу та'ала Арштан немесе көктен (жоғарыдан) бізге қарап тұр» - деу. (Аллаһты мекенге байлағаны үшін)
2. «Сен маған зұлымдық жасағаның сияқты Аллаһу та'ала да саған зұлымдық жасап жатыр» - деу. (Аллаһу та'ала ешкімге зұлымдық жасамайды.)
3. «Бір мұсылман мен үшін яһуди сияқты» - деу күпірлік. (мұсылманды кәпірге теңестіргені үшін.)
4. Өтірік сөзге «Құдай ұрсын, шын айтамын» - деп ант ішу.
5. Періштелерді балағаттау.
6. Құран Кәрімді, тіпті бір әрпін құрмет етпей мазақ ету, сенбеу.
7. Музыкалық аспап тартып Құран оқу.
8. Хақ болған Таурат және Інжілді жамандау күпірлік. (Қазіргі таңда дұрыс Таурат және тура Інжіл жоқ.)
9. Құран Кәрімді қасақана арапша әріптерден басқа әріптермен оқып, “Міне осы Құран болады”- деу күпірлік.
10. Пайғамбарларды келемеждеу, мазақтау күпірлік.
11. Құран Кәрімде білдірілген 25 пайғамбардан (алейһимус-салам) тіпті біріне сенбеу күпірлік болады.
12. Өте жомарт болған кісіні мақтау үшін «Пайғамбардан да жақсы» деу. (пайғамбардан жақсы тек пайғамбар болады.)
13. «Пайғамбарлар мұқтаж болған» - деу күпірлік болады. Өйткені олардың кедейлігі өз қалауларымен еді.

14. Біреу өзін пайғамбармын десе, оны айтқан да, оған сенген де кәпір болады.

15. Ахыретте болатын нәрселерді келеке-мазақ ету.

16. Қабірдегі және қияметтегі азаптарға «Ақылға, ғылымға сай емес» - деп сенбеу.

17. Жәннатта Аллаһу та'аланы көретініне сенбеу, немесе «Маған жәннат керек емес, Аллаһ керек» - деу күпірлік.

18. Исламға сенбейтіндікті білдіретін сөздер «дін үйренгенше тіл немесе техника ғылымдарын үйренген жөн» - деу, Исламды менсінбеу күпірлік.

19. «Намаз оқысам да, оқымасам да еш нәрсе өзгермейді, екеуі де бірдей» - деу күпірлікке себеп болады.

20. «Зекет бермеймін» - деу.

21. «Пайыз (процент) халал болса екен» - деу.

22. «Зұлымдық халал болса екен» - деу.

23. Харамнан тапқан малын кедейлерге таратып сауап күту, керісінше кедей кісі де берілген ақшаның харам екендігін біле тұра, бергенге хайыр дұға етуі күпірлік болады.

24. «Имам Ағзам Абу Ханифаның айтқан үкімі хақ (дұрыс) емес» деу күпірлік. Кейбір бұзақылар осы үшін күпірлікке түседі.

25. Танымал сүннеттердің біреуін ұнатпау.

26. ***«Қабірім мен мінберімнің арасы Равда-и мутаххара жәннат бақшаларынан бір бақша»*** хадисін естіген адам, «мен мінбер мен қабірден басқа еш нәрсе көріп тұрған жоқпын» десе кәпір болып қалу қауіпі бар.

27. Ислам ғылымдарына сенбеу, бұларды және дін ғалымдарын келемеждеу (төмендету) күпірлік.

28. Кәпір болуды қалаған біреу, бұған ниет етісімен кәпір болады.

29. Басқасының кәпір болуын қалаған кісі, күпірлікті ұнатқандығы үшін қалаған болса, өзі кәпір болады.

30. Кәпірлікке себеп болатын сөздерді біле тұра өз қалауымен айтқан кісі кәпір болады. Білместен айтқан болса да ғалымдардың көпшілігі кәпір болады деген.

31. Күпірлікке себеп болған бір істі біле тұра істеген адам кәпір болады. Білместен істесе де кәпір болады деген ғалымдар көп.

32. Беліне зуннар деп аталатын Поптардың белдігін байлау және күпірлікті білдіретін бір нәрсе кию күпірлік болады. Саудагердің бұл әрекетті Ислам дәулетінен тыс жерде істеуі де күпірлік болады. Бұларды күлкі, әзіл үшін де қолдану күпірге себеп болады.

33. Кәпірлердің мейрам күнінде сол күнге тиісті нәрселерді олар сияқты қолдану, бұларды кәпірлерге сыйға тарту күпірлік болады.

34. Ақылды, білімді, әдебиетші екенін көрсету үшін немесе жанындағыларды таң қалдыру үшін күлдіру, қуанту немесе мазақ ету үшін ойланбай айтылған сөздерден де куфри һукмиден қорқу керек. Ашу, ыза және нәпсісіне қатты берілумен айтылған сөздер де осындай.

35. Ғайбат айтқан біреу “мен ғайбат айтпадым, тек онда болған нәрсені айттым” десе күпірлік болады.

36. Жас кезінде некесі қиылған қыз ақылы толып және балиғатқа жеткенінде, иман, ислам жайында еш нәрсе білмейтін болса және сұралғанда жауап бере алмаса, некелеп қойған күйеуімен некесі бұзылады, өзі мүртәд болады. Еркектің жағдайында да дәл осылай болады.

37. Бір мұсылманды кінәсіз өлтірген немесе өлтірілуін әмір еткен адамға “дұрыс істедің” деу де күпірлік болады.

38. Өлтірілуі уәжіп болмаған біреуді “өлтірілуі уәжіп” деу де күпірлік.

39. Біреуді еш кінәсіз ұрып-соққан немесе өлтірген залымға “дұрыс істедің” деу де күпірлік.

40. Өтіріктен “сені өз баламнан да артық сүйетінімді Аллаһу та’ала біледі” деу күпірлік болады.

41. Мәртебеге ие бір мұсылман түшкіргенде оған ярхамукаллаһ деген кісіге, “абыройлы, үлкен кісілерге олай демейді” деу күпірлік.

42. Ислам үкімдерінің міндет екендігіне сенбей, мән бермей намаз оқымау, ораза ұстамау, зекет бермеу күпірлік болады.

43. Аллаһтың рахметінен үмітін үзу күпірлік.

44. Негізі харам болмай кейіннен шыққан бір себептерге байланысты харам болған мүлікке, ақшаға **харамун ли ғайриһи** делінеді. Ұрланған және харам жолдармен келген мүлік осылай болады. Бұларға халал деу күпірлік болмайды.

Өлексе, доңыз, шарап сияқты негізі харам болған нәрселерге **харамун ли айниһи** делінеді. Бұларға халал деу күпірлік болады.

45. Харам болғандығы белгілі болған барлық нәрселерге халал деу күпірлік болады.

46. Азан, мешіт, фиқһ кітаптары сияқты исламның құрмет көрсеткен нәрселерін айыптау да күпірлік болады.

47. Дәретсіз болғанын біліп тұрып қасақана намаз оқу күпірлік болады.

48. Біле тұрып қасақана қыбладан басқа жаққа қарап намаз оқыған, “Намазды қыблаға қарап оқу шарт емес” - деген адам кәпір болады.

49. Бір мұсылманды жамандау үшін оған кәпір деу күпір болмайды. Кәпір болуын қалап айту күпірлік болады.

50. Күнә екеніне мән берместен күнә істеу.

51. Ғибадат жасаудың шарт екеніне және күнәдан сақтанудың керек екендігіне сенбеу.

52. Жиналған салықтар әкімнің (сұлтанның) мүлкі болады деп сену.

53. Кәпірлердің діни әдет-ғұрыптарын ұнату, қажет болмаған жағдайда беліне зуннар байлау, күпір белгілерін қолдану және бұларға сүйіспеншілік етіп құрмет көрсету күпірлік болады.

54. Өз еркімен «пәлен зат пәлен кісіде бар немесе пәлен кісіде жоқ. Өтірік айтсам кәпір, яһуди болып кетейін» деп ант ішкен кісі күпірлік еткен болады.

55. Зина, гомосексуализм (еркек пен еркек арасындағы жыныстық қатынас), процент, өтірік айту сияқты әр дінде харам бол-ған нәрсені “халал болса ғой” деп армандау күпірлік.

56. “Пайғамбарларға (алейһимуссалам) сенемін, бірақ Адам алейһиссалам пайғамбар ма білмеймін” - деу күпірлік.

57. Мұхаммед алейһиссаламның соңғы пайғамбар екенін білмеген кісі кәпір болады.

58. Бір адам: “Егер пайғамбарлардың айтқаны дұрыс болса, онда біз құтылдық” - деп айтса күпірлік болады. (өйткені бұл пайғамбарларға күмән келтіру болып саналады)

59. Бір адамға “кел, намаз оқы” десе, ол “оқымаймын” десе кәпір болады. Бірақ мақсаты “сен айтқаның үшін емес, Аллаһу та’аланың әмірі болғаны үшін оқимын” десе кәпір болмайды.

60. Бір адамға: "Сақалың бір тұтамнан қысқа немесе ұзын болмасын, тырнақтарыңды алып жүр, өйткені Расулуллаһтың сүннеті"- десе, ол: "Жоқ"- десе кәпір болады. Басқа сүнеттер де осылай болады. "Сенің айтқаның үшін емес, Расулуллаһтың сүннеті болғаны үшін істеймін"- деу күпір болмайды. Мойындамау мақсатымен болса ғана күпірлік болады.

61. Бір адам сүннет болсын деп мұртын қысқартқанда, басқа біреу "неге кестің, түкке жарамады" деуі күпірлікке алып барады. (Өйткені сүннетті менсінбеген жеңіл көрген болады.)

62. Бір ер кісі басынан аяғына дейін жібек киіп, басқа біреу оған "құтты болсын" десе күпірлікке алып барады. Өйткені жібек еркектерге харам.

63. Бір адам қыблаға аяқ созып жату немесе қыблаға қарап түкіру, қыблаға қарап дәрет бұзу сияқты мәкрух жасаса, оған бұл іс-әрекеттің мәкрух болғанын ескерткенімен әрі қарай жалғастырса мәкрух нәрседен сақтанбағаны, менсінбегені үшін күпірлікке түсуі мүмкін.

64. Үйдегі қызметші өз қожайынына мұсылман сәлемін бергенінде, басқа біреу оған: "Доғар! Қожайынына да сәлем бере мекен?" - деп қарсы шықса, кәпір болады. Мақсаты әдепті үйрету болса, сәлемді көңілмен (жүрекпен) беру керек екендігін білдіру болса күпірлік болмайды.

65. Иман артады, кемиді деп айтуға болмайды. Бірақ иманның көркемдігі жағынан айтылса күпір болмайды.

66. "Қыбла екеу, бірі – Қағба, екіншісі – Құддус (Иерусалим)"- деу күпірге себеп болады. Ал бірақ: "Бұрын қыбла Құддус еді, кейін Қағбаға ауысты" десе күпірлікке жатпайды.

67. Егерде біреу себепсіз Ислам ғұламасына дұшпандық етсе, оны балағаттайтын болса, бұл іс-әрекеті оны күпірлікке алып барады.

68. Егерде біреу: "Тамақ ішкенде сөйлемей отыру мажусилердің жақсы әдеті еді" яки "хайз және нифасты әйелмен жатпау мажусилердің жақсы әдеттерінен" - десе кәпір болады делінген.

69. Біреуден "Мұсылмансың ба?" деп сұралғанда, "Иншаллаһ - Құдай қаласа" - деп жауап беріп, мұны ашықтап түсіндіре алмаса күпірлік болады.

70. Перзенті қаза тапқан адамға көңіл айту мақсатымен "Сенің

балаң Құдайға керек болғаны ғой.”- десе күпірлік болады делінген.

71. Беліне жіп байлап алған кісіге «Мынауың не?» дегенде, «Не болушы еді, зуннар (поптардың белдеріне байлайтын арқан-жіп) ғой» десе, сөзсіз кәпір болады.

72. Харам нәрсе жер алдында Бисмиллаһ десе күпірлік еткен болады. **Харамун ли айниһи** үшін, яғни өлексе, шарап, доңыз еті сияқты харамдар үшін айтылған. **Харамун ли ғайриһи** үшін бұлай емес. Зұлыммен тартып алынған мал – мүлікті Бисмиллаһ деп жеу күпір болмайды. Өйткені мүліктің өзі харам емес, зұлымдықпен алынуы харам.

73. Бір адамның күпірлігіне разы болу күпірлік болады. Бір кісіні қарғап, “Аллаһ жаныңды кәпір қылып алсын” деп айтса оның кәпір болуында ғалымдар арасында пікір айырмашылығы бар. Біреудің күпірлігіне разы болу күпірлік болады. Бірақ зұлымдығы мен бұзықтығы үшін азабы мәңгі және өте қатты болсын деген ниетпен айтқан болса, күпір болмайды.

74. Бір кісі “Аллаһу та’ала куә, пәлен жұмысты мен істегенім жоқ” десе, өзі керісінше сол жұмысты істегенін білсе кәпір болады.

75. Бір кісі бір әйелмен куәсіз некелессе ол кісі және әйел, “Аллаһу та’ала және пайғамбар куә” - деп айтса екеуі де кәпір болады. Өйткені Пайғамбарымыз тірі кезінде ғайыпты білмейтін еді. Ғайыпты біледі деу күпірлікке жатады. (ғайыпты тек Аллаһу та’ала біледі және оның білдіргендері біледі)

76. “Мен ұрланғандарды және ғайыпты білемін” - деп айтқан мен оған сенген кісі кәпір болады. “Маған жындар хабар береді” - деп айтса да кәпір болады. Пайғамбарлар да жынмен айналысатындар да ғайыпты білмейді. (Ғайыпты тек Аллаһу та’ала және оның білдіргендері біледі).

77. Бір кісі Аллаһтың атымен ант етпекші болғанда, басқа біреу де “Аллаһтың атын қой, намысың, некең немесе абыройың атына ант етуіңді қалаймын” - деп айтса, бұның кәпір болатынын ғалымдар атап кеткен.

78. Бір кісі жақсы көрмейтін адамына: «Сенің бетіңе қарау мен үшін жан алушы періштеге қарағандай»- деп айтса бұның да күпірлікке апарып соғатыны айтылған. Өйткені жан алушы періште Әзірейіл алейһиссалам - ұлы періште.

79. Бір кісі: "Намаз оқымаған қандай рахат" - десе күпірлік еткен болады. Бір кісі намазға шақырылғанда жауап ретінде "Қойындаршы, намаздан басқа нәрсе жоқ па?" - дегендей сөздер айтса кәпір болады.

80. Бір кісі: "Аллаһу та'ала аспанда менің куәм" - десе кәпір болады. Өйткені Аллаһу та'аланы белгілі бір мекенде деп сипаттаған болады. Ал Аллаһу та'аланың еш қандай мекенге мұқтаждығы жоқ.

81. Аллаһу та'алаға әке, ата, баба деп айтқан адам кәпір болады.

82. Бір кісі: "Пайғамбарымыз тамақ жегеннен кейін мүбәрәк саусақтарын жалайтын еді" - дегенде, басқа бір кісі: "бұл әдепсіздік қой" - деп қарсы шықса кәпір болады.

83. Бір кісі Пайғамбарымыз қара нәсілді болған деп айтса кәпір болады. (Қара нәсілділерді араб деп шақыру қазіргі таңда кеңінен тараған. Бұндай нәрселерді айтпау керек.)

84. «Рызық Аллаһу та'аладан, бірақ құлдан да әрекет керек» - деп айтса бұл сөз ширк болады. Өйткені құлдың әрекеті де Аллаһу та'аладан.

85. Бір кісі: "Христиан болу яһуди болудан, американың кәпірі болу коммунист болудан жақсы"- деп айтса кәпір болады. Өйткені кәпірлікті жақсы деуге болмайды. Олар бір-бірімен салыстырылғанда пәлен кәпір пәлен кәпірден жаман деу керек.

86. "Қиянат жасағаннан кәпір болған дұрыс қой"- деу де иманға әсер етеді.

87. "Ғылым дәрісінде не жұмысым бар" деп, яки "Ғалымдардың айтқанын орындауға кімнің күші жетеді" деп айтса, немесе фәтуаны мойындамаса және "имамның сөзі неге жарайды" - деп айтса, кәпір болады.

88. Бір кісі күпірге себеп болатын сөз айтса, басқа біреуі оны қоштап күлсе, айтқан да күлген де кәпір болады. Күлуге мәжбүр болса кәпір болмайды.

89. Бір кісі: "Әулиенің рухтары әрқашан һазыр, олар біледі" деп айтса кәпір болады. "Һазыр болады" - деп айтса күпір болмайды. (Әулиенің рухтары, Аллаһу та'ала сияқты һазыр-назыр /дайын және көріп тұра алмайды/ бола алмайды. Тек еске алынған жерде ғана дайын болады. Еске алынғанға дейін ол жерде жоқ еді.)

90. "Исламды білмеймін, білгім де келмейді" - деу.

91. Бір кісі: "Адам алейһиссалам бидай жемегенде біз тозақи болмайтын едік" - десе кәпір болады, бірақ "біз дүниеде болмайтын едік" - деп айтса, бұның күпірлігінде ықтималдық бар.

92. Бір кісі: "Адам алейһиссалам мата тоқитын еді" деп айтса, мұны естіген адам "онда біз тоқымашының баласы екенбіз ғой" деп мазақ қылса кәпір болады.

93. Бір кісі кішкентай күнә істесе, біреу оған "тәубе ет" деп айтса, ол "мен тәубе ететіндей соншалықты не істедім" деп айтса, кәпір болады.

94. Бір кісі басқаға: "Кел Ислам ғалымына барайық" немесе "Фиқһ, илмихал кітаптарын оқып үйренейік" деп айтса, ол: "Мен білімді не істеймін" - деп айтса кәпір болады. Өйткені білімді менсінбеу болады.

95. Тәпсір және фиқһ кітаптарын балағаттаған, бұларды ұнатпаған, жамандаған кісі кәпір болады.

96. "Кімнің ұрпағысың, ұлтың не, қай сенімде және мазһаб имамың кім?" деген сұраққа, "Білмеймін" - деп жауап берсе кәпір болады.

97. Анық харамға халал деп айтқан адам кәпір болады. (Темекіге харам деп айту қауіпті).

98. Барлық діндерде харам болған, хикметке теріс болған бір нәрсенің халал болуын армандау күпірлік болады. Зина, ливата (еркек пен еркектің жыныстық қатынасы), өсім алып–беру сияқты. Спиртті ішімдіктің халал болуын қалау күпірлік емес, өйткені барлық дінде арам етілмеген.

99. Қасиетті Құран Кәрімді бос әңгімелер арасында қолдану және әзіл ету күпірлік болады.

100. Құран Кәрімді мазақ ету, музыка, ойын, өлең арасында Құран Кәрім оқу да күпірлікке жатады.

101. Бір нәрсені көргенде «Мәхалақаллаһ» деп айтса мағынасын білмейтін болса кәпір болады.

102. "Мен сені қазір боқтамаймын, балағаттаудың атын күнә деп қойған" деу жаман болады.

103. Бірі кісі біреуді жамандау үшін "Әзірейіл" деп айтса періштені мазақтаған болады.

104. Ұлымның басы үшін немесе өзімнің басым үшін сөзде-

ріне билләһи сөзін қосып, мысалға, “уаллаһи ұлымның басы үшін” - деп ант етсе, күпір болады.

105. Құран Кәрімді, мәулітті және илаһи өлеңдерді музыка тартқан кезде оқу немесе музыкалық аспаптармен оқу күпір болады.

106. Құран Кәрімді, мәулітті және илаһи өлеңдерді, салауат шәріфтерді, харам істелінетін жиындарда құрметпен оқу харам болады. Ойын, күлкі, көңіл көтеру үшін оқу күпір болады.

107. Сүннетке сай оқылған азан-ул-Мухаммадині (азан) тыңдамай оған мән бермейтін болса, кәпір болады.

108. Құран Кәрімге өз ақылымен мағына берген адам кәпір болады.

109. Құран Кәрім және пайғамбардың хадисінде ашық түрде білдірілген және мужтаһид имамдардың ауызбірлігімен білдірген және мұсылмандар арасында белгілі болған иман негіздеріне сай сенбеген адам кәпір болады. Күпірдің бұл түріне **Илхад,** осылай сенгендерге **Мүлхид** делінеді.

110. Кәпірге құрметпен сәлем берген кәпір болады.

111. Кәпірге құрмет білдіретін бір сөз айту, мысалға ұстазым деп айту күпір болады.

112. Басқа біреудің күпіріне разы болу күпір болады.

113. Құран Кәрім жазылған ленталар және дисктар да Құран Кәрім сияқты қасиетті. Бұларға құрметсіздік жасау да күпір болады.

114. Жындармен айналысатын балгерлер мен жұлдызнамаға қарап сұралған әр нәрсеге жауап бергендерге және сиқыршыларға барып, айтқандарына, істегендеріне сену кейде дұрыс шықса да, Аллаһу та’аладан басқасының барлық нәрсені білгендігіне және барлық қалаған нәрсесін істейтіндігіне сену күпір болады. (Технология ғылымдарына сену бұлай емес).

115. Сүннетті менсінбеу, мән бермей тәрк ету күпір болады.

116. Зуннар дейтін поптың белбеуін байлау және пұттарға, яғни крест, иконаларға, мүсіндерге және бұлардың суреттеріне сыйыну, құрмет ету және Ислам үкімдерін білдірген дін кітаптарының біреуін аяқасты ету, ислам ғалымдарын мазақ ету, күпірге себеп болатын сөз айту, құрмет етуіміз әмір етілген бір нәрсені аяқ асты ету күпір болады.

117. Бір сиқыршы сиқырымен қалаған нәрсесін әлбетте жасайды, сиқыр міндетті түрде әсер етеді деп айтқан және сенген адам кәпір болады.

118. Мұсылман адам өзіне кәпір дегенге, «Иә, рахмет» деген сияқты қабылдайтын жауап беретін болса, ол да кәпір болады.

119. Харам болғаны белгілі бір мал-мүлікпен мешіт салу және садақа беру, басқа да жақсылықтар жасап бұлардың нәтижесінде сауап күту күпірлік болады.

120. Бір кісі қолындағы харам екендігі анық болған мал-мүліктен садақа берсе және одан сауап күтсе, алған кедей харамнан болғандығын біле тұра бергенге "Аллаһ разы болсын" деп айтса, берген кісі немесе басқа біреу "әумин" деп айтса барлығы кәпір болады.

121. Некелесуі харам болған әйелмен үйленуге халал деген кәпір болады.

122. Шарапханаларда, ойынханаларда, күнә істелетін жиындарда радиомен, микрафонмен Құран Кәрім және мәуліт тыңдай отырып рахаттану күпірлік болады.

123. Құран Кәрімді музыка ойнап тұрып оқу күпірлік болады.

124. Радиодан немесе микрофоннан оқылып жатқан Құран Кәрімге құрметсіздік жасау күпірлік болады.

125. Аллаһу та'аладан басқасына не мақсатпен болсын, жаратушы деп айту күпірлік болады.

126. Абдулқадыр деп айтудың орнына Абдулқойдыр деп айту күпір болады. Абдулазиз орнына Абдулузейз, Мұхаммед орнына Мамбет, Ибрахим орнына Ибо деп айту да күпір болады. Бұл аттарды аяқ киімге жазғандардың және оның үстіне басқандардың имандары кетуі мүмкін.

127. Дәретсіз болғандығын біле тұра намаз оқу немесе сүннет болған бір істі ұнатпау күпір болады. Сүннетке мән бермеу күпір болады.

128. Надандардың "Басқа адамдардың әулиені жаратушы деп ойлауларынан қорыққандығымыз үшін кесенелерді бұзып жатырмыз" - деген сөздері күпір болады.

129. Басқаның, әсіресе өз баласының кәпір болуына себеп болған кісі кәпір болады.

130. "Зинаға, ливатаға дінімізде рұқсат етілген" деу күпірлік.

131. Аят - хадиспен және ижмамен білдірілген харамға мән бермеу күпір болады.

132. Үлкен күнәларды істеуді жалғастыру күпірге алып барады. Намазға мән бермеу күпір болады.

133. Үстінде Ислам әрпімен жазылған қағазды, орамалды, жайнамазды жерге тастау (қорлау үшін жерге жаю немесе пайдалану) күпір болады.

134. "Әбу Бәкір Сыддық пен Омар Фаруқтың (радыяллаһу анһум) халифалыққа ақылары жоқ еді"- деп айту күпір болады.

135. Аллаһу та'аладан басқа өлген адамнан бір нәрсе сұрау күпір болады.

136. Аллаһу та'алаға "Жомарт Ата"- деп айту өте жағымсыз және күпірге себеп болады.

137. Өлікті топыраққа жерлеу парыз болғаны үшін бұл парызға мән бермей қызметтен қашқанның және ғылымды, технологияны сылтау етіп "Өліктерді көму артта қалғандықтың белгісі, будда, брахман, коммунистер сияқты өліктерді өртеу көмуден гөрі тиімдірек" - деген адамның иманы кетеді, мүртәд болады .

138. Аллаһу та'аланың тірі немесе қайтыс болған әулиелеріне тіл тигізу күпірлік болады.

139. Әулиеге немесе ілімімен амал ететіндерге дұшпан болу күпір болады.

140. Әулиелерде исмет (күнәсіз болу) сипаты бар деп айту күпір болады. (Исмет сипаты тек пайғамбарларда ғана болады).

141. Батын (көрінбейтін ішкі жан-дүние, көңіл, рух) ғылымынан нәсібі болмағанның имансыз кетуінен қорқу керек. Бұдан нәсіп алудың ең төмені бұл ғылымға сену.

142. Құран Кәрімді дін ғұламалары көрсеткендей оқымау, мағынасы бұзылмаса да күпір болады.

143. Поптардың және басқа дін өкілдерінің ғибадаттарына тиісті болған нәрсесін пайдалану күпір болады.

144. Әлемнің өздігінен пайда болғанына сену және жануарлардың бір жасушадан көп жасушалыға, осылайша адамға айналуына сену күпір болады.

145. Намазды біле тұра оқымастан қаза етуді ойламаған, бұл үшін азапталатынына қорықпаған адам ханафи мазһабында кәпір болады.

146. Кәпірлердің ғибадаттарын, ғибадат ретінде орындау, мысалы, шіркеулерде қолданылған орган сияқты музыка аспаптарын және қоңырауларды мешіттерде шалу және Исламның кәпірлік белгісі санаған нәрселерді мәжбүр болмаған кезде пайдалану күпір болады.

147. Сахабаларды боқтағанға мүлхид деп айтылады. Мүлхид кәпір болады.

148. Кәпірлердің суреттерін биік жерге қойып құрмет көрсету күпір болады.

149. Суретте, мүсінде және крестте немесе жұлдыз, күн, сиыр сияқты кез келген бір нәрсенің құдайлық (ғибадат ететін) сипаты болғандығына сеніп, мысалы, қалағанын жаратады, әрі қалағанын істейді, ауруға шипа береді деп құрмет ету күпірлік болады.

150. Хазреті Айшаны жеңіл жүрісті деп жала жапқан және әкесінің сахаба болғандығына сенбегендер кәпір болады.

151. Иса (алейһиссаламның) көктен түсетіндігі анық. Бұған сенбеген кәпір болады.

152. Құран Кәрім және хадис шәрифте жәннат пен сүйіншіленген он кісіге кәпір деп айту күпір болады.

153. Технологияның, тәжірибенің тысында болған, олармен байланысы болмаған аяттарды технологияға сәйкестендіру, бұр-малау, Сәләф-ус-салихин деп аталатын (4 мазһабтың имамдары да араларында болған) алғашқы үш ұрпақтың тәфсирлерін ауыстырып, басқа мағынаға бұрмалау үлкен күнә болады. Осылай аударғандар иманын жоғалтуы мүмкін.

154. Мұсылман деп айтылған қыз бала балиғат жасқа толғанда мұсылмандықты білмейтін болса, кәпір болады. Еркек те осы сияқты.

155. Мұсылман әйелдің басы, қолдары және аяқтары ашық көшеге шығуы, еркектерге көрсетуі харам, күнә болады. Бұған мән бермесе иманы кетіп, кәпір болады.

156. Пайғамбарымыз алейһиссалам білдірген парыз және харамдар да, Құран Кәрімде ашық білдірілген парыздар, харамдар сияқты маңызды. Бұларға да сенбеген, қабылдамаған адамдар діннен шығады.

157. Рүкудегі тәсбихте (Зы) әрпімен (азым) деп айту, «Раббым үлкен» деген мағынаны береді. Егер жіңішке (Зе) әрпімен (азим)

деп айтылса, (Раббым менің дұшпаным) деген болады және намазы бұзылады. Мағына бұзылғандығы үшін күпірге де себеп болады.

158. Құран Кәрімді өлең сияқты созып, мағынасын бұзып оқыған қариға “қандай тамаша оқыдың” деп айтқан кісінің иманы кетеді. Тек “дауысы тамаша” деп айтқысы келген адам кәпір болмайды. Төрт мазһабта харам болған бір нәрсеге, “тамаша, жақсы” деген адам кәпір болады.

159. Періштелердің немесе жындардың бар болғанына сенбегендер кәпір болады.

160. Құран Кәрім аяттарына ашық, мәшһүр мағыналар беріледі. Бұл мағыналарды ауыстырып, батынилерге (исмаили) ұқсағандар кәпір болады.

161. Сиқыр істегенде күпірге себеп болған сөз немесе іс-әрекет болса күпір болады.

162. Мұсылманға «ей, кәпір» деген немесе мұсылманға «ей масон» немесе «коммунист» деген кісі оны кәпір деп сенетін болса, өзі кәпір болады. Өйткені, бұл сөздердің мағынасы кәпір дегенді білдіреді.

163. Ғибадаттарды істеген кісі, иманының бұзылуына күмәнданса және «күнәм көп, ғибадаттарым мені құтқармайды» деп ойласа, иманның күшті болғандығынан. Иманының жалғасатындығына күмәнданғандар кәпір болады.

164. Пайғамбарлардың анық санын айту, жай адамды пайғамбар қатарына қосып қою немесе хақ пайғамбарды жоққа шығартуға себеп болатындығынан күпір болады. Өйткені пайғамбардың біреуін мойындамау бәрін мойындамаумен бірдей. Ғұламалар жүз жиырма төрт мыңға жақын деп білдірген.

Ер немесе әйел адам мұсылман ғалымдарының бір ауыздан күпірге себеп болатынын білдірген бір сөздің немесе істің күпірге себеп болғанын біле тұра, әдейі қорқытпастан, өз қалауымен шын немесе қалжыңдап күлдіру үшін айтса, мағынасын түсінбесе де иманы кетеді. **Мүртәд** болады. Бұны **Куфри инади** деп айтады. Куфри инадимен мүртәд болғанның алдынғы ғибадаттарының сауаптары жойылады. Тәубе етсе де сауаптары қайта келмейді. Бай болса, қайта қажылыққа баруы керек. Мүртәд болған кездегі

оқыған намаздары, оразалары, зекеттері қаза етілмейді. Мүртәд болғаннан бұрынғы оқымағандарын қаза етеді. Тәубе ету үшін тек қана кәлима шаһадат айту жеткілікті емес. Күпірге себеп болған сол ісіне/сөзіне де тәубе етулері керек. Исламда қай есіктен шыққан болса, сол есіктен қайта кіруі керек. Егерде күпірге себеп болатынын білмей айтса, істесе немесе күпірге себеп болатынын ғалымдар бір ауыздан білдірмеген бір сөзді әдейі айтатын болса иманның кетуі, некесінің бұзылуы күмәнді болып қалады. Әр ықтималға қарсы жаңадан иман етуі және некелесуі жақсы болады. Білместен айту **күфр-и жаһли** болады. Білмегені үзір емес (кешірімді емес), үлкен күнә болады. Өйткені әрбір мұсылманға білуі керек болған нәрселерді үйренуі парыз. Күпірге себеп болған сөзді қателесіп, жаңылысып немесе бір дәлелге сүйеніп айтқанның иманы және некесі бұзылмайды. Бірақ тәубе етіп иманын жаңалауы жақсы болады.

Бір кәпір кәлимаи тауһид айтумен мүмин болғаны сияқты, бір мүмин де қауіпті бір сөз айтумен кәпір болады.

Мұсылманның бір сөзінде немесе ісінде жүз мағына болатын болса, яғни жүз нәрсе түсіндірілсе бұлардан біреуі ол кісінің иманды екендігін, тоқсан тоғызы кәпір екендігін білдірсе ол кісінің мұсылман екендігін айту керек. Яғни күпірлікті білдірген сипаттарға қаралмайды. Иманды білдірген мағынаға қаралады. Бұл сөзді қате түсінбеу керек. Бұл мәселеде екі нәрсеге мән беру керек. Біріншісі, бұл сөздің немесе істің иесі мұсылман болу керек. Бір француз Құран Кәрімді мақтаса, бір ағылшын Аллаһ бір дейтін болса бұларға "мұсылман екен" деп айтылмайды. Екіншісі, *"бір сөзінің немесе бір ісінің жүз мағынасынан бірі иманды көрсетсе"* делінді. Әйтпесе, кісінің бір ісі иманды екенін басқа ісі күпірлігін көрсетіп тұрса, оған мұсылман деп айтылмайды.

Әрбір мұсылман таңертең және кешке мына иман дұғасын оқуы керек: ***«Аллаһумма инни аузу бикә мин ән ушрикә бикә шәйән. Уә әнә аъләму уа әстәғфирукә лимә лә-аъламу иннәкә әнтә алламул ғуюб».***

«Аллаһуммә инни уриду ән ужәддидәл иманә уәникаһә тәждидән биқаули лә илаһә илләллаһ Мухаммадун расулуллаһ» дей отыра тәубе, иман және некесін жаңалауы керек.

Иманнан айырылмаудың жолдары:

1. Ғайыпқа иман ету керек.

2. Ғайыпты тек Аллаһу та'ала және оның білдіргендерінің білетіндігіне сену керек.

3. Харамды харам деп сену керек.

4. Халалды халал деп сену керек.

5. Аллаһу та'аланың азабына ұшырамаймын деп сенімді болмай, әрдайым қорқу керек.

6. Аллаһу та'аланың рахымдылығынан үміт үзбеу керек.

Мүртәд болатын нәрселерді мойындамау да тәубе болады. Мүртәд тәубе етпей өлсе, тозақ отында мәңгі азап шегеді. Сондықтан күпірден көп қорқып, аз сөйлеу керек. Хадис шәрифте: ***«Әрдайым қайырлы, пайдалы нәрсені айтыңдар. Немесе үндемей отырыңдар»***- делінген. Ақылға қонымсыз, адамдық қасиетке теріс нәрселерді істеуден алыс болу керек. Өзін күпірліктен сақтау үшін әрдайым Аллаһу та'алаға дұға ету керек.

Иманды бола тұра имансыздыққа алып баратын нәрселер:

1. Бидғатшы болу. Яғни ақидасы дұрыс болмау. Әһли сүннет ғалымдарының белгілеген жолынан сәл де болса шыққан адам бидғатшы немесе кәпір болады.

2. Әлсіз, яғни амалсыз иман.

3. Тоғыз мүшесін тура жолдан шығару.

4. Үлкен күнә істеуді жалғастыру.

5. Ислам нығметіне шүкір етуді тоқтатып қою.

6. Ахыретке имансыз кетуден қорықпау.

7. Зұлымдық жасау.

8. Сүннетке сай азан айтылғанда оны тыңдамау.

9. Әке-шешеге қарсы келу, тілін алмау.

10. Дұрыс болса да, өте көп ант ішу.

11. Намазда тадил-ул-әрканды тәрк ету.

12. Намаз үйренуге және бала-шағасының оқуына мән бермеу, намаз оқығандарға кедергі жасау.

13. Спиртті ішімдік ішу.

14. Мұсылмандарға зұлымдық жасау.

15. Өтіріктен өзін әулие, ғұлама танытып пәтуа беру.

16. Істеген күнәсін ұмыту, оны елемеу.

17. Кібірлі болу, яғни өз-өзін ұнату.

18. Ужб, яғни білімім, істеп жатқан амалым жеткілікті деу.

19. Мұнафиқтық, екі жүзді болу.

20. Дін бауырының жақсылықтарын көре алмау, қызғану.

21. Үкіметінің және ұстазының дінге қайшы болмаған сөзін орындамау.

22. Бір кісіні танымай тұрып жақсы деу.

23. Өтірік айтудан қайтпау.

24. Ғұламадан, ілімнен қашу.

25. Мұртын сүннет мөлшерінен ұзын қылып өсіру.

26. Еркектердің жібек киім киюі.

27. Ғайбат айтудан қайтпау.

28. Кәпір көршісіне күн көрсетпеу.

29. Дүниелік нәрселер үшін қатты ашулану.

30. Пайызға ақша беріп, ақша алу.

31. Мақтаныш үшін көйлегінің жеңін, етегін тым ұзарту.

32. Сиқыр және балгерлікпен айналысу.

33. Мұсылман және салих болған махрем туыстарымен араласпау.

34. Аллаһу та'аланың жақсы көрген құлдарын жек көру, исламды бұзғысы келгендерді жақсы көру. [**ХУББУ ФИЛЛАҺ, БУҒДУ ФИЛЛАҺ иманның шарты.**]

35. Мұсылман бауырымен үш күннен артық өштесу.

36. Зина, некесіз қатынастан тиылмау.

37. Ливата (гомосексуалдық) жасап, оған тәубе етпеу.

38. Азанды фиқһ кітаптары білдірген уақыттарда және сүннетке сай оқымау. Сүннетке сай айтылған азанды құрметпен тыңдамау.

39. Харам істелініп жатқандығын көріп тұрып, күші жетсе де жұмсақ тілмен кедергі болмау.

40. Әйелінің, қызының және насихат беру құқына ие болған әйелдердің басы, қолдары, аяқтары ашық, сәнденіп, иіс су сеуіп көшеге шығуына, жаман адамдармен кездесуіне разы болу.

Үлкен күнәлар

Жетпіс екі үлкен күнә. Олар мыналар:

1. Себепсіз адам өлтіру.
2. Зина жасау.
3. Ливата жасау.
4. Шарап және спиртті ішімдіктер ішу. (Пиво ішу харам)
5. Ұрлық жасау.
6. Кайф үшін наркотик қолдану.
7. Біреудің дүниесін күшпен тартып алу.
8. Өтірік жерге куәгер болу.
9. Рамазан айында себепсіз адамдардың алдында тамақ жеу.
10. Пайызға ақша беріп, ақша алу.
11. Көп ант ішу.
12. Әке-шешеге қарсы келу, тілін алмау.
13. Мұсылман және салих болған туыстарымен араласпау.
14. Соғыс уақытында соғыстан қашу.
15. Жетімнің дүние-мүлкін жеу.
16. Сауда-саттықта таразыдан жеу.
17. Намазды уақытынан бұрын немесе кейін оқу
18. Мұсылман бауырын ренжіту. (Қағбаны бұзудан да ауыр күнә. Аллаһу та'аланы ренжітетін күпірліктен кейін көңіл ренжітуден ауыр күнә жоқ.)
19. Пайғамбарымыз айтпаған сөзін айтып, хадис деп жала жабу.
20. Пара алу.
21. Дұрыс куәгерліктен қашу.
22. Дүние мүлкінің зекетін, ушрын бермеу.
23. Күші жетіп тұрса да харам, күнә істегендерді көріп кедергі болмау.
24. Тірі жануарды отқа жағу.
25. Құран Кәрімді үйренген соң, оқуын ұмыту.
26. Аллаһу та'аланың рахметінен үмітін үзу.
27. Мұсылман болсын, кәпір болсын адамдарға қиянат жасау.
28. Шошқа етін жеу.
29. Хазреті Пайғамбарымыздың асхабынан біреуін болса да

жаман көру, олар жайында жаман сөз айту.

30. Қарны тойса да тамақ жеу.

31. Әйелдің күйеуімен бірге болмас үшін үйден безуі.

32. Әйелдің күйеуінің рұқсатынсыз үйден шығып қыдыруы.

33. Әдепті, намысты әйелді зинақор деу.

34. Нәмимә, яғни адамдар арасында сөз тасу.

35. Әурет жерлерін басқаларға көрсету. (Ер кісінің кіндік пен тізе арасы, әйелдің шашы, қолы, аяғы да әурет жер болып саналады.) Біреудің әурет жеріне қарау да харам.

36. Өлексені жеу және біреуге оны жегізу.

37. Аманатқа қиянат жасау.

38. Мұсылман адамды ғайбаттау, яғни артынан сөйлеу.

39. Хасед ету, яғни көре алмаушылық.

40. Аллаһу та’алаға серік қосу.

41. Өтірік айту.

42. Кібірлену, тәкаппарлық.

43. Өлейін деп жатқан жанның мирасқорынан дүние-мүлкін қызғануы.

44. Бахылдық, яғни көре алмаушылық, қызғаншақ болу.

45. Дүниеге деген махаббат.

46. Аллаһу та’аланың азабынан қорықпау.

47. Харам нәрсені харам деп санамау.

48. Халал нәрсені халал деп сенбеу.

49. Балгерлердің айтқанына, ғайыптан беретін хабарларына сену.

50. Діннен шығу, мүртәд болу.

51. Біреудің әйеліне, қызына себепсіз қарау.

52. Әйелдердің еркек киімін киюі.

53. Еркектердің әйел киімін киюі.

54. Қағбада күнә істеу.

55. Уақытынан бұрын азан айтып, намаз оқу.

56. Ел басқарушылардың бұйрықтарына, заңдарына қарсы шығу.

57. Әйелінің әурет жерлерін өзінің анасының әурет жерлеріне ұқсату.

58. Әйелінің, анасын балағаттау.

59. Қарумен бір-бірін дәлдеу.

60. Иттен қалған жуындыны ішіп-жеу.

61. Жасаған жақсылығын міндетсіну.

62. Еркектердің жібектен киім кию.

63. Сауатсыздықта аяқ тіреп тұру. Жахылдықтан қайтпау. (Әһли-сүннетке сай сенімді, фарздарды, харамдарды және қажет болған білімді үйренбеу.)

64. Аллаһу та'аланың атынан және исламның рұқсат берген есімдерінен басқа нәрселермен ант ішу.

65. Білім үйренуден қашу.

66 Сауатсыздықтың (надандықтың) зиян, жаман екендігін аңғармау, түсінбеу.

67. Кішкентай күнә істеуді жалғастыру, одан тартынбау.

68. Ешқандай себепсіз, яғни ешқандай мәжбүр етілмесе де, қарқылдап күлу.

69. Бір намаз уақытын өткізіп жіберетіндей уақыт жүніп болып жүру.

70. Әйелдің хайз немесе нифас (босанғаннан кейінгі) халінде жақындасу.

71. Тағанни ету. Әдепсіз өлеңдер айту, музыка аспаптарын қолдану.

72. Өзін-өзі өлтіру, өз өміріне қастандық жасау.

Мута некесі, яғни уақытша неке харам. Әйелдердің, қыздардың басы ашық, қол-аяқтарын көрсетіп көшеге шығулары харам болуымен бірге тар, жұқа, әшекейлі, иіс су себілген киіммен шығулары да харам.

Тар киім киіп, әурет жерлері белгілі болып тұрған әйелге шахуетсіз қарау да харам. Бөтен әйелдердің іш киімдеріне шахуетпен қарау харам. Шахуетке, харамға себеп болатын сурет салу, түсіру, печаттау харам. (Харам нәрселерге, "не болыпты сонша деу" күпірлік болады.)

Дәрет және ғұсылда қажетінен артық су қолдану ысырап болып, харам болады.

Өткен әулиелерге тіл тигізу, оларға надан деу, олардың айтқан сөздерінен ислам дініне қайшы келетін мағыналар шығарып жамандауға тырысу, өлгеннен кейін де керемет көрсететіндігіне сенбеу, өлген соң әулиеліктері бітеді деп ойлау және адамдардың олардың қабірлерімен берекеттенуіне кедергі болу, мұсылмандарға

суизан ету (жаман ойлау), зұлымдық жасау, дүние-мүлкін тартып алу, хасед ету (көре алмау), жала жабу (ол адамда болмаған жамандықты бар деу), өтірік айту, ғайбат айту сияқты істер харам болады.

Төмендегі он нәрсе соңғы демде имансыз кетуге себеп болады:

1. Аллаһу та'аланың қойған әмірі мен тыйымдарын үйренбеу.
2. Иманын Әһли сүннетке сай дұрыстамау.
3. Дүние-мүлкіне, атағына құмар болу.
4. Адамдарға, жануарларға, өзіне зұлымдық қылу.
5. Аллаһу та'алаға және жақсылықтың келуіне себепші болғандарға шүкір/рахмет етпеу.
6. Имансыз болудан қорықпау.
7. Бес уақыт намазды уақытылы оқымау.
8. Пайызға ақша беріп, ақша алу.
9. Діндар мұсылмандарды төмен көру, менсінбеу. Оларды дүние ағысынан кері қалғандар деп айту.
10. Ұятсыз сөздер айту, жазулар жазу және суреттер салу.

Әһли сүннет ақидасында болу үшін мына жайттарға мән беру керек:

1. Аллаһу та'аланың сипаттары бар, олар затынан бөлек.
2. Иман артып-кемімейді.
3. Үлкен күнә істеумен иман кетпейді.
4. Ғайыпқа иман шарт.
5. Иман тақырыбында қияс болмайды.
6. Аллаһу та'ала жәннатта көрінеді.
7. Тәуеккел ету иманның шарты.
8. Ғибадаттар иманның бір бөлігі емес.
9. Тағдырға иман, иманның шарты.
10. Амалда төрт мазһабтың бірінде болу шарт.
11. Сахабаларды, әһли бәйтті (пайғамбар ұрпағын) және хазреті Пайғамбарымыздың әйелдерінің барлығын құрмет тұту шарт.

12. Төрт халифаның дәрежелері, халифалық кезегіне байланысты.

13. Намаз, ораза, садақа сияқты нәпіл ғибадаттардың сауабын басқаларға бағыштау жаиз.

14. Миғраждың - рух және денемен болғанына сену.

15. Әулиелердің көрсеткен кереметтері хақ.

16. Шапағат хақ.

17. Мәсінің үстіне мәсһ ету жаиз.

18. Қабірде сұрақ сұралады.

19. Қабір азабы рухқа және денеге бірдей болады.

20. Адамдарды және олардың іс-әрекеттерін Аллаһу та'ала жаратады. Адамда ирадаи жүзийа деген қалау сипатының азғана бір мөлшері бар.

21. Ризық халалдан да, харамнан да болады.

22. Әулие кісілердің рухтарымен тавассул етіледі және олардың құрметіне деп дұға етіледі.

Жаман мінездер:

1. Күпір.
2. Надандық.
3. Айыпталудан қорқып ақиқатты жасыру.
4. Мақтағанды жақсы көру.
5. Ақидасы бұрыс болу. (Қате иман)
6. Хава-и нафс, яғни нәпсінің қалауларына еріп жүру.
7. Басқаларға еліктеген иман. (Танымайтындарға еліктеу)
8. Рия, ахырет істерін мақтаныш және абыройы үшін істеу.
9. Тул-и амал. (Өмірдің қызығын көру үшін ұзақ өмір сүруді армандау)
10. Тама'. (Дүние ляззаттарын харам жолдардан іздеу)
11. Кібірлік. (Өзін жоғары санау, тәкәппарлық)
12. Тәзәллүл. (аса қарапайымдылық)
13. Ужб. (Істеген жақсылық пен ғибадаттарына менменсу)
14. Хасед. (Қызғаныш, көре алмаушылық, нығметтердің басқалардан кетуін қалау. Абуллайс Самарқанди: «**Үш кісінің дұғасы қабыл болмайды, олар - харам жеген, ғайбат айтқан, хасед еткендер**» деген.)

15. Хықд. (Басқаларды төмен санау)

16. Шаматат. (Өзгенің басына келген қиыншылыққа, пәлекетке қуанып, шаттану)

17. Хиджр. (Достық қарым-қатынасты үзу)

18. Жұбн. (Қорқақтық)

19. Тахаввұр. (Ашулы мінездің көп және зиянды болуы.)

20. Ғадр. (Берген сөзінде тұрмау.)

21. Қиянат. (Мүнафиқтықтың белгісі; сенімділікті бұзатын сөз не іс.)

22. Уәдесін бұзу. (Хадис шәрифте: ***«Мүнафиқтың белгісі үшеу: өтірік айту, берген сөзін бұзу, аманатқа қиянат жасау»*** делінен.)

23. Су'и зан. (Су'и зан /жаман ойда болу/ ету харам. Күнәларының кешірілмейтіндігін ойлау Алла та'алаға суи' зан ету болады. Мұсылмандарды пасық деп ойлау да суи' зан болады.)

24. Дүние мүлкіне деген махаббат.

25. Тасвиф. (қайырлы істерді істеуді кешіктіру, кейінге қалдыру.) Бір хадисте: ***«Бес нәрсе келмей тұрып бес нәрсенің қадірін біліңдер: өлместен бұрын өмірдің қадірін, ауырмай тұрып денсаулықтың қадірін, дүниеде ахыретті жақсартудың қадірін, қартаймай тұрып жастықтың қадірін, кедейліктен бұрын байлықтың қадірін» -*** деп айтылған.

26. Пасықтарды, яғни харам істейтін адамдарды жақсы көру. (Пасықтықтың ең жаманы зұлым ету.)

27. Ғалымдарға дұшпан болу. (Ислам ілімдері және ғалымдарымен әзілдеу күпір болады.)

28. Фитна шығару. (Адамдарды қиын жағдайға түсіретін бүлік шығару.) Хадис шәрифте: ***«Фитна ұйқыда, оны оятқан кісіге лағнет (қарғыс) болсын» -*** делінген.

29. Мүдахане және мүдаара. (Күші жете тұра харам істегенге кедергі болмау және дүниесі үшін дінін беруге мүдахане делінеді. Діні үшін дүниесін беру мүдаара болады.)

30. Инад және мұқабара. (Ақиқатты, дұрыс нәрсені естіп, қабыл етпеу, қырсығу.)

31. Нифақ. (Екі жүзділік.)

32. Тәфаккур етпеу. (Күнәларын, жаратылғандарды және өзін ойламау.)

33. Мұсылманға беддуға ету (қарғау).

34. Мұсылманға жаман лақап ат тағу.

35. Кешірім сұрағанды кешірмеу. Кешірімді болмау.

36. Құран Кәрімді қате тәфсир ету.

37. Харам нәрсе істеуден қайтпау.

38. Ғайбат айту

39. Тәубе етпеу.

40. Абырой-атаққұмарлық.

Жаман мінездерден алыс болып, жақсы мінезді болуға ұмтылу керек. Хазреті Пайғамбарымыздың алейһиссалам хадистерінде: ***«Ғибадаттары аз болған кісі, жақсы мінезімен қиямет күні биік дәрежелерге жетеді.»***

«Ғибадаттардың ең оңайы және ең пайдалысы, аз сөйлеу және жақсы мінезді болу.»

«Сенен ұзақ жүргендерге жақын болу, зұлымдық еткендерді кешіру, сені мақрұм еткендерге жақсылық жасау – жақсы мінезді болудың белгілері.»

Тоғызыншы бөлім

НАМАЗ СҮРЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДҰҒАЛАРЫ

Сүре және дұғаларды кирилл әріптерімен жазуға бола ма?

Сүрелер мен дұғаларды кирилл әріптерімен жазуға тырысқанымызбен дұрыс жазылмайды. Кирилл әріптеріне қанша белгі қойсақ та сүрелер мен дұғаларды дұрыс оқу мүмкін емес. Бұларды Құран Кәрімдегі әріптер сияқты оқи білетін адамның оқытуы және үйретуі қажет. Бұл нәрсе үйретушінің Құран кәрімді таныту, үйрету мүмкіндігі мен нығметіне қол жеткізуіне себепші болады. Бұл нығметтің үлкендігі дүниеде және ахыреттегі пайдалары хадис шәриф пен фиқһ кітаптарында көп түсіндірілген, сауабының өте көп екендігі білдірілген.

Сондықтан әрбір мұсылман өзінің балаларын мешіттерге, Құран курстарына жіберуі немесе өзі Құран Кәрім әріптерін және бұлардың қалай оқылатындығын жақсылап үйрету арқылы көп сауапқа ие болуға ұмтылуы керек. Бір хадис шәрифте: ***«Балаларына Құран кәрім үйреткен немесе Құран ұстазына жіберген кісіге үйретілген Құранның әрбір әрпі үшін, Қағбаға он рет барып келгендей сауап беріледі және қиямет күні басына дәулет тәжі кигізіледі. Көрген адамдар қызыға қарайды.»*** делінген. Басқа бір хадис шәрифте: ***«Балаларына дінін үйретпегендер тозаққа барады.»*** деп бұйырылған.

Намаз сүрелерінің мағыналары

Фатиха сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы, Рахман, Рахим және қиямет күнінің иесі болған Аллаһқа тән. Тек Саған ғана ғибадат етеміз, тек Сенен ғана жәрдем тілейміз. Бізді тура жолға, нығмет бергендеріңнің жолына сала гөр. Азапқа ұшырағандардың, адасқандардың жолына емес.

Фил суресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

(Ей, расулым!) Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе? Ол олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме? Ол бұлардың үстіне топ-топ құстарды жіберді. Олар оларға (піл иелеріне) күйген кірпіштен (жасалған) тас (-тар) атып жатты. Сонда (Аллаһ) оларды желінген топан тәрізді қылды.

Фил оқиғасы. Хабашстанның патшасы Нәжашидің Йемен әкімі болған Абраха деген адамы бар еді. Абраха адамдардың Меккеге барып, Қағбаны зиярат етуден қайтару үшін Сана қаласында үлкен әрі әдемі бір шіркеу салдырады. Бірақ ол өзінің мақсатына жете алмайды. Қағбаға баратындар ол шіркеуге бармайды. Тіпті, Фуқайм тайпасынан болған Нуфейл атты жас жігіт Абраханың салдырған шіркеуін ластап кетеді. Абраха, осы оқиғаны сылтау етіп, көп әскер жинап, Меккеге қарай жүреді. Әскерінің алдында Нәжашиден алған үлкен бір піл болған. Ол пілі және әскері арқылы жеңіске жететіндігіне сенімді еді.

Мекке қаласына кірер кезде әлгі піл жерге жатып алып, орнынан қозғалмайды. Қанша тырысса да оны Меккеге қарай беттете алмайды. Ал басқа жаққа қарай бұрса, орнынан тұрып, жүгіріп кетуге дайын еді. Дәл осы кезде Аллаһу та’ала Абраханың әскеріне Әбабил атты құстарды жібереді. Құстар тұмсықтарында және аяқтарындағы тастарды Абраханың әскерлерінің үстіне тастайды. Аят кәримада айтылғандай (**“Сонда оларды желінген топан тәрізді қылды”**) жағдайға душар болады.

Осы оқиға болған жылға араптар «Фил жылы» деп ат қойған. Осы оқиғадан 50-55 күннен кейін хазреті Пайғамбар алейһиссалам дүниеге келеді.

Құрайш сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Құрайшты амандық пен сау-саламатқа, олардың қыстық және жаздық сапарларындағы рахатқа қауыштырғандықтан (ең болмағанда) осы үйдің (Қағбаның) Раббысына ғибадат етсін. Раббылары оларды ашаршылықта (құтқарып) тамақтандырды, қауіп-қатерден сақтады.

Маун сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Дінді (Мұсылмандықты) өтірікке шығарғанды көрдің бе? Ол сондай: жетімді жәбірлейді, жоқ-жітікті тамақтандыруға қызықтырмайды. Сондай намаз оқитындарға (мунафиқтарға) нендей өкініш! Олар намаздарын немқұрайлы оқиды. Көрер көзге, атақ үшін оқиды. Ұсақ-түйек (түкке тұрмайтын) заттарын бір-біріне бермейді.

Кәусәр сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

(Хабибим!) Шынында да біз саған Кәусәрді бердік. Сондықтан Раббың үшін намаз оқы, құрбандық шал. Расында саған (нәсілі жоқ) деп тіл тигізгендердің өзі ұрпақсыз қалады.

Түсіндірмесі: Бұл сүре Хазреті Пайғамбарымыз алейһиссаламға берілген нығметтері мен оның екі міндетін ашықтауда. Аяттағы **«Кәусәр»** сөзіне Ислам ғалымдары бірнеше мағына берген. Бірақ көпшілігінің айтуы бойынша:

1. Жәннатта бір өзен немесе көл бар. Оның суы балдан тәтті, сүттен де ақ, қардан да мұздай.

2. Құран Кәрім, өйткені ол дүниелік және ахыреттік жақсылықтарды жинақтаған кітап.

3. Хазреті Пайғамбарымыздың пайғамбарлығы.

4. Жер мен көкте хазреті Пайғамбарымыз үшін көп зікір мен мақтау.

5. Аллаһ елшісінің балалары және артынан ерушілері.

6. Хазреті Пайғамбардың сахабасы және үмбетінің ішіндегі ғалымдары.

Хазреті Пайғамбарымыздың ұлы Қасым дүниеден өткен кезде Ас бин Ваил: «Мұхаммедтің нәсілі кесілді, оның артында ұрпағы қалмады»- деді. Мұны басқа мүшріктер де айтқан болатын. Олар мұсылмандардың басына келген қиыншылыққа қуанатын еді. Бұл сүре кәпірлердің қате ойларын жоққа шығарды. Қысқа сүре болғанымен де өте терең мағыналы.

Кафирун сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Ей, Хабибім! Оларға айт: Әй, кәпірлер, мен сендердің табынғандарыңа (пұттарға) табынбаймын. Сендер де менің ғибадат ететініме (Аллаһу та'алаға) ғибадат етпейсіңдер. Мен сендердің ғибадат еткендеріңе (ешқашан) ғибадат етпегенмін. Сендер де менің құлшылық қылып жатқаныма (ешқашан), құлшылық қылушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме.

Насыр сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Аллаһтың жәрдемі және жеңіс күні келген кезде, адамдардың Аллаһтың дініне (мұсылмандыққа) топ-тобымен кіргенін көргенде Раббыңды мақтай дәріпте. Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ тәубені көп қабыл етуші.

Тәббәт суресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын. (Өзі де) құрыды (быт-шыт болды). Оның малы да (Әкесінен қалған мирасы), тапқан малы да өзіне пайда бермеді. Ол, жалындаған отқа кіреді, әйелі де отын көтеруші болып, мойнындағы есілген арқанмен кіреді.

Түсіндірмесі: Бұл сүре Хазреті пайғамбарымызға көптеген зұлымдық қылған Абу Ләһәб пен әйелінің бытшыт болып, қатты азапталатындары жайлы хабар берген. Хазреті пайғамбарымыз алейһиссалам Аллаһу та’аладан **«туыстарыңды қорқыт»** деген әмір келген соң, Сафа төбесіне шығып, туыстарын жинап оларды Ислам дініне шақырды. Осы жерде Абу Ләһәб пайғамбарымыздың айтқанына қарсы шығып, сол жердегілердің тарап кетуіне себепші болған. Абу Ләһәбтың әйелі хазреті пайғамбарымыздың жүретін жолына тікенек, тікенекті ағаштар әкеліп тастайтын.

Абу Ләһәб хижреттің екінші жылында болған Бәдір соғысында мұсылмандардың жеңісіне шыдай алмай жеті күн қиналып жатып жан берген. Денесі тесік-тесік болып, балалары да жақындай алмаған. Өлгеннен кейін үш күннен соң барып жерге көмілді. Бұдан кейін әйелі де өліп өзінің тиісті жазасын алды.

Ықылас суресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Ей, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)! Оларға айт: Ол Аллаһ - біреу. Ол – Самәд[18]. Ол тумады да, туылмады. Еш нәрсе Оның теңі (ұқсасы) емес.

[18] Ешкімге, ешбір нәрсеге мұқтаж болмау, барлық нәрсенің оған мұқтаж болуы.

Фәлақ сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

(Йа Мұхаммед ″алейһиссалам″!) Оларға айт: Жаратқан махлұқтарының кесірінен, қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен, түйіншектерге дем салатын жәдігөйлердің кесірінен және күншілдердің күндеген (күндігін білдірген) кездегі кесірінен арайлы таңның Раббысына сыйынамын.

Нас сүресі

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

(Йа, Мұхаммед ″алейһиссалам″!) Былай де: Адамдардың Раббына, адамдардың патшасына, адамдардың илаһына, мейлі жыннан, мейлі адамнан (болсын) адамдардың көкірегіне уәсуәсә салатын, ол азғырушы шайтанның кесірінен сыйынамын.

Айет-әл Курси

Рахман және Рахим (Аса қамқор, ерекше мейірімді) болған Аллаһтың атымен.

Аллаһ, одан басқа еш тәңір жоқ. (Ол) Тірі, толық меңгеріп тұрушы. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер оған тән. Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат ете алады? Ол (жаратқандарының) алдарындағы, арттарындағы жасырын және ашық барлық нәрсені біледі. (махлұқтары) Оның ілімінен Ол қалағанынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі көктер мен жерді қаптаған. Оған, ол екеуін (көк пен жерді) қорғау ауыр келмейді. Ол өте ұлы, аса зор.

Намаз дұғаларының мағыналары

«Субханакә» дұғасы

Ей, Аллаһым! Сені кемшілік сипаттардан пәктеймін. Барлық кемел сипаттарымен тавсиф етемін. Мақтауға лайықсың, Саған хамд (шүкір) етемін. Сенің атың ұлы. (Дәрежең өте жоғары)[19]. Сенен басқа илаһ жоқ.

«Әттәхийәт» дұғасы

Тілмен, тәнмен және мал арқылы жасалған барлық ғибадаттар тек Аллаһқа тән. Ей, Пайғамбар! Аллаһтың сәлемі, игілігі әрі берекеті саған болсын! Сәлем бізге және Аллаһтың салих (жақсы) құлдарына болсын. Аллаһтан басқа ешбір илаһ жоқ екендігіне және шын мәнінде Мухаммед Аллаһтың құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.

«Салауат» дұғасы

Йа, Аллаһым! Ибраһимге “алейһиссалам” және ұрпақтарына игілік еткенің сияқты Мұхаммедке “алейһиссалам” және ұрпақтарына да игілік ет. Шын мәнінде Сен мақтаулы және аса мақтаулысың.

Йа, Аллаһым! Ибраһимге “алейһиссалам” және ұрпақтарына береке бергенің сияқты Мұхаммедке “алейһиссалам” және ұрпақтарына да береке бер. Шын мәнінде Сен мақтаулы және аса мақтаулысың.

«Раббәнә әтинә» дұғалары

Йа, Раббым! Біздерге дүниеде де, ахыретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан сақтай гөр! Ей, біздің Раббымыз! Мені, ата-анамды және барлық мүминдерді қиямет күнінде (барлығы жауапқа тартылатын күні) кешіре гөр.

[19] Жақша ішіндегі сөйлем тек қана жаназа намазында оқылады.

Құнұт дұғасы

Әй, Аллаһым! Шын мәнінде біз сенен жәрдем тілейміз. Күнәларымызды кешіріп, һидайет (тура жолыңа салуыңды) тілейміз. Саған иман келтіреміз. Саған тәубе қыламыз және саған тәуекел етеміз, Сені жақсы дәріптейміз. Саған (нығметтеріңе) шүкір етеміз, Саған қарсы келмейміз. Саған қарсы болғандардан аулақ боламыз, араны ашамыз.

Әй, Аллаһым! Тек Саған ғана ғибадат етеміз, намаз оқимыз, сәжде етеміз, сен жаққа асығамыз және сыйынамыз. Мейіріміңнен үміт етеміз, әрі азабыңнан қорқамыз. Шын мәнінде азабың ақиқаттарды жасыратын кәпірлерге болады.

Истиғфар дұғасы

Көптеген аяттарда: **«Мені көп зікір етіңдер»** және **«Иза жәа»** сүресінде **«Маған истиғфар етіңдер. Дұғаларыңды қабыл етемін, күнәларыңды кешіремін»**- делінген. Аллаһу та’алаға көп истиғфар етуіміз әмір етілгені осыдан көрініп тұр. Сондықтан хазреті Мухаммед Масум екінші том, сексенінші хатында:

«Бұл әмірге ұйып, әр намаздан соң 3 рет истиғфар дұғасын оқимын және 67 рет «**Әстағфируллаһ**» айтамын. Истиғфар дұғасы мынадай**: Әстағфируллаһәл азыйм әлләзи ла илаһа илла хууәл һайял қайюма уа әтубу иләйһ**. Сіздер де осыны оқыңыздар! Әрбір айтқанда «**Мені кешіре гөр Аллаһым**» деп мағынасын ойлап айту керек. Бұл дұға, оқығандарды және жанындағыларды дерттерінен, қиыншылықтарынан құтқарады. Көптеген кісі оқып пайдасын көп көрді. Ұйықтарда «Йа Аллаһ, йа Аллаһ» және 3-рет «**Әстағфируллаһ мин кулли мә карихаллаһ»** - деп айтып, ұйықтап қалғанға дейін қайталау керек.

х.536, м.1142 жылы қайтыс болган Шайхул ислам Ахмед Намық Жами **«Мифтахун нажат»** кітабында былай деген: «Бір кісі тәубе және истиғфар етіп, шарттарын орындаса, әр жүрген жолы және әр отырған орны онымен ифтихар (мақтанады) етеді.

Ай, күн, жұлдыздар ол кісі үшін дұға етеді. Қабірі жәннат бағы болады. Мұндай тәубе нәсіп болмаған кісі, осылай тәубе еткендермен бірге болуы керек. Хадис шәрифте: **«Ғибадаттардың ең қадірлісі әулиені сүю»-** делінген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Тәубе және истиғфар еткеннің барлық күнәсі кешіріледі»-** делінген. Тәубе көңілмен болады. Истиғфар тілмен болады.

Намазда сүрелердің оқылу тәртібі

	Фил (5 аят)	Құрайш (4 аят)	Маун (7 аят)	Каусар (3 аят)	Кафирун (6 аят)	Насыр (3 аят)	Тәббет (5 аят)	Ихлас (4 аят)	Фәлақ (5 аят)	Нас (6 аят)
Фил сүресінен кейін **(5 аят)**	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**
Құрайш сүресінен кейін **(4 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**
Маун сүресінен кейін **(7 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**
Каусар сүресінен кейін **(3 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	ЖОҚ
Кафирун сүресінен кейін **(6 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**	**ОҚЫ**
Насыр сүресінен кейін **(3 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ
Тәббет сүресінен кейін **(5 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ	**ОҚЫ**
Ихлас сүресінен кейін **(4 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**	ЖОҚ
Фәлақ сүресінен кейін **(5 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	**ОҚЫ**
Нас сүресінен кейін **(6 аят)**	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ	ЖОҚ

Намаз

Мұсылманның әр күн сайын бес рет намаз оқуы парыз. Намаз - діннің тірегі. Бір намазды уақытында оқи алмаған кісінің дереу қазасын өтеуі де парыз болады. Бір намазын оқымаған, қазасын да өтемеген кісі мыңдаған жыл тозақ отына жанады. Ал намазға мән бермеген, міндет екеніне сенбеген кісі мүртәд болады, иманы кетеді. Тозақ отында шексіз жанады. Намаз тұрып оқылады. Тұра алмаған ауру кісі отырып оқиды. Отыра алмайтын ауру жатып, ишара мен оқиды. Бұған да шамасы келмесе исқат істелінуі үшін өсиет етеді. Бай туысы болмағанның көршілері исқат істеп оны тозақтан құтқарады. Мұсылмандардың мұсылман көршілермен араласып тұруы керектігі осыдан да көрініп тұр.

Намазда тұруға «қиям», еңкеюге «рүку», басын жерге қоюға «сәжде», отыруға «қадә» делінеді. Бұл төртеуі- намаздың рүкіндері, рәкаттары. Таң намазы төрт рәкат, екеуі сүннет, екеуі парыз. Бесін намазының алғашқы төрт рәкаты сүннет, төрт рәкаты парыз, екі рәкаты соңғы сүннет, екіндінің төрт рәкаты сүннет, төрт рәкаты парыз, шам намазының үш рәкаты парыз екі рәкаты сүннет, құптанның алғашқы төрт рәкаты сүннет, төрт рәкаты парыз, екі рәкаты соңғы сүннет, күннің соңында оқылатын үш рәкат та үтір уәжіп намазы.

Сдано в печать 25.07.2011 г.
Подписано к печати 25.07.2011г.
Гарнитура «Times New Roman». Печать офсетная.
Бумага офсетная. Тираж 2000 экз. Заказ № 031
Цена договорная
Отпечатано ТОО- «Euro Print»